



Әбдуәли Қайдар

ҒЫЛЫМДАҒЫ ҒҰМЫР

VI - ТОМ

Қазақ тілі этимологиясының
ғылыми-теориялық негіздері

*Алматы
«Сардар» баспа үйі
2014 жыл*

ӘОЖ 81 37
КБЖ 81. 2 Қаз - 3
Қ 23

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің
тапсырысы бойынша
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен
қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарламасы» аясында шығарылды**

Жауапты редакторы:

филология ғылымдарының докторы, профессор
Манкеева Жамал Айтқалиқызы

Қ 23 Қайдар Әбдуәли. Ғылымдағы ғұмыр Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 256 - бет. 2014 ж.

ISBN 978-601 – 7174 - 42- 2

ISBN 978-601 – 7174 - 48- 4 - (Т.6)

Бұл кітапта «Қазақ этимологиялық сөздігін» жасауға болатын этимологиялық зерттеулердің ғылыми-әдістемелік негіздері, мақсаты мен міндеттері, әдістері мен принциптері көрсетілген. Қазақ тіл біліміндегі ғылыми зерттеулердің ғылыми-тәжірибелік нәтижелері жинақталған. Этимологияның түрлері сараланып, ғылыми этимологияның қазақ тіл білімінде қалыптасқан өзіндік ғылыми әдіснамалық дәйегі нақты ғылыми зерттеулер негізінде дәлелденген.

ӘОЖ 81. 37

КБЖ 81.2 Қаз – 3

ISBN 978-601 – 7174- 48- 4 - (Т.6)

ISBN 978-601 – 7174 - 42- 2

© Қайдар Ә., 2014

© «Сардар» баспа үйі, 2014

АЛҒЫ СӨЗ

Әрбір өркениетті ел өз тілінің мәдениетін көтеріп, танымдық қасиеттерін арттырып отыруды – жалпы мәдениеті мен өркендеп өсуінің, міндетті түрдегі игілікті істерінің бірі деп санайды. Себебі жұртшылықтың жалпы сауатын арттыру, сөйлеу, пікір айту, жазу мен ауызекі сөйлеуде тіл заңдылықтарын дұрыс сақтау, сөздің мазмұн-межесін терең түсіне білу, сондай-ақ әрбір сөздің шығу, қолдану төркінімен хабардар болу – әрбір тілдік ұжымның міндеті болып саналады. Осы арада көптеген өркениетті елдердің өмірінен көзге ұрып, көңілге жағымды болып тұратын жақсы әдеттерінің бірегейлеріне, мәселен, ана тіліндегі сөздердің шығу, таралу, даму төркінімен жақыннан таныс болып отыруын жатқызуға болады. Тілдің бұл мәселесін арнайы қарастырып, зерттеуге бағытталған этимологиялық ізденістерді бір жүйеге түсіріп, жөн-жосық көрсету үшін этимологиялық зерттеудің ғылыми-теориялық негіздерін айқындау – қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі.

Қазақ тілі – түркі тілдерінің қыпшақ тілдері қауымдастығына, алтай тілдерінің бір тармағына жататын тілдердің бірі. Ол Шығыс түркі тілдерінің құрамына кіретін Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ, Арғын, Найман, Алишын т.б. дербес тайпалардың Үш Жүз тобынан тұратын қауымдастықтың ортақ тілі болып саналады. Жалпы қазақ тілі өзіндік ерекшеліктерімен, Үш Жүз одағы және жеке тайпалар бойынша айтарлықтай бір қасиеттерімен іштей жіктелмей, диалектілерге бөлінбей біртұтас тіл ретінде (монолитті тіл ретінде) қалыптасқан. Қазақтардың тілінде азын-аулақ жергілікті ерекшеліктер (атап айтқанда, Қазақстанның оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс, орталық аймақтарындағы және Қытай, Монғолия, Өзбекстан, Түркіменстан, Қарақалпақстан, Қырғызстан, Иран, Ауғанстан, Түркия, Ресей, Еуропа т.б. шет елдердегі қазақтардың сөйлеу тіліндегі ерекшеліктер) орын алғанымен, олардың жазуында, әдеби тілінде ешқандай ерекшелік байқалмайды. Сондықтан да, қазақ тілі «бейдиалектілі» тілдердің қатарына жатады. Дегенмен, қазақ тілі көне тілдердің бірі ретінде, сондай-ақ жер көлемінің кеңдігіне байланысты көптеген басқа жұрттармен (орыс, араб, иран, қытай, үнді, Еуропа т.б. халықтарымен) тығыз қарым-қатынаста болып келгендіктен, олардың тілдік әсерін де көп көрген, жіті араласқан халықтардың қатарына кіреді. Бұл факторлар этимологиялық ізденістерде ескерілетін бірден-бір мәселе.

Мемлекеттік мәртебесіне сай қазақ тілінің барлық сөз байлығын толық қамтып, жан-жақты да терең зерттеген ғылыми-теориялық еңбектер мен сөздік құрамының мағына-мәнін ашып, қолданыс аясын кеңейтіп, жүйелі етіп көрсете алатын толыққанды лексикографиялық зерттеулер әлі де аз. Қазақ тілінің сөздік құрамында ерекше орын алатын ең көне, әрі байырғы, құнарлы да, жиі қолданылатын бай қазынаның көзін ашатын лексикологияның өзекті саласы – этимология. Қазақ этимологиясы тек бір тілге ғана тән жалқы категория емес, ол түркі тілдерінің баршасына тән, тіпті олардан басқа да көптеген тілдерде кездесетін әмбебап құбылыс.

Этимологиялық зерттеудің дамып, қалыптасуы бір-біріне тығыз байланысты екі үдерісті қажет етеді. Оның біреуі – этимология жасаудың ғылыми-теориялық негіздерін жан-жақты айқындап алу, яғни қазақ тіліне қатысты этимологиялық зерттеуге негіз болатын теориялық бағдарлама, практикалық көрсеткіш жасау. Олар болмаған жағдайда әркім өз бетімен әрекеттенуге жол ашады. Екіншісі – ғылыми-теориялық бағдарламаға сәйкес орындалуға тиісті нақтылы әрекеттер, яғни мақала, не сөздік түрінде жасалатын тіліміздегі қажетті сөздерді этимологиялық жағынан анықтау.

Ғылыми этимологияны орындаудан бұрын дайындық ретінде қыруар жұмыс атқарылуы тиіс және олар этимологиялық ізденістердің алдына қойып, анықтап алған нақтылы міндеттеріне байланысты. Ең алғашқы міндет – күні бүгінге дейін қазақ тілі бойынша жүргізілген этимологиялық зерттеулер мен этимологиясы айқындалған сөздердің жалпы санын анықтап алу. Осымен байланысты қазақ тілі бойынша күні бүгінге дейін жасалған этимологияларды сын көзбен саралап өту, жарайтындарын қабылдау міндеті туындайды.

Келесі міндет – бұл сөздердің этимологиясы қай деңгейде орындалғанын айқындау. Осы мәселеге орай қазақ тіліндегі этимологиялар үш түрлі сипатқа ие деп айтуға болады. Олардың бір тобы – ғылыми теориялық негізде айқындалған этимологиялар. Ғылыми этимологияда оның дәстүрлі принциптері, тілге тән өзгерістердің ғылыми заңдылықтары түгел сақталып жасалады. Екінші тобы – қызықты этимологиялар. Бұл этимологиялық топта – дәлелдеу тәсілдері мен уәждерін айқындау әдісі өте қызық, алайда ғылымдық негізі шикілеу болады. Үшінші тобы – халықтық (жалған) этимологиялар. Этимологияның бұл түріне – ғылымдық негізі жоқ, тек сөздің сыртқы тұлғасының ұқсастығына ғана сүйеніп, жобалап, жорамалдап айтыла салған, тегі жалған этимологиялар жатады.

Бұл топтарға жататын этимологияларды талдап-таратып, дұрыс-бұрыстығын айқындап отыру – этимологиялық сөздік жасауда атқарылатын дайындық жұмыстардың бірі. Тіл-тілдің лексикалық байлығы оның сөздік қорындағы сөз санымен ғана емес, сонымен қатар олардың сапасымен де, мағыналық ауқымымен де өлшенеді. Әдетте, тіліміздегі көптеген сөздер өзінің бір мағынасымен ғана шектеліп қалмай, даму барысында екі, үш, тіпті одан да көп мағынада қолданылатындығы белгілі. Демек, әрбір тілдің сандық дамуынан сапалық дамуына көрнекі мысал бола алатын осы құбылыс.

Тарихқа көз жіберетін болсақ, жалпы түркі тілдері бойынша алғашқы этимологиялық сөздік – венгер ғалымы А.Вамбери тарапынан бұдан 153 жыл бұрын жарияланса, одан кейін – көптомдық жалпытүркілік этимологиялық сөздік Э.В.Севортян тарапынан шамамен жүз жылдан аса уақыт кейін жарық көрді. Бұл сөздік түркі тілдері сөз байлығының түбір сөзі табиғатын айқындауға бағышталған. Осы сияқты сөздіктер шет елдерде де жарық көріп келеді.

Э.В.Севортян түркі тілдері этимологиясының жаңа бір өрелі кезеңін бастап берді. Түркология тарихындағы алғашқы этимологиялық сөздіктен кейін, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Э.В.Севортян сөздігі шамамен жүз жылдан аса уақыттан кейін дүниеге келіп отыр. Бұл нені көрсетеді? А.Вамбери сөздігі жалпы тюркология тарихында түркі тілдерінің этимологиялық сөздігін жасаудағы

ең алғашқы тәжірибесі болатын. Ол өз уақытының талабына сай дүние болғанымен, XX ғасырда бүкіл жер жүзінде жылдам қарқынмен дами бастаған түркология ғылымының биік талаптарына толық жауап бере алмады. Арада өткен жүз жыл бедерінде шарықтап дамыған түркология ғылымы түркі тілдерінің болашақ этимологиялық сөздігіне аса жоғары талап қойғаны да заңды. Ондай сөздік жасау үшін уақыт та, зор дайындық та қажет болды. Мұның сыртында сан салалы түркология ғылымының қол жеткен мол табыстарын саралай түсіп, отыз шақты тірі, өлі түркі тілдерін зерде елегінен өткізіп, заман талабына сай «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» сияқты үлкен еңбекті дүниеге келтіру үшін Э.В.Севортян сынды білікті де білгір, осы мақсатқа өзінің барша саналы ғұмырын бағыныштаған ғұлама ғалымның болуы да қажет еді. Міне, сондықтан да Э.В.Севортян басышылығымен дүниеге келген «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» түркі халқының мәдени тарихындағы елеулі оқиға болып саналады.

Алайда одан берідегі кезеңде жеке түркі тілдеріне байланысты тіл білімдерінің даму деңгейі мен зерттеу нәтижелері этимологиялық сөздіктің әр ұлттық тіл бойынша жасалуының қажеттілігін көрсетіп отыр.

Мәселен, Қазақстан ғалымдарының да этимология туралы күрделі ой-пікірінің жинақталып, өзіндік бағыты мен тәжірибесінің нәтижесі ретінде осыдан елу жылдай бұрын «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінің» жарық көргені белгілі. Оның бер жағында бүгінгі түркі тілдерінің біразында (мысалы, қырғыз, саха, шуаш, өзбек т.б. тілдерінде) арнайы этимологиялық сөздіктер жарияланды. Біздің пайымдауымыз бойынша, қазақ тіл білімінде жасалған жүздеген этимологиялық ізденістер, мың бес жүздей сөздің этимологиясының айқындалуы, этимологиямен сабақтас түбіртану бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде этимологиялық сөздікке енуі тиіс бір, екі буынды тұлғалар жан-жақты қарастырылып, оларға қатысты сөзжасам моделдерінің тізімі айқындалды. Осының барлығы «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін» жасаудың ғылыми-тәжірибелік алғышартын белгілеп, міндеттерін анықтайды.

Осыған орай жүргізіліп жатқан зерттеулер мен этимологиялық сөздіктер жасаудың дайындық барысы бұл жұмыстың қиындығын, жауапкершілігінің молдығын, кез келген маманның қолынан келе бермейтін әрекет екендігін, кез келген адам кірісіп кететін іс еместігін көрсетеді. Алайда, осы себептерге байланысты егеменді елдің, тәуелсіз мемлекет тілінің бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік талаптарына жауап беріп, оның тарихы мен мәдениетін, рухани құндылықтарын анықтауға қажет тілдік деректердің әлеуетін көрсетудің кешенді үрдісін бағдарлап отыру – тілші қауымының борышы. Осымен байланысты қолға алынуы тиіс этимологиялық зерттеуге ерекше көңіл бөлу – ұлттың мәдени ғұмырындағы өте жоғары бағаланатын еңбектердің бірі.

Түркі этимологиясы: зерттеу нәтижелері мен ғылыми ұстанымдары

«Адамзат мәдениетінің ұлан-байтақ Еуроазиялық жазықтықтағы үлкен бір аумағы «Түркі әлеміне» тән. Ол ғана емес, бұл феномен Жер шарының екінші жартысына да етек жайғаны айқындала бастады» деп¹ белгілі тілші ғалым Ә.Ахметов көрсеткендей, «түркі тектес халықтар «Түркі әлемінің» тарихи шеңберінен шығып, жер жүзіндегі 50-ден астам мемлекеттің құзырында жасайтын ең ірі халықтар тобына еніп отыр».

Тілінің, салт-дәстүр, дала мәдениетінің тұтастығымен ерекше көзге түсетін «түркі әлемі» туыстық, жақындық, қауымдастық жағынан да бұл кең дүниеде жападан жалғыз емес. «Алтай теориясы» бойынша түркілер тамыры тереңнен қосылатын (біреулер оны генеалогиялық, енді біреулер тарихи байланыс деп қарайтын) бер жағы моңғол, тұңғыс-манжур, ар жағы жапон, корей, угрофин, орал халықтарымен де жақындығы ғылыми дәлелденген нәрсе. Бұл қауымдастықты салыстыра зерттеу «Алтай теориясының» өзекті мәселесі.

Алайда осы бір ғылымға белгілі жалпылама мағлұматты атап өтуіміздегі мақсатымыз: кең байтақ Еуроазия жазықтығында есте жоқ ескі замандардан бері қалыптасып, өзіндік барша болмысы айқындалған «Түркі әлемінің» өзегі, ұйытқысы болып саналатын, «өлісі» бар, «тірісі» бар, көптеген түркі тілдерінің өзара алыс-жақындығына, ортақ заңдылықтарымен қатар өзіндік айырмашылықтары да этимологияға қатысты.

Неге біз «түркілердің тегі бір, сөз түбірі (төркіні) ортақ» дей тұра, сол тілдердің жеке-дара дамуын, дербестігін мойындаймыз? Неге «түркі әлемін» құрайтын түркілердің бір тобы өзара жақсы (тілмашсыз-ақ) түсініссе, екінші бір тобы өзді-өзін шала түсініседі, не мүлдем түсінбейді, аудармашыны қажет етеді?

Міне, туыстас түркі тілдерінің табиғатын, тарихи даму үрдісін танып-білудің алғашқы шарты осы сауалдарға жауап беруге байланысты. Ол сауалдың бір сыры түрік ғалымдарының түркі тілдерінің (біздің термин бойынша) баршасын «түрік тілінің лекселері (яғни «түрік тілінің диалектілері») деп қарап, әрбір жеке тілді «қазақ түрікшесі, «өзбек

¹ Ахметов Ә. Азия-Берингия-Америка

түрікшесі», «татар түрікшесі» т.т. деп атауды дәстүрге айналдыруында болып отыр.

Бір қарағанда бұлайша атау тарихи логикаға жат емес. Ондағы аяқ тірер негіз: «түрік тілдері» деген атау (яғни отандық түркітанушылардың дәстүрлі қолданып келген «түркі тілдері» - орысша «тюркские языки») барша түркі тілдеріне өкілеттік міндетін атқарып тұрған атау. Екіншіден, *түрк>* түрік атауы VIII ғасырдан бастап, Кіші Азия аймағына жанжақтан жиналып, шоғырланып, тоғысу барысында қалыптасқан конгломерат (қырық ру) қауымның жиынтық атауы. Бұл тоғысу процесінде (қыпшақ, қаңлы, үйсін, қарлуқ т.б.) көптеген түркі тайпаларының ішінен оғыз тайпасы тарихи беделі өсіп, этникалық доминант болып саналса да, түрк>түрік атауы Кіші Азияда шоғырланған барша тайпаның ортақ, жиынтық атауы болып қалыптасты. Міне, «түрк>түрік тілдері» атауының «қолданысында тарихи негіз бар» дегенде айтар уәжіміз осы.

Шындыққа салыстыру арқылы көз жеткізуге болатыны дәлелдеуді керек етпейтін тұжырым. Түркі тілдері қаншама жеке-дара дамыса да, қымқиғаш араласуы бұрынғы замандарға қарағанда әлдеқайда шектелсе де, белгілі топ арасындағы, әсіресе тіл саласындағы жақындық мол сақталғаны да белгілі. Мәселен, қыпшақ тобына жататын *қазақ*, қырғыз, татар, ноғай, башқұрт, қарақалпақ, қарашай т.б. халықтардың өкілдері өзара тілмәшсіз-ақ еркін қарым-қатынас жасай береді. Оғыз тобына жататын түрік, әзербайжан, түрікмендер туралы да осыны айтуға болады. Ал, енді осы екі топ тілдердің өкілдерінің өзара ауызша қарым-қатынасында дәл сондай жағдай бар деп айту қиын.

Енді, «осы бір құбылыстың себебі, түп-төркіні неде?» деген заңды сауал туады. Бұл сауалдың жауабы бізді тіл дамуындағы объективті себептерден көрі, барша түркі тілдерінің ортақ даму заңы мен әрбірінің ішкі даму заңдылықтарына бастайтыны белгілі.

Мәселен, екі топты құрайтын оғыз тілдері мен қыпшақ тілдері өкілдерін алып қарайық. Бұлар, тарихына бақсақ, екі басқа дүниеде пайда болған тайпалардан емес, кезінде бір географиялық аумақта өзара жақын, көршілес елдер ретінде бір-бірімен тайпалық конфедерация түрінде жіті араласқан этностар болып саналады. Солай бола тұрса да, көріп отырғанымыздай, бүгінгі түрік тілі мен қазақ тілінің арасында елеулі айырмашылықтардың қалыптасып үлгіргенін байқау қиын емес. Олар ең алдымен фонетика саласынан, одан соң морфология, одан соң синтаксис салаларынан байқалады. Дыбыс пен морфологияға байланысты өзгерістердің көбісін біз лексикалық бірлік тұлғаларынан айқын көреміз.

Жалғамалы (агглютинативті) құрылымға жататын түркі тілдерін дербестік деңгейіне көтеріп тұрған ең басты заңдылықтарға дыбыстық өзгерістердің сан алуан түрлерін (*дыбыс алмасу, дыбыс сәйкестігі, ерін, езу үндестігі, метатеза, дыбыстық модификация, опрощение, умляют, дыбыстың түсіп қалуы, дыбыстық ұласым, геминация, ашық, жабық, тұйық* буынның қалыптасуы т.б. отыздан астам заңдылықтарды) жатқызуға болады. Міне, осы заңдылықтардың әрбір тілде жүзеге асуында пайда болатын комбинациялық варианттар бір ортақ ілкі түбірді сан құбылтуы мүмкін.

«Өлі», «тірі» түркі тілдерінде ертеден қалыптасқан бір буында (моносиллаб) ілкі түбірлердің 6 классикалық үлгісі бар. Олар - Г, ГС, СГ, СГС, ГСС, СГСС². Жалғамалы тіл құрылымында ең бастапқы лексикалық бірліктер осы үлгілер бойынша қалыптасты десек, түркі тілдерінің өзара жақын-алыстығын пайымдаудың бір шарты да осы тектес, мағыналас, төркіндес түбірлердің ішкі даму заңдылығы бойынша туындаған ирварианттардан айқын көреміз. Мысалы, түркі тілдерінің бәрінде де ең жиі қолданылатын «жер», «су», «от», «тау», «үй» ұғымдарын білдіретін бес ілкі түбірді кесте арқылы салыстырып көрейік:

ТІЛДЕР:	"земля"	"вода"	"огонь"	"гора"	"дом"
түрік	yer	su	ateş	dag	ev
әзербайж.	yer	su	od	dag	ev
башқұрт	yir	hiv	ut	tav	цу
қазақ	jer	sur	ot	tav	бу
қырғыз	cer	su	ot	tō	бу
өзбек	yer	suv	ot	tag	бу
татар	cir	su	ut	tav	цу
түрікмен	yer	suv	ot	dag	цу
ұйғыр	јдр	su	ot	tag	цу
хакас	cir	sug	ot	tag	ib
тува	cer	sug	ot	dag	цг

² (*Г - дауысты дыбыс белгісі, С- дауыссыз дыбыс).

* Мысалдар (жазылуы да) Түркияда жарияланған: «Karşılaştırmalı türk lehçeleri suzlugh I Ankağa, 1991» атты салыстырма сөздіктен келтірілді.

алтай	jer	guu	ot	tuu	ьj
шуаш	зег	şiv	vut	tu	kil*

Көріп отырғанымыздай, 13 түркі тілі бойынша салыстырылып берілген ең қарапайым, әрі жиі қолданылатын 5 сөздің ("жер"су", "от", "тау", "үй") таңбалануында 30-дан астам айырмашылық байқалады. Олар, әдетте, әрбір түркі тілінің өзіндік ерекшеліктері деп қаралады және ол ерекшеліктер біз жоғарыда көрсеткен дыбыс заңдылықтарына сәйкес жүзеге асып отыр. Бірақ қалай болғанда да, бұл түбірлердің шығу тегі бір екендігіне ешкім дау айта алмайды.

Сонда бүгінде дербес тіл санатына жататын 30 шақты тілдің бір-бірімен бірде тым алыстап кеткен, енді бірде өте жақын ортақ ерекшеліктері мен айырмашылықтары – бұл тілдердің әр бағытта үрдіс алған ішкі даму заңдылықтарының ғасырлар бойы өз тұрғысынан елпекшеп, саралап, өзіндік (айтылу, жазылу) норма етіп алған, тұрақталған қалып-күйі.

Осы құбылысты бір буынды (моносиллабикалық) ілкі түбір деңгейінде алып қарайтын болсақ, түркі тілдерінің ғасырлар бойы қалыптасу эволюциясының ғажайып көрінісін байқауға болады. Ол үшін біз түркі тілдеріндегі о баста жалпылама бір-ақ мағынаға қатысты, ортақ абстракциялы мәнге ие бір буынды ілкі түбірдің біреуін алып, оның әр тілдегі тұлғалық қалпы мен одан туындаған туынды сөздерді салыстырып көрсетуді жөн көрдік. Ескерте кететін бір жағдай: туынды тұлғадан бөліп алып, көрсетіп отырған бір буынды ілкі түбір бір тілде жеке-дара қолданылса, енді бір тілде "өлі түбір" ретінде тек сөз құрамында ғана кездеседі, сондықтан да мағынасы айқын емес.

Жеке бөліп алып қарайтынымыз –"кесу", "пішу", "ойып жазу", "пішен", "піштіру", "пышақ", "пышақ бысы" сияқты өзара жақын, ортақ процестерді аңғартатын, көне түркі ескерткіштер тіліндегі біс "срезать" (ДТС, 98) түбірімен төркіндес бір түбір: *быс ~ бич ~ бес ~ биж ~ бий ~ бис ~ быж ~ пыс ~ пыш ~ пыч ~ піш* т.т. 20 шақты варианты бар:

- қаз³**: *пыш > пышақ ('нож');
 *быс > пышақтың бысы ('лезвие ножа');
 *піш > піштіру ('холостить');
 *піш > пішу ('кроить');
 *піш > пішен ('покос');
 *біт > бітікші ('писарь¹).

³ Мысалдар түпнұсқа бойынша берілді

- тува:** *биж > бижек ('нож');
 *биж > бижир ('писать');
 *биж > бижик ('письменность');
 *бис > ('лезвие'; 'острие'), бистиг ('режущий');
 *быж > быжыр ('кроить');
- башк.:** *быс > бысак ('нож');
 *бес > бесеу ('кроить');
 *без > ('лезвие'; 'острие'),
 *бес > бесеу ('холостить');
- хакас:** *пыч > *пычах ('нож');
 *пыз > пызырға ('кроить');
 *пыс > пысханы ('кройка');
 *піс > пычах пізі ('острие ножа'),
 *піч > пічік ('письмо, письменность');
- түрік:** *біз > Бізак ('нож');
 *біз > бізтек ('кроить');
 *біз > бізте ('кроить');
- эзерб.:** *быч > бычаг ('нож');
 * бич > бичмәк ('кроить');
- ұйғыр.:** *пич > пичақ ('нож');
 *пич > пичим ('крой');
 *бис > ('лезвие');
 *пүт > ('письмо');
- түрікм.:** *пыч > пычак ('нож');
 *бич > бичме ('крой');
 *бич > бичме ('холощение') т.б.

Бұл тізімді басқа түркі тілдері бойынша да жалғастыра беруге болады. Бірақ осы келтірілген мысалдардан да біз барша түркі тілдеріне ортақ бір ілкі түбірдің өзі-ақ оның ретроспективті де, перспективті бағытта да эволюциялық дамуының шарықтау шегінің соншалықты кең екендігін көруге болады.

Бұл, әрине, мәселенің тек бір-ақ жағы. Екінші жағы – осыншама өзгерістерге ұйытқы болып отырған заңдылықтардың табиғатында. «Неге о бастағы бір ғана ортақ түбірден (егер біз түркі тілдерінің шығу тегі, түп-тамыры бір деген тұжырымды мойындасақ!) тараған лексемалық бірліктің бір тілдің өз ішінде де, тілдер арасында да 20-30 вариант (дұрысы - инвариант) болып қалыптасып, соншама тілдің дер-

бестігіне негіз болып тұр» – деген заңды сауалға жауап беру үшін осы заңдылықтардың өзін жан-жақты да терең зерттей түскен жөн. Салыстырмалы түріктану мен этимология ғылымдарының бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселелерінің бірі осы болмақшы. Тіл фактілері мен оның сан алуан заңдылықтарына бүгінгі таңда етек жайып отырғандай жеңіл-желпі, атүсті қарау бұл проблеманың дұрыс шешілуіне кедергі болмаса, жөн бағыт бере алмайды.

Тегі де, түбірі де бір түркі тілдерінің шынайы қалыптасу, даму тарихын тереңнен түсіндіретін этимология мен түбіртану мәселені ілкі түбір деңгейінде тарихи-салыстырма тәсілімен ғана шеше алады. Қазіргі жаһандану заманында тамырымызды «тіл мен ұлт» сабақтастығында танып, «Түркі әлемін» танып-білудің тілдік негізін жаңғырту да, міне, осы проблемаға байланысты.

Түркітанудағы этимологиялық зерттеулердің жаңа серпін алып, келесі деңгейге көтерілуі 1981 жылы СССР ҒА. Тіл білімі Институтының түркі және моңғол тілдері секторларының «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінің» авторы көрнекті түркітанушы ғалым Э.В.Севортяның 80-жылдығына арналған біріккен мәжілісінен бастау алды деп айтуға болады.

Бұл жиында этимологиялық зерттеулердің теориясы мен тәжірибесі кеңінен сөз болып, қатысушылар этимология мәселесін тек қана орталықта ғана емес, ұлттық республикаларда да қарқынды дамытып, зерттеу барысы мен нәтижелерінің негізінде мерзімді түрде тәжірибе алмасып тұрса деген қорытындыға келді.

Осыған орай, кеңестік түркологтар комитетінің қолдауымен екінші жиын 19 жылы Чебоксарыда, ал үшінші кеңейтілген мәжіліс 1986 жылы Қазақ ССР ҒА Тіл білімі институтының ұйымдастыруымен Алматыда өтті.

Түркі тілдері бойынша этимологиялық ізденістердің жалпы және жеке мәселелері, байырға қалпын жаңғыртудың нақты әдістері мен тәжірибелері жан-жақты талқыланатын бұл тектес ғылыми шаралардың іске асырылуы осы жылдардағы ұлттық тіл білімі орталықтарында тіл тарихының кең түрдегі этимологиялық зерттеулерге ұласуымен сабақтасып, нақты түркі тілдері бойынша (соның бірі – қазақ тілі) этимологиялық сөздіктердің дайындалуын қамтамасыз етуге ықпал еткені белгілі.

Осымен байланысты сол кезде белгілі этимолог-ғалым Абаев атап көрсеткендей, үндіевропалық тілдердің тіл білімінде жасграмматистік

дәстүрдің ықпалымен соңғы кезде этимологияда әдістемелік тоқырау байқалса, түркітануда керісінше, оған қарама-қарсы жағдаят қалыптаса бастады. Бұл пікірдің қазақ тіл біліміне де тікелей қатысы бар екенін атап өту жөн.

Сонымен, 70-жылдардан бастап, өзінің ауқымдылығымен, тілдік деректердің ғылыми талдауының тереңдігімен сипатталатын түркітанудағы этимология дамуының жаңа кезеңі басталды.

Осы арада, сөз жоқ, үлкен бетбұрыстың мәні болған – Э.В.Севортянның «Түркі тілдерінің этимологиялық» сөздігінің жарық көруі (1974 ж.). Ғалымның ісін жалғастырушы К.Мусаев, Л.С.Левитскаялардың көрсеткеніндей, Э.В.Севортянның теориялық және кең көлемді фактологиялық материалды кешенді талдауы осы саладағы зерттеулерге шығармашылық серпін беріп, түркі этимологияға қосқан үлкен үлес болды⁴.

Түркі тілдері бойынша ең алғашқы Г.Вамбери сөздігі мен Э.В.Севортянның сөздігінің арасындағы жүз жылдық кезең тек барлық тірі лексикографиялық материалдардың жинақталуымен ғана емес, сонымен қатар салыстырмалы-тарихи лексикологияның, түркі түбірінің фоно-морфо-семантикалық құрылымы проблемасының теориялық негізделуімен, этимологиялық реконструкцияның әдістердің үнемі жетілуімен сипатталады⁵.

Кең көлемде және сан алуан көздерден жан-жақты жинақталған фактілер мен ғылыми ізденістердің нәтижелері, содан туындаған құлшыныс берік ғылыми-әдістемелік негізге сүйенген қазіргі кезеңдегі түркі этимологиясының жоғары даму сатысына көтеріліп, жалпы және жеке этимологияның көкейтесті мәселелерін шешудің тиімді жолдарын табуына мүмкіндік берді.

Соның негізінде көптеген түркі тілдері қолданылып, оларды тұтынушылар өмір сүріп жатқан, этимологиялық ізденістердің сенімді дәйегі табылатын «шеткері» аймақтардағы осы мәселеге қатысты ғылым деңгейінің көтерілуіне септігін тигізді.

Қазіргі уақытта өз тілінің генезисін сол тілді тұтынушының тарихымен, лексикасының тарихи құрылымын фонетикалық, морфология-

⁴ Левитская Л.С., Мусаев К.М. Э.Севортян и тюркская историческая лексикология // Теория и практика этимологических исследований. С.95-98.

⁵ Калужинский С. Этимологические исследования по якутскому языку: Двусложные основы 1-3 // RocznikOrientalistyczny 1977; Т.XXXIX. Z.2.S.5-14; Т.Х2.1.S. 71-82; 1979. Т.ХЗ.2.S.39-49; Исследования в области этимологии алтайских языков. 1. 1979, т.б.

лық және семантикалық аспектілері арқылы анықтап, сөз төркінін іздемейтін бір де бір түркі тілі жоқ деуге болады. Осы ғылыми үдерістің алғашқы тәжірибелері ретінде кейбір тілдер бойынша этимологиялық сөздіктер де жарық көрді⁶.

Бұл үрдістің даму жалғастығын, мысалы, чуваш тілшілері М.И. Скворцов пен Н.И.Егоровтың зерттеулерінен, татар тілі бойынша – Р.Ахметованың, Ф.Хакимзяновтың, И.Абдулиннің; башқұр тілі бойынша – З.Г.Ураксиннің, Т.Гариповтың, Э.Ф.Исибердиннің, С.Ф.Миржанованың, А.Г.Шайхуловтың; якут тілі бойынша – Н.К.Антоновтың, Г.В. Поповтың; өзбек тілі бойынша – Г.А.Абдурахмановтың, А.Хаджиевтің, Д.Х.Базарованың, К.А.Шарипованың; тува тілі бойынша – Б.И.Татаринцевтің, қырғыз тілі бойынша – О.В.Субракованың, сол сияқты Кабардино-Балкария мен Карачаево-Черкессиядағы – М.А.Хабичевтің, Ш.Х.Ақбаевтың, И.М.Омаровтың, С.Я.Байчаров, ұйғыр тілі бойынша – Г.С.Садвакасовтың, Г.Талиповтың, В.Махпировтың еңбектерінен көруге болады.

Түркі этимологиясын қамытудың әдістері, критерийлері мен қағидалары

Түркі этимологиясының да лингвистиканың басқа салалары сияқты өзіндік әдістері мен қағидалары бар.

Этимологиялық зерттеу нысанының ішкі даму заңдылығымен сабақтас әртүрлі үрдістер, әдістер, қағидалар, критерийлер мен тәсілдер анықталды.

Этимологиялық зерттеулердің нақты нысаны мен мақсатына сәйкес көрсетілген әдістер мен мақсатына сәйкес көрсетілген әдістер түрленіп, біріктіріліп, кейде жіктеліп таңдалады. Оларды атап айтсақ: салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-салғастырмалы (типологиялық) әдістері, ішкі және сыртқы реконструкция, талдау, сатылы идентификация әдістері; құрылымдық және дистрибутивті әдістер; компоненттік талдау, морфемалық мүшелеу және сипаттамалы әдістер, семантикалық талдау әдісі; жоққа шығару және қарама-қарсы қою әдісі және фонетикалық, морфологиялық, семантикалық критерийлер, т.б.

⁶ Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1964; Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. А.1966; Ахметьянов Р.Г. Краткий историко-этимологический словарь татарского языка (на татарском языке) Казань, 2001.

Әрине, көрсетілген әдістердің жағымды да жағымсыз сәттері зерттеу барысында байқалады. Себебі О.Н.Трубачев атап көрсеткендей, «кез келген өнімді әдістің өзі әрдайым тиімді бола бермейді»⁷.

Дегенмен түркі тілдерін зерттеу тәжірибесінде әбден сыналған **салыстырмалы-тарихи әдіс** этимологиялық ізденістердің басты талабына жауап беріп, түрколог-компаративистің қолында тарихи шындықты диахрондық материал арқылы танытуда, тілдік фактілерді байырғы күйінде жаңғыртушы әдіс ретінде ешқандай шектеусіз пайланыла алады.

Өзінің әмбебаптық сипатына сәйкес салыстырмалы-тарихи әдістің бойынан басқа да түрлі әдістер мен зерттеу тәсілдері табылады. Мысалы, екі, я одан да көп буынды құрылымдардың морфемалық мүшеленуі түркі тілдерінің салыстырмалы зерттеудің нәтижелеріне сүйенуді қажет етеді⁸.

Бұл әдістің артықшылығы этимолог-зерттеушіге тіл дамуының нәтижесіндегі күрделі құбылыстарды түсінуге, олардың бейнесінің туыс тілдердегі көріністерін, жалғамалылық сипатына сай және өзіндік тарихи ерекшеліктеріне сай құрылымдық-семантикалық күрделенуін анықтауға көмектеседі. Осының барлығы тілдегі тарихи құбылыстарды терең түсіндіруде, түркі тілдерінің салыстырылуы нәтижесінде іске асады.

Барлық этимологиялық мектептер мен бағыттар этимологизация барысында этимологиялық нысанның өлшемдерінің қажеттілігін мойындайды. Бұл параметрлерді этимологиялық реконструкцияның үш аспектісі (фонетикалық, морфологиялық, семантикалық) немесе зерттеудің критерийлері деп те атайды.

Бұл критерийлермен қатар этимологияда мәдени аспекті яғни тарихи қағида да ескерілуі қажет. Критерийлер бір-бірімен тығыз байланыста болады және этимологиялық міндеттерді шешуде олардың әрқайсысы есепке алынуы тиіс. Кез келген этимологияның толықтығы мен тұтастығы осы арқылы анықталады. Мысалы, фонетикалық критерийлердің мәніне морфологиялық критерийлер де еніп, екеуі қосылып, кез келген лексикалық бірліктен фонеморфологиялық құрылымын анықтайды. Сол сияқты семантикалық критерий де алдыңғы екеуімен ұштасады. Кейбір ғалымдар, мысалы, О.Н.Трубачев сөз төркінін анықтау-

⁷ Трубачев О.Н. О семантической теории в этимологическом словаре. Проблемы омонимов подлинных и ложных и семантическая типология//Теория и практика этимологических исследований. М., 1985. С. 13

⁸Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986

да, негізінен, семантикаға сүйену керек деп, оны «тартылыс нүктесі» ретінде санайды⁹.

Ал, этимологияның **фонетикалық критерийі** белгілі бір тілдің, ия тілдік семьяның болмысына тән барлық фонетикалық заңдылықтарды ескеріп отырады.

Түркі тілдерінде мұндай заңдылықтардың 30 түрлі түрі бар: сингармонизм (дауыстылардың лабиалды және палаталды үндестігі), дауыссыздардың ассимиляциясы, дыбыстардың өзгерісі (дыбыс алмасуы мен дыбыс сәйкестігі), дыбыстардың түсіп қалуы мен редукция құбылысы, дыбыстардың ұзаруы мен кірігуі, геминация және созылыңқы дыбыстардың жасалуы, метатеза, апакопа және элизия, протеза, эпитеза, эпентеза, парагота, флексия, фузия, дауыстының шағылысуы және ашық буын, гиперрагглютинация, гаплоглогия, вокализация, дифтонгизация, фонетикалық деформация т.б.

Түркі тілдерінің фонетикалық құрылымын түзетін элементтердің кешені төмендегі заңдылықтар арқылы анықталады: жеке тілдер мен диалектілердің өздеріне тән сапалық белгілерімен қалыптасуы мен тарихи дамуының үдерістері, олардың ұқсастықтары мен айырмашылығы т.б.

Бұл заңдылықтардың ықпалының критерийлігі соншалық біркелкілігін ғажап сақтаған қазіргі түркі тілдері, дегенмен өзіндік фонетикалық бағыттарымен тармақталып, тіпті кейде мүлдем алшақтап кеткен. Соның нәтижесінде түркі тілдерінің көрсетілген белгілерінің шынайы ататүркілік күйін қалпына келтіру оңайға соқпайды.

Фонетикалық критерийлердің көмегімен тіл фактілерінің статикалық та, динамикалық та күйін, диахрондық та, синхрондық та тұрғыдан зерттеуге болады.

Агглютинацияның күрделі үдерісінің негізінде байырғы жалпытүркілік түбірлер мен негіздер жатқандықтан, жалпытүркілік базистік лексика саласындағы фонетикалық бағыттағы этимологиялық ізденістер ретроспективалық түрде түркі тілдерінің генетикалық туыстығы бастау алып, тілдік құбылыстар туындайтын түбірлерге қарай ойысады.

Осы жолда этимолог фонетикалық заңдар мен заңдылықтар кешенінің сан алуан көріністеріне кездеседі. Мысалы, байырғы түркі түбірінің құрылымы мен мәртебесін анықтау – субститут проблемасының өзекті мәселесі. Ол – жалпы түркілік немесе ататүркілік нұсқасын, ия белгілі бір фонеманың, ия морфеманың, ия лексеманың проформасын табу.

⁹Трубачев О.Н. Көрсетілген еңбек. 6-14 б.

Субституттың көрінісінің нақты формалары бар: сөз басы мен соңы; түркі түбірінің жарыспалығы мен тұрақсыздығының себептері т.б.

Мұның барлығы фонетикалық реконструкция үшін аса маңызды. Түркі тілдеріндегі фонеморфологиялық құбылыстарды анықтаудың қиындығы, орхон-енисей және көнеұйғыр ескерткіштерінен ежелгі, мысалы, сөз басындағы қатаң немесе ұяң дауыссыздардың байырғылығы туралы жорамалды айғақтайтын жазба деректердің болмауы.

Ал, түркі фонетикасының көне белгілерін сақтап қалған Сібірдегі түркі тілдеріне жасалған сілтемелер әзірге қажетті ғылыми-этимологиялық негізбен толық дәйектеле қойған жоқ. Әлі күнге дейін сөз басындағы дауссыздардың (и/ д/ т/ з/ ж/ ш/ с/ ц/ н т.б.) байырғылығы туралы мәселе түпкілікті шешілген жоқ.

Түркі тілдерінің тарихи дамуының әртүрлі кезеңдерінде түркі түбірі тілдің шынайы бірлігі болып, оны зерттеудің этимологиялық аспекті фонетикалық критерийлермен тығыз байланысты болады.

Этимологияның морфологиялық критерийлері түркі тілдеріндегі бір типті және бірдей лексико-семантикалық топтардың төменгі байланыстарын айқындауға көмектеседі. Ол ең алдымен, диахрондық және синхрондық тұрғыдан дамытушы сөзжасамның әртүрлі модельдерімен байланысты.

1. Этимолог нақты бір тілдегі сөздің құрылымын анықтау барысында, тұрақты түрде сол тілдің қолданысындағы сөзжасамның, формажасамның және сөзөзгертімнің модельдері мен тәсілдеріне сүйенеді. Егер тілде олар жоқ болмаған жағдайда туыстас тірі және өлі тілдердегі көріністерін іздейді.

Осы тектес этимологиялық реконструкциялардың сәтсіздігі көбінесе әрбір тілде немесе жалпы түркологияда сөзжасамның морфологиялық тұлғаларының ортақ корпусының болмауымен байланысты. Сондықтан әрбір тілдің ғылыми этимологиясы үшін алдынала грамматикалық тұлғалар мен сөзжасам модельдерінің толық тізімі түгендеу жұмысы жүргізілуі тиіс: өлі, бәсең өнімді және өнімді.

2. Аффикстердің шынайы мағынасын лексикалық негіздердің категориялық топтарына байланысты айқындау; негіз және одан туындаған құрылымның мағынасының сәйкестігін, оладың жалғануына қатысты хронологиясы мен жалғастығын айқындау т.б.

3. Морфемалық тұлғаларды бара-бара өлі элементтер қатарына қосатын көнелену (архаизация) мен этимологиясын көмескілендіру (де-

этимологизация) нәтижесінде туынды түбір морфемамен бірігіп кеткен үдерістердің заңдылықтарын ескеру. Бұл арадағы этимологиялық реконструкцияның мәні – қазіргі кезде құрамы ажыратуға келмейтін түбір-негіздерді, түбір және аффикстік морфемаға жіктеу. Осыған орай этимологияның тиімді әдіс-морфемалық, немесе компоненттік мүшелу әдісі.

4. Этимологияны ашудың морфологиялық критерийлерін сөз тудырушы аффикстердің «талғап» жалғанатын қабілетін ескеруі қажет. Себебі түбір лексемалардың лексико-семантикалық ерекшеліктеріне және атаудың уәжіне байланысты сөз тудырушының модельдерінің белгілі бір топтарын түзеді.

Мысалы, қазақ тілінде-қа//ке //ға//ге моделінің мынадай семантика-анатомиялық терминдерді туғызуы кездейсоқтық па? *Қаңқа*>*қаң+қа* «скелет», «каркас» (чего-либо); *қолқа*>*қол+қа* «трахея»; *жүйке*>*жүй+ке* «нерв», «мозжичок»; *желке*>*жел+ке* «шея», «затылочная часть»; *өкпе*>*өк+пе* «легкие»; *қасқа*>*қас+қа* «отметина на лбу», «лысына»; *аңқа*>*аң+қа* «носоглотка»; *маңқа*>*маң+қа* «сопли», «вид болезни» т.б.

Көрсетілген туынды түбірлердің этимологиясы көмескіленіп, қазіргі уақытта ажырамайтын негіздерге айналуы – кездейсоқтық емес. Керісінше, тілдің бір кезде әрекет еткен заңдылығының көрінісі. Өкінішке орай, бұл заңдылыққа этимологияда назар аударылмай келеді. Шын мәнінде, біздің ойымызша, морфемалық әдістің бір түрі ретінде, модельдік әдісті түркі сөздерінің құрылымындағы түбір морфеманы жаңғыртуда пайдаланудың болашағы зор.

5. Морфологиялық критерийлерге сөзтудырушы аффикстерге қатысты моносемантика, полисемантика, қосфункционалдық, үздіксіздік және жарыспалық мәселелерінің тікелей қатысы бар.

Бұлайша қараудың мынадай екі жағдайда байланысты маңыздылығы бар: 1) түркі түбірінің, оның ішінде синкретті түбірдің мәртебесін анықтауға байланысты; 2) Бірқатар ғалымдардың пікіріне сай, түркі тілдерінде дербес лексемалардың аффикстерге айналу құбылысының эволюциясын ескеру.

Бірақ морфологиялық этимологияда ең бастысы – сөзтудырушы тұлғалардың жалпытүркілік және тіларалық нұсқаларының дұрыс бағдарын анықтау, олардың құрылымындағы генетикалық ортақтық пен типологиялық алшақтықты дұрыс белгілеу.

Этимологияның семантикалық критерийлері:

1. Көпмағыналы лексикалық бірліктердің құрылымындағы алғашқы және туынды мағынаның күрделі қарым-қатынасын анықтау барысында этимолог ең бірінші сөздің алғашқы мағынасына назар аударып, соның негізінде ғана сөздің семантикалық мәртебесі анықталуы тиіс. Бірақ күнделікті тәжірибеде сөздің тура, атауыштық мағынасы кейінге ысырылып, ия жоғалып, сөздің шеткері мағынасына бағдар ауысуының нәтижесінде, этимолог жаңғыртудың қате жолына түсіп кетуі мүмкін.

2. Этимологтың сөздің семантикалық дамуын анықтауының дұрыс бағдары: жалпылама мағынадан нақтырақ мағынаға қарай, бүтіннен жекеге қарай немесе керісінше.

3. Сөздің мағынасы ауысуының тетігін табу. Ежелден белгілі бұл мәселенің шешімін табуда талассыз, айқын жақтары да, талапты, айқын емес жайлар да жеткілікті.

4. Сөздің құрылымындағы фонетикалық өзгерістер кейде оның семантикасында соған сәйкес өзгерістер туғызып, ия мағыналық жіктеліске әкелуі мүмкін. Бұл құбылыс өнебойы болмайтындықтан, ол фонетикалық сөзтудыру тәсіліне жата алмайды. Сондықтан қазақ тіліндегі мынадай құбылыстар ескеріліп және сөздің «жасанды», «саналы» түрде құрылымдық-семантикалық екіге жіктелуі деп бағалануы тиіс: үкімет «власть» - өкімет «правительство», қағида «правило», «порядок» - кәде «обычай», сағат «часы» - час «время» - сәт «момент»; ғылым «наука» - ілім «учение» т.б.

5. Тарихи лексикологияда үлкен мән берілетін омонимия этимологияда омонимдердің және бір-бірінен алшақтап кеткен омонимдердің бірлігі мен әр тектілігіне байырғы мағынасы мен кейінгі мағынасын анықтайтын семантикалық реконструкциясымен байланысты.

Осымен байланысты омонимдік түбірлер мен негіздердің үлкен топтарының гомогендігін (тектес) немесе гетерогендігін (әр тектес) анықтау жүзеге асырылады: *балық* «рыба» - *балық* «город»; Түбір морфемасы – *бал/мал* «водянистый», «болотистый» топкий; ол түбірден қазақ тілінде *балқаш* «болотистая местность», «топь»; *балшық* «жидкая грязь» т.б.; *Жас* «возраст» - *жас* «молодой», *жас* «свежий, сочный», *жас* «зеленый», «неспелый», *жас* «влажный», *жас* «слезы» т.б.

6. сөздің семантикалық даму барысында кейде көпмағыналылықтық шегінен асқан, гомогенді негіздердің бір-біріне қарама-қарсы ма-

ғыналары – омоантонимдер тудыратын күшті қозғалыстар болады: *көрім* (әдеби) «әдемі», «сүйкімді» және *көрім* (диал.) «сүйкімсіз», «түрі жаман» т.б.

7. Тілралық семантикаға қатысты этимолог, әдетте, салыстырмалы этимологияға құнарлы негіз беретін мағыналық өзгерістердің заңдылыққа сүйенген және спонтанды сипаттағы тұтас шоғырларын бақылайды. Бұл өзгерістердің негізінде лингвистикалық түсіндіруге өнебойы келе бермейтін сан түрлі себептер жатады. Мысалы, жалпы түркілік түйе // теге // теңе // тоо // дәвә «верблюды», ал якут тілінде – *тава марал* т.б.

Осы топқа кейбір стильдік тұрғыдан таңбаланған сөздің мағыналары жатады (төмендеу, көтерілу, әлсіз және күшті).

8. Лексикалық синонимдерді тану негізінде этимология белгілібір ұғымның айналасындағы синонимдік шоғырды айқындайды. Мысалы, қазақ тілінде «сібір жарасы» деген ауруды адамның және жануарлардың қасиеттерін жіктеу негізінде 10 түрлі сөзбен атайды: *түйнеме* және *күйдіргі* (адамда), *топалаң* (қойда), *жамандат* (жылқыда), *қараталақ* (ірі қара малда), *ақшелек* және *қарабоз* (түйеде), *кебенек* (ешкіде), *сіресе* және *қағыну* (шошқада). Бұл аурудың халық атауларынан тұратын топтамасының басын синоним ретінде біріктіріп тұрған ол аурудың жануарлар мен адамда өтуінің әр түрлі сипаты.

9. Сыртқы көрініс пен семантиканы салғастыру. Әдетте, біз заттардың ия құбылыстардың атауларының ешқандай тіке байланыс жоқ деп санаймыз. Бұл – дұрыс. Бірақ біз заттарды немесе бір гомогенді түбірден жасалған оның бөлшектерін заттың атауымен салыстырғанда, ол заттардың сыртқа көрінетін жақтарының ұқсастығын жоққа шығара алмаймыз.

Салыстырыңыз: 1) *сазақ* «шея», «подбородок», «нижний сучок дерева»; 2) *сақал* «борода»; 3) *сағанақ* «шея», «подбородок», «короткие концы решетчатой стены юрты»; 4) *сағалдырық* «подшейный ремень», «подбородок»; 5) *сага* «устье реки», «место поворота», «края подгорья»; 6) *сағана* «намогильник конической формы»; 7) *сағалау* «двигаться по краю» (озера, реки); 8) *сағлақ* «усач», «рыба».

Көрсетілген заттардың сыртқы сұлбасын салғастырсақ, олардың топологиялық ұқсастығы көрінеді. Олардың ортақ түбір морфемасы «бір нәрсенің шеті», «бөлігі», «бір нәрсенің бір жағы», «жағалау» деген бәріне ортақ мағына беретін – *сақ* // *жақ* // *йақ*.

Түркі тілдеріндегі этимологиялық реконструкцияның семантикалық критерийлерге қатысты нысандар мен құбылыстардың тізімін

жалғастыруға болады. Бірақ тілдік субстанцияның аталмыш саласы басқа салалармен салытырғанда азырақ зерттелген. Атап айтқанда, олар – грамматикалық (фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік) және лексикалық салалар.

Бұл жағдай, біріншіден, нысанның (семантиканың) өзіндік табиғатымен, яғни шексіз көп құрастырушы элементтер мен бірліктердің ашық жүйесімен байланысты. Екіншіден, семантиканы асыра бағалаған «Марр кезеңінен» кейін тіл білімінде семантикаға қатысты тоқырау орын алды және лингвистикалық таңбаның мазмұндық жағының жеткіліксіз бағалауымен байланысты.

Этимологиялық зерттеулердегі тарихи қағида. Зерттелуші тілдің және оны тұтынушының шынайы тарихының жазба ескерткіштер немесе басқа көздерден (фольклор, археология, тарих, этнография т.б.) деректерін білмей тұрып, этимологияны ашу барысында фоно-морфо-семантикалық критерийлердің ең сыналған, ең сенімді қолданысы ойлаған нәтижеге жеткізбейді. Тек сонда ғана лингвистикалық және филологиялық этимология өзінің этномәдени негізіне сай, территориялды-географиялық шегі және әлеуметтік-экономикалық алғышарттары бар тарихи, сенімді этимологияға айналды.

Этимологиялық зерттеулердің нысанына қатысты тарихи деректерді дұрыс бағалап және түсіндіру үшін тарихи қағида қолдану қажет. Кез келген тілдің мәдениет тарихының экстралингвистикалық мәліметтері этимологиялық реконструкция жасауға мүмкіндігі бар бақылаушы факторлардың ролін атқарады.

Көп жағдайда археологияның, этнографияның мәліметтері этимологиялық бағдарын этимологиялық зерттеулерде таңбаланған релийлер мен ұғымдардың белгілі бір хронологиясына бұрады¹⁰.

Тіл ең алдымен этникалық ұжымның рухани және материалдық мәдениетпен тығыз байланыста болады. Сондықтан этимологиялық этномәдени деректерге, тілдің этнографиялық фоны мен материалдың негізіне тұрақты түрде назар аударуының этимология үшін маңызы зор.

Сөзжасамның тарихи модельдері мен ұлттық релийлердің атауларының уәждері осы халықтың дүниетанымын бейнелейді. Объективті құбылысты бағалауда оның көпғасырлық тәжірибесі, оның дүниетанымы, мифологиялық, діни, идеологиялық, этникалық, эстетикалық түсініктері өздерін қоршаған шындықты көрсетеді. Мұның барлығы эти-

¹⁰ Климов Г.А. К семантической реконструкции//Теория и практика этимологических исследований. С. 17

мологиялық зерттеулер назарында болады. Өз кезегінде этимологиялық зерттеулердің нәтижелері, тілді тұтынушылардың этникалық, азаматтық тарихын, шығу тегін, өмір сүретін аймақтарын, шаруашылық түрлерін, қоғамдық өмірдің укладын дұрыс тануға көмегін тигізеді. Этногенезді анықтау және тарих пен этимология өзара байланысы туралы белгілі этимолог-ғалым В.И.Абаев былай деп санайды: «Бұл – халық тарихының ең терең қыры. Осы тереңдіктің деңгейінде этногенез бен этимология жақындасып, бір-біріне қол созады: этимология этногенетикалық мәселелерді шешуге көмектесе, ал экстралингвистикалық (археология, этнология, антропология), тарихи деректерге сүйенген этногенетикалық зерттеулер этимологиялық ізденістерге дұрыс бағыт береді»¹¹.

Жалпы алғанда, түркі этимологиясының деңгейіне тарихи-талдамалық шолу жасай келіп, қазіргі деңгейін түркі тілдері бойынша этимологиялық еңбектердің мынадай топтарын көрсетуге болады. **Бірінші топқа** Б.И.Вербицкий, А.Вамбери, Э.В.Севортян т.б. ғалымдардың еңбектері. **Екінші тобына** тіл қауымдастығына бағышталған, бірақ оның бір саласын ғана қамтыған этимологиялық сөздіктерге, атап айтқанда, алтай тілдеріне арналған (түркі тілдерінен басқа еңбеген тілдерге) Г.И.Рамстедттің, С.Старостиннің т.б. еңбектерін атауға болады. **Үшінші топқа** жеке тілдер бойынша жасалатын этимологиялық сөздіктер жатады. Олардың бәрі алдында аталған сөздіктермен байланысы сақталады. Бірақ олар өзгелерден басқа өз ерекшеліктерін сақтауға тырысады, алайда жалпы принциптері мен критерийлері ортақ.

Қазақ этимологиясының ғылыми-тәжірибелік сипаты

Тіл өзін дүниеге келтірген халықпен мәңгі-бақи бірге жасап, қатынас құралы қызметімен атқаратын қасиетке ие. Сондықтан да организм сияқты тіл де – ескіріп, көнеленіп, жаңғырып, жаңаланып, өсіп, дамып отыратын жанды құбылыс.

Осыған орай тіл дамуының өзекті бір мәселесі – оның сөз қорындағы жеке лексикалық бірлік – лексемалардың көнеріп, мағына-мәні күнгірттеніп, оларды пайдаланушы қауымның күнделікті қолдануынан шығып қалып, сирек кездесетін көнерген сөздерге айналуы болса, енді бір ыңғайда тілімізге қажет болған сөздердің біреулері сырттан қа-

¹¹ Абаев В.И. Тюркские элементы в осетинской антропонимии. С. 32.

былданып, не өз тіліміздің негізінде жаңадан жасалып, толығып отыратын әдеті де бар.

Демек, тіл дамуының барысында бір-біріне қарама-қарсы екі үдеріс жүреді: Тілдің дамуы, көнеруі, құрылыстық мүжілуі және жаңаруы.

Бұл тілдің соншама бай сөздік қорын ғасырлар бойы төкпей-шашпай жадында жаттап, есінде сақтап келе жатқан әрдайым белгілі бір деңгейде, мөлшерде ұстауға тырысатын ішкі заңдылығы. Тілдің сөз байлығының белгілібір деңгейде тұруына, сөйтіп, оның қоғамдағы коммуникативтік қызмет атқару міндетін атқаруына екі түрлі себеп болады: бір жағынан, ол жаңа пайда болған, сырттан енген ауыс-түйіс сөздер арқылы байып, толығып жатса, екінші жағынан қажетті өтеп барып, көнерген-ескірген сөздердің есебінен азайып отырады. Тілдің табиғатына тән осы бір толассыз қимыл-қозғалысты, өзгерісті адам ағзасындағы жасушаларында болып тұратын «өлу-тірілу», «жаналану» үдерісімен салыстыруға болады. Айналып келгенде, бұл да тілдің функционалды-семантикалық мазмұндық-құрылымдық дамуының кепілі тәрізді үрдіс.

Міне, дамудың осы түріне байланысты сөздік құрамындағы біраз сөздердің мағынасы солғындап, бұрынғы айқындығынан арыла бастайды. Осылайша жаңа пайда болған, сырттан қабылданған, не жаңадан жасалған сөздерді тіл білімінде «**неологизмдер**» деп, ал көнерген және мағынасын жоғалтқан сөздерді «**архаизмдер**» деп атау дәстүрі бар.

Мәселе, осы архаизмдерді (көнерген сөздерді) түсіну және түсіндіруге байланысты. Өйткені мағынасы күңгірттеніп, тілдегі қолданысы сиректеп, тозып, қолданысы шектеліп қалған сөздер сөздік қорымыздан біржола шығып, жоғалып кетпей, көпке дейін басқа сөздің, тұрақты (фразеологиялық, мақал-мәтел) сөз тіркесі түріндегі қолданыстардың бұғауында (құрамында) өзін сақтап қалатын ерекшелігі бар. Сөйтіп, олар тіліміздегі аты бар да заты жоқ, лексикалық топ құрайды. Бұл қазақ тіліне ғана емес, барша тілдердің бәріне тән ортақ құбылыс. Осы құбылысты арнайы зерттеуге, әр түрлі себептермен мағынасы күңгірттенген сөздердің шығу төркінін анықтап, бұрынғы қалпына келтіру арқылы оның о бастағы шынайы тұлғасы мен мағынасын айқындау мақсатында, тіл білімінде «этимология» деген арнайы сала қалыптасқаны белгілі.

Этимология тіл білімінің теориялық та практикалық шешімі күрделі салаларына жатады. Әрбір тілге қажетті осы аталған этимологиялық зерттеулердің, этимологиялық сөздіктердің өте сирек кездесуі осыдан. Мысалы, осы күнге дейін қазақ тілінің білімпаздары бар болғаны

бір-ақ, оның өзінде де «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігін» (1966) шығарды. Ал, жалпы түркі тілдері бойынша қарайтын болсақ, 1861 жылы венгер ғалымы А.Вамбери түркі тілдерінің этимологиясын анықтауға арналған алғашқы сөздігін шығарған болса, сол тәрізді екінші сөздік тек жүз жылдан аса уақыттан кейін ғана (1974) түрколог-ғалым проф. Э.В.Севортян тарапынан жарияланғаны мәлім (Э.В.Севортян Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974). Көптеген түркі тілдерінің ішінен жеке тілдер бойынша этимологиялық сөздіктерін шығарып үлгергендер қатарына чуваш, өзбек, қырғыз, татар, саха, т.б. тілдерді жатқызуға болады.

Этимологиялық зерттеулер жүргізу, сөздіктер жариялаудың қиындығы, ең алдымен, бұл құбылыстың күрделілігіне де байланысты. Бұл тіл – тілдердің үздіксіз де белгілі фонеморфосемантикалық неше алуан заңдылықтарын тап басып, дәл анықтауға байланысты. Осыған орай этимологиялық ізденістердің өздері де әр түрлі. Сөздің шығу төркінін көп жағдайда бірден анықтап, үзілді-кесілді тұжырым айту (шығару) оңай емес. Өйткені тарихи-салыстырма тәсілін қолдану арқылы анықталған ұқсастық, немесе екі түрлі тіл бұлақтарында кейде кездесе беретін ұқсастық, сол сөздердің өзара шынайы ортақтығын емес, шартты, жасанды, не кездейсоқ ұқсастығы болып шығуы мүмкін.

Міне, осы тәрізді зерттеудің сан алуан тәсілдік ерекшеліктеріне байланысты ғалымдар этимологиялық зерттеулердің 2-3 түрін атап жүр. Оның біріншісі этимологиялық атрибуттардың баршасын - фонеморфо-семантикалық анықтамалардың, тарихи-мәдени, этномәдени, географиялық, фондық негіздерін, фонологиялық заңдылықтарын түгел ескеріліп, шынайы шындыққа негізделген ғылыми этимология, екіншіде, мағынасы белгісіздеу, не күңгірттене бастаған сөздердің байырғы мағынасы, тұлғасы деп соларға сәйкес тіліміздегі басқа бір сөздердің мағынасын ұқсату тәрізді жеңіл тәсілін ғылымда “халықтық, не жалған этимология” деп атап жүр. Бұл терминнің “жалғаны” дұрыс болса да, “халықтығы” (“қарапайым тұжырым” мағынасында) - жағымсыздау. Өйткені “халықтың айтқаны” қазақ логикасында, жалған болмауы тиіс.

“Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы” дегендей, бір ғажабы - сөздің төркінін анықтап, этимологиясын ашуға, ана тілінің байлығын, табиғатын жетік біледі деген қазақ зиялыларының көпшілігі-ақ құмар. Бұлда заңды құбылыс. Бірақ қалам ұстағанның барлығы тілдің өзіндік тетігін терең білетін этимолог емес қой. Сондықтан да болар, сөз төркінін

анықтауға деген “құмарлығын” тілдің сан алуан заңдылықтарын ескеріп барып, пайымдап айтатын болса, айтқаны шындыққа жанасады да, ал сыртқы ұқсастығына қарап, “Солай шығар” деп, тұспалдап, жорамалдап айтқандары шындықтан ауылы алыстап кетеді.

Этимология (сөздің төркінін анықтау) ғылымы - ғалымдардың пікірі бойынша тілтаным ғалымның шарықтау шегі, оның барлық табыстарын пайдаланып барып шешім айтатын ең биік меже. Ғылыми этимологияға қойылатын талап осылар.

Ғылыми этимология біз жоғарыда келтірген талаптардың баршасына қатысты. Оның ең сенімді талаптарына фонетикалық заңдылықтар жатады. Олар қарапайым фонемалардың, буындардың, сөз тіркестеріне қатысты, сөздің үш түрлі (басы, ортасы, аяғы) позициясына байланысты өзгерістерін қамтиды. Мәселен, метатеза (сөз құрамындағы дыбыстардың орын тәртібін өзгерту заңдылығын білдіру) деген заңдылықтың барын ескерген жағдайда ғана қазақ тіліндегі қақпан деген күрделі сөздің шынайы бір буыннан тұратын түбірі *қақ емес, - қап (қабу, қапсыру, қабаған т.б.). Бұлар қап түбірінен тараған. Егер біз *қап түбірін қақпан сөзіндегі метатезаға ұшырап, *қақ түрінде айтылып тұрған қалпындағы түбір деп есептеген болсақ, онда жоғарыдағы: қабу>қақбу, қапсыру>қақсыру, қабаған>қақбаған түрінде айтылуға тиісті болар еді.

Міне, бір сөздің құрамындағы екі дыбыстың <п-қ>орын тәртібін ауыстыруынан тіліміздегі қаншама туынды сөздердің бейнесі өзгеріп, о бастағы қалпынан басқа сөзге айналып отыр.

“Қақпанның” о баста “қапқан” екендігін дәлелдеу үшін қосымша дерек ретінде кезінде түркі тілдерінен ауыс-түйіс түрінде қабылдаған орыс тіліндегі тұлғасымен салыстыруға болады. Орыс тілінде бұл сөз түп нұсқасында сақталған: капкан<каптцан.

Кейде тілімізде қолданылып жүрген түбірлер мен жеке сөздер лексикалық мағынасы айқын бола тұрса да, ол мағына түптеп зерттей келгенде о бастағы негізгі мағынасы емес, кейін пайда болған ауыс мағыналарының бірі болып шығады. Этимологиялық зерттеу онымен ғана қанағаттанып, ізденісті тоқтатуға бомайды.

Мысалы, қазақ тілінде *шал деген түбір сөз бар. Оның тілімізде қолданылып жүрген мағынасы да белгілі сияқты. Ол - орысша “старик”, “жасы келіп, қартайған адам”. Ал, шын мәнісінде, о бастағы түпкі мағынасы біраз түркі тілдерінде, соның бірі - қазақ тілінің өзінде де -

‘ақ’, ‘ақ түс’. Мәселен, қазақ тіліндегі Шалкөде - таулы, далалы жерде өсетін ақ түсті өсімдік, шөптесін. Шөбіне қарай қойылған ақын Мұқағали Мақатаевтың туған аулының атауы. Одан басқа: күйрығына қара қылмен араласып ақ қыл шыққан жылқыны қазақ ертегілерінде шалкүйрық (“ақ күйрық”) деп атайды. Міне, осы екі мысалдың құрамындағы *шал “қарт, қартайған” мағынасын емес өсімдік пен жылқы күйрығының “ақ түсін” білдіріп, көне мағынасын сақтап қалғандығын көріп отырмыз. Демек, этимологиялық тұрғыдан алып қарағанда күнде естіп жүрген шал деген сөзіміздің шынайы мағынасы “сақал-мұрты, шашы ағарған, ақ түске айналған адам” дегенді аңғартып тұр. Демек, бұл шал сөзі өзінің ауыс мағынасында қолданылып тұр деген сөз. Бір ғажабы, шал сөзі “ақшыл”, “аққұба”, “ағарған” сынды мағынасында орыс тіліне ауысып, “чалый” тұлғасында жылқының түр-түсін білдіреді.

Дыбыс өзгерістеріне байланысты фонетикалық заңдылықтарға сүйеніп айқындалатын сөз төркіндеріне, мысалы, бір буынды түбірден тарайтын бір топ сөзді көрсетуге болады. Мысалы, қазақ тілінде **айыр** - жол айрығы, адырна - “садақтың оқ салып тартатын кермесі”, “өрмек тоқитын құралдың жіптерді ажыратып тұратын қылыш тәрізді жұқа тақтай”, **ажырау** - “екі заттың бір-бірінен бөлініп, арасы қашықтай түсуі”; **ажырық** - “гүлінің жапырағы ажырап біткен шөптесіндердің бір түрі”, **Атырау** - “жағадан теңізге бір бөлшегі еніп тұрған жер құрылымы, жер-су атауы”, т.б. осы сияқты сөздерде кездесетін: ай (айыр) II*аж (ажыра) // *ад (адырна), *аш (<аша) // *ақ (үшақа, төртақа) // *ат (Атырау, атта-) т.б. бір буынды түбірлердің бәрі “бір заттан екінші бір затты ажырату, бөлу, алыстату” деген жалпылама мағынаны білдіретін ортақ бір түбірдің бірнеше фонетикалық варианты болып саналады. Сондықтан да, бұлардың бәрін “этимологиялық бір түбірден” тарап, логикалық тұрғыдан өзара ұқсас (“ажырау”, “бөліну”, “бір-бірінен алыстау”) мағыналардың шеңберінде топтасып тұрған *түбірлес сөздер* деп санауға да болады.

Сөз төркінін анықтауда өз тіліміздегі, туыс тілдердегі қарастырып отырған деректерге де, сондай-ақ кезінде халқымыз араласқан көршілес, шет тілдердің ұқсас элементтеріне де назар аударып, салыстыра қараған жөн. Мысалы, қазақ тілінде бауыздау, одан туындаған “бауыздау құда” (“балаларын үйлендіріп, құда түскен жандардың” мал сойып, қанына қолынбатырып мыңжылдық құда болуға серттесу рәсімі деген сөздерді алатын болсақ, “бауыздау” сөзінің негізіндегі “бауыз»

компоненті жеке-дара қолданбайтын сияқты. Қазақ тілінде ол, шынында да, солай. Бірақ жан-жағымызға қарасақ көптеген туыс түркі тілдерінде бұл етістіктің негізі - *бауыз екенін көреміз. Мысалы, көптеген түркі тілдерінде малды сойғанда мойнындағы, тамағының астындағы пышақпен орып жіберетін жерін: бауыз//бағуз//бұғз//боос//богаш т.б. тұлғасындағы сөз арқылы түсіндіретінін көреміз. Сонда бұл сөздердің түп-төркіні - бу>буу “мойынның бунақталып, жіңішкерген тұсы”. Бу//боғ//боо/бұу ілкі түбір варианттарына сәйкес -ыз//-уз// -из // -ос // -аш сөзжасам жұрнағының варианттары жалғанып *боғуз сөзін жасап тұр.

Этимологиялық ізденістердің ең бай және өте қызықты көздерінің бірі –халқымыздың белгілі бір кезеңдерде көршілес отырған, не аралас-құралас отырған елдердің тілінен ауысқан элементтердің тілімізге ену, қалыптасу, икемделу, өзгеру жодарын анықтау. Бұл өте күрделі, кейде жақын, кейде географиялық шеңбері өте кең, ауқымды жеке сөздердің бір құрылықтан екінші құрылыққа мазар аттап ауыса беретін заңдылықтарын айқындауға тура келеді.

Мысалы, қазақ тілінде, әсіресе оның ауызекі әдеби үлгілерінде өте жиі кездесетін атаулардың бірі - берен: берен батыр, берен сауыт, берен мылтық, берен жаулық т.б. Бұл сөз туыстас түркі тілдерінің байырғы сөздеріне жатпайды. Шығу тегін «індете» тексергенде бұл сөздің шегі француздардың өміріне байланысты екен. Ертеректе металдан жасалған асыл зат, қымбатты құрал-жабдық, жібек маталар Францияда жасалып, керуен жолдары арқылы Азия елдеріне жетіп, “параң//перең”(“француздардың заты”) тұлғасының түркі тілдерінде перең//берен түрінде қалыптасқандығы байқалады. Осыдан келіп, ол “мақтаулы түзу мылтық”, “бағасы қымбат мата”, ауыс мағынасында “батыр тұлғалы берік ер-азамат” т.б. мағыналарында қалыптасады. Түркі тілдеріндегі деректер осыны дәлелдейді.

Ел арасына тарап жүрген этимологияның тағы бір саласына, жоғарыда көрсетілгендей, *жалған* немесе *халықтық* этимология жатады.

Бұл этимология арнайы зерттеу нәтижесінде емес, зиялы қауымның, не тіл жанашыры, тіл стихиясына бейжай қарай алмайтын кез келген азаматтың өз ойынан шығарып, жобалап, тұспалдап айта салуынан туындап жатады.

Мысалы, “Халық айтпайды, халық айтса, *қалип* айтпайды” деген мақалды кейде бұрмалап, қалп сөзі түсініксіздеу болғандықтан қалт

тұлғасына ауыстырып алып, “қалт кету” дегендегі «қалт»пен салыстыратындар да бар. Ал, - шынында қалп- қате, өтірік, жаңылыс” мағынасындағы дербес сөз. Қазақ тілінде ұмыт болса да, мына отырған қырғыз көршілерміздің тілінде аталған мағынада қолданылып жүрген дербес сөз.

Бұл тектес «этимологиялардың» пайда болуының себептері, біздің ойымызша, төмендегідей: 1) Қажетті ғылыми әзірлігі жоқ және этимологиялық реконструкция жасаудың негізгі қағидалары мен әдістерін игермесе де ана тіліндегі белгілі бір сөздердің шығу төркінін анықтағысы келетін адамның табиғи түрдегі тілегі. 2) түсініксіз сөздің сырын ашу үшін оны таныс, бірақ төркіні басқа, сыртқы түрі ұқсас сөздермен жақындастыру, т.б. мұның барлығы зерттеушіні жеке ізденістерге, эвристикалық нәтижелерге, сөздердің семантикасын жақындастыруға, еркін құрылымдарға жіктеуге және бір этимологиялық нысанның бойына әртүрлі тілдердің элементтерін біріктіруге әкеліп соғады. Мысалы, пельмень сөзіндегі парсы және қытай элементтері, *атарман* және *шабарман* «ханның қызметшілері» сөздерінің құрамын түркілік «атар» және *шабар*, ағылшындық *ман* аффиксі (*боцман*, *бизнесмен*) жіктеледі. 3) Барлық этимологиялық дәйекті тілдің экстралингвистикалық себептерінен, халықтың мәдениеті және тарихынан тапқысы келу.

Бірақ бұдан қазақ тілші-ғалымдары этимологиямен осы тұрғыдан ғана айналысты деген пікір тумауға тиіс. Сонымен бірге қазіргі уақытта қазақ этимологиясында жеткілікті зерттеулер мен жарамды тұжырымдар да баршылық.

Қазақстанда этимологиямен маман-лингвистермен қатар жазушылар мен журналистер, әдебиеттанушылар, тарихшылар, мұғалімдер тіптен шопандар да айналысады. Жалпы алғанда, этимологиялық қорда шамамен екі мыңнан аса сөздің этимологиясы тіркелген. Ғылым мәніндегі ғылыми этимологияның ғылыми дәйегін дәлелдейтін онымен тамырлас өзегі – *түбіртану*.

Түбіртану – берісі түркологиялық, әрісі алтаистикамен байланысты қызықты да қиын сала. Түбі бір түркі тілін жер жүзінде қаншама ғұлама ғалымдар зерттеп, зерделеп жатыр. Түптің түбінде, түркі тілдерінің түпкі тарихы жекелеген сөздеріміздің түп төркіні шығу тегі олардың этимологиясы айқындалған кезде ғана түпкілікті шешімін таппақ.

Сонымен қатар тілінің, салт-дәстүр, дала мәдениетінің тұтастығымен ерекше көзге түсетін «түркі әлемі» туыстық, жақындық, қа-

уымдастық жағынан да бұл кең дүниеде жападан жалғыз емес. «Алтай теориясы» бойынша түркілер тамыры тереңнен қосылатын (біреулер оны генеологиялық, енді біреулер тарихи байланыс деп қарайтын) бер жағы моңғол, тұңғыс-манжұр, ар жағы жапон, корей, угрофин, орал халықтарымен де жақындығы ғылыми дәлелденген нәрсе. Бұл қауымдастықтың тілін салыстыра зерттеу – «Алтай теориясының» өзекті мәселесі, болашақтағы кең арнасы, қазіргі жаһандану заманына сай тұтасу үрдісін іске асыратын концептуалдану бағыты.

Алайда осы бір ғылымға белгілі жалпылама мағлұматты атап өтуіміздегі мақсатымыз: кең байтақ Еуроазия жазықтығында есте жоқ ескі замандардан бері қалыптасып, өзіндік барша болмысы айқындалған «Түркі әлемінің» өзегі, ұйтқысы болып саналатын, «өлісі» бар, «тірісі» бар, көптеген түркі тілдерінің өзара алыс-жақындығына, ортақ заңдылықтармен қатар өзіндік айырмашылықтары этимологияға қатысты ғылыми-деректік сипатта дәйектеліп, жан-жақты ашылмақ.

Этиология айқындауы тиіс жоғарыда аталып өткендей, тіл дамуының барысындағы көнеру және жаңару үдерісі десек, сол жаңару үдерісінің негізгі көзі – халықтардың араласуы, әртүрлі тарихи жағдайларға байланысты мәдениаралық коммуникация т.б. нәтижесіндегі тілдегі ауыс-түйіс мәселесі. Бұл мәселенің түркі халықтарының тіліне қатысты тамыры тереңде жатқаны қазіргі кешенді дәйекті зерттеулер арқылы ашылуда.

Мысалы, сонау Қытайдың батыс жағынан бастап, Еуропаның төріне дейін өзінің салтанатты ұлы көшін бастап барып, сол үдере көшкен халықты бүкіл әлемге әйгілі Рим империясын бағындырып алуға ұжым жасап, Рим королінің туған қарындасын алғанда ғана бейбіт шешімін танытып, мақсатына жеткен Ғұндардың батыры Атилла туралы еңбектердің мәліметтеріне назар аударады. (қараңыз: Ш.Т.Қуанғанов «Арий-гунн» сквозь века и пространство: свидетельства, топонимы» (Астан, 2001); Е.Омаров. Атилла. Жизненный путь. Алматы: Арда, 2006; Мурат Аджи, Ә.Ахметов, т.б.).

Тіл заңдылығы саясатқа т.б. заңдылықтарға қарамайды. Араласу күшті болса, тілдердің ауыс-түйісі де күшейе түседі.

Осындай жағдайды қазақ тайпаларының тарихының әр кезеңінен ақ байқауға болады. Ондай қарым-қатынас кезеңдері араб, иран, қытай, моңғол, славян елдерімен де болғандығын тарихымыздан жақсы білеміз. Бұл кезеңдерде жоғарыда аталған тілдерден тілімізге көптеген сөз-

дер еніп, сіңісіп, қалыптасып кеткенін көреміз. Олардың біразы әлі күнге дейін сақталса да, көпшілігі қолданыстан шығып, архаизмге айналып кеткендігі де мәлім. Сол сөздердің арасында тілімізде сақталғандары да баршылық. Олар тарихи лексикологияның зерттеу нысанына жатады. (Қараңыз: Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков. М.,19).

Сонымен, «тілді зерттеу, оның ішінде сөз төркінін айқындайтын этимология саласы тілдің тек дамуын ғана зерттей ме?» деген сұрақ түркологияда қай заманда да туындаған, Алтайист ғалымдар (Г.Рамстедт т.б.) тілдегі «мүжілу» («изношенность») ұғымына түбір құрылымының архетиптік күйін жаңғыртуға байланысты тоқталған болатын.

Содан берідегі түркологияда түбіртануға қатысты қол жеткен нәтижелер (А.М.Щербак, А.Н.Кононов, Ә.Қайдаров, Б.Юнусалиев т.б.) және жеке түркі тілдері бойынша еңбектер мен этимологиялық ізденістердің негізінде осы мәселені айқындауға және оны этимологиямен тікелей байланыстыруға мүмкіншілік туып отыр.

Осымен байланысты ортақ түркілік жүйемен астасқан қазақ этимологиясының шешілуі тиіс, этимологиялық сөздікті жасауға септігі тиетін болашақ міндеттері ретінде мына мәселелерді көрсетуге болады:

1. Ағылшынның түрколог-ғалымы Г.Клоусонның этимологияға арналған мына еңбегі (G.Klouson. An Etimological Dictionary of pre-Thirteenth-Century Turkish. Oxford, 1972 – G.Klouson. Этимологический словарь тюркских памятников, опубликованных после XIII в.) бойынша XIII ғ. кейінгі қалыптасқан бірбуынды және бір буыннан сөзжасамдық жұрнақтар арқылы дамыған сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі семантикалық баламасын теріп көрсету, қысқаша түсініктеме беру.

2. Ұмыт болған, ия ұмыт бола бастаған сөз – атаулардың, тіркестерінің орнына өзі білетін семантикалық баламаның көркем шығармаларда қолданылуын көрсету. Бұл сөздердің басқа авторлар тарапынан қолданыс таппай, сөйлем әдеби тіл шеңберінен шығып қалуы сөзсіз. Демек, бұрынғы мағынасы ұмытылған және ұмытыла бастаған сөздер және оның баламасы да жалпы тілден де шығып қалуы мүмкін. Тілдің мүмкіндігінің бір түрі – осы.

3. Ертеректе жарияланған қазақша және басқа тілдердегі сөздіктерде сол уақыттарда қолданыста болған, бірақ қазіргі әдеби тіл нормасында жоқ сөздермен сөз тіркестерін тізіп беру. Бұл бұлақтан да біз біршама мағынасы ұмыт болған және ұмыт бола бастаған сөздердің барлығын көрсете аламыз.

4. Ауызекі (сөйлеу) тілінде де қолданыстан мүжіліп, түсіп қалған, не түсе бастаған сөздер мен сөз тіркестері кездесетін жағдайлар көп. Олардың бір сыпырасы қазақ теледидар қызметкерлері ұйымдастырған «Алтын қақпа» атты бағдарламада беріледі.

5. Қазақ тілінде этимологиясы айқындалған, не жобаланған сөздер мен сөз тіркестері жарияланған шартты түрде қысқартылып алынған бұлақтардан теріп алып, қысқарған түрде бұлағын, авторын көрсетіп қайтадан жариялау.

Міне, бұл міндеттер қазақ тіл білімінде этимологияға қатысты не істеліп, не істелгенін тілдің дамуы мен мүжілуінің қатар жүретін заңдылықтарын дұрыс пайымдауға көмектеспек. Бірақ ол тіл болмысына қатысты баршаға белгілі құбылыс емес.

Қазақ этимологиясы: зерттеу күйі және болшақ бағыттары

Ана тілі дамуының табиғаты мен заңдылықтарын танып білген кез келген лингвист ерте ме, кеш пе тіл туралы қарапайым дәстүрлі әңгімелеуден жоғары көтерілу қажеттілігін сезінеді. Ол «сөз әлеміне» тереңірек бойлап, сөз мағыналарының бұрылыстарынан жол табуға, ашылмаған жұмбақтардың сырын ашуға ұмтылыс жасайды.

Осымен байланысты қазақ тіл біліміндегі этимологиялық ізденістердің тарихының бастауында Қ.Жұбанов, Н.Т.Сауранбаев, І.К.Кеңесбаев, С.А.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев т.б. ғалымдар тұрғаны белгілі. Кейінгі ұрпақ өкілдері – ғалымдар бай материал мен келелі дәстүрге сүйеніп, олардың ісін жалғастыруда.

Қазақ этимологиясының қазіргі дәрежесі оның іштей түрлі салаларға жіктелуімен, мамандануымен сипатталады: көне лексика – І.Кеңесбаев, Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова, А.Махмұтов, С.Исаев, Е.Жанпейісов, Ғ.Әнесов; топонимия – Ә.Абдрахманов, Е.Қайшыбаев, Р.Қонқашпаев; этнонимия және этнотопонимика – Т.Жанұзақов, Ә.Абрахманов, Е.Керімбаев, Қ.Рысбергенова; диалектілік лексика – Ш.Сарыбаев, Ә.Нұрмағанбетов, О.Нақысбеков, С.Омарбеков, Ғ.Қалиев, М.Абаева; кірме лексика – Л.Рүстемов, Н.Қарашева, А.Құрышжанов; түбір лексика – Ә.Қайдар, М.Томанов, А.Ибатов, Е.Қажыбеков, Б.Сағындықұлы, Ж.Манкеева, А.Салқынбай; біріккен және қос сөздер – І.Кеңесбаев, А.Ысқақов, Ә.Қайдаров, Г.Жәркешова т.б.

Кейбір кемшіліктеріне қарамастан, қазақ тілші-ғалымдарының арнайы этимологиялық ізденістерінің алғашқы нәтижесі және басталуына жол ашқан қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігін құрастыруға он шақты адам қатысты. Сол кезде осы сөздік жарық көргеннен кейін қазақ әріптестеріне жазған хатында көрнекті лексикограф-ғалым К.К.Юдахин былай деп жазды. «Қазақтар – батыр халық, этимологиялық сөздік те шығарды. Бірақ кейде өзінің атының құлағын да бірге шауып жіберетіні бар...». Бұл объективті берілген баға еді. Содан бері бері біраз уақыт өтті, тілші-ғалымдардың да кәсіби деңгейі өсті және бүгінде этимологияның пәні туралы жоғары деңгейде сөз қыла алады.

Осыған орай, Қазақстан этимологтарының алдында мынадай мақсатты түбегейлі шешуі тиіс көзделген болатын: Қазақ тілі материалы негізінде этимологиялық реконструкцияның әдістемесі мен қағидаларының мәселелерін белгілейтін ғылыми-теориялық іргелі зерттеулер жүргізу. Осымен байланысты оның мынадай болашақ міндеттері айқындалады:

1) Қазақ тілі дамуының қыпшақтық және ататүркілік күйін анықтау мақсатында базистік лексиканы барынша тереңірек зерттеу.

2) Барлық түркі тілдерінің мамандарының күшін біріктіретін кең түрдегі салыстырмалы-тарихи зерттеулер жүргізілді. Соның нәтижесінде жалпытүркілік және тек жеке түркі тіліне тән бірбуынды түбірлер мен негіздер жаңғырту;

Моносилабикалық түбір морфемаларды екібуынды және көпбуынды негіздер құрамындағы этимологиялық жіктелуге келмейтін арнайы зерттеу.

3) Қазіргі қазақ этимологиясының алдында құрған өзекті міндеттердің бірі – этимологиялық сөздік жасау. Ол үшін, ең алдымен, қазақ тілінің түбір сөздерінің этимологиялық сөздігін құрастыру. Оны «Түбірлес лексемалардың этимологиялық сөздігі» деп те атауға болады. Бұл тектес сөздіктің этимологиялық реконструкциясын жасаудың қағидалары мен әдістері А.Т.Қайдаров «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (Алма-Ата, 1986) Кажибеков Е.З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках Алма-Ата, 1986; Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту Алматы, 2010; т.б. атты еңбектерде негізделіп, дәйектелген.

4) Этимология мәселесі мен түбегейлі айналысу төмендегі міндеттердің шешімін қажет етеді:

а) тек қана қазақ тіліндегі ғана емес, басқа да түркі тілдеріндегі этимологиясы ашылған ортақ лексикалық бірліктер мен грамматикалық тұлғалардың толық тізімін жасап, оларды сыни тұрғыдан бағалау және бірегейлендіру;

ә) түркі этимологиясының проблемасы бойынша толық библиография құрастыру;

б) Этимологиялық реконструкцияның қазіргі ғылыми әдістері мен қағидаларын толық терген жас ғалым-мамандарды даярлау.

Осы мақсат пен міндеттердің орындалу барысының нәтижесінде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі Институтының перспективалық жоспарында іргелі зертеулердің нәтижесі ретінде қазақ өкілінің толық этимологиялық сөздігін жасау деп белгіленуі – бұл мәселенің шешімін табуы тиіс өзекті мәселе ретінде танылуының дәлелі.

Оның ғылыми-әдіснамалық деңгейдегі алғы шартының жасалуы бүгінгі таңда қазақ тіл біліміндегі қазақ тілі тарихи лексикологиясының көптеген мәселелерінің жан-жақты қарастырылуымен қатар тіл арқылы ұлт болмысын танытатын, төл мәдениетін сипаттайтын этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, әлеуметтанымдық салалары мен бағыттарына сай яғни тілді зерттеудің кешенді сипаттағы зерттеулері арқылы дәйектелуімен тығыз байланысты.

Нақты тіл деректеріне сүйенген кешенді зерттеулер, әсіресе, лексикология мен лексикография жұмыстарының картотека қорынсыз жүзеге аспайтыны белгілі. Осыған орай қазақ тіл біліміндегі этимологиялық ізденістердің ғылыми-әдістанымдық негізі жасалған алғашқы нәтижесі іспетті болашақ «Қазақ тілі этимологиялық сөздігінің» картотека қоры өте ерте дәуірдегі ата тіл (праязык), жалпытүркілік кезеңнен бастап, аралықтағы қыпшақ тілдерінің сәйкестігін көрсететін материалдарды ұштастыра отырып, қазіргі қазақ әдеби тілі мен оның говорларын түгел қамтитын ұшан-теңіз тілдік фактілерден, мысалдардан мысқалдап жинақталды. Осымен байланысты алдынала мынадай маңызды жұмыстар істелді: қазақ тіл біліміндегі арнайы этимологиялық зерттеулерді, ғалымдарымыздың пікірлерін жинақтау, бір ізге салу; этимологиялық талдауға ұшыраған сөздердің тізімін алып, ол зерттеулердің библиографиясын жасау. Сонымен қатар Вамбери, Рясянен, Э.В.Севортяанның сөздіктеріндегі басқа да туыстас түркі тілдеріндегі арнайы этимологиялық, тарихи-салыстармалы зерттеулердегі «Советская тюркология» журналында жарияланған мақалалардағы әртүрлі жи-

нақтар мен монографиялардағы болашақ «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі» үшін қажетті құнды пікірлер, ғылыми-талдамалық сараптама жасау, ой-таным таразысынан өткізу сөздікшілер шама-шарқынша осы пікірлердің бәріне сілтеме жасап, өз ой-тұжырымдарын айтпаса, бұл бүгінгі күннің талабына сай еңбек болып шықпас еді.

Бұл материалдар жоғарыда аталған картотека қорының құрамдас бір бөлімі ретінде, алфавиттік қатаң тәртіпке түсіп, сөздікшінің алдында тұрады. Осы жұмыс барысында тілді тұтынушы халықтың болмысына жақын «халықтық этимология» да ескіріп, өзіндік заңдылығы бар қызық та сырлы құбылыс, дәйеккөз ретінде назардан тыс қалмады. Сонымен, қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулерге қатысты атқарылған ізденістердің айғағы ретінде 1966 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінің»¹² орны ерекше. Бұл түркология ғылымында жеке бір тілдің материалдары негізінде жасалған алғашқы этимологиялық сөздіктердің бірі еді¹³. Ал жалпы түркология ғылымындағы этимологиялық сөздіктер саны санаулы-ақ¹⁴ екендігін еске алсақ, солардың бірі ретінде түркологиялық әдебиеттерде үнемі ҚТҚЭС көрсетіліп, сілтеме беріліп жүргендігін қазақ тіл білімпаздарының озық табыстарының бірі ретінде бағалауға болады.

Бұл кітапта 337 сөз бен сөз тіркестері реестрге алынып, арнайы этимологиялық талдау жасалды. Ал кітаптағы мақалаларды түгелдей карточкаларға түсірген кезде авторлардың бұлардан өзге 182 яғни барлығы жарты мыңнан астам сөзден түп-төркінінің ашылғандығы анықталды. Бұлардың көбі бір түбірден өрбіген, көпшілік жағдайда о бастағы тұлғасы мен мағынасы әбден күңгірттенген сөздер болып келеді. Талдау барысында авторлар осы ұялас, түбірлес сөздерді де көрсетіп отырады. Ал кей жағдайда айтылған пікірді дәлелдеу мақсатымен сол сөзге ұқсас, жасалу жолдары бірдей модельдер салыстырылады. Сөйтіп, реестр сөзге алынбаса да, екінші бір сөздің этимологиясы келіп шығады.

«Қазақ тілінің тұңғыш этимологиялық сөздігіне арналған талдаулар жасауға талаптанған авторлар ұжымы бірсыпыра қиыншылықтарға кездесті»¹⁵, - деп кітаптың «Алғысөзінде» Р.Ғ.Сыздықова жазғандай, бұл

¹² Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1966. 240 бет./ Ред-гия: А.Ысқақов, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев/. Бұдан әрі ҚТ ҚЭС деп қысқартып береміз.

¹³ Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1964.

¹⁴ Uamberi N7 Etymologisches W?rterbuch der T?rko tatarischer Sprachen.Zeipziq, 1878; R?s?nen M. Versuch eines Etimologischen W?rterbuchs der Turksprachen. Heisinki,1969; Clouson J. An Etimological Dictionary of Pre-Thirteenth7 Jentury Turkish.Oxford, 1972.

¹⁵ ҚТҚЭС., 6-бет.

тұңғыш еңбектің жарыққа шығуы, жазылуы оңай болған жоқ. Кезінде жұртшылық жылы қабылдаған бұл сөздік кейінгі жылдардағы көптеген зерттеулерге «мұрындық» болды. Сөздікті құрастырушылардың еңбектеріне кейінірек жеке-жеке арнайы тоқталған сәтте сөздіктегі мақалалардың сапасы жөнінде арнайы тоқталуға тырысамыз. Жалпы алғанда, жүз жылдан астам тарихы бар¹⁶ қазақ тіл біліміндегі барлық этимологиялық зерттеулер мен талдауларды «паспорттап» шығу тез біте қоятын, оңай шаруа емес. Сол уақыттан бері тілді зерттеудің қол жеткен толымды нәтижелері оның бер жағында, атап айтқанда, тәуелсіздік кезеңіндегі қоғамдық-рухани жағдаят пен тіл мен ұлт, тіл мен мәдениет сабақтастығына сай тілді зерттеудің арналы үрдістегі және қоғамның мәдени-әлеуметтік талаптарына жауап беретін кешенді зерттеулердің ықпалымен тілге деген қызығушылық күшейіп, жандануының айғағы ретіндегі қоғамдық сұраныс пен қызығушылыққа қажетті нақты этимологиялық ізденістер ғылыми тұжырымдауды біртұтастықта жүйелеуді қажет етеді. Сондықтан бұл сөздікті тек дайындық сипатында, шаруа тәжірибе ретінде, деп қарамай, одан беріде де картотека қоры күннен-күнге өсіп, толығып отыратын, үздіксіз ғылыми үдерістің жалғастыратын бастау көзі ретінде қараймыз. Сондықтан да ҚТҚЭС-н талдау барысында **алғашқы байқаулар** деген сөзге баса назар аударылады. Сөзіміз жалаң болмас үшін бірер мысал келтірейік. Мәселен **қазақ** этнонимінің шығу төркіні жөнінде бірнеше ондаған пікірлер айтылды. Революциядан бұрын айтылған пікірлер көбінесе ол сөздің сол халық тілінде айтылуын, мағынасын, шет жұрттықтардың ол сөзді бұзып айтуы (қайсақ, киргиз т.б.) жөнінде болса, бертін келе әуелі «халықтық этимологиясы жасалды. Қазақ ғалымдарымен бірге бұл сөздің тарихына академиктер В.В.Бартольд, Н.Я.Март, А.Н.Самойловичтер мен А.Н.Бернштам секілді көпке танымал тарихшылар да үңілді. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» бұл сөзге нақты этимологиялық талдау жасап, дұрыс қорытындыға келу үшін «қазақ» сөзінің түп-төркіні туралы бұрын-соңды айтылған пікірлерді ғылыми этимологияның, этнолингвистиканың барлық соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, ой елегінен өткізіп, «асылын алып, жасығын тастау» көзделді. Сонда ғана әлі күнге даулы бұл мәселенің бір ортақ шешімі

¹⁶ «Но все же первый печатной грамматикой казахского языка оштуются «Материалы к изучению киргизского наречия» Н.И.Ильминского (Казань, 1861)», - деп жазады Р.Ф.Сыздыкова. Қара: Р.Ф.Сыздыкова. Изучение казахского языка в дооктбрский период. // Развитие казахского советского языкознания. Алма-Ата, 1980, с.21.

табылып, бір ұштығына жетеріміз ақиқат. Ол үшін, сол кезеңдегі қазақ этнонимі туралы қолда бар пікірлер, деректер түгел жиналып, мынадай көрініс табады: қазақ сөзіне жасалған этимологиялық библиографиясы: +

Бір фактінің көптеген этимологиялық ізденістерге нысан болуы тәжірибеде жиі кездеседі. Әрине, бұл жағдайда ғылыми дәйектер мен ғылыми емес дәйектер араласып жатады. Осы жайттың нақты үлгісі – қазақ этнонимінің этимологиясына қатысты 100-ден аса нұсқалар. Оларды былайша топтастыруға болады:

1) *қазақ* – этноним, антропоним, топоним, мифтік түсінік, тотемдік белгі, географиялық, этникалық немесе әлеуметтік ұғым;

2) *қазақ* мынадай ұғымдарды білдіреді: «кезбе», «қаңғыбас», «тексіз», «қашқан құл», «бассыз», «қаруланған сарбаз», «салтатты», «жалдамалы жауынгер», «елінен кеткен шекарашы», «қарулы күзет», «жеңіл қаруланған жауынгер», «әскери күзет», «қарақшы», «батыл», «берілген адал», «бастаушы», «ер мінезді», «қызба», «Кавказдағы тайпа», «таулық», «Хазардың бір түрі», «орыс казактарының құарымандағы түркі тілді тайпалар», «славяндардың батырының аты», «түркітілді черкестер» т.б.

3) Мағынасы әртүрлі түсіндірілетін қазақ сөзінің екі сыңары: 1) қаз/аз – а) тайпаның аты, ә) қаз, аққу; б) қос - орыс тіліндегі «қашу» мағынасындағы оморфтың етістіктен; д) қас – «нағыз», «таза», «қоспасыз»; е) қаз – «биіктік», «тау» (Қазығұрт - ?); ж) қос – «екі», «пар» т.б.

2) а) сақ – сақ тайпасының атауы; ә) сақ – «садақ», «жебе», б) оқ – «тайпа», «ру», «халық»; в) ақ//ық – этнонимдер тудырушы аффикс қараңыз: печееч, урақ, қыпшақ т.б. г) ақ – «белый» және ауысу «таза»; д) оқ – «оқ», «жебе» (қосоқ – тайпа таңы) және тіл. Мұндай пікірлер этнонимдер атауларының жалпы алғанда «Он шақты нұсқасын құрайды. Өкінішке орай қазақ этнонимі әлі күнге дейін шын мәніндегі ғылыми түсініктемеге ие болған жоқ.

Жалпы тіл білімінде «Этимология – грек тілінің *etymos* – «ақиқат» және *logos* «білім» деген сөздерінің бірігуінен жасалған» деп анықталады. Осыған сай тарихи лексикологияның арналы да арнаулы саласы ретінде жеке сөздердің, сөз тіркестерінің, грамматикалық тұлғалар мен морфемалардың, кейде тіптен сөйлем сияқты жайылыңқы болып келетін фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің де түп-төркіні мен шығу тегін, олардың даму жолдары мен қазіргі тілдердегі көрініс сабақтастығын анықтап, тарихын ғылыми тұрғыдан зерттейді. Этимология, әрине, тіл тарихы, тарихи грамматика сияқты пәндерді айырбастай алмайды.

Ол пәндер тіл білімінің барлық соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, тілдің жалпы даму заңдылықтарын сипаттаса, ал этимология көбінесе осы пәндердің жетістіктерін пайдалана отырып, жеке сөздер, жеке тұлғалар дамуын, тарихын әңгімелейді. Сонымен қатар, тіл білімінде бұл сөз тар мағынада «сөздің шығу тегі, түп-төркіні» дегенді де білдіреді.

Бір сөзбен осылайша қорытып анықтама бергенімізбен, этимологиялық зерттеулер өзінің алдына қойған мақсаты мен міндетіне сай әртүрлі болып келеді. Сондықтан түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне қатысты этимологиялық ізденістердің негізгі мақсатын біз былай деп белгіледік: а) түркі тілдерінің өте көне дәуіріне тән ортақ түбірлерді анықтау; ә) түркі тілдерінің ішінде өз ара жақын топтарға ортақ лексикалық элементтердің сыр-сипатын ашу; б) әрбір тілдің, мәселен, қазақ тілінің сөздік қорындағы жалпы түркі тілдеріне, оның ішінде қыпшақ тобына жататын тілдерге ортақ, сондай-ақ тек қазақ тілінің өзіне ғана тән әсіресе бір буынды түбірлер мен туынды түбірлердің табиғатын ашу; в) қазақ тіліне әр түрлі тарихи, мәдени, саяси, географиялық себептерге байланысты сырттан (араб, парсы, моңғол, қытай, орыс т.б. тілдерден) енген лексика-грамматикалық элементтерді анықтау, олардың дыбыстық тұлғалық және мағыналық өзгерітерін белгілеу; г) лексикалық элементтердің өз ара қатыстығы мен алшақтығы тілдің даму процесіне байланысты заңды құбылыс екенін дәлелдеу т.б.¹⁷

Этимологиялық зерттеулердің бірі сөздің ілкі, түпкі түбірін тауып, оған қосылған қосымшаларды анықтап, негізгі және туынды түбірлердің ара жігін ашып береді. Кейбір этимологиялық зерттеулер өз алдына тіліміздегі мағынасы күңгірттенген, тіл иесі сөйлеу үдерісінде ол сөзді қолданғанымен, мағынасын жете түсіне бермейтін сөздер тобын арнайы бөліп алып текереді. Бұндай сөздер көбіне-көп қос сөздердің, біріккен және кіріккен сөздердің, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің құрамында көп кездеседі. Өйткені, ғасырлар бойы ауыздан-ауызға көшіп, атадан балаға мирас болып қала беретін бұл сөздер құрамында «ескінің көзі» есептес көне сөздер, грамматикалық тұлғалар сақталып қалған, тіл иесі бұл «сөз комбинацияларын» жаттанды түрде, мағынасын тек ішкі интуициямен сезіп қана қолдана береді.

Этимологиялық зерттеу нысандарының, әдістері мен алдына қойған мақсатының күрделілігіне байланысты мынадай қиыншылықтарды атап өтуге болады:

¹⁷ Ә.Т.Қайдаров. «Қазақ тілінің этимологиясы» атты арнаулы курстың программасы» (қолжазба).

Біріншіден, этимология – тіл білімінің қызық та қиын саласы. Әсіресе, қиындығы басым. Сондықтан да болса керек, этимологиямен арнайы айналысып жүрген ғалымдар саны саусақпен санарлықтай. Сөз төркіні туралы өз ойларын үнемі ортаға салып жүретін ғалымдарымыздан бүгінгі таңда академик Ә.Т.Қайдаров, Ғ.Мұсабаев, Р.Ғ.Сыздықова, Ә.Нұрмағамбетов, Қ.Өмірәлиев, Е.Жанпейісов, Ө.Исаев, Н.Уәлиев секілді бірнеше ғалымды ғана атап өтуге болады. Көптеп көтермегендіктен, бұл үлкен шаруа кей жағдайда ақсап та жатады. Өйткені халық, әсіресе, қазақ халқы – сөз өнеріне өте бейім, талантты, «өнер алды қызыл тілге жүйрік» халық. Осы тілге, сөзге, оның тарихына деген қызығушылық қалың бұқара, көпшілік қауым арасында да үлкен сұраныс туғызып отыр. Сөз тарихы, этимологияға қатысы бар (Мәселен, Р.Ғ.Сыздықованың «Сөздер сөйлейді» атты кітапшасы) кітаптарды халық «пышақ үстінде үлестіріп алады». Кейде осы үлкен сұраныстың орнын толтыру үшін тілші-ғалым емес адамдар да тер төгіп, тіпті кітап та жазады. Мысалы, Б.Кенжебаев пен Т.Қожекеевтің «Сөз туралы сөз»¹⁸ деген кітабы. Кітаптың алғашық екі тарауы («Өнер алды – қызыл тіл», «Сөз сөзден туады») тіліміздегі кейбір күңгірт сөздердің түп-төркінін ашуға арналған. Осы екі тарауда (5-33б.) реестрге алына отырып, 70-80 сөзге түсінік беріледі. Кітап аз тиражбен (500 экз.) жарық көріп, студенттерге ғана арналғанымен, бірақ оны оқып шыққан адамның жалпы тіл тарихы, этимология туралы түсінігі өзгеріп, әртүрлі пікірлер қалыптасуы мүмкін. мысалдар келтіре кетейік: 1. "Пельмен". Орыс тіліндегі «пельмен» деген сөз өзбек тіліндегі «пұл», «мәнті» деген екі сөзден шығыпты. Оның шығу тарихы былай көрінеді: Ертеде, Шыңғыс хан билеп тұрған кезде, орыс князьдары Шыңғыстың ордасына сый алып барып жүреді екен. Сонда олар осы күнгі Өзбекстан жерінің үстімен жүріп өтетін. Ал өзбектер сол заманда-ақ базарда мәнті пісіріп сатады екен. Бір мәнті бір пұл (бір тиынның үштен бірі) тұрыпты. Сатушы бір пұлға бір мәнті берем деген мағынада: -Пұл мәнті! Пұл мәнті! Пұл мәнті! Деп айқайлап тұрады екен. Сол «пұл мәнтіні» орыстар «пельмен» деп кеткен /20-бет/.

2. «Шоқан. ... Бұрын, Шоқанның бала шағында, қазақ арасында, өте-мөте, оқыған адамдар арасында кітапша, түрік текті халықтардың ертедегі әдеби тілімен (шағатай тілімен) сөйлеу сән болған. олар хат жазса, «үшбу», «үшбұның білән», «шу» деп жазған. Шоқанның ата-

¹⁸ Кенжебаев Б., Қожекеев. Сөз туралы сөз (филология және журналистика акультеттерінің сырттан оқитын студенттері үшін көмекші құрал).

анасы баласының мінез-қылығына қарап: «Осы балам хан болады» деп біліп, баласын еркелетіп, әлгі кітаби шағатай тілі бойынша, «Шұ хан» (осы хан) деп атаған, сөйлеген. Солайша «Шоқан» болып кетуге тиіс» /21-бет/.

3. «Зыр-зыр. Адамда болатын іш өту ауруының әуелгі қазақша аты «зыр-зыр» екен. Қазіргі қазақ тіліндегі «зыр қақтым», зыр жүгірдім, «түні бойы зыр жүгіріп шықтым» деген сөз тіркестері содан шығыпты» /21-бет/.

Маман емес ғалымдардың аузынан шыққан «халықтық» этимологиялардың тілші емес ғалымдардың еңбектерінде жиі кездесіп қалатындығын атап көрсеткіміз келеді. Этимологияның өзіндік зерттеу әдістері мен әдістері бар, белгілі ғылыми принциптерге сүйенетін, тіпті кез-келген тілші ғалымның да «жүрегі дауалап бара бермейтін» ғылым саласы екендігі ескеріле бермейді. Бұларға қойылар негізгі тосқауыл – тілші-ғалымдардың теориялық-әдіснамалық ғылыми негізге сүйеніп жасаған қажырлы еңбегі, көптеп жарық көрер еңбектері болмақ.

Екіншіден, кейде сол тілші ғалымдарымыздың өздері дәлелі аз, бір қайнауы ішінде жатқан дүниелерді де жариялап жібереді. Жалпы этимологиялар бұл жағынан *қысқа қайырылған және ұзын-сонар, шұбатылма* деп екіге бөлінеді. Мәселе зерттеудің ұзын-қысқа, үлкен-кішілігінде емес, қайта сол түп-төркіні әңгімеленіп отырған сөздің о бастағы тұлғасынан қазіргі тілімізде кездесетін күйіне дейін жүріп өткен баспалдақтары көрсетіліп, этимологиялық зерттеудің барлық принциптері сақталуында. Кейбір шағын ғана мақаланың ішінде бірнеше ондаған, тіпті жүздеген сөздердің этимологиясы сөз болып жатады. Әрине, бұндай қысқа қайырған, бір ауыз сөзбен айта салған «этимологиялар» әрі ешкімнің есінде қалып жатпайды, әрі сөздің тарихын ашуға да еш көмегін тигізбейді.

Сонымен, біз этимологияның негізгі принциптері дегенде: жалпы тіл білімінде де, түркітануда қалыптасқан а) *фонетикалық*, ә) *морфологиялық* немесе *фономорфологиялық*, б) *семантикалық* деп аталатын үш принципке сүйенеміз.

Фонетикалық принцип тілдегі түрлі дыбыстық өзгерудің жолдарын, дамуын дәлелдеуге пайдаланылса, морфологиялық принцип жалғау-жұрнақтардың өзгеру жүйесін түсінуге көмектеседі. Ал семантикалық принцип сөздің мағыналық жағынан дамуын зерттеуге құралады. Қазақ тіл білімінде осы үш принциптің үшеуіне де жауап бере алатын

этимологиялық зерттеулер де, сонымен қатар асығыс айтылған, дәлелі аз шолақ қайырылған пікірлер де кездесіп қалады. Мысалы, Г.Жаркешова «Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі» деген еңбегінде былай деп жазады: «...біздегі **некен-саяқ** деген қос сөздің алғашқы сыңары моңғолдың **жалғыз, жеке** дегенді білдіретін **нэгән** деген сөз. Ал біздің **абысын-ажын** деген қос сөзіміздің екінші сыңары **ажын** да сол моңғол тілінің **абысын** мағынасындағы сөзі»¹⁹. Мысалдан көріп отырғанымыздай, автор тіліміздегі екі сөздің түп-төркінін моңғол тілінің материалдары бойынша дәлелдеуге тырысады. Бірінші сөзге (некен) сөздіктен (моңғолша-орысша) сілтеме беріліп, оның төркінін дұрыс көрсетеді. Ал **ажын** сөзіне келген кезде автор ешбір мысалға сүйенбей, сілтеме-дәлелсіз, алдындағы талданған қос сөздердің (одан бұрын **бала-шаға, некен-саяқ** сияқты бірнеше сөз келтіреді) жасалу тәсілі, дайын моделі мен осындай қорытындыға келеді. Және қазақ тіліндегі **абысын** сөзінің өзін толық түсінікті, уәжді (мотивированное слово) сөз деп таниды.

Ал, біздіңше, жоғарыда келтірілген **ажын** да, **абысын** да, **абысын-ажын** да (жаңа сөз жасалып тұр ғой) арнайы зерттеуді қажет ететін, бір-екі ауыз сөзбен тарихы, сыры ашыла қоймайтын сөздер.

Біріншіден, бұл сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі мағыналарын саралап алған орынды секілді. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінде: «Абысын» зат. Бірге туған, ағайынды адамдардың үлкенінің әйелі келіндеріне абысын болады. *Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп* (Мақал).

Абысын-ажын. Зат. Туыс, ағайындас адамдардың әйелдері»²⁰.

Ал көп томдық түсіндірме сөздікте:

«**Абысын** зат. ағайынды адамдардың әйелдері.

Абысын-ажын зат. Туыс, ағайындас адамдардың әйелдері»²¹.

Енді моңғол тіліндегі мағыналарына көз жіберейік:

«АВЬСАН²² – жена старшего брата по отношению к жене младшего брата»;

«АЖЫН²³ – жена младшего по отношению к жене старшего брата, невестка».

¹⁹ Жаркешова Г. Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1960. 21 б.

²⁰ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. I том. Алматы, 1959. 8-бет.

²¹ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. I том. Алматы, 1974. 40-бет.

²² Монгольско-русский словарь. М., 1957. С.21.

²³ Монгольско-русский словарь. М., 1957. С.26.

Абысын сөзі қарақалпақ, қырғыз тілдерінде, башқұрт тілінде Апын, өзбек тілінде ОВСИН түрінде қолданылады. Мағынасы – «ағайынды, туыс адамдардың әйелдері». Хакас тілінде АБЫЗЫН – «сноха».

АБЫСЫН-АЖЫН қос сөзі жинақтау мәнін (значение обобщности, собирательности) білдіреді. Э.В.Севортянның сөздігінде бұл сөздердің этимологиясы берілмеген. Сондықтан бұл сөздерді моңғол тілінен ауысқан деген пікір белең алуға.

АЖЫН сөзі түркі тілдерінде жеке қолданылмайды. Әзірге моңғол тілінің фактілері қолымызда жеткілікті болмағандықтан, ажын сөзі туралы кесімді пікір айту қиын (Тек «*Ай дер ажа, қой дер қожжа жоқ*» деген мақалағы **ажа** сөзімен бір байланысы болмаса...).

Сөз қазынасының тереңдігі көмулі тарихты көтеріп, сөз тарихы мен асылын аршып алар лингвист-этимологтарды археологтарға теңеу профессор Қ.Жұбановтың тілдің терең құрылымын зерттеу барысында қолданылған «палеонтология» сияқты терминімен тамырлас.

Үшіншіден, Қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулерді жинастырғанда көзге ұрып тұрған тағы бір кемістік – ғалымдарымыздың кейбір сөздер төркінін бірін-бірі қайталай, еш жаңалық, өзгеріссіз, бір шиырлап, дайын этимологиялық штамптар жасап алуы. Мәселен, тіліміздегі СЕКСЕН (сегіз+он), ТОҚСАН (тоғыз+он) сан есімдері мен ШАҒА (бала-шаға), ТОРЫМ (тоқты-торым), ҚЫРҚЫН (қыз-қырқын), ЖЕЛЕҢ (жігіт-желен) т.с.с. мағынасы күңгірт қос сөз сыңарлары ондаған мақалада бір сарындас этимологиялық талдауға алынған. Әрине, баспасөз бетінде бұлайша жиі әңгіме болған сөздер тарихы халық құлағына сіңіп, олардың түп-төркіні қалың бұқараға барынша белгілі болады. Бірақ, бір жағынан пайдалы болып көрінген бұл құбылыс, дайын штамп күйінде мақалаға еніп, тарихы ашылып, дамуы сөз болар басқа сөздің «орнын иемденеді». Мысалы, жоғарыда аталған **сексен** сөзін алалық. Авторлар бірауыздан, тува, алтай тілдеріндегі дыбысталу формасымен салыстыра отырып, бұл сөздің төркінін «СЕГІЗ және ОН сөздірінің қосылуынан пайда болған» дейді. Әрине, бұған еш дау жоқ. Бірақ, авторлардың ешқайсысын бұл мәселенің бұрын сөз болмаған тұстары, мәселен, жаңа сөз жасалу барысында кіріккен екі дербес сөз қандай фонетикалық өзгеріске, дамуға ұшырады, көне түркілердің санау жүйесі секілді т.б. проблемалар қызықтырмайды. Үнемі бірін бірі қайталағандықтан да, біз бұларды – «дайын штамптар» деп отырмыз. Сөзсіз о баста бұл пікірдің иесі болған. Ғалымдардың өзіне дейін

жазылған еңбектермен толық таныс болмай, бірін бірі оқымауы мен тіл білімімізде әлі күнге дейін этимологиялық талдау жасалған сөздер тізімі мен олардың толық библиографиясының жасалмауы да зерттеулер барысында көп кедергі келтіреді.

Әрине, бұл құбылыстың екінші жағынан, этимологияның іштей бөлінер түріне де қатысты екенін атап өту керек. Этимология іштей: а) жоба, жорамал ретінде және ә) дәлелдеп жатуды қажет етпейтін аксиома ретінде екі үлкен топқа жіктеледі. Үңіле ізденіп, сарыла ізденудің нәтижесінде ғылымда аксиома болып кеткен этимологияларға да өзгерістер енгізіліп жатады.

Мысалы, АБЖЫЛАН сөзін алайық. Ұзақ жылдар бойы ғалымдарымыз бұл сөзді «парсының **аб** «су» және түркілік **жылан** сөздерінің қосылуынан пайда болған» деп келді. «Парсы тілінен енген біріккен сөздердің бір саласына «аб» сөзімен бірігіп айтылатын сөздер жатады. Мысалы, **абжылан** (аб парсыша су деген сөз)²⁴, - деп жазады Г.Жәркешова. тіліміздегі абырой, мұрап, шалап т.б. сөздер құрамынан парсы тілінің аб («су») сөзін көреді. Бірақ қазақ халқының ұғымындағы *абжылан* сөзінің мән-мағынасы мен этимологиясынан келіп туындайтын «су жылан» мағынасының арасы кірікпей, дәйектемесіз (мотивировка) болып тұрады. Бұл сәйкессіздікті алғаш байқап, белең алған пікірге ең алғаш қарсы шыққан – А.Махмұтов. «Біздіңше, бұл сөз «су жылан» емес, «улы жылан» деген түркі сөздерінің тіркесінен жасалған сөз ... Бұл талдаулар аб – ав – ап – ов – ув – ұу сөздерінің түбірлестігін, әрі олардың «у», «сиқыр», «қулық», «айла» тәрізді көп мағыналарының барлығын байқатады. Абжылан – екі түбірден құралған біріккен сөз. Бірінші компоненті **аб//ап//әп** («у», «сиқыр», «тылсым»), екінші сыңары жағымсыз кейіпті бейнелеуде қолданылатын жылан болу керек. Сонда абжылан сөзінің мағынасы – «арбайтын, сиқырлы жылан» болғаны²⁵.

Р.Сыздықова «АБЖЫЛАНДАЙ ТОЛҒАНУ» атты мақаласында²⁶ осы пікірді қолдайды. Осымен барлық даулы мәселе шешілген сияқты. Бірақ, 1982 жылы жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне арнап жазған оқу құралында тағы бір автор²⁷ АБЖЫЛАН

²⁴ Жәркешова Г. Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1960. 18 бет.

²⁵ ҚТҚЭС, 1966. 17 бет.

²⁶ Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Алматы, 1980. 8-бет.

²⁷ Төлеуов Ә. Сөз таптары. Алматы; Мектеп, 1982. 16-бет.

сөзін парсының («су») сөзінің қатысуымен жасалған деп дәлелдемекші болады. Демек, этимологиялық зерттеулер барысында «дайын штамптар» шеңберінде қалып қою жайы жиі кездеседі.

Төртіншіден, қазақ тілінде жазылған этимологиялық зерттеулердің тілі туралы аз-кем сөз етпей өту мүмкін емес. Этимологияның көп уақытты талап ететін, қиындығы мол, көптеген ғылымдарға сүйенетін кешенді сала екенін атап өттік. Тіпті жан-жақты дамыған орыс тіл білімінің де арасына жылдар салып туып жатқан этимологиялық зерттеулерінде оның теориясы мен зерттеу методикасы нақты бір шешімін тапты деп айтуға болмайды²⁸.

Ал қазақ тіл білімінің ең кенже салаларының бірі – этимология десек, әлі күнге дейін ол өзінше «отау тігіп, еншісін алған жоқ». Өзіндік тілі, стилі, тұрақталған терминологиялық жүйесі болмауы зерттеу барысында көп қиыншылық келтіруде. Тілінің ғылыми стильден гөрі қарапайым сөйлеу тіліне жақындығынан, турасын айтқанда қарабайырлығынан, қазақ тіл білімінде жасалған этимологиялардың жартысынан көбін «қызықты» этимология деген топқа қосуға мәжбүр боламыз. Ал бұлар ғылыми емес, ғылыми-көпшілік қолды танымдық мәні ғана бар дүниелер. Мысалы, этимологиялық зерттеу барысында ешбір ғалым тоқталмай кете алмайтын ұғымдардың бірі – түбір. Бұл ұғым ғалымдарымыздың еңбектерінде **түбір, ілкі түбір, түпкі түбір, негізгі түбір, бастапқы түбір, өлі түбір** т.б. нұсқаларда кездесіп, қолданылады. Не болмаса, бүгінгі таңда түркологиялық әдебиеттерде жиі қолданылып жүрген *гомогенность, синкретичность, корень-основа, дериват, коррелят ...* секілді ондаған, тіптен жүздеген сөздерді қай үлгіде қазақ топырағына әкеліп, нақты баламасын таба аламыз?! Ғалымдарымыздың көп болып ойласар, тез арада шешімін күтіп тұрған істің бірі осы болса керек. Этимологиялық зерттеулерде пайдаланылатын қысқартулар мен арнайы шартты белгілерге де ұсақ-түйек нәрселер деп қарауға болмайды. Бұлардың бәрі көпшілікке түсінікті, бір ізге түсі керек. Бұл орайда көбінше Э.В.Севортянның «Сөздігіне» табан тіреп, соны негізге алған дұрыс қой деп ойлаймыз.

²⁸Орыс тіл біліміндегі ұзақ жылдардан бері үзбей жарық көріп келе жатқан «Этимология», «Этимологическое исследование по русскому языку» жинақтарындағы мақалаларды қараңыз.

Қазақ этимологиясының алғашқы ғылыми негіздері

Қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулердің нәр алар бастау-бұлағы, тарихы қазақ тіліне қатысты жазылған алғашқы зерттеу еңбектерден басталады. Революциядан бұрын жарық көрген еңбектердің ішіндегі ең құндыларының бірі – П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка»²⁹ деп аталатын екі бөлімді еңбегі. Бұл еңбектің құндылығы жөнінде Р.Ғ.Сыздықова былай деп жазады: «Во всей литературе, относящейся к изучению казахского языка в дорреволюционный период, особо выделяются труд выдающегося ученого, тюрколога-лингвиста, профессора Петербургского университета Платона Михайловича Мелиоранского «Краткая грамматика казах-киргизского языка» в двух частях, изданная в 1894-1897 гг. Эту грамматику акад. А.Н.Кононов считает одним из трудов, вошедших в основной фонд исследований по тюркологии»³⁰. Автор осы кітаптың бірінші бөлімінде («Фонетика и этимология»³¹) қазақ тіліндегі бірнеше сөздің түп-төркінін сөз қылады: «Лингвистическое чутье позволило ученому сделать ряд тонких и точных наблюдений. Он отметил, например, обратное сингармонизму действие гласных в образованиях типа **бүгін**<**бұл** + **күн** (уподобление не по начальному слову, а по второму), выражение совместного действия формой взаимного залога, трансформацию форм **тын** < **туғын тұрған**, **әкет** < **алып кет**, **сөйтіп** < **солай етіп**, **алам** <**аламын**»³².

«Осы еңбектің «Об иностранных словах в киргизском языке» деген тараушасында қазақ тіліне енген араб, парсы, орыс сөздері туралы арнайы пікір айтып, дұрыс қорытындыға келеді. *Міндет* (<минлет), *аспан* (<асман), *зындан* (<зиндан) т.с.с. ондаған сөздердің түп-төркінін көрсетуімен бірге олардың қазақ тіліндегі қолданыстары сингармонизм заңына бағынып, фонетикалық өзгеріске түсетінін дәлелдейді.

Әрине, бұл пікірлер – қазақ сөздерінің түп-төркіні туралы айылған алғашқы қазақ этимологиясына «беташар» есепті жолдар. Ал кейінгі зерттеулерге түрткі болған, нағыз ғылыми этимологияларды қазақ тіл білімінің негізін салушы, профессор Құдайберген Жұбановтың еңбегінен табамыз.

²⁹ Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. Ч.І.Фонетика и этимология. Спб., 1987, с.72; ч.ІІ. Синтаксис. Спб., 1987. С.92.

³⁰ Сыздықова Р.Ғ. Изучение казахского языка в дооктябрьский период // Развитие казахского советского языкознания. Алма-ата, 1980. С.22.

³¹ Ертеректе жарық көрген еңбектерде бұл термин «морфология» деген ұғымды білдіргендігін еске саламыз.

³² Р.Ғ.Сыздықованың аталған мақаласы, 23-бет.

Қ.Жұбанов «Күй» атты тамаша еңбегінде³³ қазақ тіліндегі *күй, домбыра, қобыз, жыр, толғау, бақсы, ән, би* т.б. музыкалық терминдердің этимологиясын сөз етеді. Орхон-енісей, орта ғасыр ескерткіштері фактілері мен қазіргі туыстас түркі тілдері фактілерін жан-жақты пайдалана отырып, ол сөздердің шығу тарихын, мағыналық дамуын нәзік сезіп, шебер дәлелдейді.

Бұдан ғасырға жуық уақыт бұрын жазылған мақалаларды оқып отырып, ғалымның ой жүйіріктігіне, ғұлама білімділігіне таң қаласыз! Ғалымның этимологияларының ғылыми жағынан өте терең болуына Қ.Жұбановтың көп тілді еркін меңгергені де септігін тигізсе керек. 1935 жылы 20 июльде толтырған анкетасында ол өз қолымен: «Кроме родного, владею немецким, русским, арабским, персидским, турецким и монгольскими языками» деп жазған еді.

«Из порядка слов в казахском предложении» (Алма-Ата, 1936) деген еңбегінде де көптеген сөздер мен сөз тіркестерінің төркінін ашып, этимологиясын сөз қылады. *Жау* (жаужұмыр), *май*, *жым-жырт*, *шырт* (шырт ұйқы), *қызалақ* т.б. сөздердің төркіні туралы айтқан пікірлері әлі күнге дейін ғылыми құндылығын жойған жоқ. Бір сөзбен айтқанда, қазақ ғылыми этимологиясының көшбасшысы профессор Қ.Қ.Жұбанов деп айтуға толық негіз бар. Ғалым этимологияларының ғылыми тереңдігін «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» (Алматы, 1966) атты таңдамалысының алғашқы басылымына академик І.Кеңесбаевтың жазған «Алғы сөзі» жан-жақты ашып көрсетеді: «В 1930 году Х.Жубанов выступал на Первом краеведческом съезде Казахстана в Алма-Ате с докладом «Смыслы бессмысленных слов», который явился результатом его основательного научного изыскания нескольких тюркских языков. Доклад был посвящен анализу казахских междометий, употребляемых как обращение к домашним животным³⁴. Автор путем сравнительно-исторической этимологизации слов, относящихся к терминологии, связанной со скотоводством, устанавливает, что многие названия животных образованы из нескольких компонентов, которые когда-то были самостоятельными лексическими величинами. Он обосновал составность названий животных – племенных производителей, в частности слов: *қошқар* и *айғыр* (по М.Кашгарскому ???) – жеребец (в орхонском ???), ??? (қошқарға шығар), в древнеуйгурском ???, в хакасском ???, в

³³ Жұбанов Қ. Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы (Тіл мен тарих деректері) //Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1999

³⁴ Доклад этот называется также «Скотоводческие междометия казахов».

коттском ???, в якутском ???, в чувашском *айар*). Первоначально каждое из них состояло из двух слов: *қошқар* из қош+қар, *айғыр* из ай+ғыр. *Қош* употреблялось самостоятельно как слово-обращение к овце и было составной частью слова *қошақан* (ласкательно-уменьшительная форма слова *қозы* – ягненок), с редукцией *а* в *ы* и превращением шипящего *ш* в свистящий *з* (*қоша-қозы* ср. самостоятельное употребление данного слова в форме *қош* в туркменском языке в значении «баран»).

Что касается первой части слова *айғыр*, т.е. *ай*, то Х.К.Жубанов отождествляет со словом *ат* (лошадь), подчеркивая, что слово *айғыр* у казахов оформлено по закону кыпчакской фонетики; следовательно, в других тюркских языках *ай* будет иметь иное фонетическое звучание, например, по нормам орхонского, древнеуйгурского и тувинского языков *-ад*, хакасского *-ас*, аз, якутского *-ат* и т.д. Вторые части обоих слов: *қар* (қошқар) и *ғыр* (айғыр) ученый считает фонетическими разновидностями, сохранившими начальный заднеязычный согласный чувашского слова *ар*, что соответствует казахскому *ер* (мужчина, самец), Таким образом, он устанавливает, что казахские названия самцов, племенных производителей-барана и жеребца – в буквальном смысле означают «овца-самец», «лошадь-самец».

Этимологизируя в дальнейшем несколько казахских междометий типа *өк* (обращение к крупному рогатому скоту), *моһ* (обращение к лошади), *көс-көс* (или же *кәус-уәус* – обращение к верблюду), он выясняет их историческую связь со словами: *өгіз-өкір* (бык – мычание по бычьему), а также с китайским словом второй тональности *маа* (лошадь) и туркменским словом *кәшек* (маленький верблюд) и приходит к выводу, что множество подобных междометий восходит к своей основе к именам существительным, т.е. названиям самих животных, к которым они обращены.

К сожалению, этот доклад, в свое время не был опубликован в печати»³⁵.

³⁵ С.Кенесбаев. Предисловие к книге Х.Жубанова «Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966.

Қазақ тіліндегі этимологиялардың түрлері

Қазақ тіліндегі этимологияларды (кітап, мақала, жеке пікірлер т.б.) жинақтап, саралай келе үлкен-үлкен үш топқа бөлеміз: 1. «Халықтық» этимологиялар, 2. «Қызықты» этимологиялар, 3. «Ғылыми» этимологиялар. Енді осылардың әрқайсысына қысқаша тоқтала кетейік.

«Халықтық этимологиялар. Білмегенді білуге ұмтылу, өмірдегі жұмбақ құбылыстардың сырына үңілу адам табиғатына тән қасиет. Адамдар айналасын қоршаған заттар атауының қайдан шыққанын, қалай пайда болғанын үнемі қызықтап, үнем «зерттеген», өз шама-шарықтарынша дәлелдеуге тырысқан. Бұл сатыны тіл білімінің іргетасы, алғашқы баспалдағы деп қараушылар да бар. Орхон-енисей ескерткіштерінің алғаш «кілтін» табушы В.Томсен Москвада 1938 жылы жарық көрген кітабының³⁶ «Этимология у древних и ее ошибки» деген тарауында былай деп жазады: Античная этимология ищет в слове известное, заранее созданное представление о предмете, которое оно обозначает, прибегая к произвольным ассоциациям и к столь же произвольному применению чисто логических фигур, как равенства, аналогии, противоречия и т.п.»³⁷.

«Өнер алды – қызыл тіл» дейтін қазақ халқы да сөз сырына үңілуден жалықпаған. Ел, жер, жұрт атаулары, сырттан енген түсініксіз кірме сөздер т.с.с. жүздеген, мыңдаған сөздер халық санасында қайта жаңғырып, талай аңыз-әңгімелерге арқау болып, ауыздан ауызға көшіп жүрген. Түсініксіз сөздерді халық өзі түсінетін сөздерге «туыстырып», солардан төркіндетіп отырған. Сондықтан, көп жағдайда «халықтық» этимология **«жалған»** (*ложная*) этимология деп те аталады.

«Халықтық» этимологияға мысалды алыстан іздемей-ақ, бала күннен жаттап өскен ауыз әдебиеті нұсқаларынан табамыз. Соның бірі – көне жырларымыздың бірі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу». Ата-бабаларымыз өздері «кіндік кесіп, кір жуған» талай жер атауларын осы жыр кейіпкерлерімен сабақтастырады. Мысалы, Қорқау ойлы Қарабай аударыла көшкен сәтте, абыр-сабырда сабасы жарылып, қымызы төгіл-

³⁶ Томсен В. История языковедения до конца XIX века (краткий обзор основных моментов. М., Учпедгиз, 1938, С.159

³⁷ сонда, 27 б. Осы кітаптың «Символические этимологии», «Составные этимологии», «Этимологии от противоположного», «Графическая символика и этимология» деген тарауларында жалпы этимологияға қатысты құнды да қызықты пікірлер бар.

ген жер «Ақкөл», «Жайылма» атанады. Қозыны аңсай күткен Баян шыдамай, алтын сандыққа сәлемдеме толтырып, Айбасты ұзақ жолға шығарып салып, содан «Домбыралы», «Моншақты», «Қарқаралы» деген жерлер сол сандықтан «түсіп қалған» нәрселер болса, «Жауыртауға» келгенде аты титықтап, сол жерде амалсыздан «Алтын сандық» та қалған-мыс.

Жазушының әртүрлі стильдік мақсатқа пайдалануына қарай бұл «дәстүр» бүгінгі әдебиетімізде де үзіліп қалған жоқ. Б.Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романынан мынадай үзінді келтіруге болады: «...Мен саған айтып берейін, біліп ал, дүние жүзіндегі елдердің көпшілігін біздің қазақтар ашқан. Оған дәлел: көп ел, көп жердің аты қазақша. Мәселен «Азия» деген атау қазақтың «аз ұя» деген сөзінен шыққан, яғни ата мекен деген сөз. Ұқсай ма? Мен ұқсайды екен дедім. Дүйсен әрі қарай түсіндіре бастады: «Африка» қазақтың «қапырық» деген сөзінен шыққан, яғни «ыстық» деген сөз. «Жапон» халқы «жұпыны» дегеннен, «Бразилия» «мынауың біраз ел, ә» дегеннен шыққан. «Европа» ол да қазақ сөзі, «жауропа» дегеннен шыққан. Көрдің бе, бәрі де қазақ сөзі. «Пекин» қазақтың «бекін» деген сөзі. «Жау келе жатыр, қаланың қақпасын жап, бекін» дегеннен шыққан. Қазақта «қызың Қырымға, ұлың Ұрымға кетсін» деген сөз бар. «Қырымы – кәдімгі өзіміздің Қырым, Қара теңіздің жағалауы. Ал Ұрымы – Рим. Италияның астанасы. Қазақтар Римге тілі келмеген соң «Ұрым» деген.

...Мен бұл әңгімені алғашында шын көріп тындасам, сосын біртіндеп қалжың екенін білем. Дүйсеннің өзі ойлап тапқан, өте бір қисынды, тапқыр қалжың. Әдемі қалжың. Оқуы аз адамдар сеніп те қалатындай. Дүйсеннің тапқырлығына мәз болып рахаттана күлемін.

-Қазақтар ашқан тағы қандай жерлер бар? – деймін.

-Көп,- дейді Дүйсен. Өзі күлімдейді, шын сөйлегендей етіп айтады. – Монғолияны да қазақтар ашқан. «Монғол» қазақша «мың қол» деген сөз. «Корея» қазақша «қария» сөзі. «Чили» қазақтың «шилi» деген сөзі, жерінде ши көп өсетін болғандықтан, солай атаған. Міне, тампыш бала, түйеге, атқа мініп алып, біздің ата-бабаларымыздың бармаған жері қалмаған. Мына шеті Жапония, мына шеті Америкаға дейін аралаған»³⁸.

Осы типтес «халықтық» этимологиялар, әсіресе көрнекті, шын мәніндегі халық жазушысы С.Мұқановтың қаламынан көп туындаған. Мәселен ол көмек сөзі туралы былай дейді: «Біздің жақта бір қазақтың

³⁸Соқпақбаев Б. Өлгендер қайтып келмейді. Алматы, 1974, 134-135 б.

үйі өртеніп кетіп, татар көршісінен көмек сұрай барыпты: «Абзи, үйім өртеніп кетті, көмек бер» депті. Сонда бергісі келмеді ме, *көмек* деген сөзге түсінбепті. «Жәрдем сұрап отырмын» дегеннен кейін: «Ә, сенің *көмек* деп отырғаның *помог* екен ғой» депті. Кім біледі, сол *помог* бізге *көмек* боп кірді ме?»³⁹.

Бүгінгі таңда «халықтық» этимологиялардың авторлары көбіне-көп ақын-жазушы, журналистер болып келеді. Әрине, бұлардың арасында оқушысын күлдіру мақсатында, әншейін, жеңіл күлкіге құрылғандары да баршылық. Негізінен бізді қызықтырары – аңыз-әңгіме, шежіре түрінде болып келетін «халықтық» этимологиялар. Халық творчествосы іспеттес бұл көне шежіре-сырлар халық тарихына сәулесін түсіріп, бағзы заман елестерінен деректер береді.

«Қызықты этимологиялар». Біз бұл атауды әзірге шартты түрде, орыс тіліндегі «занимательная» сөзінің баламасы ретінде алып отырмыз. Бұл топқа негізінен газет, журнал (ғылыми журналдардан басқасы) беттерінде жарық көрген материалдар жатады. Бұл мақалалар қалың көпшілік қауымға арналғандықтан, ондағы материалдың берілуі, терминологиясы, ғылыми аппараты ғылыми басылымдағы еңбектерден өзгешеленіп тұрады. Сөздіктер мен түрлі жазба ескерткіштерге сілтеме беру, өзінен бұрын айтылған пікірлерге сүйеніп, олардан сілтеме келтіру жағы өте аз, шектеулі болады. Сондықтан бұл еңбектер автордың «өз тілімен» көпшілікке түсінікті түрде жазылады. Әрине, бұл еңбектерден ғылыми тереңдік іздеп, оны талап ету мүмкін нәрсе емес. Бұдан «қызықты» этимология қажетсіз дүние деген де ұғым тұмау керек. Біз «халықтық» этимологияны ғылыми этимологияға қарама-қарсы қойып, көбінше, оны мансұқ қылсақ, ал «қызықты» этимология ғылыми этимологияның көкжиегін кеңейтіп, оның жетістіктерін үлкен айналымға шығарып, қалың бұқара арасына таратар, өте қажетті «елші» сала. Осындай мақсатта жазылған қызықты, ғылыми-көпшілік қолды туындыларға (занимательная, научно-популярная литература) жастар, әсіресе мектеп оқушылары сусап отыр. Бұл салада Р.Ғ.Сыздықованың «Сөздер сөйлейді»⁴⁰ атты кітабынан басқа еңбектің атын да атай алмаймыз. Этимолог-ғалымдарымызды осы салада да жүрілмеген жолдар мен көтерілмеген тыңдар күтіп тұр. Бұл салада орыс тіл біліміндегі атқарылып жатқан шаруалар баршылық.

³⁹С.Мұқанов. Жарыссөзде сөйлеген сөзі. Тіл мәдениеті және баспасөз. Алматы: Ғылым, 1972, 134 б.

⁴⁰Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (мұғалімдер мен студенттерге арналған көмекші құрал). Алматы: Мектеп, 1980, 126 б.

Мектеп оқушыларына арналып шығарылған этимологиялық сөздіктермен⁴¹ қатар, олардың қосымша оқып, ой-өрістерін ұлғайтуға арналған ғылыми-көпшілік қолды ондаған кітап соңғы жылдардың өзінде жарық көрді⁴².

Кезінде «Білім және еңбек» журналы және қазірге дейін «Қазақ әдебиеті» газеті ұзақ жылдардан бері тіл тарихына, оның ішінде жеке сөздер этимологиясына байланысты материалдарды жариялап, басып келеді. Әсіресе «Қазақ әдебиеті» газетінің «Толғауы тоқсан қызыл тіл» рубрикасының мүмкіншілігі өте мол. Тек ескерер бір жайт, жүз мыңдаған оқушысы бар газеттің сенімін ақтап әрі газеттің беделін түсірер, артық-кем, ұшқары пікірлерге тосқауыл боларлық мекеме (мәселен, Тіл білімі институты) маман адамдардың (газет қызметкерлері арасында лингвист-ғалымдар жоқ) бекітілгені құба-құп болар еді. Бұл орайда бір кездері «Қазақстан әйелдері» журналы ұйымдастырған «Тіл төркіні» (материалдар академик Ә.Т.Қайдаровтың редакциясымен жарияланды) рубрикасы іспетті шаралардан көп нәрсе үйренуге болар еді. Осы бөлімнен 1982, 1983 жылдары жарияланған материалдардың дені дәлелді, сапасы жағынан ғылыми этимологияларға жақын болып келеді. Құр жорамал, ғалымдар талқысына салынар пікірталастардан ада, айтар ойы тиянақты, факті, дәлелі көп мақалаларды қалың оқырман қауым әрқашан сүйсіне оқиды. Соңғы кезде «Жұлдыз» журналы «Алтыншы дәптер» деген бөлім ашып, тіл тарихы мен этимологияға қатысты материалдарды көптеп жариялай бастады. Этимологиямен айналысып жүрген ғалымдарымыз осы мүмкіншіліктердің бәрін толық пайдалана білсе, «қызықты» этимология тек насихат құралы ретінде ғана өмір сүріп қоймай, ғылыми этимологияның құрамдас бір бөлігіне айналар еді.

Ғылыми этимологиялар. Қазақ тіл білімінде этимологиямен арнайы айналысып жүрген ғалымдар саны санаулы-ақ екенін жоғарыда атап өттік. Ұзақ жылдар бойы осы қиын да қызық салада талмай тер төгіп, қазақ тіл білімінде этимологияны арнайы пән дәрежесіне көтеріп, қалыптастыру жолында көшбасшысы ретінде абыройлы міндетті атқару

⁴¹Успенский Л.В. Почему не иначе? Этимологический словарь школьника. М., 1967; Потиха З.А. Школьный словообразовательный словарь. Волгоград, 1961; Шанский Н.М., Иванов В.В., Шанская Т.В. Краткий этимологический словарь русского языка. М., 1971, т.б.

⁴²Ф.Фолсом. Книга о языке (Пер. с англ.) 2-ое изд., М., 1977; Шанский Н.М. Слова, рожденные Октябрем. М., 1980; Крысин Л.П. Жизнь слова. М., 1980; Колесов В.В. История русского языка в рассказах. 2-ое изд., М., 1982; Шанский Н.М. В мире слов. М., 1978; Сергеев В.Н. Новые значения старых слов. М., 1979; Этерлей Е.Н., Кузнецова О.Д. Неизвестное в известном. Л., 1979; Мокиенко В.М. В глубь поговорки. М., 1975; Откупщиков Ю.В. К истокам слова. М., 1973 т.б.

қызықты да қиын тіл әлемінің тереңіне бойлауды қажет ететін аса жауапты да күрделі шаруа. Басынан таратып айтар болсақ, этимология саласындағы алғашқы ізденістеріміз ұйғыр тіліндегі қос сөздерді зерттеген кандидаттық диссертацияға байланысты зерттеулерден басталады. Сол ізденістердің жемісі ретінде 1958 жылы «Парные слова в современном уйгурском языке» деген кітабымыз жарияланды⁴³. Осы кітаптың 3-тарауы («Семантикао-этимологическая характеристика категории парных слов» деп аталады) түгелдей ұйғыр тіліндегі қос сөздердің семантикасы мен олардың көмескі сыңарларының табиғатын ашуға арналған, атап айтқанда, басқа да түркі тілдері фактілері мен ескерткіштердің деректерін пайдалана отырып, қазақ тілінде жиі кездесетін бірнеше қос сөздердің көмескі сыңарларының ұмыт болған мағыналары «қалпына келтірілді». Мысалы: «*Тұрақ* – второй компонент казахского парного слова *арық-тұрақ* «тощий», «худой», «истощенный» (о скоте). Ср. киргизское *арык-торык*. Это слово мы находим в тексте «Памятника в честь Тонюкука» как самостоятельное слово в значении «тощий, худой»: *turuqbuqa* «тощий бык», а также в кашгарских песнях, помещенных в «Диване турецких языков» Махмуда Кашгарского – (арабша жазылған) – печаль сделала меня тощим.

Из современных языков мы встречаем его в узбекском: *тырық* – «тощий», «худой»; в бурят-монгольском: *туранхай* – «тощий», «истощенный», «слабый», «худой»; в урянхайском языке: *тору* – «тощий», «худой». Отсюда надо полагать, что одна из производных форм *тұрақ* – *торығу* сохранилась в казахском языке, которая получила некоторую семантическую дифференциацию, т.е. *торығу* – «отчаиваться», «терять всякую надежду», «удариться в пессимизм»⁴⁴.

Кітапта тарихи-салыстыру әдісі арқылы қазақ тіліндегі *шаға* (бала-шаға), *шашын* (жауын-шашын), *баранды* (үйлі-баранды), *торым* (тоқты-торым), *жора* (жолдас-жора), *қырқын* (қыз-қырқын), *шар* (дау-шар), *тараж* (талан-тараж), *әдет-ғұрып* т.б. және «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында жарияланған мақаладағы⁴⁵ осы тақырыпты жалғастырып, *қалаш* (қатын-қалаш), *сарсаң* (әуре-сарсаң), *теге* (түйе-теге) сөз сыңарларының төркіні туралы алғаш рет пікір айтуға тырыстық.

Бірақ қазақ ғалымдары ұжымының нағыз этимолог-ғалым ретіндегі зерттеулері ҚТҚЭС-дегі мақалаларынан көрінді. Сөздік мақалаларының

⁴³Қайдаров А.Т. Парные слова в современном уйгурском языке. Алма-Ата: Наука, 1958, С.167

⁴⁴Сонда, 107 б.

⁴⁵Қайдаров Ә.Т. Кейбір қос сөздердің этимологиясы//Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, №10

өзінің көлемімен, айтқан ой, келтірген тілдік фактілердің молдығымен ерекшеленіп, барлық түркі тілдері мен ескерткіштерінің фактілерін шебер пайдалану міндетіне аса назар аударылды. Зерттеуші ретінде өз тарапымыздан қазақ (түркі) сөздерінің «сырын» бір буынды түбір сөздер төңірегінен іздеу осы сөздікті жасау барысында байқалды. Соның нәтижесінде қазақ тіл біліміне «синкретикалық түбірлер, гомогенді түбірлер» ұғымдарының ғылыми айналысқа енуі заңды құбылыс еді. Мәселен, *бауыздау* сөзіне қатысты мақалада⁴⁶: ...*боғуз//бауыз//буғиз//бога//боғузла//бауызла//муузда//боостаа//боостаа//боғуздов//боғуздок* сөздерінің бәріне ортақ түбір – *боғ//буғ//бау//бұу//му//бо*. Мұндағы *б-м; о-а; г-у-ұ; оғ-ау-ұ-о* сияқты дауыс алмасулары түркі тілдері үшін заңды құбылыс. Олай болса, бұлардың бәрі де *бу-//боғ-* деген түбір сөзден өрбіген!. Одан әрі этимологиялық жаңғырту қазақ тіліндегі *буу* (байлау), *буындыру*, *буыншақ* (буыншақ-түйіншек), *буындау*, *буын*, *буылтық*, *бұзақ*, *бұғалық*, *бұғау* және т.с.с. сөздерді осы түбірден туындатады.

Бірақ ҚТҚЭС-дегі этимологиялық зерттеулердің басты-басты бірекі ерекшелігін атап көрсетуге болады. Өйткені олар сол кезде этимологиялық зерттеулердің жандануына, әдіс-тәсілдерін анықтауға үлкен себін тигізсе, бұл мәселе бүгінгі күні де өте өзекті болып отыр. Біріншіден, авторлар өз зерттеу нысаны етіп кез-келген сөзді емес, тіліміздегі мағынасы әбден күңгірттеніп, көмескіленген, бүгінгі қазақ тілі тұрғысынан уәжсіз (немотивированные слова) сөздерді алады. Екіншіден, өз зерттеулерінде түркі, монғол тілдерінің фактілерімен бірге тұңғыс-маньчжур тілдерінің материалдарын да шебер пайдаланады. Үшіншіден, сөздіктегі кірме сөздер төркіні (көбіне парсы тілінен) туралы жазған мақалалар (дүрбі, жайбаракат, жәрдем т.б.) пікір сонылығымен және бұрын тегі тексерілмеген сөздерді таңдап алуымен ерекшеленеді. Бұл принципті кейін жазған мақалаларымызда да сақтауға тырыстық⁴⁷. Бірақ, қайталап айта кететін жайт – осы кешенді зерттеу нәтижесінде түркі тілдерінің дамуындағы барлық заңдылықтарын ескере отырып, бір буынды түбірге үңілудің мәнін түсіну. Себебі, этимологияның ең қажет жері де, негізгі мақсаты да түркі тілдеріндегі

⁴⁶ҚТҚЭС, 58-59 б.

⁴⁷Кайдаров А.Т., Койчубаев Е.К. К лингвистическому объяснению этнонима «казак»// Вестник АН КазССР, 1971, №2, С. 47-51; Кайдаров А.Т. Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистические объяснения//Изв. АН КазССР, серия общественная, 1973, №6, С.25-34; Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілі этимологиясынан этюдтар//Сөз өнері (Тіл мәдениеті туралы), Алматы, 1978, 62-71 б.

бір буынды түбір сөздердің табиғатын ашуда екеніне көзіміз жетті. Бұл орайдағы алғашқы ойларымызды «Структурные типы слов»⁴⁸ деген мақалада айтқан болатынбыз. Бұл жолдағы ұзақ жылдар талмай ізденіс «індете» зерттеудің нәтижесі. Ғалымды тек қазақ тілі фактілерімен шектеліп қалмай, түркологиялық аренаға шығаратыны да қажетті заңдылық. Соның негізінде түркі тілдеріндегі синкретизм құбылысы⁴⁹ мен төркіндес (гомогенность) сөздер⁵⁰ дамуын зерттеу нәтижесінде түркология ғылымына «скрытый синкретизм» «жасырын синкретизм» деген жаңа ұғым, термин енді.

Сөйтіп, этимологиялық зерттеулері арқылы сөздердің «қызықты» тарихын, ұмыт болған мағыналарын қалпына келтіріп, даму сатыларын көрсетуден басталған іс бүгінгі таңда қазақ тіл біліміндегі жаңа бағытқа, жаңа ізденіс тәсілдері мен әдістеріне, жаңа ғылыми зерттеулерге жол салып отыр.

Түркі тілдеріндегі бір буынды түбірлердің табиғатын түркі-монғол деңгейіне дейін тереңдеп барудың этимологиялық реконструкцияға тікелей қатысы бар екенін соңғы зерттеулерімізде⁵¹ көрсетуге тырыстық. Осы мәселені тарқатып түсіндіру үшін «Из опыта этимологического исследования односложных основ в тюркских языках» деген мақалада айтқан тұжырымдарымызға қысқаша тоқталып өтеміз. Біріншіден, түркі тілдеріндегі бір буынды түбір сөздердің «салыстырмалы таблица-сын» жасау арқылы олардың этимологиясы мен реконструкциясына жаңа тұрғыдан келуді ұсынамыз. Таблицаның мақсатын, толтыру принциптерін сөз қыла отырып, мәселенің теориялық жағын да назардан тыс қалдыруға болмайды: «...в целом дают объективную картину развития данного корня или основы в тюркских языках и необходимые для этимологической интерпретации данные по трем ее параметрам:

⁴⁸Қайдаров А.Т. Структурные типы слов// Современный казахский язык. Алма-Ата, 1962, С.120-129.

⁴⁹Қайдаров А.Т. О критериях определения синкретических основ в тюркских языках// Изв. АН КазССР, серия филол., 1977, №3, С. 51-57; Қайдаров А.Т. Некоторые аспекты синкретизма первичных основ в тюркских языках//Проблемы современной тюркологии. Алма-Ата, 1980, С. 85-93.

⁵⁰Қайдаров А.Т., Кажибеков Е.З. Гомогенные корни и их лексико-семантическое развитие (на примере qa-//aa) //СТ, 1980, №3, С. 17-24; Қайдаров А.Т. Фонетические факторы семантического развития слов в тюркских языках// Языкознание: Тезисы докладов и сообщений III Всесоюзной тюркологической конференций, 10-12 сентября 1980 г., Ташкент, 1980, С. 156-157

⁵¹Қайдаров А.Т. О некоторых общих тюрко-монгольских однокоренных основах//Якутский филологический сборник. Якутск, 1976, С.23-30; Қайдаров А.Т. Из опыта этимологического исследования односложных основ в тюркских языках// Лексика и морфология тюркских языков. Новосибирск, 1982, С. 3-14

фонетическому, морфологическому и семантическому»⁵². Осы бағыттағы зерттеулердің болашағы бұдан да биік мақсат межесін белгіледі: «Однако это еще не этимология, а лишь материал для серьезной этимологии и этимологической интерпретации самых разнообразных типов, структурно-семантических разновидностей односложных основ и корней в современных тюркских языках»⁵³. Ол мақсат – «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін» жасап шығару. Осымен байланысты «Қазақ тіліндегі бір буынды түбір негіздердің құрылымы» (1986 ж.) қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулердің жаңа кезеңі мен жаңа бағытын негіздеуі тиіс жаңа деңгей де.

Бірақ бұл ғылыми үрдістің қалыптасуын түсіну үшін біріншіден, проф. Қ.Жұбанов зерттеулерінен бастау алуы, екіншіден, қазақ тіл біліміндегі «тіл әлемін» тануды мақсат еткен, қанаттас жүріп еңбек еткен әріптес ғалымдарымыздың зерттеулерінің негізгі мазмұны мен нәтижелерін атап көрсеткен орынды.

Қазақ тілі лексикологиясының жеке ғылым саласы болып қалыптасуына көп еңбек сіңірген, оның этимология саласына арнайы тоқталған – Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ғ.Мұсабаев. Қазақстан жерінде кездесетін көне түркі жазбалары мен эпиграфикасын өмір бойы жинап, зерттеп өткен ғалым еңбектерінің басты ерекшеліктері, ең алдымен, көне деректерді көптеп пайдалануымен көзге түседі. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің сонау қытай жазбалары, көне түркі ескерткіштеріндегі тұлғалары арқылы о бастағы тұлғасы мен мағынасын қалпына келтіруге (реконструкция) ұмтылады. Қазақ (түркі) сөздері о баста бір-ақ буынды түбір сөздер болған, жаңадан сөз тудырығыш жұрнақтардың бәрі о баста толық мағыналы, дербес сөз болған деген ойларын ғалым өмірінің соңғы кездеріне дейін айтып та, жазып та өтті⁵⁴.

Жоғары оқу орындарында оқитын студенттер әлі күнге дейін этимология ғылымы бойынша алғашқы түсінікті Ғ.Мұсабаевтың оқулығынан⁵⁵ алып келе жатқанын да осы тұста айта кетуіміз керек. Автор-

⁵²Сонда, С.7.

⁵³Сонда, С. 12.

⁵⁴Мусабаев Г. К вопросу о словообразовании//Исследования по грамматике и лексике тюркских языков. Ташкент, 1965, С. 18-25; Историческая диалектология казахского языка (к вопросу о племенных диалектах)//ҮІІ региональная конференция по диалектологии тюркских языков (...). Тезисы докладов и сообщ. Алма-Ата, 1973, С. 22-26

⁵⁵Кенесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, Фонетика. ІІ-бас. Алматы, Мектеп, 1975 (§9. Этимология. 17-28 беттер.

дың қазақ тіл біліміндегі жасаған барлық этимологияларын жинастырғанда көзге бірден шалынары – ондағы тарихи деректердің молдығы. Сөздің даму сатыларын көрсеткен сәтте олардың тұлғалық және мағыналық өзгерістері ескерткіштер фактілерімен тиянақталуымен бірге, ғалым этнографиялық деректерді де шебер пайдаланады. Әрине, кей сәттерде (мысалы: *құлан*, *құлын* сөздерінің этимологиялары) зерттеушінің сыртқы ұқсастықты қуалап, ғылыми принциптерден ауытқып кететін кездері де кездеседі. Бірақ Ғ.Мұсабаевтың талай сөздердің түп-төркінін, тарихын анықтауға талпынған еңбектерін зерттеушілердің аттап өтуі мүмкін емес.

Қолданылу аясы мен функционалды-семантикалық даму барысында өзгерген сөздерге лингвистикалық реконструкция жасаған акад. Р.Сыздықтың еңбектерінің де қазақ тіліндегі этимологиялық зерттеулердің ғылыми-деректік деңгейін көтеруде орны ерекше. Алғашында өз зерттеу нысаны етіп Абай шығармаларының тілін алған ғалым оның морфологиялық⁵⁶ және лексикалық⁵⁷ ерекшеліктерін сөз ету барысында олардың тарихын да қазбалап, алғашқы этимологиялық пікірлерін айта бастады. Ол ойлардың көпшілігі «Абай шығармаларының тілі»⁵⁸ атты монографиясында шоғырланған.

Қазақ тілінде бүгінгі таңда ұмытылған, не тарихи сөзге, архаизмге айналған бірнеше жүздеген сөздер бар екені мәлім. Бұлар қазақ тілі лексикасында өзіндік ерекше қабат құрайтын, тарихы жұмбақ та қызық сөздер тобы. Ғалым назарына көбінше осылар ілігеді. Кейінірек Махамбет⁵⁹ пен Жамбыл⁶⁰ поэзиясының тілі жайында жазған мақалаларында да қазақ тіліндегі көптеген көнерген сөздердің мағынасын қалпына келтіріп, текстологиялық талдаулар жасайды. Осы талдауларының көпшілігін автор 1980 жылы «Сөздер сөйлейді»⁶¹ деген атпен топтама етіп шығарды. Бұл кітап қазақ тіл біліміндегі «қызықты» этимология мен ғылыми этимологияны шебер ұштастыра білген, ғылыми-көпшілік қол-

⁵⁶Сыздықова Р. Абайдың қара сөздеріндегі -мақ аффиксті тұлға жайында//Қазақ ССР ҒА Хабарлары, филол. және өнер сериясы, 1959, №1; Абайдың прозалық шығармаларындағы кейбір морфологиялық тұлғалардың сипаты//Қазақ ССР ҒА Хабаршысы, 1959, №5 т.б.

⁵⁷Сыздықова Р. Абай тіліндегі оқу, ағартуға қатысты сөздер// «Қазақстан мектебі», 1965, №8, 61-67 б.

⁵⁸Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968.

⁵⁹Сыздықова Р. Махамбет өлеңдерін оқығанда// «Қазақстан мектебі», 1972, №11

⁶⁰Сыздықова Р. Жамбыл поэзиясының тілі жайында//Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы. Алматы, 1975, 78-92 б.

⁶¹Р.Сыздықова. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Мұғалімдер мен студенттерге арналған көмекші құрал. Алматы: Мектеп, 1980, 126 б.

ды (научно-популярная) тұңғыш кітап болды. Кітапты жазу барысында автор негізінен семантикалық принципті ғана басшылыққа алып, сөздердің көне мағынасы мен қолдану тарихын айқындауды мақсат еткен. Сондықтан бұл кітап бойынан терең (этимологиялық принциптердің бәріне жауап беретін) этимологиялар іздеу, талап ету мүмкін емес. Бірақ кітаптың құндылығы сол, одан зерттеушілер, этимологтар көптеген сөздер мен сөз тіркестерінің бұдан бір-екі ғасыр бұрынғы қолданыстары мен мағыналарын, басқа сөздермен тіркесу қабілетін көре алады. Дәлел ретінде Р.Сыздықова қазақ халқының ауыз әдебиеті нұсқаларын, революциядан бұрынғы жарық көрген әдеби кітаптар мен сөздіктерді шебер пайдаланады. Әсіресе, ғалым пайдаланған ертеректе жарық көрген сөздік материалдары сол дәуірдің «тасқа басылған» айғағы іспетте өте дәлелді.

Тіліміздің тарихын жасауда көп кедергі келтіріп жүрген – жазба ескерткіштеріміздің (қазақ тіліне тікелей қатысты) аздығын акад. Р.Сыздық ұсынған осы әдіспен біршама толықтыруға болатын секілді. Өйткені, жазба факті болмаса, дәлеліміз қанша орнықты болғанымен, көбінше, болжам ғана болып қала бермекші.

Демек, Р.Сыздықованың бұл кітабы – қазақ сөздерін этимологияның бір-ақ қырынан (мағыналық) алып қарағанымен, заман талабы, көпшілік сұранысына сай дүниеге келген еңбек. Осы секілді кітаптардың көптеп жазылуы ғана қазақ тілі ғылыми этимологиясының «уықтарын бекітіп, шаңырағын биіктетері» сөзсіз.

Қазақ тілі білімпаздарының арасында диалектілік лексиканың шеңберінде қолданылатын жүздеген сөздің түп-төркінін ашып, тарихына үңілген - белгілі диалектолог-ғалым Ә.Нұрмағамбетов. Бұл кездейсоқ жайт та емес. Көне тілдің көптеген реликт құбылыстары, әдеби тілге толық таралмаған кірме сөздердің мол қоры жергілікті ерекшеліктерімізде сақталып қалуы да заңды құбылыс. Осыған орай ғалымның алғашқы еңбектерінен бастап⁶² күні бүгінге дейін⁶³ жиі сөз қылып келе жатқан тақырыбы – сол диалектілік ерекшеліктердің пайда болуы, түп-төркіні. Мәселен, «Түрікменстандағы қазақтардың тілі»⁶⁴ атты монографиясында этимологияға арнайы тарай (69-78) беріліп, алақшын, әтішкір, бай-

⁶²Түрікменстандағы қазақтар тіліндегі кейбір сөздердің этимологиясы//Қазақ тілі тарихы туралы зерттеулер. Алматы, 1965, 238-246 б.

⁶³Қазақ говорларының кейбір тұлғаға топшылау//Қазақ ССР ҒА қоғам. ғыл. сериясы, 1970, №1, 50-54 б.; Қазақ говорларындағы кейбір лексикалық ерекшеліктердің пайда болу жолы мен этимологиясы// Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1973, 58-87 б.

⁶⁴Нұрмағамбетов Ә. Түрікменстандағы қазақтардың тілі. Алматы, 1974

таба, бестақа, көпек, лепмай, паяпыл сөздерінің түп-төркіні сөз болады. Бұл мәселе, әсіресе, бүгінгі таңда этнос болмысы мен мәдениетінің бейнесін сақтап қалған тарихи диалектологиямыз өте кенже қалып отырған кезде – өте өзекті. Ғалым сонымен бірге ономастикалық атаулардың төркініне де жиі үніледі⁶⁵. Автордың этимология саласындағы зерттеулеріне зор баға бере отырып, кейбір кемшін тұстарын да атап өткен орынды. Автор басқа да тілдік фактілермен бірге сібір тілдерінің материалына жиі жүгініп, қазақ тіліндегі белгілі бір лексеманы сонау шалғайдағы бурят, алтай т.б. тілдердің говорларындағы (тіліндегі емес, говорларындағы!!!) лексемалармен салыстыру, салғастыру үнемі дұрыс нәтиже бере бермейді. Мәселен, автор тіліміздегі жуалдыз сөзінің төркіні туралы былай деп жазады: «Түбірдің екіншісі «дыз» қайдан келген (?) деген сұрауға жауап іздеу қиынырақ. Дегенмен, бұл туралы да болжау айтуға болады. Бурят тілінің Цонголь говорында (!) «дзуу» сөзі біздегі «ине» дегенді ұғындырады. Нәтижесінде, шуал+дзуу > жуал+дыз сөздерінің бірігуінен пайда болған деп жорамал айтпақпыз»⁶⁶. Бірінші сыңарын иран сөзі дей отыра, екінші сыңарын бурят тілінің Цонголь говорынан (бурят тілінен де емес) іздеу ешқандай тарихи да, ғылыми да принципке негізделмеген болжау.

Этимологиялық зерттеуге басқа қырынан келіп, оның ғылыми көкжиегін кеңейтіп жүрген ғалымдарымыздың бірі – Е.Жанпейісов. Ғалым өз зерттеу нысаны етіп қазақ тілі лексикасының үлкен бір қатқабаты – этнографизмдерді алған. М.Әуезов шығармаларының тілін зерттеуге арналған еңбектерінде автор қазақ тіліндегі этнографизмдерді жазушы шығармаларында, әсіресе, «Абай жолы» эпопеясында, өзіндік қолдану ерекшеліктері, олардың этимологиясы тұрғысынан алып қарастырады. Осы ұзақ ізденістердің нәтижесінде дүниеге «М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі» (тарихи-этимологиялық байқаулар материалдар. Алматы, 1976) және «Этнокультурная лексика казахского языка (на материале произведения М.Ауезова)» Алматы, 1989) атты монографиялары жарық көрді. Бұл кітаптар қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулердің ең көлемдісі болуымен қатар, өзінің ғылыми тереңдігі, этимологияларының дәлелдігімен ерекшеленеді. Кітап бойында мол тілдік факт жинақталған. Автор түркі, монғол тілдері

⁶⁵«Адай» этнонимі туралы//»Қазақстан мектебі», 1967, №7; Қазақ тіліндегі кейбір ру, тайпа аттарының шығу тарихы// «Жалын», 1973, №1, 135-143 б.

⁶⁶Нұрмағанбетов Ә. Қазақ говорларында кейбір лексикалық ерекшеліктердің пайда болу жолы мен этимологиясы // Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1973, 64-бет.

мен ескерткіштер, әртүрлі сөздіктерден сүзіп алған мысалдармен қазақ тіліндегі тарихы сөз болып отырған этнографизмінің дамуын, өзгерісін, семантикасын жан-жақты ашып береді. Ғалым, әсіресе, этнографизмдердің қазақ топырағында пайда болған, ұлы суреткер М.Әуезов түрлендіре қолданып, «екінші өмір» берген бөлегін ғылыми зерде, ішкі жан-дүниесімен сезініп, көзге көрінбес нәзік нюанстарын да көре біледі. Сонымен қатар автордың көптеген сөздердің этимологиясын сөз еткенде айтқан жаңа ой, батыл болжамдары да қызықты. Мәселен, *ұлыс*, /29-бет/, ШҰБАР//СІБЕР /19-бет/ сөздеріне жасалған этимологиялық талдауларында осыған дейін аксиома болып келген пікірлерге сын көзбен қарап, өз тұжырымын айтады. Тіліміздегі *болыс* сөзін орыс тіліндегі *волость* сөзінің фонетикалық өзгеріске түскен түрі дей отыра, сол *волость* сөзінің фонетикалық өзгеріске түскен түрі дей отыра, сол *волость* сөзінің өзін орыс тіліне түркі тілдерінің бірінен ауысқан дейді. Э.К.Пекарскийдің сөздігінде кездесетін *ұлуу* / «большой, великий»/ + *уус* / «род»/ сөздерінің қосылуынан ҰЛЫС сөзі жасалған. Сонда ҰЛЫС /ulus/ ВОЛОСТЬ > БОЛЫС. Немесе, М.Әуезов «қамау», «қоршау», «жем тастап тұзақтау» деген мағынада қолданған ШЫРҒА-сөзін /101-бет/ тіліміздегі ШЫР / < шыр айналу/, ШЫР-ға-лан, ШЫР-ма-у-ық, ШЫР- ма-ла-у сөздерімен салыстырып, барлығын бір түбірден өрбіген түбірлес сөздер ретінде қарастыруы қазақ тіл біліміндегі Е.Жанпейісов жасаған этимологиялардың ғылыми тереңдігін ерекшелейді.

Тілімізде жоғарыда сөз болған этнографизмдер секілді ерекше қабат құрап, сөздік құрамның пассивті бөлігі ретінде жеке қаралатын топ – архаизмдер мен тарихи сөздер. Қазақ тіл білімінде бұл саланы арнайы зерттеген⁶⁷ ғалым филология ғылымдарының кандидаты – А.Махмұтов. Ол ҚТҚЭС-ін жасаушылардың бірі ретінде де тіліміздегі сандаған сөздердің түп-төркінін ашып берді. Ғалым бұл сөздерді «көнерген сөздер» деп бір топқа біріктіре отырып, бірде арнайы этимологиялық талдау⁶⁸, бірде белгілі бір жазушының көркем шығармада қолдану тұрғысынан⁶⁹, ал енді бірде басқа лексикалық топтармен қарым-қатынасы тұрғысынан⁷⁰ алып зерттеді.

⁶⁷ Махмұтов А. Архаизмы и историзмы в казахском языке: АҚД. Алма-Ата, 1963. С.20.

⁶⁸ Махмұтов А. Қазақ тіліндегі кейбір көнерген сөздердің этимологиясы // Қазақ ССР ҒА –ның Хабарлары, филол. мен өнер. 1962, №2.

⁶⁹ Махмұтов А. М. Әуезовтың «Абай жолы» романындағы көнерген сөздер // ҚТТМДМ, 4-шығуы, Алматы, 1962, 216-228 бб.

⁷⁰ Махмұтов А. Қазақ тіліндегі көнерген сөздердің басқа лексикалық топтармен қарым-қатынасы. // ҚТТМДМ, 5-шығуы, Алматы, 1963.

Этимологиялық сөздіктің сөздік құрамын анықтаудың принциптері

Еш уақытта этимологиялық сөздіктер тілдердің лексикалық сөз байлығын түгел қамтуы мүмкін емес. Өйткені әрбір тілде оның 100-150 мың сөздің жеке өз басы ғана емес, бұдан әлдеқайда көп мағыналық бірліктің байлығы бар. Олардың бәрін түгел қамтып, бір этимологиялық сөздікке енгізу мүмкін емес. Өйткені ондай сөздікті өмір бойы шұғылданғанда ғана дайындауға болады. Сондықтан этимология жасауға қажетті сөздерді ғана шағындап алған жөн. Олар мыналар:

1. Әдеби тілдің белсенді элементі ретінде жиі қолданатын, мағынасы мүмкін айқын, мүмкін жиі қолданысына байланысты шығу тарихы ескерілмейтін сөздер. Мысалы: *шаруашылық, шартарап, жәрмеңке, диірмен, жақсы, жарық, жауын, жаура, жасыл, жастық, жарнама, жарлық* т.б. осы сияқты сөздер. Бұл сөздер әр түрлі себептермен қалыптасса да шығу тарихына әр алуан заңдылықтарға душар болған сөздер. Олардың шығу тарихын айқындай түсу, жасалу тәсілін, шет елден қабылдану жолын анықтау – бәрі қажет нәрсе.

2. Этимологиясын анықтауды талап ететін екінші қатардағы сөздерге тілімізде көптен бері қолданып келе жатқан, сондықтан да мағынасы күнгірттеніп, жеке дара, дербес қолданысы сирей бастаған бір топ сөздер жатады. Олар әдетте, сөз тіркесінде, сөйлем құрамында қалыптасқан түрінде, қос сөздердің бір сыңары, не екі бірдей компоненті түрінде қолданылады. Түсінікті болса да, бұл сөздердің мағынасын айқындау, тұлғасын дәйектеу этимологиялық сөздіктердің міндеті. Мысалы: *шаға* > *бала-шаға* (қос сөзінің бір сыңары); *қалаи* > *қатын-қалаи, ажын* > *абысын-ажын, құртаң* > *кәрі-құртаң, анда-санда, апыл-ғұпыл* т.б.

Мұндай мағынасын жоғалтқан сөздер, әдетте, тұрақты сөз тіркестер құрамында кездеседі. Сондықтан оларға этимологиялық талдау жасау үшін сол тұрақты тіркестердің мағынасын түгел алып талдау керек. Мысалы, *байтал* деген әдеттегідей жас биенің бір түрі емес, монғол тілінде қолданылатын – «рахат жағдай», «бейбіт өмір», *Қалп халық айтпайды, халық айтса, қалп айтпайды* деген мақалда кездесетін *қалп* сөзі қырғыз тілінде дербес күйінде сақталып, «өтірік, жалған» деген мағынаны білдіреді екен. Қазақ тілінде сөздің өзі сақталса да, мағынасы ұмыт болған. Мұндай ұмыт болған сөздердің мағынасы ғана ашылып, оның тұлғасы талданбайды.

3. Этимологиялық сөздіктердің бір мақсаты әр түрлі жағдайларға (араласуға, көрші-қоландыққа, саяси-географиялық қарым-қатынасқа т.б.) байланысты заңды түрде жүз беретін ауыс-түйістер. Ауыс-түйістердің уақыт өткен сайын түрлерінің көп болатыны белгілі. Және олар араласқан халықтардың тегіне, тіліне, мәдени байланысына, қарым-қатынасына байланысты әр деңгейде жүзеге асады. Қазақ халқының өткен тарихына назар аударсаң осындай қарым-қатынастар сонау жыл санауымыздың арғы жағынан басталатын ғун тілінен,қытай,үнді (санскрит) тілдерінен басталып, одан бергі замандарда Еуропа тілдерімен, сак, соғда, одан соң араб, иран (тәжік, парсы, ауған, пушты, урду), славян (орыс, украин) тілдерімен, кейінгі кездері орыс тілі арқылы Европа тілдерімен (неміс, француз, англия) араласуы белгілі. Біреуімен жіті, біреуімен сирек араласуына байланысты лексикалық ауыс-түйістер әр түрлі деңгейде болатыны байқалады. Мәселен, жіті қарым-қатынасқа байланысты ауыс-түйістері көбірек алмасқан тілдердің қатарына араб, иран, славян тілдерін жатқызуға болады. Бұлардың әрқайсысына сәйкес ауыс-түйістердің әртүрлі болатыны белгілі. Мәселен, иран, славян тілдерінен тек қана жазба түрде ғана емес, ертерек кезде ауызша да қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына орыс, иран сөздерін бойсұндырып барып қабылдағаны белгілі. Мысалы, орыс тілінен қабылданған: *кәмпит, самауырын, үстел, ағылшын* деген сөздердің сырт тұлғасының өзгеруі осының мысалы. Сол өзгеріс осы сөздердің орыс тіліндегі тұлғасымен қыйыспауы оларды этимологиялық талқыға салып, бұрынғы тұлғасында қарастырудың жолдарын талап етеді.

4. Әдеби тілдің нормасынан ауытқып, сирек қолданыла бастаған кейбір сөздер де этимологиялық талдауды талап етеді. Оларды біз архаистік лексикадан жиі кездестіреміз. Мәселен, *бап* о бастағы мағынасы – есік: *Баптардың бабы Арыстан бап. Ұрым: Ұлын ұрымға, қызын – қырымға...*

Сонымен, этимологиялық сөздіктің құрамын осы көрсетілген принциптер негізінде анықтап, қазақ тілі этимологиясына нысан болатын сөздердің топтамаларын белгілеуге болады.

Тілімізде, басқа тілдер сияқты, этимологиялық анықтауды, шыққан төркінін көрсетуді қажет ететін әр түрлі себептермен, уақыт әсерінен өзінің о бастағы айқын мағынасын, жеке-дара қолданысынан мүлдем айрылып, не айрыла бастаған біраз сөздердің шығу тегін анықтап, этимологиялық талдауды қажет ететін сөздер баршылық.

Этимология тіл білімінің ең күрделі әрі ең қиын салаларына жатады. Жоғарыда көрсетілген оның қалыптасқан өзіндік зерттеу тәсілдері

мен дәстүрге айналған ғылыми принциптері бар. Кейде бұл дәстүрден тайқып, шынайы шындықтан алыстап, жаза басатын сәттері де кездесіп отырады. Сондықтан да, этимологияға қойылатын талап қаншалықты қатал да жоғары болса, оның нәтижесі де жоғары бағаланатын құндылықтардың санатына жатады.

Бұл талап түрлі бағыттар мен принциптерге сүйенетін этимологияның шынайы ғылыми принциптерге негізделуін қалайды, бірер «жалған» («халықтық») этимологиялардың қабаттасып жүргеніне көпшіліктің немқұрайды қарауына мән бермесе де, саналы азаматтар этимологияның шынайы шындыққа негізделгенін қалайды.

Бұл қалауға қойылатын талаптар да аз емес. Біз шұғылданып отырған «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі» атты еңбек те осыған орай өз тарапынан бағдарлама ретінде біраз ғылыми принциптерді алға қояды.

Міне, солардың бірі «Қазақ тілі этимологиялық сөздігіне» нысан болатын сөздердің топтамаларын (корпусын) анықтап алу. Оларға біз төмендегі топтарға жататын сөздерді жатқызуды мақұлдаймыз.

1. «Сөздікте» қазақ тілінің лексикалық байлығы түгел қамтылмаса да, негізгі қорына жататын сөз байлығын жан-жақты қамту мақсат етіледі. Бұл – ең алдымен күнделікті өмірде қолданылып жүрген, оның актив салаларына жататын табиғи белсенділігі басым сөздер мен уақыт елегінен өтіп, замана талабына сай қолданыс қажеттігі бәсеңдеп, мағынасы күңгірттене бастаған байырғы, көне сөздер де, мүмкін болғанынша, түгел қамтылмақшы.

Бұл сөздік материалын қамтуға байланысты жалпы талап.

2. Осы екі бағытта дамуына байланысты қалыптасқан актив лексика мен пассив (архаикалық) лексиканы белгілі бір деңгейде қамтып отырып, «Сөздік» осы екі топтың әрқайсысынан «этимология жасауға қажетті-ау» деген категорияларын таңдап, саралап алуға тырысады. Олар мыналар:

1. Этимологиялық нысаны ретінде: ең алдымен тілімізде қолданылып келген, бірақ әртүрлі объективті де субъективті (уақытқа, тарихи-әлеуметтік жағдайларға, халық жадының бәсеңдеуіне, қолданыс аясының тарылып, қызметі мен қажеттілігінің шектелуіне, қоғамның өз тіліне деген көзқарасының төмендеуіне, басқа тілдердің әсеріне т.б. себептерге байланысты мағына-мәні толық не жартылай күңгірттеніп, жалпы түрде қолданудан біржола қалған, не қалып бара жатқан көне де байырғы сөздер мүмкін болғанынша толық қамтылмақшы.

Оларды атап көрсетсек, күнделікті қолданысымызда жүрсе де, ақын-жазушы т.б. қаламгерлер шығармаларында сирек болса да кездесіп қа-

лып отыратын, бірақ қалың жұртқа о бастағы лексикалық мағынасы түгелдей не жартылай айқын емес, яғни мағынасы күңгірттенген, жеке-дара қолданылмайтын, басқа көршілес сөздердің ауанымен ғана өз қызметін атқарып жүрген сөздер «Сөздікте» толық қамтылуға тиісті. Оларға: бір, екі, үш, не одан да көп буынды жай, біріккен, кіріккен, күрделенген, жай және тұрақты тіркес, қос сөз, не қайталама сөз құрамында кездесетін лексемалар жатады.

Мысалдар: **тыр**>*тыр* жалаңаш; **тақ**>*тақсолай*; **дүрдараз**>*сол араздан әлі араз болып жүрміз дүрдараз*; **шырт**: *шырт ұйқыда жату*;

Ажын: *абысын-ажын*; **шаға**: *бала-шаға*; **қырқын**: *қыз-қырқын*; **байтал**: *байтал түгіл бас қайғы*; **қалп**: *халық айтса, қалп айтпайды*.

2. Өздерінің мағынасын түсінуге болса да, құрамына енген компоненттерінің (бірінің не екіншісінің) мағынасы толық айқын емес күрделі сөздердің этимологиясы ашылуы керек. Мысалы: **Бетбақ**: *Бетбақдала құмы* [*бәд+бахт*].

3. Бір компонентінің мағынасы ұмыт болған не қос компоненті бірдей бастапқы мағынасын жоғалтқан қосарлы қос сөздер міндетті түрде «Сөздіктің» нысаны болуға тиіс.

Мысалы:

түйек: *ұсақ-түйек*...<>

құтқан: *қалған-құтқан*...<>

емін: *емін-еркін*...<>

сыбай-салтаң:...<>

4. Сөздікте бір түбірден тараған түбірлес сөздердің этимологиясы да беріледі. Бұл этимологияның өзіндік ерекшелігі мағынасы белгісізденген (көбінесе) бір буынды түбірлерден тараған бір туынды тұлғаның өзі ғана емес, өзімен түбірлес бірнеше туынды тұлғалардың төркіні бірдей ашылады.

Мысалы:

***Құлқұлдыра-**

құлдый

құлдыйла

құла-

құлақ

***Шалшалкөде**

шал құйрық

қарт, егде

Бозбоздақбозбала**бозжер*

7. Бір түбірден тараған етістік-есім сөздер түбіріне қарай топтамалы этимологияға жатады:

Тыртырнатыраула**тырқыл**тырсыл****Балбалшық***балық**балдыр**балдырған*

Сонымен, қандай нақты тіл фактілері этимологиялық зерттеу нысаны бола алады? Бұл сұраққа біргелкі жауап табу қиын. Этимологиямен шұғылданушы ғалымдардың зерттеу әдістері мен зерттелген материалдарына қарасақ та әр түрлі.

Жалпы тіл біліміндегі, соның ішінде түркологиядағы ертеден қалыптасып келе жатқан дәстүр бойынша этимологиялық зерттеу нысаны – негізінен сөз, яғни сөздің морфологиялық, дыбыстық тұлғасы мен лексикалық мағынасы.

Алайда, дәл осы тұрғыдан алып қарағанның өзінде де, кейбір ғалымдар, солардың қатарында қазақ тілшілері де, тіліміздегі сөздердің бәріне бірдей этимология жасаудың ешбір қажеті жоқ, этимологиялық зерттеуді тек мағынасы күңгірттенген, қолдану аясы тарыла келіп, бұл күнде дербестігінен айрылған немесе өлі түбірге айналған сөздерге ғана жасауды талап етеді. Ал, тілімізде кеңінен қолданылып жүрген: *бала, ана, жылқы, түйе, сиыр, қызыл, жасыл, бір, екі, бар, кел, сез, тез* тәрізді «түсінікті» сөздердің төркінін ашамын деп, қара тер болудың артық екенін ескертеді.

Мұндай пікірлерге толық қосылу қиын. Мағынасы күңгірттенген, қолдану аясы тарылып, дербестігінен айрылған сөздердің әрқашан «мен мұндалап» тұратыны рас, оларға этимологиялық жедел «операцияның» қажеттігі де айдан анық. Бірақ этимология нысанына жоғарыдағыдай қарау көне тарихтың көзі іспетті ғасырлар бойы қалыптасып, атадан балаға асыл да ардақты мұра ретінде ауысып келе жатқан тұла бойында өзіндік мол сыры бар тілдің тылсым табиғатына толық мән бермеу-

мен бірдей. Өйткені тіліміздегі әрбір сөздің, аз болсын, көп болсын, өзіне лайық тарихы бар, олар қаншама айдан ашық болып көрінгенімен, біз біле бермейтін өте күрделі мағыналық, тұлғалық ерекшеліктерді бойында сақтауы мүмкін, белгілі заңдылықтар бойынша өмір сүруі ықтимал.

Олай болса, жалпы этимология тұрғысынан оның зерттеу нысанын тар шеңберге түсіріп, тіл фактілерін шектеп, бөле-жара қараудың қажеті жоқ деп білеміз. Этимология ғылымы жалпы тіл білімінің қол жеткен табыстарына сүйене отырып, тіл табиғатын аша түсуді, тіл төркінін, сөз сырын айқындай түсуді мақсат етеді.

Әрине, әрбір этимологиялық ізденістің, зерттеудің алдына қойған өзіндік мақсаты, бағыт-бағдары болуы мүмкін. Міне осыған байланысты ғана зерттеу объектісін шектеуге, белгілі бір лексика-семантикалық топтарды бөліп алып арнайы қарауға болады. Ал егер біз барлық жағдайда этимологиялық зерттеу нысаны етіп тек мағынасы күңгірттенген және дербестігінен айрылған сөздерді ғана іріктеп алып, тек солардың төңірегінде ғана зерттеу жүргізуді мақсат етсек, онда бұл әрекетімізден айта қаларлықтай нәтиже шықпаған болар еді. Өйткені, бұл «әдіс» біріншіден, зерттеудің жүйесіздігін көрсетсе, екіншіден, қараңғыда сипалап жүріп жол тапқанға ұқсайды. Мәселен, қазақ тіліндегі бір «белгісіз» сөздің төркінін ашу керек болды делік. Ол үшін біз 30 шақты түркі тілдерінің ұшан-теңіз сөз байлығын, олардың жүздеген жазба мұраларын аударып шығуымыз керек. Сонда іздейтініміз тіліміздегі «белгісіз» сөздің басқа тілдерде сақталған, не сақталуға тиіс «туыстары». Оны таба аламыз ба, таба алмаймыз ба – ол жағы зерттеуші үшін әлі белгісіз. Осылайша сөз саяхатына аттану үміткер зерттеуші үшін романтика тәрізді, кейде табыспен аяқталса, кейде бейне бір үлкен өзен арнасынан қолымыздағы тастың екінші жартысын немесе оның өзіне ұқсас сыңарын іздегенмен барабар әурешілік.

Қазақ тілі этимологиясының тәжірихмен сабақтастығы– қажетті қағида

Жалпы алғанда, кең ауқымды этимологиялық сөздікті жасау үшін жеке тілдердің, не тілдік қауымның (бірнеше жеке тілдердің одағының) нысандарын қамтығаны қажет. Ол жасалатын этимологиялық сөздіктің түріне, мақсатына, құрылымына байланысты.

Ол сөздіктерде туыс тілдердің біреуіне арналып, басқаларының материалдары онымен салыстырылып, ортақ ерекшеліктері түгел қамтылады. Мысалы, осындай сөздіктердің бірінші ең көлемдісіне Иллич-Свитычтың (Иллич-Свитыч В.М. Опыт, сравнения неостратических языков: (семито-хамитский, картвельский, индоевропейский, уральский): Введение. Сравнительный словарь. – М., 1977.-вып. 1.), Г.Дерфердің (Г.Клаусонның An etymological dictionary of pre-thirteenth century. Turkish. Oxford 1972)сөздіктерін жатқызуға болады.

Сондықтан этимологиялық сөздік жасау барысында тек бір қалыптасқан дәстүрге және принциптер мен критерийлерге сүйену жеткіліксіз. Бұл принцип-критерийлерден басқа да пайдалы көптеген зерттеулер мен арнайы еңбектердің ғылым дүниеге келгендері де баршылық. Қажетіне қарай оларды да сөздік қажетіне жаратуға болады (Л.З. Рүстемов. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. Алма-Ата: Мектеп, 1989; Ж.К.Түймебаев. Казахско-монгольские лексические параллели. Материалы к этимологическому словарю казахского языка. М., 2005; I.Rahder. Etymological vocabulary of chinese, japanese, korean and ainu. Tokio, 1956, vol. I, 1956; vol. II; 1959 – vol III – 1960 V, IV-V – 1962 т.б.

Дегенмен, этимологиялық сөздік жасау үшін, ең алдымен, оның ғылыми принциптерін жасап, үлгілерін анықтап алу керек. Онсыз сөздік белгілі бір тәртіпке, үлгіге бағынбай, бей-берекет әңгімеге айналуы мүмкін. Сондықтан да жасалған сөздіктердің бәрінің де өзінен бұрын жасалған принциптері мен жеке мақалалардың үлгілерін айқындап алудың негізін анықтап ұсынылғаны белгілі. Олар бір-бірінің қағидасын қайталауын да, мүлдем басқа-басқа өзіндік басқа түрде өзіндік тәртібінде ұсынуы мүмкін.

Жалпы алғанда, этимология жасаудың төрт түрлі принципі ұсынылып жүргені белгілі. Олардың үшеуін фоно-морфо-семантикалық және экстралингвистикалық принцип, әдетте, біріктіріп атайды. Оларды

әрқайсысын жекелеп айтатын болсақ, 1) фонетикалық; 2) морфологиялық; 3) семантикалық; 4) экстралингвистикалық принциптер. Бұлардың әрқайсысының атқаратын міндеті бар да, бірақ бір-бірімен тығыз байланысты екені алдағы кіріспе тарауда айтылғандықтан, қысқаша сипаттап өтеміз.

1. Фонетикалық принцип. Сөз дыбыстан тұрады. Сөздердің тұлғасы сол дыбыстардың әр түрлі (өзара әсерінен, сөзара әсерінен) өзгерістеріне байланысты пайда болады. Дыбыс алмасуы сөздің барлық жүйесін (екі сөз арасын, екі сөз құрамын, екі қатар тұрған буын арасын, құрамын, екі дыбыс сапасын) түгел қамтитын құбылыс. Бір де бір қатар тұрған дыбыс ретіне қарай өзара алмаспай тұрмайды. Ретіне қарай, дыбыстардың баршасы бірімен-бірі өзара алмасып, кірісіп сөзді тұлғалық, құрылымдық өзгерістерге келтіріп отырады. Сондықтан да, жалғау-жұрнақтармен түбір сөз сингармонизм заңдылығына сәйкес осы өзгерістердің бәріне сай ыңғайланған. Жалғау-жұрнақтың жуан-жіңішке варианты осы міндетті орындаса, жалғау-жұрнақ түбір сөздің дыбысына сәйкес икемделіп қолданылады. Этимологиялық талдау, ең алдымен, сөз құрамындағы осы заңдылыққа сәйкес өзгерістерге негізделеді.

Түбір сөздің өзгере қолдануы, әдетте, тілді, оның ыңғайымен сөздің фонетикалық құрылымын өзгертіп тұрады. Мысалы, «май», «жауу» деген сөз қаз. *jaw* («подать, идти» (о дожде, снеге, граде) // уйг. *jar* тс ‘удаваться’, ‘сыпаться’» [ДТС, 223 б.; 3, 896 б.] // тур. *ja* тс. // к-балк. *?aw* тс // тат. *jaw* тс. // баш. *jaw* // алт. *d'a* // хақ. сар-тс. чув. *s'u* тс, зәр ‘дождить’ т.б. бір түбір мағынасын сақтап көптеген, тілде тұлғасын (бас, орган, соңғы дыбысын) өзгертіп отыр. Бұл құбылыс этимология жасаушы ескеруге тиіс. Бұл түбірлердің заңды өзгерісіне жатады. Қайсы тіл түбірінің қалай, не себепті бір дыбыстан екінші дыбысқа өзгергенін этимологиялық талдау ашып бере алмайды. Әр тілді сол қалпында қарастырады. Сондықтан жоғарыдағы түбір варианттарының тілдердің ең көбінде қолданылатын нұсқасы ғана негізгі этноним ретінде қаралады. Қалғандары *жау* түбірінің 3 позициясында байқалатын заңды алмасулар болып саналады, сондықтан: 1) түбірдің басындағы дыбыс алмасуындағы себептері ($j \sim ? \sim d' \sim c$) мен заңдылығын айқындау; 2) түбірдің ортасындағы буын құраушы дыбыстың өзгерісін айқындау ($a \sim \acute{a} \sim u$) және 3) бір буынды түбірдің соңғы дыбысының өзгеру себептерін айқындау ($w \sim p \sim \acute{o}$) мәселесін айқындау керек болады.

Бұл – түбір сөздің табиғатын айқындауға байланысты қолға алынатын алғашқы мәселе. Бұл жерде түбір сөз VCV тұлғасындағы түбір сөз мына дыбыстарының алмасуы арқылы (w ~ p ~ ó) пайда болған және сол дыбыстарға байланысты қайсы түрік тілінің тобына жататындығы айқындалады: ?aw – қыпшақ тілдеріне, *jar* – қарлұқ тіліне, *jaó* - басқа түрік тілдеріне тән екендігін көрсетеді.

Бұлардың басқа фонетикалық принцип дыбыстық өзгерістердің бәрін қарастыратын (дыбыстардың сөз құрамынан түсіп қалуын, бір дыбыстың өзіндей екінші дыбыспен қабаттасуын, бір дыбыстың түсіп қалуы арқылы екінші дыбыстың созылыңқы дыбысқа айналуын, ұзаруын, не қысқаруын, бір дыбыстың екінші дыбысқа кірігуін, бір дыбыстың, кейде тұтас буынның орын ауыстырып қолдануы, бір дыбыстың сөз құрамынан түсіп қалып, айтылмауы, бір дыбыстың екінші дыбыспен тоғысып, үшінші жаңа дыбыстың пайда болуы, т.б. осы сияқты заңды түрдегі өзгерістердің барлығы қарастыратын принциптерге жатады.

Егер бұл өзгерістер заңды түрде жүзеге асқан болса, онда ғылыми этимологияның тәртібімен болжам айтуға болады да, егер ол ғылыми этимологияның тәртібіне жатпаса жалған этимологияның қатарына кіретін категория деп қаралуы керек.

2. Морфологиялық принцип. Тілдегі сөздердің барлығы түбір сөздермен туынды негіздерден тұрады. Егер біз түбір сөздерді бір буынды классикалық алты типтен тұратын бір буынды «моносиллабикалық түбір сөздерден тұрады» деп есептейтін болсақ, (ол шынында да солай) (V, VC, SVC, CVCC, VCC, CV), онда осы мәселенің өзі бір заңдылық. Екі буынды түбір сөздер (мысалы, *бала, балта, алма, сабын, соқа, қамыс* т.б.) дербес сөз тілімізде болды ма, жоқ әлде бұлардың және бұлар сияқты бір буынды түбірдің баршасы о бастан-ақ бір буынды түбірден морфологиялық жолмен туындап, қалыптасып қалған сөздер ме? Ол жағы белгісіз.

Сондықтан біздің этимологиялық талдауымыздағы сөздердің басым көпшілігі о бастағы байырғы төл сөздерден тараған деп жобалаймыз.

Екі буынды сөздерден тараған этимондар төл сөздің арасында жоқ. Этимондардың бұл түрін анықтауда сөзжасам, сөз түрлендіру жұрнақ-жалғауларының қалыптасқан тәртібі, сингармонизм заңы жәрдем береді.

3. Семантикалық принцип. Этимологиялық ізденістің, жобалаудың тұяқ тірер жері семантика. Біз алдымен этимонның дйттеген мағынасында қолдануын айқындап алуымыз керек. Сөздің қосымша,

ауыс мағыналарына сүйеніп оның белгілі этимонға сәйкестігін анықтауға болмайды. Әрқашанда біз салыстырылатын толғаулардың мағынасына (семантикасына) сүйенуіміз керек. Семантикасы сәйкес келетін сөздер ғана этимологиясы ашылған болып саналады. Этимологиясы сәйкес емес этимондардың келіп шығуы тұлғасының ұқсастығына байланысты емес. Ол тұлғалары өзгеру арқылы бір-біріне ұқсап кетуі мүмкін. Мысалы, «*Байтал* түгіл бас қайғы» дегендегі *байтал* тұлғасы жағынан мүлдем басқа сөзге ұқсап тұрса да (*байтал* – «жас бие»), мағынасы жағынан онымен мүлде бір емес. Кейінгісі моңғол тілдерінде өзгеріп қолданылған *байдал* сөзі.

Демек, басқа принциптерге сүйене отырып, негізгі фонетикалық принциптің қорытынды кезеңі деп есептеуге болады. Біркелкі туыс омонимдерде жиі кездесетін бұл құбылысқа алдын ала ұқыптылықпен қараған жөн. Тұлғасы ұқсас болып, мағынасы сәйкеспей жататын сөздер туыстас тілдерде, араб, иран тілдерінен ауысқан ауыс-түйістерде көп кездеседі.

4. Мәдени-тарихи принцип. Біз халық тілінің этимологиясын жасап отырмыз. Ал, халық пен халық өзінің қалыптасқан ұлттық мәдениеті, оны бейнелеуші тілі арқылы қарым-қатынас жасайды. Сондықтан болу керек жержүзі халықтары бір-біріне әсері, ауыс-түйісінің қандай деңгейде болатыны көбінесе тіл арқылы байқалады. Бұл ауыс-түйістер араласудың, не алыстан әсер етудің жеткеніне байланысты әртүрлі деңгейде болады.

Этимологиялық зерттеудің бір саласы осы ауыс-түйістерді зерттеуге байланысты. Бірақ сыртқы тұлғасы, мағынасы ұқсас сөздердің барлығы ауыс-түйіс емес. Мәселе, Америка индустерінің кейбір сөздеріне ұқсап кететін сөздерімізді туыстас тілдердің элементі деп жобалауға болады. Бірақ бұл тілдердің жақындасу жолдарын тарихи деректермен дәлелдеп алу керек.

Рас, тұңғыс-манжур тілдерімен шығу тегі бір түркі тілдерінің кейбір сөздерін жақын екендігін жобалауға болады. Бірақ ол халықтардан жақындасқан тарихи деректерін келтірмесе дәлелсіз болады. Тілдің ұқсас фактілерін сыртқы, кейде мағынасына қарап жақындастыра салуға болмайтынын ескергеніміз жөн.

Тіл элементтерінің алмасуынан бұрын ол үшін халықтардың мәдени-тарихи байланысы ескеріледі. Соны анықтап алғаннан кейін ғана тілдің ауыс-түйісін сөз етуге болады. Туыс тілдердің ұқсас элементтері-

нен ұқсас сөзді кездестіргенде, бас салып күңгірттенген сөзіміздің прототипін айғақтайтын құбылыстың мәдени-тарихи негіздерін анықтап алу керек.

Қазақстанда ата-бабаларынан бастап жасап келе жатқан қазақтардың тілінде мағынасы күңгірттенген бір сөзді ағылшын тіліндегі екінші сөзбен сәйкестендіруге болады, бірақ ол үшін қазақтардың ағылшындар сөз ауысатын деңгейде араласқанын немесе өткінші көпір болған, мысалы орыс тілін, анықтап алғанымыз жөн.

Мәселен, жапон тілі алтай тілдерімен ортақтығы бар тілдердің бірі екені мәлім. Бірақ жапон тілі элементтері деп бір сөзді көрсету үшін мағлұмат керек. Біз, жоғарыда ескерткен араб, иран, славян, сақ, қытай, санскрит, монғол, т.б. тілдердің элементі тілімізде болуын жоққа шығаруға болмайды. Ал, сол тілдер арқылы екінші қатардағы бір тілдің элементі де ауысып жүруі мүмкін.

Міндетті түрде жалпытүріктік элементтердің араласып, ортақ болып жүретін, әртүрлі нұсқада кездесетін вариантты элементтердің теориялық жағынан барлық туыстас тілдерде кездесетіндігі – заңды. Бірақ мұнда да олар тілімізбен мәдени-тарихи жағынан дамудың бір кезеңінде араласуы, жақындаса өмір сүруі ескерілу керек. Мәселен, чуваш тілі осы күнде қазақ тілінен жырақтап кеткен тілдердің бірі. Бірақ тарихына қарасақ, Қазақстан территориясында чуваштардың да аралас жасағаны белгілі. Сондықтанда тұлғасында көп айырмашылық болса да, бір буынды түбірлердің мағынасында зор ұйқастық байқалады.

Сондықтан, сөздің, түбірдің этимологиясын шешудің бір жолы, туыс тілдердің алыс жақындығын айқындау үшін түбір сөздің табиғаты сөз болған реестр сөзден кейін, әсіресе бір буынды түбірлерден кейін, сол түбірдің барша түркі тілінде қолданылып жүрген варианттары мағынасымен келтіріліп отыруы түбірдің бұл тілде де барлығын, сақталған тұлғасы мен мағынасын ашып отыру мақсатын көздейді.

Осы төрт принцип түгел сақталғанда ғана этимология ғылыми сипат алып шығады. Басқа жағдайда ол жалған (халықтық) этимологияға айналып кетуі мүмкін.

Этимологияның бұдан басқа принципке сүйенетіндері де болады. Бірақ осы алғашқы аталған үш принцип сақталуы тиіс.

Кейбір этимологиялық талдау, әсіресе түбірлес сөздерді қарастырғанда, әсіресе олардың бір түбіріне байланысты қарастырғанда. Соның нәтижесінде бірнеше түбірлес сөздер тобы, варианты қатар

қарастырылады. Мысалы, *дөңгелек, домалақ, шеңбер* деген мағынаны: *дөң, доң, тең, тий, тәг, тегі* т.б. 20 шақты сөздің (мысалы, *дөңбек, доңғалақ, дөңгелек, диірмен, тегеш, тегершік* т.б.) төркіні бір топ болып, бір жерде қаралуы мүмкін. Мұндай топ сөздің этимологиясы кейбір түбірі ортақ еліктеуіш сөздерде де кездеседі.

Этимологиялық тұрғыдан бағаланатын, көбінесе ауыс (когнитивті) мағынада қолданылатын сөздер сөздікте ерекше сөз болады. Мысалы, *қара, көк, сары* т.б. сөздер өзінің тура мағынасынан басқа мағыналарда (*қара халық, қара мал, күн батыс, силуэт*, т.б.) қолданылатын себептері түсіндірілуі ғылыми кешенді интерпретация беру қазіргі тілдің зерттеу өзегі – антропоэзектік парадигмаға сәйкес келеді.

Осымен байланысты этимология үшін тек лингвистік қана талдау жасалмай, сонымен қатар керек жерлерінде тілдің даму барысындағы мәдени-әлеуметтік факторларға да назар аударылады. Өйткені, ол этимологияның табанын шыңдай түсіп, лингвистік талдаудың шынайы өмірдегі негізін, уәжін дәлелдей түседі.

Мәселен, *ай-аи-ад-ат-ар* деген түбірдің қазақ тілінде көптеген сөздерге ұйытқы болып, сөз жасау модельдеріне қатысатынын дәлелдей түсу үшін *айран* сөзін алып, сол сөздің *ай* түбірінен жасалғанын, яғни айранды қаймағынан, майынан айыруынан туындағанын анықтаймыз.

Жер жүзінде сыртқы әсерге байланысы жоқ бірде-бір тіл жоқ. Басқаша айтсақ, жер бетінде басқа тілдердің әсерін, лексикалық ауыс-түйістігін көрмеген бірде-бір «таза» тіл болған емес, болмайды да. Осымен байланысты әлеуметтанымдық әдіс бойынша тілге басқа тілдердің өткен дәуірлерде тигізген әсерін, қарым-қатынастың түрін, ауыс-түйістің мөлшерін, лексикалық элементтерді қабылдау заңдылығы мен жолын анықтаймыз. Алайда, шет сөздерін диахронды бағытта талдап, таратуда шарттылық бар екені де рас. Тілдің тегіне қарамастан шет елдік лексикалық элементтер басқа тілге ауысу барысында әр түрлі деңгейде өзгеріп, ең соңында қабылдаушы тіл тарапынан тілдік ассимиляцияға душар болатын элементтерден, ең алдымен түбір сөздерден тұрады. Сол сияқты *қай*>*қайна* бурлить, скипеть; *қақ*>*қақпа* ворота; *қай*>*қайық* лодка т.б.

Этимологиялық сөздік түзудегі негізгі қиыншылық осы типтегі байырғы түбір мен туынды түбірді талдауға байланысты. Өйткені туынды сөздердің құрамындағы байырғы, бір буынды түбірлердің мағынасы айқындарымен қатар көпшілігі – мүлдем не жартылай ұмыт болғандар.

Мысалы, *қай* түбірі – ұмыт болған түбір, бірақ салыстыру арқылы (салыстыр. қаймақ, қайран т.б.) оның түркі тілдерінде о баста «сұйықтық бетінде қалқу» деген жалпылама мағынаны білдіруіне байланысты *қайық*, *қаймақ* сөздерінің жасалғанын анықтауға болады.

Мұндай түбірлер тек зерттелуші тілдің өзінде ғана емес, туыстас түркі тілдерінің бірінде кездесуі мүмкін.

Осы тектес этимологиялық ізденістердің жалпы моңғол тілдеріндегі бір буынды және көп буынды мағыналас, тұлғалас ұқсас түбірлерді салыстырып қарап шығудан басталғаны жөн. Мұндай жағдайда баламалы бір буынды және көп буынды түбірлердің бір-біріне айтылған белгілері бойынша ұқсас болып келуі оларды салыстыра қарауға жол ашады. Мәселен, моңғ. *бүргэд* («орел», «беркут»), моңғ. *хурууд* («творог» (қаз. құрт), *бүда* «краска» (қаз. бояу), моңғ. *дэлэн* «вымя» (қаз. желін), моңғ. *дүр* «образ», «облик», «вид»; фигура (қаз. түр) – «вид», «облик» т.б. Бұл арада екі тіл фактілерінің ұқсастығы деген ұғымды «сөзбе-сөз» деп түсінбеу керек. Бұл арадағы ұқсастықта белгілі шарттылық сақталады.

Кейбір этимологиялық сөздіктердің зерттеген принциптері мен критерийін арнайы қарастырудың бір себебі сол тілдің ерекшеліктеріне байланысты. Ол ерекшеліктер зерттеліп отырған тілде де қайталануы мүмкін. Бұларды сын көзімен қарап, қабылдау керек.

Біреп түркі тілдерінің этимологиялық сөздіктерінде ұсынылып жүрген анықтамалар зерттелуші тілге лайықтап, тарихи-мәдени уәждеріне сәйкестендіріп, шындыққа үйлестіріп берілсе орынды болады. Кейде өте ұқсас факторлар екі тілдің екеуіндегі принциптері мен критерилерге толық сәйкес болмаған жағдайда, онда А.М.Щербактың т.б. ғалымдардың талас критерилері мен принциптерін қарастырып шығуға тура келеді.

Жалпы түркология этимологиясы бойынша ұсынылған принциптер мен критерилерді міндетті түрде пайдалануға болса, жеке тілдер бойынша жасалған принциптер мен критериді сынақ тезіне салмай қолдана беруге болмайды. Өйткені әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктері ғана сөз болуы мүмкін.

Қазақ тілінің ең басты ерекшеліктерінің бірі – оның жалғамалылық құрылысы. Орал-алтай тілдерінің құрамына енетін тұңғұс-манчжур, корей, жапон тілдерінен тұратын түркі тілдерінің бірі – қазақ тілі. Ол Үнді, Қытай, славян тілдерімен (ол арқылы иран, араб, неміс, француз,

ағылшын т.б. еуропа тілдері арқылы байланыс жасаушы тілдердің бірі. Демек, қазақ тілі басқа тілдер арқылы араласпаған, тілдік байланыс жасамаған бірде-бір ірі тіл жоқ. Бұл жайдың қазақ тілінің лексикалық құрамына әсер ететіні сөзсіз. Жер жүзіндегі басты-басты тілдердің барлығымен байланысы бар, сондықтан да ол тілдердің элементтерінің оның да құрамында болуы әбден ықтимал деген принцип жүзеге асады.

Сөздіктің «Кіріспесінде» түркі тілдерінің бірі ретінде қазақ тілінің жалпы келіп шығу себептері мен олардың басқа тілдерден фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктері бірде көзге түсетін айырмашылықтары арнайы сөз болуы тиіс. Себебі, сол ерекшеліктер арқылы жалпы түркі тілдерінен, сол тілдердің кейбір топтарынан қазақ тілінің айырмашылықтары, өзіндік қалыптасқан заңдылықтары айқындалады.

Қазақ тілінің жалғамалық қасиетіне (түркі тілдерінде оған қарсы фузия құбылысы да бар) байланысты сөз байлығын құраушы мағыналы сөздер екі түрлі құрылымдық бөлшектен тұрады. Этимологияның құпия сыры да сөздің осы қасиетіне байланысты.

Тілдің жалғамалылығына байланысты әрбір сөз міндетті түрде ең алдымен түбірден, одан кейін барып түбірге жалғанатын жаңа сөз жасаушы жұрнақтан немесе түбірді өзгертетін жалғаудан тұрады. Жалғау-жұрнақтың талғап жалғануы түбірдің білдіретін мағынасына байланысты. Заңдылық та түркі тілдерінің тарихи-этимологиялық құрылымының қалыптасуындағы маңызды заңдылық.

Қазақ тіл біліміндегі түбіртану мен этимологияны сабақтастырып, тарихи-этимологиялық ізденістердің арқауын фонеморфосемантикалық принциптер негізінде жүргізетін – морфемалық талдау әдісі. Оның теориялық-әдіснамалық негіздері, кең ауқымды деректік дәйектерінің кешенді талдауларын іске асырған зерттеулерді, «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін» жасаудың ғылыми алғышарты ретінде анықтауға болады (А.Т.Қайдаров. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986; Ж.А.Манкеева. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. Алматы, 2010).

Нақты түрде көрсеткенде: Ә.А.Қайдаровтың «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (Алмат-Ата, 1986) еңбегінде негізделіп, дәйектелген «перспективалы және ретроспективалы морфемалық әдісті» алайық.

1. Перспективалы әдіс. Ол, әдетте, сөздің морфемалық құрылымының агглютинативті даму бағытына қарай, яғни оның бастапқы

түбірінің грамматикалық форманттар арқылы ұзаруына қарай бағытталады. Мысалы: тықылдақ>ты+қ>ыл+да+қ, жапалақ>жа(л)+п+ал+ақ.

2. Ретроспективалық әдіс. Ол сөздің агглютинативті дамуына кері, яғни сөздің соңынан бастапқы түбіріне қарай бағытталады. Ол үшін екі, үш буынды сөзжасамдық модельдердің қызметінде жүйелі түрде кездесетін және форамалданатын байырғы түбірлер мен туынды түбірлердің жігін көрсететін грамматикалық форманттары бар бір типті бірнеше туынды түбірлер алынады. *Сөзжасам модельдері* деп біз ғасырлар бойы қалыптасқан, жаңа сөз жасаудың үлгісі ретінде тұрақталған, ең болмаса 4-5 жаңа сөз жасауға негіз болған грамматикалық форманттарды айтамыз. Қараңыз:

=ый//=й=: қалши= былши= мелши= =шый= шій=	=ый//=ій: ырси= тырси= бүрси= =си//=си=	=ый//=ій: ыржи= тыржи=быржи= жиый//= қыржи= жій= мыржи=
=ый//=ій: делди= селти=	қылти= тылтый= бұлтый=	ш+ый= * Был п+ый= л+қы=

Мұндай талдау зерттеушіге туынды түбірдің құрылымындағы негіз бен түбірді, олардың дербестігі мен этимологиялық көмескіленуін анықтауға мүмкіншілік береді. Бұл – тарихи туынды түбірлердің байырғы қалпын, этимологиялық анықтаудың бірінші кезеңі. Қазақ тілі деректерінің негізінде көрсетсек:

1.=сақ//=сек: қайынсақ, жарамсақ, толарсақ, тілерсек, келімсек, ересек, тірсек

2. соқ//=сөк: есерсоқ, сүлейсоқ//сүлесөк, кездейсоқ

3.=жар//=жер: енжар, қанжар, ожар

4.=жыр//=жір: тұнжыр, қалжыр, былжыр

5.=шыр//=шір: қаншыр

6.=шық//=шік: ұршық, құйыршық, шымшық, бұлшық, былшық, шалшық, ойыншық, ершік, талшық, қылшық

7. =шын//=шін: көғаршын, аршын, баршын, буыршын, бүлдіршін, көгершін

8.=тай//=тей: әкетай, көкетай, апатай

9.=шар//=шер: тоғышар, жианшар, бұқашар

10.=шақ//=шек: қуыршақ, құлыншақ, дүңгіршек, құймышақ, шынашақ

11.=мақ//=мек: сылдырмақ

12.=дақ//=дек//=тақ//=тек: тоңқылдақ, шіңкілдек, шартылдақ, шаңқылдақ, күркілдек, іркілдек

13.=шақ//=шек: мақтаншақ, еріншек, емшек, моншақ, құлыншақ, түйіншек

14.=қан//=кен//=ған//=ген: бүлдірген, құйысқан, сауысқан, бұзауқан, науқан, тышқан

15.=тырық//=тірік//=дырық//=дірік: сағалдырық, өмілдірік, көзілдірік, мойынтұрық, табалдырық

16.=сық//=сік: борсық, торсық, қырсық, жымсық, тұмсық, қаңсық, таңсқ, өксік, жасық, бесік

17.=ық//=ік: тамызық, жаулық, қазық, азық, жазық, тесік, жосық

18.=дық//=дік//=тық//=тік: кездік, қыздық, тұздық

19.=нама//=неме//=дама//=деме: баяндама, қабылдама, заңнама, кепілдеме, бағдарлама.

=ақ//=ек (<=ғақ//=гек//=қақ=//=кек)

құлақ (<құл+ғақ)

толғақ (<тол+ғақ)

сергек (<сер+гек)

безгек (<без+гек)

=мақ//=мек

оймақ (<ой+мақ)

сырмақ (<сыр+мақ)

қаймақ (<қай+мақ)

бармақ (<бар+мақ)

Борақай< қазақ тілінің жергілікті қолданысында (мәс. Торғай өңірінде) шортанның ең жасы. Оның рет тәртібі: шортан шорақай қылақай борақай. Бұл сөз кейбір түркі тілдерінде де кездеседі. Якут (саха) тілінде борохой – «кіші шортан» (Пекарский, I, 503). =қай тұлғасының жалғануы арқылы кішірейткіш мағынаның берілуі басқа да тарихи туынды түбірмен кездеседі. Мысалы, итақай.

=ық//=ік//=қ//к

өшік=<өш-ік

асық=<ас-ық

керік=<кер-ік

құнық=<құн-ық

тарық=<тар-ық

ашық=<аш-ық

қызық=<қыз-ық

тынық=<тын-ық

зерік=<зер-ік

=ақ//=ек моделі бойынша жасалған сөздер

қонақ

сағақ

салмақ

орақ

шолақ

бөлек

түек

өзек

көнек

бөлек

өзек

дерек

=ыз//=із

тоғыз

сегіз

семіз

егіз

тығыз

өгіз

киіз

сағыз

тайыз

байыз

қобыз

мейіз

маңыз

тірек

керек

шөлмек

санақ

талақ

балақ

шанақ

уақ

ұсақ

бұлақ

масақ

жасақ

шашақ

кесек

төсек

өсек

шешек

құлақ

жылақ

шұнақ

жолақ

сылақ

Осы арадағы этимологиялық реконструкцияда морфологиялық болмыс пен фонетикалық заңдылықтың да астасып жататындығын байқаймыз. Мысал, түбірдің құрылымын ашып, ілкі түбірді жаңғырту кезінде фонетикалық заңдылықтарды (дыбыс алмасу, дыбыс сәйкестігі, дыбыс үндестігі т.б.) ескеру тиімді әдіс.

Түркі тілдерінде және оған туыстас угро-фин, моңғол т.б. тілдерде кездесетін дыбыстардың өзара этимологиялық сәйкестігі осы тілдердің туыстық қатынастарынан дерек береді. Алайда, бұл дыбыстық сәйкестіктердің эволюциялық даму жолы, реті (градациясы) және тұрақтап, белгілі бір не бірнеше тілге өзіндік ерекшелік болып қалыптасуын айқындау этимологияның, жалпы тарихи фонетиканың күрделі мәселесі болып саналады.

Мысалы, қазақ тіліндегі сөз басы (анлаутты) [ж] дауыссыз дыбыс (м.: жыл, жылқы, жаңа, жақсы т.б.) басқа туыстас түркі тілдерінің біреуінде [й], енді біреуінде [дж], [ч], [н], [qь], [ть], [qз], [чь], [кь], [гь], [шь], [сь] т.б. түрінде кездесе береді. Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілінде ? [нь]>[н]>[й] түрінде кездеседі. Түркі тілдерінің ішінде, мысалы, қазақ тіліндегі жұмсақ сөзі ұйғыр тілінде жумчақ//йумшақ, сағай тілінде чымчах, качин тілінде нымзах т.т. тұғасында (Серебрянников Б.А. Современное финно-урроведение. М., 1972, ч.І, ч.4). Ал, [й~д~з] сәйкестігі көп жағдайда түбірлес сөздердегі түбір варианттарында сақталады.

күй: қаз. төбесінен **қүй қазу**

құд: қаз. құдық

Күй күй: түр. күйи

қоз: қоз құю

Немесе жалпытүркілік [з] мен чуваш тіліндегі [р] ротацизм деп аталатын заңдылықты алайық. Мысалы:

қаз., қырғ., қалп., алт., қайың – береза

тат., башқ., құмық., кар.балк., ктат.: қайың – Id

тур., караим. (трак.): кайын – Id

өзб. қайин - Id

ұйғ. қейин - Id

азерб. гайын - Id

түркм. гайың - Id

хак. *хазың* - Id

тув. *хадың* - Id

якут. *хатың* - Id

чув. *хуран* - Id

М.Қашқари заманында да бұл сөздің осылайша көрінісі классификациялық белгі ретінде қарастырылды.

Ал, кейде туынды түбір құрылымындағы дыбыс сәйкестігі іштей семантикалық жіктеліске ұшырап, бірақ тілде синоним болмаса да қатар қолданыла береді. Мысалы [д~й~з]: *iyqı~izqı=izgi~ugı*.

Этимологиялық ізденістердің қиын да болса, бір әдісі бір түбірден тараған туынды түбірлердің «ұяластығына» қарай басын қосып жинап, шоғырландырып талдау болып саналады.

~қан>қақпан

~сыр=

~(б)ыс=>қабысу//қауышу

~сау

ҚАП: ~(б)у

~сырма

~б()ын=

~(б)ылан

ЕС	ер	ЕҢ	еңіс	ИТ	итер=
	ерсок		еңкей=		итін=
	еңгіре=		еңбек		итпек
	уас		еңбекте=		итпекте=
	алаң		еңкіш		итеңде= т.б.
	телік		еңкенде=		
	ті		еңкең-еңкең ет=		
	сіз				
	ірке=				

Сол сияқты ашық (жуан) дауысты дыбыстардан тұратын бір буынды түбірлер тіл-тілдердің даму процесінде бұрын пайда болған да, қысаң дауысты дыбыстарынан тұратындары олардың дыбыстық варианты ретінде кейін пайда болғанын да көреміз: **ҚОДЫҚ**>*көдек* > *көжек* > *күшік* > *кішік* > [o>ø>ү>i]

Түбір сөздердің құрылымына бағырғы түбірлердің этимологиялық реконструкциясы

Қазақ тілші ғалымдарының зерттеулеріндегі түркі лексикасының түбір құрылымы, түбірдің одан ары қарай жіктелмейтін сөз бөлшегі ретіндегі дәрежесі, қолданылу аясы, белгілі бір мағынасы (қимылдық, әсіресе синкретті етістікті-есімді түбірлер) мен этимологиялық күңгірттену мәселелерінің сабақтастығы жөнінде тұжырымдар жасады.

Тіл білімінде *фоно-семантикалық құбылыс, идеофондық сапа, фонетикалық сөзжасам тәсілі, ішкі флексия, жасырын синкретизм, реликт түбір, “өлі” түбір* деп қарастырылып жүрген заңдылықтардың негізінде қалыптасқан гомогенді түбір-негіздердің бастапқы жалпы тұрпаты мен мазмұнын бірдей моносиллабтарда (бірбуынды) ғана емес, дисиллабтар (екібуынды) құрамынан бірбуынды көне тұлғалар ретінде қарастыруға теориялық-әдіснамалық негіз бар. Зерттеулерде SVC бірбуынды сөздердің соңғы дыбыстарының тарихи тұрғыдан алмасуы соңғы дыбыстарының жаңа мағына тудырушы қосымша – модификаторлық сипатымен түсіндірілсе, VC, CVC модельдердің анлаут, инлаут позициясындағы сәйкестіктер ішкі флексия құбылысының іздері ретінде қарастырылады (А.Қайдаровтың, М.Томановтың, Б.Сағындықұлының, Е.Қажыбековтің, К.Хұсайыновтың, Ж.Манкееваның, А.Салқынбайдың, Н.Букетованың, т.б. еңбектері).

Мұндай туынды негіздердің құрамынан аталмыш түбірлердің жіктелу (мүшелену) мүмкіндігі туралы Э.В.Севортян былай дейді: «Бұл «өлі түбірлер» (*этимологиялық түбірлер* – М.Ж.) әрқайсысы белгілі бір, көбінесе түбір сипатты негізден тарайтын гомогенді бірлестіктің құрамына енеді» [Севортян Э.В. *Этимологический словарь тюркских языков.* – М., 1974. – С.30.].

Соңғы жылдары тіл біліміндегі тіл бірліктерінің танымдық тұрғыдан зерделеу мәселесінің жандана бастауына орай мазмұн мен мағынаға ерекше мән беріліп, сыртқы тұлғадағы өзгерістердің мазмұнымен сабақтастығы назарға ілігуде. Шын мәнінде, қазіргі түркі тілдерінің көне түркілік сипатпен тікелей сабақтастығы, гомогенді түбірлер мен түбір негіздер тұлғасының мазмұнын архитұлға мен архисемамен біртұтастықта қарағанда ғана ажыратылады. Түркітануда, соның ішінде қазақ тіл білімінде осыған орай арнайы түрде қарастырылған көп жылдық зерттеудің нәтижесі ретінде кешенді сипаттағы еңбектерді көрсетуге

болады. Атап айтсақ, олар: қазақ тілінің кең көлемді тілдік деректеріне сүйене отырып, моносилабтардың фоно-морфо-семантикалық құрылымының ортақ, бастапқы сипатын анықтаған академик Ә.Қайдаровтың «Структуры односложных корней и основ в казахском языке» (Алма-Ата, 1986) атты монографиясы, түркі түбірлерінің архетиптік құрылымының көрінісіндегі синкретті семантикасын етістік-есімдік гомогенді түбірлердің сабақтастығы деп қарастырған Е.З.Қажыбековтің «Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках» (Алма-Ата, 1986) атты монографиясы, морфемалық талдау жасау арқылы қазақ тіліндегі етістіктердің байырғы құрылымын сөзжасамдық модель жүйесіне сәйкес жаңғыртуға тырысқан Ж.А.Манкееваның «Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту» атты монографиясы т.б.

Аталған мақсатқа орай, зерттеудің нысаны ретінде қазақ тіліндегі 30-дан аса сөзжасамдық модельде кездесетін 1000-нан аса бірлік құрамында көрініс табатын екібуынды етістікті түбір-негіздердің құрылымындағы морфемалық жіктелу нәтижесінде пайда болатын түбір морфемалар жеке тұрып мағына білдіре алмайтын, әртүрлі себептерге байланысты өзінің этимологиялық мәнінен айрылған. Олай болса, оның себебін анықтап, семантикалық күңгірттену себептерін белгілеп, «өлі түбірге» айналу тетігін анықтау олардың этимологиясын ашу үшін осындай тілдік элементтер мен олардың фонетикалық, морфологиялық, семантикалық сипаттамаларының тарихи сөзжасамдық негізін дәйектейді.

Осы әдістерді қолдану нәтижесінде тілдің қазіргі даму деңгейінде ажыратылмайтын екі буынды түбір-негіздердің туынды етістіктерге негіз болған “өлі” түбірлер сыртқы және ішкі реконструкция арқылы анықталады.

Етістік құрамындағы байырғы түбірлердің этимологиялық құрылымын анықтау мен сөздің морфемалық құрамының тарихи жіктелуін анықтау барысында салыстырмалы-тарихи әдіспен қатар морфемалық талдау мен жоққа шығару әдістерін кеңінен қолданудың тиімділігі айқындалады. Морфемалық талдау жолдарымен анықталған және қайта жаңғыртылған қазақ тіліндегі «өлі түбірлер» архаикалық элементтерді анықтап, жеке тұрғанда мағына білдіре алмайтын және әбден көнеленген, архаизмдік сипат алған түркі түбірлерінің дәрежесін ғылыми тұрғыдан түсіндіруге, агглютинативтену үдерісінің сипатын анықтауға және түбір лексикасының этимологиялық тұрғыдан ататүркілік күйін зерттеуге септігін тигізеді (Бұл мәселелер мен міндеттердің шешімін табуы

және ғылыми тұжырымдарының нақты дәйектелуін А.Т.Қайдаровтың «Структура односложных корней и основ в казахском языке», Ж.А.Манкееваның «Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту» еңбектерінен қараңыз).

Соның нәтижесінде түбір морфеманың жалпытүркілік жүйедегі варианттылық мәселесі, фузиялық сипаты, морфонологиялық және фонетикалық заңдылықтары, реликтілік құбылыс, т.б. агглютинативтік үдеріс сипаттары жан-жақты қарастырылған.

Түркі тілдері түбіртану мәселесін зерттеуде дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қатар, тың теориялық танымдық бағдар ұстанудың жаңа үлгісін көрсеткен башқұрт ғалымы А.Шайхулов: “Еділ-Жайық аумағын мекендеуші түркі халықтары тіліндегі моносиллабтардың құрылымы мен идеографиялық парадигмасын түркіаралық және жалпытүркілік лексиканың ареалдық континуумында зерттеген еңбегі барысында аталған аймақтағы қазақ тілімен туыстас қыпшақ тобына енетін тілдерде қолданылатын 4000-нан аса түбір негіздердің жартысына жуығы этимологиясы күңгірт, дербестігінен айырылған бірліктер” деген қорытындыға келеді⁷¹.

Ғалым түркі түбірлерінің құрылымдық сипаттамасын жасау үш деңгейлі (фонологиялық, морфологиялық, семантикалық) зерттеу аясында жүргізілгенде ғана нәтижелі болатынын атап көрсетеді. Ғалымның өзіндік тұжырымдарында түбір табиғатын зерттеуде теориялық-танымдық бағытты да ұстанып, иманенттік талдау мен когнитологиялық талдауды ұштастыра қарастыруды дәйектеуге тырысады. Ол қыпшақ тобына жататын – татар, башқұрт, қазақ, қарақалпақ тілдері мен туыстас чуваш, монғол, тұңғыс-маньчжур тілдері деректері негізінде алтай семьясына енетін тілдердегі ғалам бейнесінің ортақ құрылымдық-семантикалық өзегін түбірлік деңгейде ажыратуға болатынын идеографиялық парадигма негізінде дәлелдейді. Негізгі тұжырымы “дербес және реконструкцияланған моносиллабтардан тұратын тіларалық лексикалық параллелдердің (жалпыалтайлық) семантикалық даму ерекшеліктері олардың жалпы мазмұндық, ономазиологиялық қасиеттерін қамтитын идеографиялық сипатына сәйкес келеді” дегенге саяды.

Сонымен, қазіргі тіліміздегі түбірсөздердің архетиптік құрылымын анықтап, түбір морфемасын жіктеудің мүмкіндігін, этимологиялық

⁷¹ Шайхулов А.Г. Структура и идеографическая парадигматика односложных корневых основ в кыпчакских языках Урало-Поволжья в континууме ареальной межтюркской и общетюркской лексики (синописис и таксономия когнитивной сферы “Природа неживая и живая”): автореф. докт. дисс. – Москва, 2001.

реконструкциясын жасауды, біріншіден, түбір ұғымының **тарихи сипатымен** түсіндіруге болатын сияқты. Мысалы, ерте кезде *-са* ("санау"), *-ба* ("бай-лау"), *-қыд* ("қыдыру") т.б. түбір саналу себебі, көптеген түркітанушы ғалымдардың пікірінше, олардың сол кез үшін толық мәнді сөз болғанында. Олар тіл тарихының ерте кезеңінде құрылымы қарапайым, сан жағынан шектеулі, еш-қандай қосымшасыз жеке дыбыстардың дыбысталуынан тұрған (С.Е.Малов, В.М.Насилов, Б.М.Юнусалиев, Х.Т.Нигматов, АТ.Қайдаров, В.И.Асланов т.б.). Қазіргі тілімізде бұл қасиеттер түбірлерде жоқ. Бүгінде олардың көбі (түбірлер) жалаң түбір ретінде жұмсалмайды, тек белгілі бір тұлғада ғана қолданылып, өздерімен түбірлес сөздермен салыстыру арқылы анықталады. Осылайша, көптеген түбірлес сөздердің бөлшектеуге келмейтін, мағыналық жағынан бәріне ұйытқы болған ең түпкі бөлшегін теориялық тұрғыдан табуға болады. Бірақ олар осы қалпында (қосымша морфемасыз) қазіргі тілімізде жеке сөз ретінде қолданылмайды.

Мысалы:

**ан* < *аң-ғар* =, *аң-да* =, *аң-ды* =, *аң-ыр* =, *аң-қаут* т.б.

**ел* < *ел-ті* =, *ел-ік* =, *ел-ір* =, *елгезек*, *ел-жіре* =, *ели ету* т.б.

**қор* < *қор-ға* =, *қор-ы* =, *қор-ша* =, *құр-са* =, *құрсау*, т.б.

**қай* < *қай-т* =, *қай-ыр* =, *қай-ра* =, *қай=қы*, *қайсар* т.б.

Бұл - түбір морфемасын түбірлес сөздер парадигмасы бойынша талдау әдісі. Осылайша анықталған түбірлер көбінесе қосымшалардың пассивтенуінен "сүрленіп", қазірде тек салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде қалпына келтірілетін, не теориялық жорамал ретінде белгіленетін тарихи түбірлерге айналған.

Демек, тарихи түбірлердің пайда болуы сөз жасаудың морфологиялық тәсілінің тууымен, яғни, түркі тілдерінің **жалғамалық (агглютинациялық) табиғатымен** байланысты. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұл тәсіл тіл дамуының ішкі заңдылығынан келіп туған. Егер ең алғашқы түбірлер лексика-грамматикалық категория ретінде дамымай, сол күйінде қалған болса, тілдің одан әрі баюы мен жетілуі, сөздердің әр алуан топтары, ұғымды білдірудің лексикалық құралдарының қазіргідей байлығы болмаған болар еді. Соның нәтижесінде түркі тілдерінің негізгі сөздік қорының семантикалық көлемі мен сөз топтарын көбейтуде және жаңа сөздер жасауға негіз болған семантикалық

тәсіл арқылы түбір сөздердің сөз тудыру мүмкіндігі кеңейе түсті. Тіл дамуының одан әрі лексика-грамматикалық мазмұнының күрделенуі, кеңеюі деривациялық жүйе арқылы түрдің де күрделенуін қажет етті. Түбір сөздер өздері беретін ұғымның ерекшелігі ашылған сайын жаңа мағыналы сөздерге негіз болып, өлі түбірлер ретінде тарихи туынды түбір құрамында қалып қоя берген. Бұл – түбір сөздер дамуының қажетті шарты. Сондықтан қазіргі тілімізде жаңа сөздер жасауға ұйтқы болатын көбінесе "өлі" түбірлер.

Түбір сөздердің дамуын тіліміздің **дыбыстық жүйесінің тарихи өзгерістерінен** тыс қарауға болмайды. Үндіевропа тілдерінде түркі тілдерімен салыстырғанда, фузия құбылысының жиі ұшырауын олардың жалғамалы емес табиғатымен түсіндіруге болса, бірақ түркі тілдерінде де флективтіліктің элементтері кездеседі. Кейбір ғалымдар "өлі" (көбіне бірбуынды) түбірлердің құрамындағы түбір мен қосымшаның әбден кірігіп, қазір бөлуге келмейтін түбір сөз деп ұғыуы соның нәтижесі деп қарайды. Э.В.Севортян жалғамалылық кезеңіне дейінгі (доагглютинативный период) құрылым, ия, "сөз тудырушы жүйе" деп жалпы атап өтеді. Қазақ тілінің сөз құрамындағы тарихи фонетикалық өзгерістерді зерттеу барысында Б.Сағындықұлы түркі тілдері флексиялық құрылым дәуірін басынан өткізген деп тұжырым жасайды. Оның дәлелі ретінде келтірілген тілдік деректерді ішкі флексия қалдықтары деп қарайды. Қазақ тіл білімінде бұл мәселенің проф. Қ.Жұбановтан басталатыны белгілі. Ғалым түркітанудағы бұл проблеманы агглютинациямен сабақтас қарайды.

Қалай болғанда да, түбір құрылымының сапалық өзгеруіне, қалыптасуына әсер ететін фонетикалық құбылыстар ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Атап айтқанда, метатеза құбылысы, белгілі бір позицияда дауыссыз дыбыстардың түсіп қалуы т.б. фонетикалық құбылыстар, түбір құрамын белгілі дәрежеде деформацияға ұшыратты. Мысалы: *сөз̣ сөйле, бағ̣ байла, сау̣ сақай, сойым̣ со-ғым, аудар̣ ақтарт*, т.б. Мұндай даму ерекшеліктері қазақ тілінің өзімен ұялас-тектес жеке тілдерден, тілдер тобынан ерекшелену, соның нәтижесінде дербестену жолдары. Оны былай қойғанда, қазақ тілінің фактілерін өзара салыстыру арқылы қазақ тілінің өзінде мынадай дыбыс сәйкестіктерін айқындауға болады: *жаз̣ жай, бақ̣ бау, көр̣ көз, сый̣ сық, қызыл̣ қырмызы, қыз̣ қырқын т.б.* Түбірдің морфонологиялық құрылымын сипаттайтын бұл үдерісті проф. М.Томанов тарихи фонетикамен сабақтас зерттеген.

Сонымен, қазіргі тілімізде көптеген сөздерді біз шартты түрде түбір сөз деп қараймыз. Шын мәнінде, олар - өлі түбір мен қосымшадан тұратын тарихи туынды түбірлер. Ол диахрондық зерттеудің нәтижесінде анықталады.

Демек, түркі сөздерінің байырғы түбір морфемасы бір буынды болғанмен, жалғамалылықтың нәтижесінде оның, көбінесе, екібуындыға айналуы тұрақты құбылысқа айналған. Бірақ екі буынды түбірлердің қалыптасуын беріде болған құбылыс деп қарауға болмайды. Түркі жазу ескерткіштерінің ішіндегі ең ежелгісі болып есептелетін Енисей жазбаларын зерттеушілердің пікірі бойынша, осы жазбаларда екі буынды түбірлер де белсенді қолданылған. Сондықтан тілдің тарихи даму барысындағы көне құбылыс ретінде көптеген тарихи туынды түбірлердің табиғатын айқындауға көмектесетін екібуынды түбірлердің құрылымын синхрондық та, диахрондық тұрғыдан да зерттеудің мәні зор.

Ал, осындай деэтимологизацияға ұшыраған екі буынды түбір сөздерді талдаудың, олардың құрамындағы "өлі" түбірлерді "тірілудің" (реконструкция) жолдары мен тәсілдері қандай?

Біріншіден, түбірдің ұзарып, ия морфологиялық элементтерінің кіріккенін анықтау үшін, оның жалаң, ежелгі вариантын табу қажет. Оны ескі-түркі ескерткіштерінің материалдарынан, ескі-түркілік қасиетін көбірек сақтаған алтай, чуваш тілдерінен кездестіреміз. Мысалы, ескі-түркі сөздігінде *-са-* (санау), *-кыд* (қыдыр), *-мақ* (мақ-та) т.б. деп қолданылған. Сол сияқты қазіргі ал-тай тілінде *-ит* (итер), *-тоз* (тозан), *-так*, (тақыр) т.б. Чуваш тілінде *-қай* (қайт), *-жал* (жалын) т.б. фактілер сақталған. Бұл тәсіл тіл білімінде сыртқы қалпына келтіру (реконструкция) тәсілі деп аталады.

Түбір сөздердің морфологиялық, фонетикалық, семантикалық ыңғайдағы өзгерістері негізінен Енисей, Орхон, ұйғыр ескерткіштерінің жазылу кезеңіне дейін болғанын көрсетеді. Көбінесе, ескерткіштер тілінде түбір екі тұлғасында да (еш қосымшасыз, қарапайым ежелгі түрі, қосымша жалғанған жаңа түрі) берілген: *са- сан -"сан"*, *сана, бабан - ө - "ойлау"*, *өг -"ой" т.б.* Бұл екі форманың біразға шейін қатар қолданылғанын көрсетеді.

Екіншіден, осы орайда "өлі" түбірлерді анықтаудан да оған жалғанған қосымшаларды айыру әлдеқайда жеңілірек. Яғни, мұндай түбірлерді тек өздеріне ұқсас сөздердің құрылысы бойынша ортақ сөзтудырушы модельдерін салыстырып, теориялық жолмен ғана қалпына кел-

тіруге болады. Ол үшін кез келген үлгідегі, сол арқылы жасалған екі буынды түбір құрамынан өзара ұқсас, тектес әрі мағыналас грамматикалық тұлғалар түбір мен тұлға жалғасқан жігінен бөліп алынады. Бұл әдіс тіл білімінде морфемасы бойынша талдау (по-морфемный анализ) әдісі деп аталады. Мәселен, *-ыр/-ір* - моделі бойынша жасалған *айыр-, ауыр-, сір-, жасыр-, кідір-, құтыр-, асыр-, кашыр-, бітір-, көшір-* деген екі буынды етістіктердің құрамынан осы грамматикалық көрсеткіштің өзін бөліп алсақ, *ас-, қаш-, біт-, кеш-* деген дербес түбірлер-мен бірқатарда **ай-, *-ау-, *ес-, *жас, *кід, *құт* түбірлерінің де сөз тудыруға қатысып отырғанын кіріспе бөлімде атап көрсетеміз. Айырмашылығы – бірінші топтағы түбірлер жеке-дара қолданылады да, екінші топтағылар ондай дербестігінен айрылған, мағынасы біз үшін бүгінде түсініксіз. Бұдан шығатын қорытынды: бір модель бойынша жасалатын туынды түбірлердің құрамындағы дербес түбірлер секілді "өлі" түбірлер де бір кезде дербес сөз болғандығынан дерек береді.

Үшіншіден, осылайша тілдік деректерді тәптіштеп тексере келіп, оларды туыстас тілдердің және жазба ескерткіштерінің материалдарымен салғастырып, саралау барысын да жоғарыдағы екі әдіспен сабақтас түбір морфемасы бойынша немесе бір түбірлес сөздерді топтап талдау әдісі.

Осылай зерттеудің нәтижесінде біз "өлі" түбір деп санайтын элементтер туыстас тілдер мен жазба ескерткіштерді былай қойғанда, ана тіліміздің өзінде, түбірлес сөздердің құрамында өмір сүретіндігін аңғарамыз. Бұл тіл білімінде ішкі қалпына келтіру (внутренняя реконструкция) тәсілі деп аталады. Бұл тәсілдің үлгісін қазақ тіліндегі бір буынды түбірлерді зерттеуге арналған еңбегімізде көрсетуге тырыстық. Мысалы: *құрға, құрғақ, құрлық, құрма, құрт* т.б. туынды түбірлері "*құр*" байырғы түбірінен тарағандығын олардың арасындағы мағыналық байланыс дәлелдейді. Бұл пікірімізді салыстырмалы-тарихи зерттеу күшейте түседі. М.Қашқари сөздігінде: *кұрыды тон* (киім кепті) ескі өзбек тілінде: *құры* - "*кебу*"; татар тілінде: *қору* - "*кебу*"; азербайжан тілінде: *гуру* - "*құрғақ*" т.с.с. Немесе, *қарғы-, қарма-, қарпы-, қарғын, қарқын* түбір сөздерінің мағыналық ортақтықтары дау туғызбайды. Осы қатар арқылы теориялық тұрғыдан ажыратылып *отырған қар* түбірі қазіргі тілімізде дербес қолданылмағанмен, яғни түбір болмағанмен, орта ғасырда ол қасиетінің болғанын М.Қашқари сөздігінің материалы дәлелдейді: *Су арықтан қар-ды.*

Тілімізде мұндай мысалдарды тізіп айта беруге болады. Бірақ осы келтірілген дәлелдердің өзі тіл деректерін осылайша салыстырасалғастыра қараудың нәтижесінде қазірде түбір деп танылып жүрген түбірлердің құрамынан этимологиялық «өлі» түбірлерді табуға болатынын көрсетеді.

Қазақ тілі этимологиясын негіздеуге қатысты «өлі түбір» мәселесінің мәнін осыдан жарты ғасыр бұрын (1936ж.) қазақ тілі тарихи грамматикасының негізін салушы проф. Қ.Жұбанов мектеп мұғалімі Жанғазы Жолаевқа жазған хатында нақты түсіндіріп берген. Ол 1958 ж. "Қазақ тілі мен әдебиеті" журналының 2-ші нөмірінде жарияланған: "...Өлі қосымша, өлі түбір V класқа ауыр соғатын сияқты", - депсіз. Сенбеймін. Меніңше, V класқа түбір мен қосымшаны оқытпасаң бала тұрып, ұят, оян деген сөздердің түбірі қайсысы деп сұраса, не дейсің? Ұят тұтас түбір десең, ұял болғанда, т-ның орнын л-, оян болғанда -т келіп н-ның орнын қалай алды демей ме? Сонда, ұят-тың түбірі өлі ұя; т- есім жасаушы (*киіт, құры-т* сияқты) өлі қосымша; оят-тың түбірі - өлі оя; мұндағы -т қара-т дегендегі сияқты өзгелік етістің тірі қосымшасы деп шынықты айтқан оңай емес пе?" Бұл пікірдің түркітану саласының кейінгі жетістіктеріне бастау болған Ж.Дени, В.В.Радловтардың т.б. түбір құрылымына қатысты пікірлерімен ұштасып жатқанын және одан кейінгі түркітану мен қазақ тіл біліміндегі этимология және түбіртанумен сабақтасып жатқанын байқау қиын емес.

Өлі түбірлердің этимологиялық зерттеулерінде сөзжасамдық модельдерге жасалған талдау танымдық рөл атқарады. Аффикстік морфемаларға оларды бөліп алу арқылы жасалған талдау морфемаларға жасалған талдаумен тығыз байланыста болады. Атап көрсетілгендей, сөзжасамдық модельдердің нәтижесінде түбірдің лексикалық мазмұны басқа сөздермен нақтылана, толығырақ түседі және т.б., түбірдің аффикстермен күрделене түсуі оның дамуы болып саналады.

Демек, «Тарихи өлі түбірлерді немесе қарапайымданған негіздерді анықтаудың өзіндік тәсілі бірнеше туынды негіздерді бірдей аффикстермен салыстыру болып табылады»⁷².

Біз қарастырып отырған морфологиялық жағынан күңгірттенген негіздер көне өнімсіз сөзжасамдық модельдер бойынша жасалған алуан түрлі қатарға жатады. Себебі көп жағдайларда түбірлер оларға өлі немесе өнімсіз аффикстер жалғаудың нәтижесінде өлі түбірге айналады.

⁷² Кайдаров А.Т. Структурные типы слов// Современный казахский язык. Алма-Ата, 1962. С. 123-124.

Мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесінде *-pa*, *-pe*, *-a//e*, *-na//-ne*, *-қа//-ке* және т.б. аффикстері өнімсіз болып табылады. Соған сәйкес мұндай аффикстер жалғанған негіздер туынды емес немесе тарихи жағынан туынды болып табылады. Бұл негіздер шығу тегі жағынан алғашқы түбір мен сөзжасамдық қосымшаның бірігуінен жасалса да, қазіргі тілде олар түбір мен қосымшадан тұратын туынды негіздер ретінде емес, бөлінбейтін, ыдырамайтын, тұтас бір түбір ретінде қабылданады.

Көптеген этимологиясы көмескіленген сөздерге жасалған талдаудан мынаны аңғаруға болады. Бұрын белсенді түрде қолданылған түбір морфемалар қосымша морфемалардың жалғануы нәтижесінде өлі түбірге айналған. Тілдің келесі даму кезеңдерінде бірқатар өнімді қосымшалар бірте-бірте өнімсіз қосымшаға айнала бастайды немесе өнімділігін тіптен жоғалтты деуге болады. Кейбір түбір морфемалардың пассив болуы тілдің ары қарай даму барысында оларды жаңа тұлғалардың ығыстыруына да байланысты болды. «Келесі туынды, яғни кейінгі қосымшалардың жалғануына негіз болатын қосымша ғана көне болып табылатындығы» белгілі⁷³. Дәл осы дерек өлі түбірлердің пайда болуына, қосымшалардың түбірді өнімсіз түбірге айналдыра отырып, олардың құрамында тұрақтануына ықпал етті. Соңғылары, өз кезегінде өздері жалғанған түбірлердің өлі түбірлерге айналуына әсер етті.

Мысалы, етістіктердің сөзжасамдық модельдерінің арасында *-m* қосымшасы жалғанған модель өзінің көнелігімен ерекшеленеді. Бұл модель бойынша көптеген екібуынды етістіктер жасалды. Бұл форманттың көне болуының мәні мынада, ол бірқатар түбірлерді өлі түбірлерге айналдыра отырып, сақтап, тұрақтандырып қалды. Мысалы: **ай-m=*, **ар-m=*, **бар-m=*, **жор-m=*, **қай-m=*, **кер-m=* және тағы басқалар.

Осы тектес аффикстік морфемалар тарихи туынды түбірлердің құрамынан «өлі түбірлерді» жіктеуге бағытталған морфемалық талдау нәтижесі. Көп жағдайда бұл морфема этимологиялық түбір болып табылатынын көрсетеді.

Осымен байланысты қазақ тіліндегі екі буынды, етістіктердің құрамында жиі кездесетін бір буынды өлі түбірлерді зерттеу нысаны ретінде арнайы қарастырдық⁷⁴. Бұл мәселені айқынырақ ашу үшін қазір-

⁷³Севортян Э.В. Аффиксы ... М., 1962. С.82.

⁷⁴А.Т.Қайдаров, Ж.А.Манкеева. Қазақ тіліндегі императив тұлғалы етістіктердің өлі түбірлері жайында // ҚазССР ҒА-ның Хабарлары. Тіл және әдебиет сериясы. 1988, №3. 34-43 бб.

гі қазақ тілінде қолданылып жүрген (активті, өте активті және пассив) императив формалы етістіктердің барлығын дерлік есепке алдық.

Олардың кейбіреулерін ғана атап өтсек: √-а/-е-: *ат* > *ата-*, *бұр* > *бұра-*, **бөл* > *бөле-*, **ұз* > *ұза-*, *жан* > *жана-*; √*ай/-ей-*: *аз* > *азай-*, **қақ* > *қақай-*, *нық* > *нығай-*, **тыр* > *тырай-*, **тер* > *терей-*; √-ал/-ел-: *жоқ* > *жоғал-*, **жөн* > *жөнел-*, **жөт* > *жөтел-*, **қақ* > *қақал-*, **ом* > *омал-*; √-ар/-ер/-р-: *боз* > *бозар-*, **қап* > *қабар-*, *жалт* > *жалтар-*, **қыз* > *қызар*, **ұз* > *ұзар-*, **ит* > *итер-*, **көт* > *көтер-* т.б.

Осы келтірілген мысалдардың тілдік табиғатына пайымдап қарасақ, ең алдымен екі түрлі жағдай назар аудартады: біріншіден, олар өзінің тұлғалық ұқсастығымен, бірыңғай императивтік мағынасымен белгілі модельдер төңірегінде топтасып тұрса, екіншіден, осы модельдерді жасаушы отыздан асаграмматикалық формативтің жүйелі де дәстүрлі түрде қолданысымен көзге түседі.

Аталмыш модельдерді жасайтын барлық грамматикалық тұлғалар өзінің мағыналық тұрақтылығымен де, сөз жасау жүйесіне тән жүйелілігімен де, бірізділігімен декөзге түседі. Олар негізінен бір дыбысты (С:⁷⁵ √ -т-: **қай* > *қайт-*, **ай* > *айт-*; Г: √-а>-е: *ат* > *ата-*, **бөл* > *бөле-*, екі дыбысты (ГСГ: √-ыл>-іл: *ақ* > *ағыл-*, **ар* > *арыл-*, √-ын/-ін-: *бу* > *буын-*, *жақ* > *жағын-*; СГ: √-на/-не-: *ау* > *ауна-*, *бу* > *буна-*), т.б.

Етістіктер құрамынан жоғарыдағы грамматикалық тұлғаларды формальды түрде болса да бөліп алып қарағанда, сөз жасауға негіз болып тұрған тұлғалық, мағыналық жағынан әр түрлі морфемалар мен этимологиялық түбірлер айқындалып, даралана түседі.

Көріп отырғанымыздай, қазақ тіліндегі осы тәрізді екі буынды етістіктердің құрамындағы өмір сүріп келе жатқан сан алуан «өлі түбірлердің» өзіндік табиғатын сөз ету – этимологиялық жаңғыртуда аса маңызды.

Мәселенің қойылуы да, нәтижелі болуы да осы орайда көбіне-көп тілдік фактілерді талдаудың, анықтаудың және тұжырымдаудың методикалық әдіс-айласына, тәсіліне тікелей байланысты. Қазіргі тіліміздегі тарихи туынды етістіктер құрамындағы «өлі түбірлерді» зерттеуде де дәстүрлі тарихи-салыстырма әдісінің ролі өзгеше. Сонымен қатар сөз құрамын морфема жігіне қарай айыруға, түбір мен тұлға аралығын ашуға байланысты морфемалық талдау әдісі (метод поморфемного анализа) мен сөздің ең бастапқы, ең түпкі түбірін қат-

⁷⁵ Мақала да С (согласный) дауыссыз, Г (гласный) дауысты дыбыс белгілері ретінде алынды.

кабат жалғамалы элементтерден біртіндеп аршу арқылы анықтау (метод исключения) тәсілін қолданудың мәнісі зор. Осы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қазақ тілі фактілерін саралап қарастырғанда, ең алдымен екі жағдайды толық мойындауға тура келеді: біріншіден, екі буынды етістіктер –бұйрық райдың басқа да түрлері сияқты, жүйелі де дәстүрлі модельдер арқылы жасалған ұзақ дәуірдің жемісі; екіншіден, бұл етістіктердің құрамындағы сан алуан «өлі түбірлер» – фикция емес, тілдің реальді фактісі; олар – әрбір тілдің өзіне ғана тән заңдылықтары бойынша пайда болған, оның ішкі де сыртқы факторлары әсерінен әр кезде, даму жолының әр түрлі сатысында, әр қилы себептермен «еркіндігінен» айрылып, белгілі бір тұлға (модель) шеңберімен шектелген, сондықтан да мағынасы ұмыт болған бір замандағы дербес түбірлер.

Осы екі жағдайды мойындағанда ғана түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің базистік лексикасы құрамында көптеп кездесетін «өлі түбірлердің», яғни дыбыстық тұлғасы ғана сақталып, мағынасы күңгірттенген лексика-грамматикалық элементтердің табиғатын тануға, сырын ашуға мүмкіндік аламыз. «Өлі түбірлер» бір замандағы дербес сөздердің сұлбасы, дыбыстық бейнесі іспетті, әсіресе императив етістік құрамында көбірек кездесуінде бір мән бар сияқты. Біздің ойымызша, түбір мен тұлға бірлігінен, тұтастығынан тұратын императив етістіктер басқа сөз таптарына қарағанда өзінің көнелігімен және түбір сөздерді модель шеңберімен тұйықтауға, консервациялауға бейім екендігі ерекше көзге түседі.

Енді өлі түбірлерді қалай білуге, олардың бір замандағы дербестігін қалай дәлелдеуге болады деген заңды сұраққа жауап керек. Осы орайда зерттеушіге көмекке келетін тарихи-салыстырма әдіс, ең алдымен, әрбір тілдің өзіндік ішкі фактілерін тәптіштеп тексере келіп, оларды туыстас тілдердің және жазба ескерткіштерінің материалдарымен салғастырып саралай түсуді талап етеді. Осылай зерттеудің нәтижесінде біз «өлі түбір» деп санайтын элементтің прототипі көп жағдайда туыстас тілдерде, тіпті ана тіліміздің өзінде дербес лексема ретінде өмір сүре беретіндігін аңғарамыз. Тіл диалектикасы бойынша тірі түбірлердің «өлі түбірге» айналуы бар да, «өлі түбірлердің» «тірілуі» байқалмайды. Солай бола тұрса да, санда бар да, санатта жоқ, тілде бар да, тіл иесіне беймәлім, сөз жүйесінде кездесе де, дербес қолданылмайтын элементтерді өткен дәуірлердегі тұлғалық, семантикалық қалпына келтіруді (реконструкция) шартты түрде «өлі түбірлерді тірілту» деп атап отырмыз.

Етістік құрамындағы түбір сөздерді қалай анықтауымыз керек? Ол үшін біз кез келген модельді алып, сол арқылы жасалған екі буынды етістік құрамынан өзара ұқсас, тектес, әрі мағыналас грамматикалық форманттарды түбір мен тұлға жалғасқан жігінен формальді түрде болса да бөліп алуымыз керек. Мәселен, $\sqrt{-ыр-/-ір-}$: моделі бойынша жасалған *айыр-*, *ауыр-*, *есір-*, *жасыр-*, *кідір-*, *құтыр-*, *асыр-*, *қашыр-*, *бітір-*, *кешір* деген екі буынды императив етістіктердің құрамынан осы грамматикалық форманттың өзін бөліп алып қарасақ, *ас-*, *қаш-*, *біт-*, *кеш-* деген дербес түбірлермен бір қатарда **ай-*, **ау-*, **ес-*, **жас-*, **кід-*, **құт-* түбірлерінің де сөз тудыруға қатысып отырғанын көреміз. Айырмашылығы – бірінші топтағы түбірлер жеке-дара қолданылады да, екінші топтағылар ондай дербестігінен айрылған, мағынасы біз үшін бүгінде түсініксіз элементтер. Бұдан шығатын бірінші қорытынды: бір модель бойынша жасалатын императив етістіктердің құрамында дербес түбірлермен қатар «өлі түбірлер» де өмір сүреді екен. Бұл факт өз ретінде өлі түбірлердің де бір кезде дербес сөз болғандығынан дерек береді. Өйткені тіл диалектикасына сүйенсек, тілде оның кәдесіне жарамайтын бірде-бір түбір, тұлға пайда болмаса керек. Ал егер ондай мағынасыз да мәнсіз дыбыс тіркестері кездейсоқ дүниеге келе қалған жағдайда, олардың тілде өмір сүруіне орын жоқ. Бұл –тіл біткеннің бәріне тән қатаң заң.

«Өлі түбірлер» санатына жататын лексемалардың бір заманда дербес болғандығын қалай дәлелдеуге болады? Ол үшін біз сол түбірлермен тектес, тұлғалас және мағыналас элементтерді ең алдымен өз тілімізден, одан табылмаған жерде көне жазба ескерткіштер тілінен немесе туыстас түркі тілдері мен оның диалектілерінен іздестіруіміз керек. Тарихи-салыстырма әдістің тамаша нәтиже беретін кезеңі де осы орайда.

Мәселен, екі буынды императив етістік жасайтын модельдердің бірі – $\sqrt{-а-/-е-}$. Ол бойынша *жан>жана-*, *жұт>жұта-*, *ас>аса-*, *ат>ата-* тәрізді түбірлік морфемалары (*жан* «бок, сторона» мағынасында; *жұт* – «бедствие»; *ас* – «пища, еда»; *ат* – «имя, название») жеке-дара қолданылатын етістіктер де, сондай-ақ түбірі дербестігіне айрылған **ай>айа-*, **без>безе-*, **бөк>бөгде-*, **бұл>бұла-*, **бөл>бөле-*, **біт>біте-*, **ел>еле-*, **жас>жаса-*, **жұт>жүде*, **күр>күре-*, **құл>құла-*, *сып>сыба-*, **ұл>üle-* тәрізді қырыққа жуық туынды түбірлер жасалады екен.

Осы келтірілген мысалдардан *бөге-* («алдын бекіту, тосқауыл қою» мағынасында) етістігін талдап көрейік. Бұл сөздің түбірі *бөк-* Махмұд Қашқари заманында жеке-дара айтылып жүрген сөз. Мәселен, *бөк-*,

«запруживать», «перекрывать»: *olsuvuyb?rdi*- «он запрудил воду» (МК, II, 19). Дәл осы сияқты $\sqrt{-ай/-ей}$: моделі бойынша жасалған етістіктерден (мыс.: **қоқ>қоқай-*, **сор>сорай-*, **тыр>тырай-*, **шош>шошай-*, *қоң>қоңай-*, **сақ>>сақай-*, *қат>қатай-* т.б.), мәселен, **сақ<сақай-* түбірін алып қарайық. Пайымдап қарасақ, бұл түбір қазақ тілінің өзінде қолданылатын *сау-* дербес сөздің фонетикалық варианты. Қыпшақ тілдеріне тән [у] мен оғыз қарлұқ тілдеріне тән [ғк] сөз аяғында келетін дыбыстардың сәйкестігі негізінде пайда болған *сағ//сақ// сау* варианттарының біреуі (*сау>сауық-*, *сауығу*, *саушылық*, т.б.) Қазақ тілі үшін дербес те, екіншісі (**сақ>сақай-*) өлі түбірге айналып, дербестігін жоғалтып отыр.

Қазақ тілінде *итер-*, *алда-* тәрізді етістіктер –түбір мен тұлға болып жіктелмейтін біртұтас сөздер. Бұлардың, біріншісі: $\sqrt{-ар/-ер}$ (**без>безер-*, *боз>бозар-*, **қот>қотар-*, **қыз>қызар-*, *жас>жасар-*, **ұз>ұзар-* т. б.), екіншісі өте продуктивті $\sqrt{-та/-те/-да -/-де/-ла -/-ле}$ моделі арқылы жасалған туынды түбір екені даусыз. Ал **ит-*пен **ал-* қазақ тілі үшін «өлі түбірлер» болғанымен, **ит-* түбірі хакас тілінде *ит-* «толкать», «пихать», «проталкивать» түрінде, якут тілінде *үт-[?t]* «толкать, пихать, совать» түрінде бүгінгі таңда дербес қолданылатын түбірлер.

Сол хакас тілінде *ит-* түбірінен пайда болған *иттир-*(заставить толкнуть, оттолкнуть) сөзі екінші дәрежелі туынды етістік болып саналады. **Ит-* түбірінің бір заманғы дербес сөз екендігіне көзіміз жеткеннен кейін, біз қазақ тілінің өзіндегі *итін-*, *итінде-*, *итпе* (бұйда жібіне іліп алып, асау түйені алға қарай жүргізіп үйрету үшін салған ұшы екі аша сырықша) деген сөздерді түбірлес сөздер деп тануға құқылымыз. Бір қызығы: *ит-* түбірі XI ғасырдағы Махмұд Қашғари «Диванында» жекедара қолданылып (*olanī itti* «он его толкал») (МК, I, 171), одан *итін-*, *итіл-* тәрізді етіс формалары жасалып тұрса (ДТС, 215), одан әлдеқайда көне Тұрфан өлкесінен табылған манихей мазмұнды ұйғыр ескерткіштері тілінде *ит-* негізінде пайда болған *ит?r-* формасы қолданылған: *jeta tujaуq siуunuу it?r?r ermi?* «и он толкнул... марала» (ДТС, 215). Осыған қарап, *ит-* және *итер-* етістіктерінің бірінен бірі дамуын сонау ерте заманның өзінде-ақ басталған тарихи құбылыс екенін байқауға болады.

Жоғарыда айтылған *алда-* етістігінің тағдыры да осы тәрізді. Мұнда да қазақ тілі үшін мағынасы күңгірттенген **ал* түбірі көне түркі тілдері (*al* «уловка, хитрость»: *aiin arslan tutar kücün ajuq tutmas* «хитростью можно льва поймать, а силой не поймать и пугала на огороде»)

(МК, 5313) мен қазіргі түрік тілінде (al «хитрость, надувательство») жеке-дара қолданылатын түбір сөз екен. Осылайша анықталған *ал* сөзінің мағынасы мен дербестігі ендігі жерде өз тіліміздегі сиректеу қолданылатын «*шын сөзіңбе, ал сөзің бе?*» деген тіркестің құрамындағы «*алдың*» табиғатын түсінуге (яғни: «шын сөзіңбе, жалған сөзіңбе?») деп ұғынуға) тікелей септігін тигізіп тұр.

Пікірімізді дәлелдей түсу үшін тағы да бірнеше мысал келтірейік. Қазақ тіліндегі етістіктің сөзжасамдық модельдері ішінде өзінің көнелігімен көзге түсетін √-т- моделі бойынша да көптеген екі буынды етістік жасалған. Басқа модельдерге қарағанда, мұны көне деуге себеп – оның етістік жасауға негіз болған түбірлердің көпшілігін консервациялап, «өлі түбірге» айналдырып жіберуінде. Мысалы: **ай-* > *айт-*, **ар-* > *арт-*, **бөр-* > *бөрт-*, **жор-* > *жорт-*, **қай-* > *қайт-*, **кер-* > *керт-* т.б. Осындағы түбірлердің бәрі де қазақ тілі үшін өлі элементке айналған және барлық грамматикаларда солай деп есептелінеді. Бірақ жоғарыда келтірілген мысалдар сияқты, бұлардың өлі түбірге айналуы тек қазақ тілінің ғана, немесе сол сияқты кейбір түркі тілдерінің ғана басындағы жағдай болуы ықтимал. Олай дейтін себебіміз: осы түбірлердің көпшілігі-ақ, атап айтқанда, **ай-*, **жор-*, **қай-*, **кер-* т. б. жазба ескерткіштері мен түркі тілдерінде жеке-дара қолданылып келе жатқандығы дәлелденген және әлі де дәлелдене беретін фактілер.

Солардың бір-екеуін ғана қарастырып көрейік. Мәселен, қазақ тілшілерінің бөлшектеуге келмейтін, біртұтас түбір деп жүрген *айт-* сөзі жоғарыдағы модель бойынша синхрониялық тұрғыдан **ай-* және *-т-* тұлғасынан тұратын туынды түбір екендігі түркологтар тарапынан әлдеқашан дәлелденген факт. Біз оған тек мысал келтіреміз. Ол түбір ХІ ғасырдың белгілі ескерткіші «Құтадғу білігте» «говорить, называть; разъяснять, толковать» мағынасында жиі қолданылғаны мәлім: «*нені айтса*» деген тіркес ескерткіш тілінде *neg? ajsa-* түрінде берілген⁷⁶.

Дәл осы сияқты **қай-* түбірі де Махмұд Қашғари заманында дербес сөз болған: *qaj-* «поварачиваться, оборачиваться»; мәселен, *ker? qajdi* «онобвернулся назад» деген тіркестің біз үшін қазір заңды түрі тек – «*кері қайтты*». Осы қатардағы мысалдарға √-*жы-/жі-* моделі арқылы жасалған етістіктерден (**ал* > *алжы-*, **жүн* > *жүнжі-*, **мы* > *мыжы-* т. б.) **жыл* > *жылжы-* етістігі жатады. Бұл түбір, байқап қарасақ, бірнеше сөздің құрамында (*жылыс-*, *жылпос-*, *жылмайағут* т. б.) кездеседі екен. Оның «қозғалу, орын өзгерту, ақырын қимылдау» сияқты жалпы мағы-

⁷⁶ Мақала да С (согласный) дауыссыз, Г (гласный) дауысты дыбыс белгілері ретінде алынды.

насы сезіліп тұрса да, біз оны жеке айта алмаймыз. Өйткені ол біз үшін ұмыт болған түбір. Бірақ кейбір түркі тілдерінде бұл түбір сақталған. Мәселен, қазіргі хакас тілінде *чыл-* (мағынасы «двигаться, ползать», «скользить, кататься на коньках») түрінде⁷⁷, якут тілінде *сыыл-* (ползать) түрінде⁷⁸ жеке-дара қолданылып жүрген сөздер.

Ендігі мақсат: «өлі түбірлердің» статусын анықтау, яғни тұлғалық, мағыналық, дыбыстық, сөз табына қатыстық ерекшеліктерін көрсету, оларды тарихи тұрғыдан жеке сөз, туынды сөз жасауға негіз болған дербес түбір, морфологиялық құрамы айқын тілдік единица деп қарап, консервацияға ұшырау, мағынасыздану себептерін ашып, эволюциялық даму жолын қарастыру.

Қазақ тіліндегі екі буынды етістіктер құрамында кездесетін өлі түбірлердің ең басты құрылымдық ерекшеліктеріне, жоғарыда айтылғандай, олардың бір буынды болып келуін жатқызуға болады. Кез келген модельді алып, туынды тұлғаны ажыратқанда, біз осыны көреміз. Мәселен: *дем>демiк-*, **қыз>қызық-*, **қол>қолда-*, **сүң>сүңгі-* т. б. Бірақ бұл түбірлердің бір буынды болып келуі әрқашан да олардың бір бүтін тұтастығына, этимологиялық монолиттігіне кепілдік қыла алмаса керек. Өйткені ол түбірлердің өздері де бір замандағы туынды түбір болуы ықтимал. Түрколог ғалымдардың бұл саладағы зерттеулері осындай бір буынды СГС типті түбірлердің кейбіреулері о баста туынды болғандығын көптен бері-ақ дәлелдеп келеді. Олардың саны қазіргі кезде 30-дан астам. Мәселен, А.Зайончковский⁷⁹ бұл тәрізді бір буынды туынды түбірлерге жазба ескерткіш фактілеріне сүйене отырып, өз тарапынан мыналарды жатқызады: **ad->adyr-* «дивиться, изумляться (меняться в лице)»; **ad>adyr-* «различать, отличать, выбирать». Дәл осы арада **ad* түбірінің дыбыстық варианты ретінде қазақ тілінде кездесетін **ай->айыр-*, **ад->адыр-, адыра(қал), адырна//*аж->ажыра-//*аш->аша//*ақ->ақа* (үш ақа) *//*ар>арал* т. б. түбірлерді атап кетуге болады.

**ца->цау-* «бить», *ца-><cal-* «кланяться», **ца->цақ-* «выбивать огонь»; **ца->cat-* «прибивать», «хлопать», «рукоплескать». *Шақ-* түбір етістігі қазақ тілінде көбінесе «ұрып сындыр», «парша-паршасын шығар», сондай-ақ «бір нәрсені екінші нәрсеге ұрыстыр, жамандап арыз айттыр» (осыдан *шағыстыр, шағым*) деген мағыналарда қолданылады да, оның бір замандағы туынды түбір екендігін біз білмейміз.

⁷⁷ Якутско-русский словарь / Под. ред. П. А. Слепцова. М., 1972, с. 458.

⁷⁸ Турецко-русский словарь / Под. ред. Э. М.-Э. Мустафаева и Л. Н. Старостова. М., 1977, с. 41.

⁷⁹ Древнетюркский словарь. Л., 1969, с. 406. Бұл сөздік мақалада ДТС түрінде қысқартып алынды.

**čo-*→*čoq-* / /*čoу-*«зарезать, убивать»; **čo-*→*čol-*«быть обрубленным, стать калекой». Мұнда да қазақ тіліндегі *шолти-* және *шолақ* сөздерінің, сондай-ақ *сойым*, *соғым* сөздерінің түбірі көне **čo-*→ шотүбіріне барып саятынын бірден байқау қиын. **ja-*→*jal-* «загораться», «воспламеняться»; **ja-*→*jaq-* «поджигать топливо», турец. *jan-* «сгореть», «загораться». Бұл да казак тіліндегі *жан-*, *жақ-* етістіктерінің түбірімен гомогендес.

Бұл сияқты түбірлерге А. Зайончковский сондай-ақ **jo-*→*jod-* «исчезать», «погибнуть», *joq* «нет»; **ja-*→*jaj-* «простираяться», «растийаться», «распространяться», *jad-* «распространяться», *jat-* «находиться в таком-то состоянии, лежать»; *j?*→*j?d* «грузить», *j?k* «клад», «вьюк», «тягость», *j?k* «собирать», «накапливать»; **qu-*→*qyl-* «делать», **sa*→*sac-* «разбрасывать, рассеивать»; *to-*→*tod-* «насыщаться», «быть сытым» // «полный», «целый», «весь», «совсем»; *tol-* *to?*- «наполняться», «наполнять», «делать полным» т. б. жатқызады. Осы келтірілген бір буынды СГ типті түбір етістіктер қазақ тілінде тек туынды түбір түрінде, яғни СГС типтес буын ретінде ғана сақталған. Демек, біз зерттеп отырған модельдерді түбір сөздердің СГС тұлғасы қалыптасқаннан кейін пайда болған екінші дәрежедегі сөз жасау тәсілі деп жорамалдауға болады.

Етістіктер құрамындағы «өлі түбірлерге» тән қасиеттің бірі – олардың түркі тілдерінде фонетикалық, морфологиялық варианттарының болуы. Мәселен, орхон-енисей ескерткіштерінде **ба-* [*ба-*] түрінде қолданылған «байлау», «матау» мағынасындағы ілкі түбір⁸⁰ негізінде түркі тілдерінде: *бай-*// *бау-*// *бағ-*// *бан-*тәрізді мағыналас варианттар пайда болған. Ендігі даму сатысында әрбір түркі тілі осылардан екінші дәрежелі туынды түбір жасаған. Мәселен, қазақ тілінде **бай-*өлі түбірінен *байла-* етістігі туындаған да, дербестігін сақтаған *бау-* (бір нәрсені байлауға қажетті жіп) вариантынан *баула-* туынды түбірі пайда болған. Көне *бай-* вариантын сақтаған тілдердің бірі – якут тілі. Онда созылыңқы айтылатын *бай-*«связывать», «привязывать», «делать перевязку»⁸¹. Тағы бір мысал келтірейік. Біз қарастырған императив етістіктер қос сөз компоненті болып та кездеседі. Мысалы: *жылап-сықтап* қос сөзінің екі компоненті де тарихи тұрғыдан алып қарағанда тектес (гомогендес) бір түбірге барып саяды: **жы*→*жыла*//*сық*→*сықта-*. Ескерткіштер мен түркі тілдерінде «жыла», «еңіре» ұғымын беретін *жыла-* етістігінің *агла-* / / *ыгла-* / / *йыгла-* / / *сыта-* т.б. варианттары қолданылады. Бұлардың

⁸⁰ Хакасско-русский словарь. С. 326.

⁸¹ Якутско-русский словарь. С. 364.

этимологиялық түбірі модель бойынша **аэ-* // **ыз-* // **йыз-* // **сыз* > **сық* болуға тиіс⁸². Сонда жоғарыдағы қос сөз, сайып келгенде, бір түбірдің екі рет қайталануынан жасалып тұр. Дыбыстық ерекшелігіне байланысты оның компоненттері екі түрлі сөз сияқты болып көрінгенімен, біз оны бір түбірдің екі варианты деп қарауға толық дәлеліміз бар.

Осы ретпен қазақ тіліндегі екібуынды есім негіздердің құрамынан да бір буынды этимологиялық түбірлерді сөзжасамдық модельдер арқылы жіктеудің жүйесін көрсетуге болады⁸³.

√**-а/-е**: *жар* > *жара* рана; язва; чирей; порез; **сын* > *сына* клин; *жаз* > *жаза* наказание; *өр* > *өре* перегородка; навес (для сушки курта)

√**-аз/-ез**: **тай* > *тайаз* // *тайыз* неглубокий, мелкий (о ручье);

**қай* > *қайаз* усач (рыба); **күй* > *күйез* миозит; *ой* > *ойаз* впадина; перен. худой, впалый

√**-ақ/-ек**: *жат* > *жатақ* общежитие; *тұр* > *тұрақ* местожителство, обиталище; *жыр* > *жырақ* далекий, дальний, дальность; *құр* > *құрақ* разные лоскутья; *құр* > *құрақ* тростник; **сұр* > *сұрақ* вопрос, спрос; *ор* > *орақ* серп

√**-ал/-ел**: *көк* > *көгал* лужайка, луг; *тоқ* > *тоқал* 1) младшая жена (при байбиче); 2) комольный; **сақ* > *сақал* борода, **сақ* < *сагал* подбородок (у животных); **жөт* > *жөтел* кашель

√**-ан/-ен**: *саз* > *сазан* сазан; *қой* > *қойан* заяц, кролик; **жыл* > *жылан* змея; **құл* > *құлан* кулан; *қап* > *қабан* кабан, дикая свинья; **бұл* > *бұлан* лось; **шай* > *шайан* скорпион; **күз* > *күзен* хорек

√**-аң/-ең**: *тоз* > *тозаң* пыль, пыльца, раструска (мучная); *жас* > *жасаң* моложавый, *қарт* > *қартаң* староватый; (?) **кер* > *керең* глухой, туговатый на ухо; **тер* > *терең* глубокий; **күр* > *күрең* темно-рыжий (о масти); *кіл* > *кілең* однообразный, однотипный

√**-ас/-ес**: *жал* > *жалас* гребни гор, взгорья; *бел* > *белес* холм, невысокий перевал; *дөң* > *дөңес* сопка, горка; **топ* > *топас* глупец, тютхтя, тупой

√**-ат/-ет**: *сұу* > *сұуат* водопой, родник, источник; *қол* > *қолат* речная долина, поляна; *көш* > *көшет* рассада

√**-ау/-еу**: *жыр* > *жырау* джирау, сказитель, певец; *без* > *безеу* прыщ, угорь; **жел* > *желеу* повод, причина; **қыр* > *қырау* иней; **сұр* > *сұрау* вопрос

√**-жың/-жің**: **мыл* > *мылжың* болтун, многословный; **қал* > *қалжың* шутка; **тыр* > *тыржың* недовольная гримаса

⁸²Вамбери Г. Көрсетілген еңбек. 6–8-бб.; Батманов И. А. Көрсетілген еңбек. 141–150-бб.; Юнусалиев Б. М. Көрсетілген еңбек. 227

⁸³Зайончковский А. Көрсетілген еңбек, 31–32-бб.

√**к а/-ке/-ға/-ге:** *қыр*>*қырқа* возвышенность, цепь плоских гор;

**жаң*>*жаңқа* щепка; **жоң*>*жоңқа* стружка; **қан*>*қаңқа* скелет, остов; **қас*>*қасқа* отметина на лбу, лысина, лысый; **маң*>*маңқа* сопля'; сап (болезнь лошадей); **жор*>*жорға* иноход, иноходец; **сер*>*серке* козел-предводитель; **сір*>*сірке* гнида; *бүр*>*бүрге* блоха

√**-қай/-кей/-ғай/-гей:** *тәс*>*тәскей* склон горы; *күн*>*күнгей* солнечная сторона; **шал*>*шалғай* 1) дальний, на отшибе; 2) полыпальто, халата; *оң*>*оңқай* правый, правша; **меш*>*мешкей* ненасытный, обжора

√**-қақ /-кек/-ғақ /-гек:** *тоң*>*тоңғақ* 1) мерзляк; 2) помет, единовременный приплод животных; **сер*>*сергек* бодрый, энергичный; *ес*>*ескек* весло, весла; **жөр*>*жөргек* пеленки; **әң*>*әңгек* ров, яма; **ең*>*еңкек* покатый; **шал*>*шалқақ* откинутый назад

√**-қар/-кер/-ғар/-гер:** *тай*>*тайқар* осленок (самец); *шал*>*шалқар* широко раскинувшийся, простирающийся; *қый*>*қыйқар* упрямый упрямец **ас*>*асқар* возвышенный, высокий, недостижимый

√**-қау/-кеу/-ғау/-геу:** **аң*>*аңқау* ротозей, простофиля; **жал*' > *жалқау* лодырь, лентяй; **мыл*>*мылқау* немой, глухонемой; **ең*>*еңкеу* отлогий, покатый, с ложбинами; **сақ*>*сақау* картавый, косноязычный; **шұл*>*шұлғау* портянки; **сыр*>*сырқау* больной, хворый

√**-қы/-кі/-ғы/-гі** *үз*>*үзгі* диал. зеркало; *қар*>*қарғы* ошейник; *таң*>*таңқы* вздернутый (о носе), курносый; диал. неглубокий колодец; *кер*>*кергі* пальцы; **шал*>*шалғы* литовка, коса; **еш*>*ешкікоза*; **жыл*>*жылқы* лошадь, лошади (собир.); %*ос*>%*оскі* стамеска; *сүр*>*сүргі* ширшепка, рубанок, скребок

√**-қыл/-кіл/-ғыл/-гіл:** *боз*>*бозғыл* сероватый, беловатый, белесый; **қош*>*қошқыл* темно-коричневый, фиолетовый; *үш*>*үшкіл* треугольный; *түрт*>*түрткіл* четырехугольный; **қыш*>*қышқыл* кисловатый, кислый; **тар*>*тарғыл* полосатый, тигровый (о масти коров, кошек)

√**-қын/-кін/-ғын/-гін:** *тас*>*тасқын* поток, лавина; *көш*>*көшкін* снежный обвал; *сүр*>*сүргін* ссылка, интернирование; *қуу*>*қуугын* погоня, преследование; **құз*>*құзғын* коршун; **жұл*>*жұлғын* вид тамариска; *аз*>*азғын* сбившийся с пути, аморальный, морально разложившийся, предатель; **ай*>*айқын* ясный, явный

√**-па/-пе,– ма/-ме:** *қой*>*қойма* клад, месторождение склад, ломбард; *тер*>*терме* терме, речитатив; *кер*>*керме* натянутый аркан для привязывания коней, коновязь; *өр*>*өрме* плетение, плетеный; *түй*>*түйме* пуговица и др.

√-пак/-пек/-мак/-мек: *жай>жайпақ* плоский; **тай>тайпақ* приплюснутый, выровненный (о поверхности чего-л.); **нұш>нұшпақ* шкура ног зверей, края чего-л.; **сат>сатпақ*, прилипшая к чему-л. грязь; *шат>шатпақ* мазня, каракули; *тоқ>тоқпақ* колотушка

√-пан/-пен/-ман/-мен: **сүй>сүймен* пика, лом; *ой>ойман* впадина; **ал>алман* вид крысы; *оқ>оқпан* выпь; **аз>азбан* кастрированный самец животных (лошадей, коров, овец); **ай>айман* луноликий, красивый

√-сық /-сі: **тор>торсық* бурдюк, кожаная посуда; **қый>қыйсық* кривой, кривизна; **қоң>қоңсық* отбросы, грязь; **түй>түйсік* восприятие, чувство; **қыр>қырсық* невезение, неудача, вредный, тот, кто делает все наоборот

√-сау/-сеу: *жем>жемсау* зоб (птиц); **көк>көксау* чахотка, чахоточник; **құр>құрсау* ободок, железное кольцо

√-та/-те/-да/-де: **тақ>тақта* доска, плаха; **соқ<соқта* содержимое чирья, нарыва, гной; **тор>торта* вытоп, осадок после топления масла; **ор>орта* середина, средний; **ор>орда* орда, ставка, сборище змей; **кел>келте* короткий, куцый

√-тай/-тей/-дай/-дей: *дар>дардай* большой, взрослый; **жұр>жұрдай* лишенный всего; **тыр>тырдай* (*жалаңаш*) гол как сокол, совершенно голый; **дың>дыңдай* невредимый, здоровый; **пыр>пырдай* (*ұйықтау*) спать без задних ног; *ніл-нілдей* (*бұзылу*) меняться на глазах; **тійт>тійттей* малюсенький

√-ты/-ті: *қат>қатты* твердый, крепкий, прочный; **мық>мықты*. крепкий, прочный, стойкий; *жүк>жүкті* беременная; **тәт>тәтті* сладкий, вкусный; **аш>аш (т) шы* горький

√-ы/-і: *өл>өлі* неживой, мертвый; **тір>тірі* живой; **ір>ірі>* крупный, *кіш>кіші* меньший, малый; *ұл>ұлы* великий, величавый, большой, огромный; **жіт>жіті* совершенный

√-ыз/-із: *жау>жауыз* враг, палач; **қау>қауыз* шелуха, скорлупа; **ау>ауыз* рот, отверстие чего-л.; *ұу>ұуыз* молозиво; **кеу>кеуіз* шелуха; **аң>аңыз* легенда, сказание; **аң>аңыз* убранный хлебное поле; **тең>теңіз* море; **қоң>қоңыз* жук; **қым>қымыз* кумыс

√-ық /-ік: *өл>өлік* мертвец, живой труп; *тол>толық* полный, сполна; *жет>жетік* преуспевающий, эрудированный, знающий; *-ас>* асық альчик, бабка; **топ>тобықнадколенная* чашечка; *жап>жабық* закрытый, запертый; **кет>кетік* с зазубриной, беззубый; *қат>қатық* густое кислое молоко; приправа к супу; **ар>арық* худой, исхудалый; **ар>арық*

√-ыл/-іл: *жас* > *жасыл* зеленый; **дау* > *дауыл* ураган, буря; **көң* > *көңіл* настрой, настроение, внимание; **жең* > *жеңіл* легкий, легковесный, нетрудный; **сің* > *сіңіл* младшая сестра

√-ым/-ім: *қыс* > *қысым* давление; *тіл* > *тілім* ломтик; *жұт* > *жұтым* глоток; *ұй* > *ұйым* организация; *көр* > *көрім* прекрасный, симпатичный, диал. некрасивый, уродливый

√-ын/-ін: *жау* > *жауын* дождь, *сау* > *сауын* 1) доение; 2) этн. приглашение на пиршество, тризну (по поводу годовщины усопшего, куда приглашенные привозят скот, кумыс, шубат и др. яства); *бұ* > *бұуын* колена, поколение, сустав; *құй* > *құйын* смерч, вихрь; *тос* > *тосын* неожиданный, неизвестный; **жұл* > *жұлын* спинной мозг

√-ың/-ің: *ыз* > *ызың* жужжанье, еле слышный звук насекомых; *қыж* > *қыжың* надоедливый, пристающий с одним и тем же вопросом; **ыр* > *ырың* пары, *ырың-жырың* ссора, препирательство; **шыж* > *шыжың* диабет, больной моченедержанием

√-ыр/-ір: *жат* > *жатыр* матка; **көп* > *көпір* мост; **шый* > *шыйыр* протоптанные следы; **үй* > *үйір* косяк, табун лошадей; **бүй* > *бүйір* бок; **шай* > *шайыр* смола

√-ыс/-іс: *тап* > *табыс* прибыль, доход, приход, заработок; **қоқ* > *қоқыс* шлак, отбросы; **ыт* > *ыдыс* посуда; *шал* > *шалыс* подножка; **жұм* > *жұмыс* работа, дело; **қам* > *қамыс* камыш, тростник; *жем* > *жеміс* фрукты; **кеп* > *кебіс* калоши (самодельные); **құу* > *құуыс* ниша

√-ыт/-іт: **шап* > *шабыт* вдохновение, **түп* > *түбіт* пух, козий пух; **ум* > *уміт* надежда; **ук* > *угіт* агитация, уговаривание; *ұу* > *ұуыт* сила, действие яда, отравы; **ұм* > *ұмыт* забывание, забвение; *кій* > *кійіт* вид подарка в обряде сватовства; **сау* > *сауыт* кольцо и др.

Сөзжасамдық тұлғалар ретінде оны тек қана морфемалық талдау арқылы диахрондық тұрғыдан анықтауға болатын қазақ тіліндегі етістіктердің құралымындағы отыздан аса сөзжасамдық моделін жіктеп, этимологиялық түбірді анықтауға (жорамалдауға) болады.

Қазақ тіліндегі екібуынқы етістік негіздердің сөзжасамдық моделдері⁸⁴

1. $\sqrt{=a=// =e}$; ай<айа=, *бал<бала, *бөк<бөге=бөл<бөле=, *ел<еле=; *бұл<бұла=*үз<ұза, *жар<жара=, *тап<тапа=, *тақ<тақа=, *тап<тапа, тон<тона=, күз<күзе= *ор<ора=, *от<ота, түз<түзе=, *тұл<түле=, т.б.

2. $\sqrt{-ай//-ей-}$:

-ай//-ей аффиксі арқылы жасалған туынды сөздердің құрамындағы барлық түбірлер қазіргі қазақ тілінде өлі болып табылмайды. Салыстырыңыз, мысалы: келесі туынды сөздердің құрамынан да тыс қолдануға қабілетті түбір морфемалар: аз-ай, ес-ей, ет-ей, көб-ей, күш-ей, қарт-ай, нығ-ай, мұң-ай, мол-ай және т.б. Алайда семантикалық дербестігін жоғалтқан және -ай//-ей аффиксінсіз қолданылмайтын бірқатар түбірлерде кездеседі. Мысалы: *қақ-ай, *құтай, *сақ-ай, *сер-ей, *соп-ай, *сор-ай, сіл-ей, *тыр-ай, *шош-ай, *қоқ-ай, *шоқ-ай.

Жалпы этимологиялық түбірді теориялық тұрғыдан анықтау үшін түбірдің көлбеу дамуына сай тереңдей шолу жасау арқылы да, яғни гомогендік қатарда реконструкциялауға болады. Мысалы: *тыр<тырай; тырдай; тыраң; тырби=тырми. Осындай түбірлер түрінде толық жасалмаған аффикстерді көнетүркі ескерткіштерінен кездестіруге болады. Мысалы, Орхон жазбаларындағы *qut* «бақыт», «бақытты», «Диванда» *сақ* түбірі «ақыл», «тапқырлық» мағынасын білдіреді. (ДТС. 471).

Бұл қосымшалы түбірлердің тарихи туынды болуына әсер еткен түбірдің қазіргі тілімізде семантикасының күңгірттенуі. Сондықтан қосымша морфемасыз дербестігін жойып, жеке сөз болу қабілетінен айырылған бұл түбір морфемаларды ішкі реконструкция арқылы түбірлес басқа сөздердің құрамынан да тауып, теориялық тұрғыдан жорамал түріндегі ортақ түбірін табуға болады. Мысалы: *сақ<сақай.

Сақ түбірі – қазақ тілінің өзінде қолданылатын сау деген дербес сөздің фонетикалық варианты. Қыпшақ тілдеріне тән -у мен оғыз, қарлық тілдеріне тән сөз аяғында келетін -ғ дыбыстарының сәйкестігі негізінде пайда болған сағ//-сақ//сау варианттарының біреуі (сау-сауық-сауығу, саушылық, т.б.), қазақ тілі үшін дербес те, екіншісі (сақ, сақай) - өлі түбірге айналып, дербестігін жоғалтқан.

⁸⁴ Brockelmann K. Osttürkische Grammatik. Leiden, 1954, §37.

3. √-ал//-ел//-л:

*жөн-е-л=, *жөт-е-л=, *қақ-а-л=, *шаиш-а-л=, *кен-е-л=, *ом-а-л= т.б.

4. √-ар//-ер//-р:

диахрондық тұрғыдан жіктеледі, яғни осы сөзтудырушы морфема мен жорамал түбірді біріктіреді: *без-ер, *доғар, *жіб-ер, *ит-ер, *кез-ер, *көт-ер, *қаб-ар, *қас-ар, *қоп-ар, *қот-ар, *саз-ар, *ұз-ар, *үд-ер, т.б.

5. √-ас//-ес//-с:

Қазіргі тілде осы етіс тұлғасы көп жағдайларда дербес түбірлерге қосылып, ортақ етістің грамматикалық мағынасын білдіреді. Алайда тілде тек диахрондық тұрғыдан ажыратылатын көптеген етістіктердің құрамындағы -ас//-ес аффиксінің жіктелуі аса күрделі. Мысалы: *ад-ас, *ал/ж/-ас, *ег-ес, *жар-ас, *күр-ес, *тал-ас, *ұл-ас, *түг-ес және т.б. Осы қатардағы етістіктердің бәрі бірдей -ас, -ес тұлғасы арқылы ортақ әрекет мағынасын білдірмейді. Мысалы, адас=, алжас=, жарас= (киімі жарасу), ұлас=, т.б.

6. √-ба//-бе туындытүбір құрылымынан синхрондық тұрғыдан оңай ажыратылатын қазіргі тілдегі өнімді сөзжасамдық модель -ма//-ме, -па//-пе-нің фонетикалық варианты болып табылады. Қараңыз: *ар-ба, *тер-бе, *көл-бе. Салыст. *жал-ма=; *қар-м=а, *сер-ме=, *шыр-ма=, т.б.

7. √-да//-де:

Қазіргі қазақ тіліндегі -ла//-ле моделі - қазіргі түркі тілдеріндегі етістікжасамдық ең өнімді модель болса, ал -да, -де соның фонетикалық варианты. Мысалы: *жал-да=, *аң-да=, *боз-да=, *ал-да=, *дән-де=, жаз-да=, *маз-да=, *мең-де, *сыз-да =т.б.

8. √-жы//-жі:

Модель бойынша анықталған осы аффикстер кездесетін тарихи дериваттар аз емес. Олардың барлығы дерлік синхрондық деңгейде морфемалық жіктеуге келе бермейді. Мысалы: *аб/ыр/-жы, *ал-жы, -жыл-жы, *мы-жы, *рен-жі.

Өзінің етістікжасамдық қызметі бойынша -жы//-жі моделі -сы//-сі, -ы//-і, -шы//-ші тұлғаларымен үйлеседі. Осы аффикс ұяң дауыссыз дыбыстарға аяқталатын түбірлерге жалғанады да, қимылдың созылыңқылығын, үздіксіз қозғалысын береді.

9. √-жи:

Осы модель бойынша жасалған етістіктердің көнелігін оның негізінен дыбыс бейнелеуіш сөздерден шыққандығын көрсетуі мүмкін.

Мысалы: *бақ-жи, *кір-жи, *қыр-жи, *тыр-жи, *ыр-жи, *қыл-жи, *қон-жи, т.б.

10. √-қа/-ке//-ға/-ге:

Бұл модель де өнімділер қатарына жатпайды. Қазіргі қазақ тіліндегі құрылымында осындай аффиксі бар етістіктер синхрондық тұрғыда түбірлер болып саналады. Диахрондық талдау нәтижесінде анықталған түбір морфемалар дербес мағынасын жоғалтқан. Мысалы: *бай-қа, *бұл-ға, *бүр-ке, *был-ға, *жай-ға, *жөр-ге, *жыр-ға, *жас-қа, *қар-ға, *қор-ға, *құр-ға, сү/й/-ке, *тай-қа, *тал-ға, *тір-ке, *шай-қа, *ыр-ға т.б.

11. √-қай//-кей:

Осы аффикс мазмұны мен тұлғасы бойынша –ай/-ей моделіне жақын. Мына мысалдардан көрінеді: *аң-қай, *ең-кей, *қай-қай, *шал-қай, *ұл-ғай=, *қай-қай=, *қал-қай=, *қас-қай=, *қи-қай=, *мар-қай=, *тоң-қай= және т.б. Салыстырыңыз: шош-ай=, сер-ей=, қақ-ай = және т.б.

12. √-қар//-кер:

Осы тұлға –ар/-ер моделінің нұсқасы болып табылады. Мысалы: *ай-қар=, *аң-ғар=, *ат-қар=, *құт-қар=, *ұл-гер=, *ес-кер=, *көм-кер=, *төң-кер=, *үй-ғар=.

13. √-қи//-ки: негізінен дыбысбейнелеуіш түбірлерге жалғанады. Бұлардың мәнінде «бірнәрсеге ұқсату», «бейнелеу» мағынасы бар. Қараңыз: *қал-қи=, *маң-қи=, *тең-қи=, *дөң-қи=, *қас-қи=, *өң-қи=, *тың-қи=, *шоң-қи= және басқалар.

14. √-қы//-кі:

Бұл аффикс жоғарыда келтірілген -қа//-ке моделінің фонетикалық варианты ретінде етістік негіздерінің құрамында лексикаланған. Мысалы: *бал-қы=, *бер-к=i, *бүр-кі=, *был-қы=, *қаң-ғы=, *қар-ғы=, *тол-қы=, *шал-қы=, *шұл-ғы=, *шыл-қы=, *ыр-ғы=, *кер-гі=, *қал-ғы=, *сар-қы=, *сер-гі=, *көл-к=i, *кіл-кі=, *мөң-кі=, *мүл-гі=, *мүң-кі=, *мыз-ғы=, *ор-ғы=, *үң-гі=, *ыт-қы= және т.б.

15. √-қыр//-кір, -ғыр//-гір:

*а-қыр=, *аз-ғыр=*ба-қыр=, *жаз-ғыр, *жаң-ғыр=, *жым-қыр=, *ке-кір=, *қа-қыр=, *қай-ғыр=, *қым-қыр=, *қыш-қыр=, *мың-ғыр=, *ос-қыр=, *ө-кір=, *ныс-қыр=, *ша-қыр=, *шыж-ғыр=, *шың-ғыр=, *тү-кір=, *түш-кір=, *ыс-қыр=.

Олар семантикалық тұрғыда бір топты құрайды. Осы модель бойынша жасалған сөздердің өзге тобын дыбыселіктеуіш түбірлер емес, көнеленген өлі түбірлерден жасалған бірқатар туынды (диахрондық)

түбірлер құрайды. Мысалы: **аз>аз-ғыр=*, **жаз>жаз-ғыр=*, **жаң>жаң-ғыр=*, **қаң>қаң-ғыр=* т.б.

Аталған топтарды салыстыра келе, дыбыс еліктеуіш түбірлерінің шығу төркінінің байырғы екендігін пайымдауға болады.

16. √-ла// -ле:

Бұл сөзжасамдық модель қазіргі қазақ тілінде және өзге түркі тілдерінде де ең өнімді және белсенді болып табылады.

Сонымен қатар түбірдің қазіргі тіл деңгейінде морфемалық жіктелмейтіндері де кездеседі. Осы дерек көптеген аффикстер кірігіп кетуінің себебі олардың тек пассивтенуінде емес, түбір морфема семантикасының күңгірттенуінде жатқандығын да айғақтай түседі. Мысалы: **ай-да=*, **ал-да=*, **аң-да=*, **бау-ла=*, **боз-да=*, **дән-де=*, **жас-та=*, **күн-де=*, **мақ-та=*, **өр-те=*, **сақ-та=*, **сіл-те=*, **тас-та=*, **ту-ла=*, **ұр-ла=*, **ұс-та=*, **шар-ла=* және т.б.

17. √-на// -не

Осы модель бойынша жасалған етістіктер қазір түбір сөздерге айналған. Мысалы: **ар>ар-на*, **жай>жай-на*, **қай>қай-на*, **тыр>тыр-на* және т.б.

18. √-ра// -ре:

Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық жүйедегі бұл аффикстің өнімсіздігінің нәтижесінде осы үлгі бойынша жасалған барлық туынды түбірлер морфемалық жіктеуге жатпайды. **аңыра=*, **божыра=*, **былжыра=*, **бытыра=*, **дүркіре=*, **зымыра=*, **зырқыра=*, **жалтыра=*, **маңыра=*, **мөңіре=*, **сырқыра=*, **нышыра=*, **ажсы-ра=*, **аңы-ра=*, **асы-ра=*, **бау-ра=*, **бүй-ре=*, **еңі-ре=*, **жады-ра=*, **жамы-ра=*, **жау-ра=*, **күй-ре=*, **қай-ра=*, **қаңы-ра=*, **қақы-ра=*, **қи-ра=*, **сай-ра=*, **сүй-ре=*, **тоқы-ра=*, **ту-ра=*, **түй-ре=*, **ұшы-ра=*, **үй-рен=*, **шашы-ра=*, **ыды-ра=*, т.б.

19. √-са// -се, сы// -сі:

**аң-са=*, **ақ-са=*, **жұм-са=*, **көк-се=*, **ұқ-са=*, **күй-се=*, **бор-сы=*, **бық-сы=*, **қақ-сы=*, **жіп-сі=*, **қаң-сы=*, **сар-сы=*, **сың-сы=* т.б.

20. √-сыр// -сір:

Осы модельмен жасалған етістіктер өте аз. Бұл дерек оларды өнімсіздер қатарына жатқызуға мүмкіндік береді. Мысалы: **жап-сыр=*, **қау-сыр=*, **қап-сыр=*, **қу-сыр=*, **тап-сыр=*, **тық-сыр=*, **ық-сыр=*.

21. √-т:

Түркітанымдық әдебиеттерде *айт*= және *қайт*= етістіктері жалпы белгілі, мұнда *-т* форманты сөзжасамдық мағынасын жоғалтып, этимологиялық түбірге кіріккен. Басқа да осындай мысалдарды келтіруге болады. Мысалы: **ар-т*-, **бөр-т*-, **жор-т*-, **қор-т*-, **оя-т*-, **тар-т*-, **тұр-т*-, **тін-т*-. Осы дериваттардың түбірлік бөлігі қазіргі тілде мағыналық дербестігін жоғалтқан. Мысалы: **жор-т*-. Көне ұйғыр тілінде *жо* түбірі бар «шаршағанша жүру», ол М. Қашғари сөздігінде: *ауа бүктүр ұза жордїм* - «мен тау көтеріліп, тау жоталарының үстімен жүрдім» /МК, 1 Т. С.445/. Қазақ тілінде ол *жорт*-, *жорық*, *жорға* сөздерінің құрамында кездеседі.

22. √-та// -те:

-Та// -те моделі *-ла// -ле* моделінің фонетикалық варианты. Мысалы: **жас*>*жас-та*, **мақ*>*мақ-та*, **от*>*от-та*, **өр*>*өр-те*, **сақ*>*сақ-та*, **сық*>*сық-та*, **сіл*>*сіл-те*, **тас*>*тас-та*, **ұс*>*ұс-та* және басқалар.

23. √-тар// -тер, -дар// -дер:

Осы аффикстің көмегімен жасалған қазақ тіліндегі етістіктің бәрі диахрондық тұрғыда морфемаға ажыратылған: **ақ-тар*-, **ау-дар*-, **бөк-тер*-, **дағ-дар*-, **қай-тар*-, **қаң-тар*-, **той-тар*-, **ұл-тар*-, т.б.

24. √-ты// -ті, ды// -ді:

Егер *а/е* және *ы/і* модельдерін параллель тұлғалар ретінде қарастырсақ, біз осы модельді *-та// -те* тұлғасының варианты деп санай аламыз. Мысалы: **ел-ті*-, **ес-ті*-, **қам-ты*-, **мал-ты*-.

25. √-тый// -тій, -дый// -дій:

Сөзжасамдық модель дыбыселіктеуіш моносиллабтық негіздерге қосылып, бірдеңеге кірігу мағынасындағы етістіктерді тудырады. Мысалы: **бат-ты*-, **быр-тый*-, **мон-тый*, **шол-тый*-, **ыз-дый*-.

26. √-тыр// -тір, -дыр// -дір:

бас-тыр-, *кел-тір*-, *көн-дір*-, *күй-дір*-, *қал-дыр*= т.б. және осы қатарда, сондай-ақ этимологиясы көмескіленген түбір морфемалары бар негіздер де кездеседі. Мысалы: **бұл-дір*-, **жақ-тыр*-, **лақ-тыр*-, **о-тыр*-. Ғалымдар (В.Шотт, Н.И.Ашмарин, Г.Рамстедт) осы генезисті *тұр* етістігімен байланыстырады.

27. √-ша// -ше:

**ек-ше*-, **қор-ша*-, **өл-ше*-, **шар-ша*-.

28. √-шы// -ші:

**теп-ші*-, **ап-шы*-, **ар-шы*-, **қыр-шы*-, **өр-ші*-, **шор-шы*-, **ыр-шы*-, т.б.

29. √-ы//-і-:

*ар-ы=, *айн-ы=, *бек-і=, *дам-ы=, *ер-і=, *жан-ы=, *жар-ы=, *жан-ы=, *жар-ы=, *жас-ы=, *жек-і=, *жор-ы=, *жос-ы=, *кей-і=, *қай-ы=, *сас-ы=, *сыл-ы=, *тан-ы=, *шір-і=, *құр-ы=, *нал-ы=, *мой-ы=.

30. √-ық//-ік:

аш-ық=, бір-ік=, өш-ік=, *ай-ық=, *бұй-ық=, *дән-ік=, *ел-ік=, *ер-ік=, *көр-ік=, *тор-ық=, *ұр-ік=, *ір-ік=.

31. √-ыл//-іл:

ағ-ыл=, ас-ыл=, ег/к/-іл=, жаб/п/-ыл=, жай-ыл=, жар-ыл=, жой-ыл=, *ар-ыл=, *ег-іл=, *жаң-ыл=, *жос-ыл=, *құт-ыл=, *саб/п/-ыл=, *сар-ыл=, *сей-іл=, *тұң-іл=, *шағ/қ/-ыл=, *шом-ыл= т.б.

32. √-ын//-ін:

*бағ-ын=, *бұл-ін=, *ем-ін=, *ер-ін=, *жал-ын=, *жүг-ін=, *қаб-ын=, *өк-ін=, *сағ-ын=, *таб-ын=, *ұс-ын=, т.б.

33. √-ыр//-ір:

*ай-ыр=, *аң-ыр=, *ау-ыр=, *бұй-ыр=, *ел-ір=, *ес-ір=, *жап-ыр=, *жек-ір=, *құт-ыр=, *май-ыр=, *мүд-ір=, *сім-ір=, *сек-ір=, *сем-ір=, *сый-ыр=, *шұб-ыр=, т.б.

34. √-ыс//-іс:

айт-ыс=, *ау-ыс=, *жар-ыс=, *кел-іс=, *көр-іс=, *қат-ыс=, өб/п/-іс=, таб/п/-ыс=, ұғ/қ/-ыс=, ұр-ыс=, *күр-ес=, *бүр-іс=, *жаб/п/-ыс=, *жыл-ыс=, *кір-іс=, *қай-ыс=, *қар-ыс=, *май-ыс=, *тыр-ыс=, *шат-ыс=, т.б.

Біздің ойымызша, «Структура односложных корней и основ в казахском языке» еңбегіндегі қазақ тілінің лексикалық байлығының негізгі бөлігін құрайтын және 3 мыңға жуық бірлігі бар түбірлер мен негіздердің жан-жақты талданып, сипатталуы қазақ тіліндегі екібуынды туынды негіздердің құрылымын одан әрі этимологиялық реконструкциялау үшін бағдарлаушы меже болып табылады.

Сонымен бірге түбір морфемалар қалыптасуының фоно-морфосемантикалық құрылымының көрінісі ретіндегі архетиптерді қалпына келтіру мәселесінің зерттелу деңгейін жаңа сапаға көтерген тіл біліміндегі ғылыми нәтиженің бірі – түбір генезисін фоносемантикалық аспектіде қарастыру.

Барлық тілдердегі сияқты қазақ тілінің де байырғы лексикасының маңызды бөлігінің (дыбыселіктеуіштік) түбір морфемасын жаңғырту

барысында сөздердің дыбыстық негізі айқындалады. Бұл сипаттағы түбірлердің шынайы табиғатын, әрі қарай даму ерекшелігін тек лексико-семантикалық топ (одағайлар) ретінде қарау жеткіліксіз екенін тәжірибе көрсетіп отыр.

Қазіргі тіл білімінің зерттеу нәтижелерінің негізінде қазақ тіліндегі дыбыселіктеуіш түбірлердің дыбыстық құрылым компоненттерінің дыбысбейнелеуіштік қызмет те атқаратыны фонетико-морфологиялық және салыстырмалы-типологиялық талдау арқылы анықталады. Соның нәтижесінде қазақ тілінің деректері негізінде алғаш рет дыбыстық символизм және дыбысбейнелеуіш сөздердің номинативтік және этимологиялық қырлары К.Ш.Хұсайыновтың монографиясында арнайы қарастырылды.⁸⁵

Нақты айтқанда, бұл түбір және аффикстік морфемалары тарихи қалыптасу барысында кірігіп кеткен дыбыселіктеуіш негіздердің нақты тілдік деректерін сөзжасамдық модельдер жүйесі арқылы түбір морфеманың байырғы қалпын келтіруге болады. Қараңыз: **бақ-жи=*, **кір-жи=*, **қыр-жи=*, **тыржи=*, **қал-қи=*, **маң-қи=*, **тең-ки=*, **ба-қыр=*, **ке-кір=*, **қа-қыр=*, **түш-кір=*, **ыс-қыр=* т.б.

Сөзжасамдық қырағы түбірдің этимологиялық реконструкциясы

Этимологиясы көмескіленген екібуынды негіздердің құрамындағы «өлі түбірлерді» зерттеудің тек түркі түбірінің мәселесін, оның аглютинативтік құрылымын зерттеумен қатар, сондай-ақ жалпы сөздің негізгі тұлғасы бойынша моно-силлабтық мәселесіне де тікелей қатысы бар. Талдау барысы екібуынды етістіктерді құраушы морфемалардың үйлесімділігі олардың көнелігі және сөзжасам моделінің шектеулі шеңберімен ерекшеленетіндігін, соның нәтижесінде олар кірігуге және этимологиялары көмескіленуге бейім екендігін көрсетеді.

Ол үшін түбір морфеманы жеке алынған етістік құрылымынан емес, қайта семантикасы жақын ортақ түбір болуы барынша айқын гомогендік туынды түбірлердің қатарында талдау қажет.

Шын мәнінде, әрбір сөздегі түбірдің нақты мағынасын анықтау әрекеті зерттеушіні ойдағыдай нәтижеге әкелмейді. Әдетте, нақты ма-

⁸⁵ Кайдаров А.Т. Көрсетілген еңбектің қосымшасы: Қазақ тіліндегі бір буынды түбір негіздердің сөздігі. 185-311 бб.


ғынаны тек негіз ғана табады, бұған қоса оның семантикалық мағынасы әрдайым өте тар. Туынды негіздердің құрылымындағы түбір жалғанған аффикстердің нәтижесінде нақтыланады, яғни аффикстік морфеманың дамуы түбір морфеманың дамуына тікелей тәуелді болады. Бұл деректі гомогендік қатар бойынша түбір морфеманы талдау процесінде қадағалауға болады. Осы процесте туыстас сөздердің семантикасы мен фонетикалық тұлғасында ортақтықтың болуы олардың ортақ түбірін анықтауға мүмкіндік береді. Осындай талдаудың үлгісі Ә.Т.Қайдаровтың аталған еңбегіндегі қосымша берілген сөздікте берілген.

Бұл сөздік, біздің ойымызша, этимологиялық зерттеулерге ғылыми әдіснамалық негіз бола алады. Себебі, ол таза этимологиялық сөздік болмағанмен, оның мазмұнында сөздің төркінін ашатын көп мәліметтер бар. Атап айтқанда: тарихи туынды сөздердің құрылымындағы этимологиясы көмескіленген, «сүрленген» (консервацияланған), «өлі түбірлер» жіктеледі. Жеке түркі тілдерінің ішінде және тіларалық сәйкестіктерін салыстыру негізінде гомогенді моносиллабтардың морфологиялық варианттары, дыбыстық сәйкестіктер, семантикалық қозғалыстардың түп негізі анықталады, т.б.

Гомогенді етістіктер құрамындағы «өлі түбірлердің» көмескілену деңгейі бойынша диахрондық морфемалық талдау нәтижесінде оларда болып жатқан процестерді шартты түрде үш топқа бөлуге болады: 1) толық; 2) ішінара; 3) шартты.

Бірінші топқа екібуынды етістіктің құрамында тек теориялық болжам негізінде жорамалданып қана қалпына келтірілетін өлі түбірлер жатады. Мысалы: $\sqrt{ар-на=}$, $\sqrt{бал-а=}$, $\sqrt{бор-а=}$, $\sqrt{сұл-а=}$.

Екінші топ – бірқатар туынды негіздер құрамында қазіргі тілде қолданылатын, бірақ қандай-да бір аффикстер жалғанбаса лексикалық дербестігі болмайтын өлі түбірлер реконструкциясы гомогендік қатар бойынша талдауға негізделеді:



Үшінші топ – қазақ тілінде өлі болып саналатын, ал басқа туыстас тілдерде немесе түркі жазба ескерткіштерінде дербес түбірлер ретінде қолданылатын түбір морфемалар. Мысалы, егер *жыл-жы*= құрылымынан қазақ тілінде жіктелетін **жыл*= элементі қазақ тілінде өлі түбір болып, ал қырғыз тілінде *жыл*= «қозғалу», «жылжу», «жерге еңкейіп төмендеу»; алтайша – *чыл*= «сырғанау»; татарша – *шыл* = «жылжу», «сүріну», «кетіп қалу»; якутша – *шыл* «жорғалау» және т.б. толық дербес бірліктер ретінде қолданылады.

Осы үш топ бойынша түбірлес сөздердің гомогенді қатары негізінде жаңғыртылуының үлгілері :

***қаңғы=**

Қарастырып отырған түбір төмендегі лексемалардан ажыратылады: *қаңғы*=, *қаңғырла*=, *қаңсы*=, *қаңтар*=, *қаңбақ*=, *қаңгалақ*=, *қаңылтыр*=, *қаңқа*=, *қаңылтақ*. Түбірдің жалпы мағынасы - «қаңырау», «жеңіл», «құрғаған».

***қарғы=**

Біздің көзқарасымызша, құрамынан көрінетін *қарғы=*, *қарма=*, *қарпы=*, *қарғын*, *қарқын*, *қарқ қылу* туынды сөздердің құрамынан көрінетін «жылдам», «қарқын», «инерция» және т.б. жалпы мағынасы жорамал түбірдің этимологиясын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

qar түбірі М.Қашғари сөздігінде «жолдың шетімен жүру, жағалаулардан шығу» мағынасында келтіріледі. Қараңыз: *Suv arıqtan qardı* «су арнасынан шықты» /МК. III Т. С.182/.

***қауса=**

Гомогенді жүйедегі *қауди=*, *қауза=*, *қауқи=*, *қауса=*, *қаудыр=*, *қауға* туынды негіздерді морфемалар бойынша талдау қазақ тілінде дербес қолданылмайтын түбір морфемаларды анықтауға мүмкіндік береді (қараңыз: *қау* «кепкен шөп», *қаудан* «егістік шөбі», «түбірімен кепкен шөп») /ҚТТС. III Т. 159 Б./ Қазақ тіліндегі *қау*-дан жасалған туынды сөздер мағынасы негізінде оның «құрғақ», «кеуіп қалған», «бос» және т.б. оның ең ортақ мағыналары ажыратылады.

Қазақ тілінде сондай-ақ келесі туынды ИЕ негіздерден бөлінетін *қау*-дың басқа омонимдік түбірлері бар: *қаула=*, *қауесет*, *қаулы*, *қаума*, *қауырт* және т.б. Олардың жалпы мағынасы «қарқынмен» және «инерциямен» белгіленеді.

*** өрбі=**

өр сөзінен басталатын барлық туынды сөздер үшін жалпы мағынаны былайша тұжырымдауға болады: *өрбі=*, *өр*, *өрекпі=*, *өре*, *өрле=*. Осы түбірден қазақ тілінде бірқатар туынды атаулы сөздер жасалады: *өрелі*, *өркен*, *өріс*. Э.В.Севортян атап өткендей, көптеген түркі тілдерінде *өр* дербес түбірі қолданылады /ЭСТЯ. I Т. С.542/. Ол сондай-ақ көнетүркі ескерткіштерінде кездеседі: *bulit oröp kok ortöldi* (бұлт көтеріліп, аспан бұлт жапты) /МК. I Т. С.139/. Қазақ тілінде осы түбір «көтерілуді», «биікті» және «жайылым бойынша тарап кетуді» (қой отары) білдіретін синкретті болып табылады (Батыс Қазақстан диалектінде: Аман-есен *өрдiңдер ме?* (ояндындар ма?)).

*** шүйіл=**

шүй етістік түбірін дербес қолданыста тек эпостар мен жыраулар шығармаларында ғана кездестіруге болады. Мысалы:

Айдын *шүйсең*, тарлан *шүй*,
 Көтерілген сона құтылмас,
 Жауға кисең берен ки
 Егеулеген болат өте алмас

Қазіргі қазақ тілінде, негізінен, «бар күшін жиып, екпінмен төмен қарай бір нүктеге құлдिलाу» мағынасы *шүйіл* =, *шүйлік* = тұлғалары арқылы беріледі. Осы мағынаның әрі қарай дамуы басқа да бірқатар туынды атауларда кездеседі: *шүйгін* «бар құнары жиналған шөп, ет т.б», *шүйде* «түйенің, қойдың майы жиналған желке тұсы (бұл арада коннотаттық сипат бар сияқты. Себебі *шүйденің* денотаттық мағынасы «жеке сырт тұсы» да Қазақ тілінің сөздігінде көрсетілген (ҚТС), 741 б.)», *шүйке* - «шаштың, иіруге дайындалған орамы». *Шүйгі* = «кенелу, қарқ болу» (ҚТС, 748б.), *шүйел* = «жетілмей, толық өспей қалу» (ҚТС 744б.), яғни «жиналып, өспей қатып қалу». Осы қатарда талдау барысында «бір нәрсенің бір жерге жиналуы» деген мағынадан «сыртқа шығыңқы, көзге түсетін» деген де мағына өрбігені байқалады. Қараңыз: 1) *шүй* – «қабырғаға шеге орнына қағылған ағаш қадаша»; 2) *шүй* – «жер айдағанда жыртылмай қалған жер» (табан)ҚТС 743-744 бб.). Олай болса, осы қатарға жоғарыда «бір жерге ұйысып, әрі қарай өспей қалған» деген мағынада келтірілген *шүйел* сөзінің тарихи даму барысындағы бір дыбыстық нұсқасы ретінде (с~ш) *сүйел* сөзін де жатқызуды болжам ретінде ұсынуға болады.

Жалпы алғанда, морфологиялық құрылымның дамуының семантикалық сабақтастығы осы түбірдің сөзжасамдық қатарындағы ауыспалы мағыналарынан нақты көрінеді. Ол үшін тағы да «Қазақ тілінің сөздігі» деректеріне жүгінеміз: *шүйле* = «жану», «қайрау», «жігерлендіру»; *шүйлік* = - «қадалу», «қыспаққа алу», «тиісу»; *шүйір* = «мұрнын шүйіру»; *шүйіркелес* = «тіл табысу» т.б.

Аталған лексемаға қырғыз тіліндегі *чуйлу* «қырғи-тұйғын» сөзінің жақындығы аңғарылады /ЮКРС. С.886/. Демек, жалпы мағынасы: «шоғырлану», «жиналу» және т.б.

* *ырға* =

М.Қашқари сөздігінде берілген етістік түбірі қазіргі түркі тілдерінде «тыныштықты бұзу», «жүргізу» сияқты жалпы мағынадағы бірқатар ИЕ-терді туғызған: *ырға* = «әрі-бері шайқап қозғау»; *ырғал* = «әрі-бері толқу, жайқала қозғалу», *ырғы* = «шошу», «селк ету» мағынасындағы /МК. 1 Т. С.72/, «екпінмен тез қарғу», *ыршы* = «селк етіп ытқып кету». Соңғы

екі етістік (ырғы=, ыршы=) М.Қашқаридың сөздігіндегі байырғы түбір етістікке семантикалық тұрғыдан жақын, бірақ жалпы топтан біршама ерекшеленеді. Э.В.Севортян келтірген туынды ИЕ де осы мағынаны береді. Қараңыз: *ырга*= «селк ету» /ЭСТЯ. 1 Т. 660 Б./.

Ал, керісінше, алдыңғы екі етістік түбірден *ырга*: ұзын *ыргасы*; *ыргақ*, *ыргал*: *ыргалып-жыргалып* т.б. туынды сөздер туған.

***адас=**

Э.В.Севортян осы түбірді оның түркімен, әзірбайжан (диал.), қарашай-балқан диалектісіндегі фонетикалық ұқсас *азаи*= «жолдан адасу», «адасу» тұлғасымен салыстырады және оны *аз* «жолдан адасу», «адасу» түбірінен шығарады, ауыспалы мағынасы «мүдіру», «қателесу» /ЭСТЯ. 1 Т. С.88./ деп көрсетеді.

Көнетүркі тілінде *аз* түбірінен жасалған көптеген туынды түбірі кездеседі. Бұл оның бұрынғы белсенділігі мен дербестігін көрсетеді. Қараңыз: *аза* «адасқан», «жолдан адасу», *аз?l*= «адасу», «адасып кету» (жол туралы), *азит*= «жолдан тайдыру», «аздыру», *азm??*= «адасқан» /ДТС, С.72-74/.

Қазақ тілінде **аз* түбір сөзі тек ауыспалы мағынасында ғана қолданылады, ал тікелей мағынасы тек *адас*= туынды түбірінде қолданылатын **ad* фонетикалық вариантымен беріледі, сондықтан қазақ тілі үшін ол архетип болып саналады. Көнетүркі тілінде *ad* көптеген туынды түбірлерде кездеседі. Мысалы, *ad?r*= «бөлу», «бір-бірінен ажырату», «адастыру», *adr?l*= «қоштасу», «адасу», «бөліну», «ажырату» және т.б. /ДТС. С.11-13/.

Жоғарыда келтірілген етістіктерге қазақ тіліндегі *айыр*=, *айрыл*= етістіктерінің фонетикалық паралель болатынын түсіну қиын емес (қараңыз: *ад?r*=, *ад??*=, *adr?l*=, *adr??*=), /ДТС. С.15-16 /.

az~ad~ad~ay түбірлерінің және олардан жасалған етістіктердің семантикалық жақындығы даусыз. Э.В.Севортян осы топқа көне ескерткіштерде кездесетін және қазіргі тілдерде «адасу», «күнәһарлық» мағынасында сақталынған *jaz* тұлғасын /ЭСТЯ.1Т.С.95 / және **жаз* түбірінен жасалған: *жаза*: (*жаза басу*), *жазғыр*=, *жазық*, *жазықты* және т.б. қосады.

**аз* нұсқасымен салыстырғанда *жаз*= етістігі көбінесе ауыспалы мағынасында қолданылады, ал қазақ тіліндегі тура мағынасы тек *көз жазу* тіркесінде ғана сақталған. Қара татарлардың диалектісіндегі *дыас*= етістігінде «мүлт кету», «қателесу» мағынасы бар⁸⁶.

⁸⁶ Кайдаров А.Т. Структура ... 239 С.

Сөйтіп, *адас*= туынды етістігінің байырғы түбірін шамамен былайша елестетуге болады: /й/ жаз~ад~ай.

*** аңқы=**

Моңғол тілінде *аң* лексемасының «саңылау», «қуыс», «жарықшак» мағынасы бар. Одан *аң+a*= «ашық болу» етістігі жасалған. Сондай-ақ, якутша *аң* «саңылау», «кіре беріс», «өткел»; ал *аң+a*= «ашық», қырғызша – *аң* «шұңқыр», «жыра»⁸⁷ /ЮКРС. С.58/. Қазақ тілінде осы мағынадағы *аң* лексемасы тек диалектіде ғана кездеседі /ҚТТС. 1 Т. 271б./.

Негізгі («ашылу») мағынамен қатар, соған сабақтас 1) «таралу», «шығу» (иіс туралы) және 2) «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» келтірілген мағыналары *аңқы* – «екпінмен, бар пәрменмен жүру, қозғалу» (ҚТС. 40б.).

Қараңыз:

Кім жетсін тау баурынан соққан желге,
Дәл сондай *аңқыды* аттар жазық жерде
Тау төсін дүрсілдетіп, дүбірлетіп,
Таласты осы төрт ат Ерейменге.

Осы мағынаны сондай-ақ қазақ эпостарынан да кездестіруге болады:

Кешегі кеткен қосынға
Жетемін деп Қобыланның
Жоқ еді тіпті есінде
Бұлаңдаған Бурылмен
Артық туған Қобыланды
Аңқып жетті бесінде⁸⁸

аң түбірінің жалпы мағынасы – «ашылу», «таралу» (қандай-да бір «саңылау», «қуыс» және т.б., яғни «ашық жер»).

Демек, қазақ тілінде бұл түбірдің жалаң күйінде кездеспейтінін, тек сөзжасамдық қатардағы ортақ семантикалық арқауын байқап, ортақ **аң* түбірін жорамалдай аламыз: *аңғал*, *аңғал-саңғал*, *аңқа*: *аңқысы кебу*, *аңқай*=, *аңқы*=, *аңырай*=, *аңырақай* «желі көп, құмайт, ашық жер» т.б.

***арба=**

**ar* түбірі көнетүркі ескерткіштерінде «алдау», «өтірік айту», «иліктіру» дегенді білдіреді. *Арба*= етістігінің **ar* түбірімен төркіні

⁸⁷ Шалкиіз жырау // Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 19. 44-б.

⁸⁸ С.Е.Малов. Памятники древнетюрской письменности. М., Л., 1961. С.362.

даусыз сияқты көрінеді. Солай болса да, осы етістік түбірінің этимологиясына қатысты ғалымдар пікірі сан алуан. Бірқатар ғалымдар *арба* = негізінің байырғы түбірі «магияны» білдіретін **ab* болып табылады деп тұжырымдайды. Осындай жағдайда *арба* = туынды түбірін метатеза нәтижесі деп те қарауға болады. Мұндай жағдайлар түркі тілінде жиі кездеседі. Қараңыз: *тебре?*~*тербе*, *өкпе*~*өкпе*, *қақпа*~*қапқа* және т.б.

Бұл тұрғыда *ұқса* = етістігін талдау қызығушылық тудырады. Салыстырмалы-тарихи талдаудың көмегімен оның да метатезаға ұшырағандығы анықталуда. Басқаша айтқанда, **ұқса* = тұлғасын байырғы деп санауға болмайды. Дұрысы – *осқа* =. Мұнда **ос* түбірі *осы*, *осындай*, *осылай* сөздерімен түбірлес болып табылады. Осы нұсқаға дәлел ретінде чуваш тіліндегі⁸⁹ *ошқын* «осындай», сондай-ақ алтай тілінде⁹⁰ – *ошқо* = «осындай болу», «ұқсас», *ошқол* «ұқсас», *ошқош* «ұқсас» нұсқалары қызмет етеді.

Жоғарыда баяндалған көзқарасқа байланысты *арба* = етістігімен қазақ тіліндегі мынадай сөздерді түбірлес деп санауға болады: *абжылан*, *абдыра* =, *абыржы* =, *аптық* =, *абыр*: *абыр-сабыр*, *апақ-сапақ*, *апат*, *аптан* т.б.

***апшы** =

Э.В. Севортян өз сөздігінде сондай-ақ *ав* түбірінің қосымша мағынасын көрсетеді: 1) ұйғыр тілінде – «қуу», «спорт»; 2) түрік диалектісінде «қуу», «қуып жіберу» /ЭСТЯ. 1 Т./ Бізге түбірдің осы мағынасы *апшы* = туынды түбіріне жақын сияқты. Семантикалық тұрғыда бұл ойды нақтылайтын осы етістікті басқа да ИЕ-мен жақындастыруға болады: *аптық* =, *апыл* =, *абыржы* =.

Сондай-ақ қазақ тілінде «әбігершілік», «қарбалас», «асығыс» және т.б. жалпы мағынасындағы бірқатар туынды сөздер бар. Қараңыз: *абыр-сабыр*, *апай-топай*, *апақ-сапақ*, *апы кіріп күні шықты*, *апыл-зұпыл*, *апыр-топыр*.

***айық** =

Тұлғасы түркі тілдерінің барлығында дерлік кездесетін туынды түбірлердің, соның ішінде қазақ тіліндегі – *айық* = «өзіне өзі келу»; *айыр* = «жару», «анықтау» т.б.; татар тілінің диалектісіндегі – *айыл* = «есін жию» /ТРС. С.10/, хакас тіліндегі – *айыл* = «ояну», *айын* = «босау»,

⁸⁹Баскаков Н.А. Туба ... С.114 .

⁹⁰Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. СПб., 1907. 1 Т. 100, С.144 .

«сауығу»; *айығ*= «есін жинау» /ХРС. С.21/, көне түркі тіліндегі *ад?γ* «сау», *ад?l*=, *ад?n*= «сауығу» /ДТС. С.14-15/ т.б. құрамы **ай* түбірін табуға мүмкіндік береді. Бұл түбірдің аффикстік морфемамен сіңіспеген түбір тұлғасын Э.В.Севортян өз сөздігінде келтіреді /ЭСТЯ. 1 Т. С.113/.

*** беze=**

Біз қарастырып отырған негізді «әрлеу» мағынасындағы *bediz* сөзімен байланысты қарастырған ғалымдардың пікірімен келісеміз. Бұл *беze=* және *bediz* тұлғаларының ерекше семантикалық негізімен дәлелденеді:

1. *бедиз* «өрнек» (қырғ.), *бедер* (қаз.)⁹¹;
2. *bedi?*=«бірлесіп әрлеу»; *bediz* «ою», «өрнек», «әрлеу»; *bediz*= «безендіру»; *bedizci* «ағашты, тасты оюшы» /ДТС. С.90/.

*** безер=**

**без* тұлғасын біз, біріншіден, чуваш тілінде⁹² кездестіреміз. Қараңыз: *nuc.*= «салқындау», ауысп. «жатырқау», *p?s?r*= «қыраулану» (*p?s* «қырау»). Екіншіден, татар тіліндегі – «қырау» және «қырау түсу» мағынасындағы *безер* етістігі⁹³ /ТРС. С.17/.

Қазақ тіліндегі *безер* етістігінің мағынасы жоғарыда келтірілгендермен салыстырғанда, ауыспалы деп ойлаймыз.

*** бағжи=**

**Бақ*= түбірі А.М.Щербак көрсеткен жалпытүркілік бірбуынды сөздердің тізімінде /ЩФ. С.195/, Көнетүркі сөздігінде /ДТС. С.81/, көне өзбек сөздігінде /ФСЯ. С.197/, қырғыз тілінде /ЮКРС. С.68/ және т.б. деректерде *қара*= деген мағынада кездеседі. Қазақ тілінде *бақ* негізі жалаң күйінде «мал бағу», «күту», «тәрбиелеу», «өсіру» және «бір нәрсені аңғару» (*ізін бағу, көзін бағу*) сияқты тіркестер құрамында ауыспалы мағынада қолданылады. Дегенмен, *бақыла*=, *бақырай*= туынды етістіктерінің *бақ* түбірімен мағыналық жақындығы байқалады.

***балқы=**

«Оттың қызуынан өзгеру, жұмсару» мағынасындағы *балқы* етістігінің қазақ тілінде, сондай-ақ, «елту», «рахаттану», «бал-бұл жану» сияқты ауыспалы мағынасы бар.

⁹¹Батманов И.А. Язык Енисейских памятников древне-тюркской письменности. Фрунзе, 1959. С.55

⁹²Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1964. С.167.

⁹³Л.С.Левитская. Историческая морфология чувашского языка. М., 1976. С.177

Э.В.Севортянның этимологиялық сөздігінде келтірілген *бал* түбірінің басқа да мағыналарын бірге қарау қисынды сияқты: 1) жылтыр, жарқырау; 2) жарық, шағылысу; 3) найзағай – түрік диал.; 4) шағылысу; 5) нұрлану, жылтырау; 6) шұғылалану және т.б. Осының нәтижесінде Э.В.Севортян бастапқы тұлға ретінде **бал* дыбысбейнелеуші негізін көрсетеді: чувашша –*нал* «оттың жануы немесе түтіннің шығуы», қырғызша – *бал-балжан*= «жану», «түтіндеу» (адам туралы), ұйғыр диал. –*бал-балда*= «асқақтау», «серпілу» /ЭСТЯ. II Т. С.56-57/. Сонымен бірге *бал* түбірінен тараған тағы бір сөзжасамдық қатарды көрсетуге болады: *бал, бала, балапан, балауыз, балауса, балбыра*=, *балғын, балдыз, балдыр, балқаш, балшық*. Бұл арада жоғарыда көрсетілген *бал* түбірінің ауыспалы мағынасы айқын көрінеді.

Осы негіздерді **бал* түбірінің семантикалық дамуының нәтижесі немесе өзге омонимдік түбірден тараған деп айту қиын.

**бүлдір*=

В?! түбірі М.Қашқари сөздігінде «қираған», «ескірген» дегенді білдіреді /МК. I Т. С.335/. Қазақ тілінде **бұл* тұлғасы қосымша форманттарсыз кездеспейді, қараңыз: *бүлдір*=, *бүлін*=, *бүлік* және т.б. Р.Сыздықова батырлар жырларында Бұқар жырау, Махамбет шығармаларында және басқа да тарихи жырларда *бүлу*⁹⁴ етістігінің қолданылатынын атап көрсетеді:

Төбесінен ұрды деп,
Шырағым, атқа мін – дейді
Қалың қыпшақ *бүлді* – деп
Көрмегенін көрді деп,
Қобланды да жеткенді.

**сызда*=

М.Қашқаридың сөздігінде *siz*= «ағу», «сорғалау» мағынасында кездеседі /МК. III Т. С.182/, қырғызша – *сыз*= «тамшылау»/ЮКРС. С.675/. Бұл тұлғалар мағынасы бойынша қазақ тіліндегі *сыздықта*=, *сыздықтан ағу* етістіктерімен жақын. Ал *сыздап ауыру* мағынасындағы аффикссіз тұлғасы алтай тілінде кездеседі /249/⁹⁵, қараңыз: *сыс* «сырқырау», «сүйектің сырқырауы». Қазақ тілінде *сызда*=«бебеулетіп, солқылдатып ауыру, ауысп. «шірену», «менменсу», «паңдану» (ҚТС, 594)». Осы

⁹⁴ Р.Сыздықова. Сөздер сөйлейді. Алматы, 1980. 47-б.

⁹⁵ Баскаков Н.А. Диалект ... С. 249

мағынаны «ағу», «сорғалау» есімдік мағынасының семантикалық дамуының нәтижесі, яғни ауыспалы деп тұжырымдауға болады. Қазақ тілінде осындай бірқатар сөздерді табуға болады: *сыздан* = «маңғаздану», «ызғарлану», *сызыл* = «сыпайы мінез көрсету», «кербездену»; *сызыл*: сызылтып ән салу.

Қорыта айтқанда, түбір негіздер ұшыраған семантикалық өзгерістерді, сондай-ақ зерттелетін морфемалардың құрылымдық тұлғасын өзгертуде орын алған фонетикалық процестерді, оның ішінде түркі тілдерінің арасындағы байқалып отырған осы тілдерге тән нақты сәйкестіктерді, сондай-ақ «шекаралық құбылыстар» ретінде дәстүрлі анықталатын, яғни морфемалар тоғысында өтіп жатқан өзгерістерді анықтау (оның ішінде мағыналардың тарылуы немесе кеңеюі, сөзжасам элементінің мағынасын жоғалту және т.б.) морфемалық және модельдік талдау негізінде жіктелетін түбір морфемалардың этимологиялық реконструкциясы сөздің құрылымдық дамуының объективті заңдылықтарын ескеру кезінде ең жақсы нәтижелерге жеткізеді.

Қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеудің принциптеріне сәй мақала үлгілері

Этимологиялық сөздік жасаудың жалпы жобасы түркология саласында біршама қалыптасқан. Ол туралы қажетті мағлұматты біз жасаған сөздіктердің үлгісінен де және сол сөздіктерді жасаудағы ғылыми зерттеулерден де алуға болады. Бірақ кез келген мағлұмат қазақ тілінің этимологиясын ашуға жарай береді деуге болмайды. Жалпы мәселелерді болмаса, этимологияның нақты мәселелерін шешуге ондай мағлұматтардың бәрі бірдей толық жарамайды.

Міне, сондықтан этимология қағидалары әрбір тіл бойынша жеке қарауды талап етеді. Мысалы, қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтары мен тілдік қалыптасуының басқа тілдермен кейбір ұқсастығы болса да, оған негіз болған тарихи және мәдени себептері, қол жеткен өркениеті әр түрлі. Сондықтан **“Қазақ тілі этимологиялық сөздігінің”** ғылыми принциптерін жеке арап, оны дәйектейтін көрнекті тілдік деректердің этимологиялық үлгілерін көрсетуді жөн көрдік.

Қазақ тілінің де түбір сөздерден тарайтын, жалғамалы тілдердің тобына жататыны белгілі. Жалғамалы тілдерде түбірге жалғау-жұрнақтар өз тәртібімен, бірінен кейін бірі жалғанып, түбірлер көбіне-көп

туынды түбір түрінде қолданылады. Ал ілкі түбірлер тілімізде мағынасы күнгірттенген, жеке-дара қолданыла бермейтін, дыбыстық өзгерістерге көп ұшырайтын, т.б. құбылыстарға көп душар болатын элементтер ретінде сөз құрамында көбіне “жасырын” күйінде тұрады.

Осы тұрғыдан қазақ тілін этимологиялық тұрғыдан пайымдап қарайтын болсақ, түбір сөздердің бәрі бірдей, мағынасы өте кең, жеке-дара қолданылатын элементтер емес. Біздің пайымдауымыз бойынша, “түбір”, “түбір сөз” деп аталатын элементтердің барлығы – тіл-тілдің бәрінде де оның даму, қалыптасу тарихымен бірге ең көне замандарда шыққан және әрбір тілдік ортада тілдің ішкі даму заңдылығы мен тілден тыс себептерге байланысты өзгеріп, қалыптасып, дамып, өзгеріп келген құбылыс.

Бұл өзгерістердің барлығы – тілдердің тұрақтанған бүгінгі қалпында әлі де сақталып келе жатқан құбылыс. Осыған байланысты қазақ тіліндегі барша түбір сөздерді ең алдымен төрт түрлі топқа бөліп қарауға болады:

1. Балама түбірлер. Бүкіл түркі тіліндерінің көпшілігінде кездесетін бір буынды сөздердің соңғы және ортаңғы дыбыстары ыңғайлас дыбыстарына өзгеріп, бірақ мағынасы сақталатын түбірлер. Соның нәтижесінде бір түбірдің мағынасы бір-екі түбірге, кейде үш-төрт түбірге айналуы мүмкін. Олар тұрақты (негізгі), біреуінің баламасы ретінде қолданылады.

Мәселен, қазақ тіліндегі “май” деген ұғымның баламасы ұйғыр тіліндегі *jaj* деген түбір. Дәл сол түбір қазақ тілінде де *jaw* түрінде “май” мағынасында қолданылады екен. Мысалы, *жауқазын* “дикорастущая съедобная трава”, *жаубүйрек* “название пищи, изготовляемая из жирной печени только что зарезанного барана” [1].

Бұл келтірілген мысалдардағы (*жауқазын*, *жаужымыр*, *жаубүйрек* т.б. сөздердің уәжі “маймен» байланысты екенін Қ.Жұбанов, К.Мусаевтың қазақ тіліндегі «көздің жауын алады» дегендегі қолданыс пен салыстырып көрсеткені белгілі [2].

Бұл арада “майдың” мағынасындағы “жау” түбірінің балама ретінде қолданылуын айқындауға этимологиялық мүмкіншілік берсе, оның *jaj*, *jaw*-дан басқа вариантта да қолданылатынын көреміз.

Этимологиялық тұрғыдан талдағанда келтірілген түбірлердің әрқайсысының өз ерекшеліктеріне байланысты өзіне әр түрлі қырынан назар аударатын ерекшеліктері болады. Мысалы, этимологиясы анық-

талушы сөздің түбірі есім түбір ме, жоқ әлде етістік түбір ме. Осы ерекшелігін ажыратып алудың өзі жалпы туынды тұлғаның болмысына, мағынасына әсер етеді. Еліктеуіш сөздер тілде көбінесе түбір күйінде, заттанған қалпын білдіретін тиісті идеографтармен бірге айтылады. Мысалы, *тарс, шарт, шырт, қарқ, ірк, шолп, қылт, қалт, күрт, сырт, были, тарқ, қылт* т.б. Бірақ оларды сөздікте күрделі етістік тұлғасында бергенді жөн деп есептейміз.

Мәселен, қазақ тіліндегі *ur* түбірі және оның әр түрлі (-ur || -uw || өр || ur) варианттары тек қазақ тілінің өзінде ғана кездеседі. Мысалы: *ру* – (ру-тайпа) сөзінің негізгі түбірі ретінде тайпа құрайтын аталардан тұратын этникалық топты білдіретіндігін жақсы білеміз. Міне, сол түбірдің жалпы мағынасын – “адам баласы ұрпағының таралуы, адам баласының шығу тегі, жаратылысы, туыстық қатынасы, жасөспірім, ұрпақ” т.б. деген жалпы мағына ауқымында алсақ, осы түбір сөзден өрбіген мына төмендегі туынды түбірлерді көрсетуге болады: Шу қазақтарының тілінде – “туыс, сүйектес, рулас” мағынасында – *ұрық* (<ұр-ық) сөзі, ертедегі ру-тайпалардың ұранын (“ключ”) білдіретін *ұран* (<ұр-ан) сөзі, “туған-туысқан, кейінгі жас ұрпақ” мағынасындағы *ұрағат//жұрағат* (ұр-ағат) сөзі, “ұрпақ тарату қасиетіне ие, ана мағынасын білдіретін *ұрғашы* (о баста –ur-ur-st) сөзі”, “нәсіл, тұқым, жұрағат, өрен” мағынасын білдіретін *ұрнақ* (ұр+пақ) т.б.

Сонымен бірге, түбір сөздердің дауысты дыбыстардың, кейде дауыссыз дыбыстардың да сәйкес дыбыстарына өзгеруіне байланысты балама түбірлердің пайда болуы да кездеседі. Мысалы, қазақ тілінің өзінде: сөз басындағы *үрім* (<үр-ім) сөзінің (*үрім-бұтақ* – “бір адамнан тараған ұрпақтар, зәу-заттар, нәсілдер”), “ү”-ның жіңішке “ү”-ге ауысуы арқылы жасалған жаңа сөз, бірақ этимологиялық тұрғыдан *үр//ұр* екеуі де гомогенді (тектес) түбірлер.

Ұр түбірінен тараған туынды тұлғалардың біразын біз Махмұд Қашғаридың (XI ғ.) “Диванынан” да кездестіреміз: *ұрағат* “әйел, ұрғашы”, *ұран* (“боевой ключ”), *ұры* “сын”, “мальчик”, “юноша”, “мужское потомство”, *ұрылан* – “родить мальчика”, *ұрұғ* – “зерно, семья, косточки”, *уруғлұғ* “родовитый, знатный, благородный”, *ұруғсұз* “без потомство” т.б. Бірақ бұл түбірлер Махмұд Қашғари заманында, тіпті одан бұрынғы Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде *деұр//үр//өр//ыртүбір* нұсқалары ретінде жеке-дара кездеспейді. Соған қарағанда, бұл түбірлердің төркіні тілдің тереңінде жатса керек. Алайда, олар ерте ғасырға дейін (VI-VII ғғ.)

ұмыт болса да, өзінің бір кездегі жиі қолданылуы арқасында тамырын терең жайып үлгерген, сондықтан да бұл түбірлер күні бүгінге дейін тіл қажетін атқарып, түркі-моңғол тілдерінде сақталып келеді. Шет тілдерден енген элементтерде мұндай қасиет бола бермейді.

Мұндай байырғы түбірлер тілімізде көп-ақ. Сондықтан этимологиялық сөздік жасауда ерекше көңіл бөлетін нысандардың бірі – бір буынды, көп мағыналы, фонетикалық тұлғасы өзгермей, мән-мағынасы күңгірттенуге ыңғайлы, қолданысы ылғи “жасырын” тұлғалар. Тіпті, кейде түркі-моңғол тілдеріне ортақ бір байырғы түбірдің сол тілдердің 20-30-да өзгерген түрінде кездесетін гомогенді нұсқалары бар. Осыдан байырғы түбірдің біреуінің этимологиясын айқындау арқылы басқа нұсқаларының сырын ашып беруге болады. Бұл туралы “Словарь Б.И.Вербицкого как исторический источник исследования структуры тюркских моносиллабов” деген мақалада толығырақ айтылған [3].

Түркі тілдерінің біразында қолданылатын бір буынды байырғы түбірдің 6 түрлі классикалық типінің (Г, ГС, ГСС, СГ, СГС, СГСС) 270-300 нұсқасын (туынды тұлғасын) салыстырып келтіргенбіз. Соларды қайталап, байырғы түбір ретінде (дыбыстық өзгерістермен қолданылып, ұқсас мағыналары да әр дәрежеде жұмсалып жүрген) қолданылып жүрген мынадай нұсқаларын көрсетуге болады:

“Круг”, “кружок”, “круглый”, “кругом”, “вокруг” мағыналарында;

алт. *tegerik* (тегерик) – *tegilek* || *teglek*;
 тыв. *t?gerik* (төгерик) – *d??rbek*;
 хак. *tegilek* (тегилек) – *tojilax* (тогылах);
 қырғ. *d?ηg?l?k* (дөңгелек);
 тат. *t?g?r?k* (түгәрәк);
 башқ. *t?η?r?k* (түңгәрәк) – *timalag* (тумалаг);
 ноғ. *t?g?rek* (т?герек) – *timalag* (тымалақ);
 қаз. *d?ηg?l?k* (дөңгелек)– *t?g?r?k* (төгерек);
 азерб. *d?jir* (дәјир) – *dajirmi* (дајырми);
 өзб. *t?garak* (т?гарак) – *domoloq* (думолок);
 ұйғ. *d?gl?k* (дөгләк) – *d?glak* (дүгләк);
 караим. *teg?r?k* (тегярәк).

“Колесо”, “кольцо”, “обруч” мағынасында:

алт. *tegilek* (тегилек);

тыв. *dʔʔrbek – duguj – dʔrbek*;

хак. *tegilek* (тегилек);

қырғ. *döngölök – tegirčik* (колесо малой телеги);

тат. *tʔgʔrmʔc*;

башқ. *tʔgʔrmʔs – dʔηgʔlʔk*;

ноғ. *tegeriʔik – dʔηgelek*;

қаз. *tegeriʔik – dʔηgelek – döngalaq*;

азерб. *tʔkʔr*;

түр. *tekerlek*;

өзб. *dʔηgʔlʔk*;

ұйғ. *dʔηgilak* (диал.) – чах;

қараим. *kürčäk*.

3) “Мельница” мағынасында:

(номинация по внешности круглого жернова – Вербицкий – 345)

алт. *teerbe – teermen – terben*;

тыв. *dʔrbe*;

хак. *terben*;

қырғ. *tegirmen*;

тат. *tegerman*;

башқ. *tirman*;

ноғ. *dijirmen*;

қаз. *dijirmen*

азерб. *dʔjirman*;

түр. *degirman*;

өзб. *tʔgmʔn*;

қараим *tegrmjʔn*.

Жоғарыда аталған номинанттарға ұқсас дөңгелек заттардың атауы:

1) “кружок”, “маленькая монета” мағынасында: алт. *tegileč – tegilegeč* – “кружок”, “маленькая монета”; *пеш акчаний тегеледеč* – “монета в пять копеек”;

2) туынды түбірлердің осы қатарына башқұрт тіліндегі *тәңка*
1) “чешуя”

3) қазақ тіліндегі *теңге* “денежная единица” (разногодостоинства – золото, серебро, круглая монета); отсюда *теңгебалық* – “чешуйчатая рыба”;

Бұл сөз бен этимологиялық жағынан туыстас: **моңғ.** Тіліндегі *түгирик* “деньги” сөзі. Салыстырыңыз: **алт., тув.** *tegerik, tögerik*, **қаз.** *тоға* “бляха”; **үйғ.** *тәңгә - тоқа*; **өзб.** *туқа* “бляха”; **қырғ.** *tegirmek* “малая юрта”; **қаз.** *tegeri?* – тоже; *тегершик* – дөңгелек (диал.)

4) бұл атауға байланысты ұқсас заттар: **үйғ.** *тәңнә* “корыто”. Салыстырыңыз: **қаз.** *тегене* “большая шашка”; *тең* “тюк”, *теңки* “сгибаться задней частью”; **өзб.** *догара*; **түрік.** *текпе* “корыто”, **тат.** *тигәнә* “корыто”, “колода” т.б.

Бұл келтірілген мысалдардың бәрінен бірдей бөлініп шығатын гомогенді түбір тілдердің ұзақ тарихы даму дәуірін, бір белестен екінші белеске өту мерзімін сатылап көрсетеді. Түпкі түбір сөз барлық туыс тілдер үшін бірдей, не бір-біріне ұқсас екендігін көрсетсе де, түпкі түбірден туынды түбір жалғау-жұрнақ қабылдап, алыстаған сайын, оның тұлғасы өзгере бергенін көреміз.

Сөйтіп, о бастағы шығу тегі бір байырғы түбір бірінші сөз басындағы дыбыстары [*m~g*] аумағында өзгеріп, сөз ортасындағы буын құраушы дауысты дыбыс – [*ә~е~о~ө~ү*] дыбыстар аумағында өзгеріп, ал буын аяғындағы дауыссыз дыбыс [*f~г~ң~й~қ*] дыбыстар аумағында өзгеріп балама түбір тұлғасын көбейтіп отыр. Олардың нақтылы тұлғалары мыналар: *тәг ~ тег ~ төг ~ түг ~ түң ~ тәк ~ тек ~ төң ~ тей ~ дәг ~ дай ~ дөң ~ доң ~ дөг ~ дій*. Бұлардың ішінде бастапқы мағынасын сақтап қалған байырғы түбір – **дөң*.

Бұл дыбыстардың нұсқасында сингармониялық өзгеріс, олардан туған туынды түбірлер де көп. Міне, этимологияны анықтаудың оңай болмайтыны да содан.

Мәселе сөздің жалғау-жұрнақ пен түбірдің қиюласқан шекарасынан туындаған жігіндегі қиындықта болып отыр. Ол өзгеріс екі жаққа түбір тұлғасына да, жалғау-жұрнақ тұлғасына бірдей әсер етеді. Жоғарыда келтірілген бір түбірдің 12-13 түрлі нұсқасы [*teg~t?g~nog~t?g~q?ң~tom~tuq~daj*] шыққан кезде негізгі түбірді табу қиынға соғатыны сөзсіз.

Шет сөздер емес, байырғы төл сөздерге этимологиялық талдау жасау тәжірибесі басқа тәсілдерден гөрі сөздің түбірін анықтауға көңіл бөлудің маңыздылығын көрсетіп отыр. Өйткені түбірін тапқаннан кейін, оның сөз жасам модельдері бойынша туынды түбірлерін, яғни сөздің өзін анықтау қиынға соқпайды.

Бұл туралы түбір құрылымын зерттеуші М.Ескеева былай дейді: «Жалпы тіл білімінде *қ/к, г/г, х, һ* дыбыстарының туыстығы талас

тудырмайды, олардың кей жағдайда бір тіл ішінде де, тілдер арасында да фонологиялық жағынан ажыратылмауы да генетикалық жақындықтың көрінісі. Әсіресе, сөздің абсолют соңында түркі тілдері арасында *қ/к, ғ/г, х, һ* дыбыстарының ешқандай мағыналық мән жүктемей алмасып жатуын жиі кездестіреміз: түрікмен тілі говорларында *qirk-qirq-qirh* «сорок», татар әдеби тілінде – *vaqa* – түмен говорында – *paqa* «ягушка»; чуваш тілінде – *saxal* – қазақ тілінде – *saqal* «борода», қаз. тілінде – *zaqa* – ноғай тілінде – *jaqa* – құмық тілінде – *jaqa* – қырғыз тілінде *zaqa* – якут тілінде – *saha* – хак. тілінде *ṣaqa* – чуваш тілінде – *suxa* «воротник» [4].

Бұл байырғы баламалы түбірлердің түркі-моңғол тілдерінде заңды құбылыс екенін нақты мысалдар келтіріп, дәлелдеп отыруымыздың себебі – баламалы түбірлердің өзінен тараған туынды балама түбірлері тіл болмысында сақталып, мағынасы ашылмай, құпия түрінде қала беруі мүмкін. Ал, бұл тәрізді балама түбірлердің әрбірі жалпы түркі-моңғол тілдерінде 2-ден 300-ге дейін жеке топ құрап, олар тіл дамуының әр түрлі деңгейін көрсетеді. Этимологиялық сөздік жасаушы зерттеушілердің баламалы түбірлерді ескермеуі – тіл заңдылығын толық ашпау деген сөз. Баламалы түбірлердің біразы түркі тілдері бойынша А.Вамбери, М.Рясянен, Г.Клаусон, Э.В.Севортян, Н.И.Золотницкий, В.И.Вербицкий сынды ғалымдардың сөздіктерінде бір жерде жинақталып берілген [6]. Бұл туралы толығырақ ғылыми-дәйектік талдау мен түсініктемені мына еңбектерден қарауыңызға болады (А.Т.Кайдар. Структура односложных корней основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986; Ж.А.Манкеева. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. Алматы, 2010; т.б.).

2. Синкретті түбірлер. Түркі-моңғол тілдерінің барлығына тән құбылыстың бірі – бір түбірдің әрі етістік, әрі есімдік қасиетіне ие болған бір түбір болуы. Бір түбірдің бір тілде екі жарылып, екі түрлі қызмет атқаруы бекер емес, этимология тұрғысынан өте маңызды құбылыс. Мысалы, *көш* деген есімнің сол қалпында тұрып-ақ, етістік мағынасында қолданылуы -ешбір заңдылыққа сай келмейтін жағдай, бірақ түркі тілдерінде бұл жағдай ертеден-ақ бар, күні бүгінге дейін де сақталған.

Көш есімінің этимологиялық параметрі есімдік, ия етістіктік грамматикалық белгілердің (септелуі, жіктелу, сөзжасам аффикс, суффикстерін қабылдауы т.б. ерекшеліктерінің) бәрін түгел қабылдай бермейді. Мәселен, кейбір түбірдің табиғатын анықтау үшін, сөзжасам моделінің заңдылығына сүйеніп, етістік пен есім сөздердің осы заңдылықтарын қолдансақ, олардың екі категория екендігі айқындала

түседі. Демек, этимологиялық талдау жасағанда синкретті түбірлердің екі қызмет атқарып тұрғанын бірден байқаймыз. Бұл – этимологияның дұрыс шешілуінің бір кепілі.

Синкретті түбірлер көбінесе бір буынды сөздерден жасалады. Сан жағынан олар басқа түбірлерге қарағанда онша көп емес. Бірақ бір өзінің екі қызметі тең атқаруы арқылы мағынасын екі еселейді.

Синкретикалық түбірлердің біреуі кейде тілде фонетикалық тұлғасын өзгертіп те қолданылады. Мұны біз “жасырын синкретикалық түбірлер” деп атадық. Синкретикалық түбірлерді арнайы зерттеген Е.З.Қажыбеков оның әр алуан қасиеттерін ашып көрсетеді. Ең басты синкретикалық түбірлердің негізгі қасиеттері – қосфункционалдық. Осы тұрғыдан ол этимологиялық талдауда өте қажетті қызмет атақарады. Түбірдің есім бе, жоқ әлде, етістік пен екенін айырып беру бұл арадағы этимологияда – бірінші міндет. Бұл туралы ғылыми-деректікті дәйекті Е.З.Қажыбековтің «Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках» (Алма-Ата, 1986) атты еңбегінен табасыз.

3. Еліктеуіш, елестеуіш, бейнелеуіш сөздер түбірі. Қазақ тілінде, жалпы жержүзі тілдерінің бәрінде де қолданылатын (орысша – ономотопэтикалық сөздер деп аталатын) категорияның түбір құрау тәсілі өз алдына ерекше. Еліктеуіш түбірлер категориясына жататын түбірлер бір-біріне өте ұқсас, туынды түбірге айналу тәртібі бірін-бірі қайталайтын тәрізді. Мұндай түбірлердің көпшілігі бір буынды, кейбіреулері жалпы мағынасын сақтаған, көпшілігінің о бастағы байырғы мағынасы ұмыт болған. Бұл түбірлердің көпшілігі ертеде табиғаттағы жарық-сәулеге еліктеуден, табиғаттағы әр алуан қимыл-әрекетті елестетуден, образды бейнелеуден туындаған. Бұл түбірлер басқа сөздердің түбірлері сияқты тілде бір қалпын сақтайды, қалыптасқан сөзжасам модельдерімен туынды буынға айналып отырады. Сөзжасам модельдері міндетті түрде етістік жұрнағымен аяқталып, мағына беретін дыбысты – идеофонды өзімен бірге қамтып отырады. Мыс.: *тарс* > *тарсылда*, *шаңқ* > *шаңқылда*, *желп* > *желпілде*, *ерб* > *ербеңде* т.б.

Еліктеуіш сөздерге көп мамандар менсінбей қарайды. Ал, олар шын мәнісінде тілдегі өте күрделі мәселе (2000-дай түбір бірліктер). Атқаратын қызметі де күрделі, ал шығу тегі жағынан ең байырғы, тіпті дыбыс тіліне дейінгі дәуірде қызмет істеген категория.

Оның атқарып келе жатқан еліктеуіштік, елестеуіштік және бейнелеуіштік қызметі күні бүгінге дейін қимыл етістіктерін толықтырып,

бейнелеп айтуды әр түрлі үлгіде жүзеге асырып келеді. Еліктеуіш етістіктер қалыптасқан тұрақты тұлғасы болмаса да, сөздіктерде беріліп, тілді байытуға қатысады.

Этимологиялық сөздіктерде олардың тұрақтанған талдауы қалыптасқан. Еліктеуіш түбірлері (еліктеуіш, елестеуіш, бейнелеуіш түбірі ретінде) бір түбір ретінде анықталады. Сондықтан да сөздікте берілетін анықтама да үшеуіне бірдей десе де болады. Атап айтқанда: біріншіден, ең алдымен жалпы мәтінге қарап еліктеуіштің бір буыннан тұратын түбірі айқындалады; мағына бейнелі әрі жалпылама түрге ие; екіншіден, түбір және міндетті түрде түбірмен бірге тұратын бір дыбысты идеофон келтіріледі; үшіншіден, әрекеттің – еліктеуіштің заттануын білдіретін *-ыл//іл* форманты көрсетіледі, одан соң оны етістікке айналдыратын 8 жұрнақтың сингармониялық варианты келтіріледі.

Сондықтан еліктеуіштердің талдауы төмендегіше беруді қалайды:

Тарсылда– еліктеуіш түбірі *тар*-ға, бір рет қайталауын білдіретін *-с* идеофоны, оған көп рет қайталанатын және процестің заттануын білдіретін формат *-ыл* жалғанып, одан соң *-да* етістік жұрнағы жалғанып, бір заттың бірнеше рет жаңғырып қатты шыққан ащы дауысын білдіретін күрделі еліктеуіш.

Шаңқылда– еліктеу түбірі *шаң*-ға, бір рет қайталауын білдіретін *-қ* идеофоны, одан соң оның көп рет қайталануын және процестің заттануын білдіретін формант *-ыл* жалғанып, одан соң міндетті түрде етістік жұрнағы *-да*-ны қабылдап, шаңқылдап ащы шығатын күрделі етістік еліктеуішін жасап тұр.

Жыбырла– еліктеуіш түбірі *жы*-ға, белгісіз қимылдың бір рет қайталануын білдіретін *-б* идеофонын, одан соң оның көп рет қайталануын және процестің заттануын білдіретін формант *-ыр* жалғанып, күрделі бейнелеуішті көрсетеді.

Қыбырла– еліктеуіш түбір *қы*-ға қимыл-әрекетті білдіретін процеске бір рет қайталануын айқындайтын *-б* идеофоны, одан соң көп рет түбірдің қайталануын және заттануын білдіретін формант *-ыр* жалғанып, күрделі қимылын бейнелеуші күрделі баяндауыш елестеуіш.

Пұшты– бейнелеуіш түбірі *пұш*-қа бір рет елестеуді білдіретін *-т* идеофоны, одан соң оның пұшықтану әрекеттенуін бейнелейтін етістік жалғауы *-ый*-ды жалғау арқылы күрделі бейнелеуіш етістікті білдіріп тұр.

Состый – бейнелеуіш түбірі *сос*-қа бір рет елестеуді білдіретін *-т* идеофоны, одан соң оның әрекетпен тартылу қалпын бейнелейтін етістік

жалғауы **-ый**-ды жалғау арқылы күрделі бейнелеуіш етістікті білдіріп тұр.

Ербиі– бейнелеуіш түбірі **ер**-ге бір рет қайталауды білдіретін **-б** идеофоны, одан соң оны әрекеттен – бейнесінің көз алдына елестеуін білдіретін қалпын көрсететін **-ій** етістік жалғауын жалғау арқылы жасалып тұр.

Қорбаңда – бейнелеуіш түбірі **қор**-ға бір рет әрекетін білдіретін **-б** идеофоны, одан соң оның үйлесімсіз қозғалысының (қорбаңдауын) білдіретін **-аң** формантын және етістік аффиксі **-да**-ны қабылдап, күрделі бейнелеуіш етістікті көрсетіп тұр.

Салпаңда– бейнелеуіш түбірі **сал**-ға бір рет қайталанатынын білдіретінін **-п** идеофоны, одан соң қайталанып тұратын әуреленген қозғалысын және **-аң** жұрнағы, **-да** етістік жұрнағы жалғануы арқылы күрделі етістік еліктеуіш жасап тұр.

Селкілде– бейнелеуіш байырғы түбірі **сел**-ге бір рет қайталануын білдіретін **-к**-ге, одан соң оның дірілдеуін тұрақты етуге арналған **-іл**-ді, оған етістік жалғауын жалғағанда, күрделі етістікке айналады.

Қарқылда– еліктеуіштің байырғы түбірі **қар**-ға бір рет қайталауын, одан соң көп рет және заттануын білдіретін **-қ** идеофоны жалғанып, одан етістік тудыратын **-ыл** форманты және **-да** жұрнағы жалғанып күрделі еліктеуіш етістікті білдіретін тұлға жасалып тұр.

Ақырай– бейнелеуіштің байырғы түбірі **ақ**-қа, заттануын білдіретін – «ала көзімен қарау» қалпын сипаттауды бейнелейтін түбірге **-ыр** жалғауын және етістік **-ай**жұрнағын жалғау арқылы күрделі бейнелеуіш етістік тұлға жасалып тұр.

Жалпы айтқанда, еліктеуіштердің түрлі сөзжасам моделі арқылы түрленетін түрлі еліктеуіш қолданысқа енеді. Олардың бәрі еліктеуіш категориясының негізгі лексикографиялық тұлғасы болып саналады және негізгі (тұрақты) тұлғасы болып қабылдануды талап етеді. Этимологиялық талдау да сол тұлғаны негізгі деп қабылдайды. Ол сөзжасам тұлғалары мыналар:

-ыйды – 1. қампыйды, томпыйды т.б.

-ыра – 2. бұрқыра-, жылтыра-, барқыра-, құлдыра-, сылдыра-, саудыра- т.б.

-ылда – 3. бұрқылда-, жалтылда-, шаңқылда-, тақылда-, тоқылда-, т.б.

-ылда – 4. тарсылда-, күрсілде-, тырсылда-, т.б.

-аңда – 5. қылмаңда-, сумаңда-, жылмаңда-, т.б.

-алақта – 6. ұйпалақта-, жапалақта- т.б.

-лекте – 7. елбелекте-, т.б.

-ылда – 8. қорсылда-, торсылда-, тоңқылда- т.б.

-таңда – 9. тыштаңда-, томпаңда-, шолтаңда- т.б.

-леңде – 10. көлбелеңде-, шайқалаңда-, елпелеңде-, т.б.

Сол сияқты *гу-уле-, ақый-, қыдый-, дүр ет-, гүр ет-, зыр ет-, уу-ле-, көк-ій, кід-ій, тырқ ет, дік ет, ыр ет, қалт-ый-, жар-б-ый-, шыр-ыл-да, жалт-ылда-, селт-ій, тыр-б-ый, дүр-іл-де, сарт, тылтый, кір-б-ій, дір-іл-де, қор-ыл-да* т.б.

Сонда *еліктеуіш, елестеуіш және бейнелеуіш* туынды түбірлерінің үшеуінің де ресми байырғы түбірі олардың идефондарымен қоса (мыс.: *тарс, шарт, шырт, қарқ, ірк, шалп, қылт, қалт, томп, момп, күрт, бырт, былш, тырқ, тарқ*, т.б. осы сияқты) анықталады. Бұлар – осы қалпында жалпылама мағына беретін процестің бір рет қайталануын білдіретін, өзгермейтін түбірлер. Түбірдің бұл негізгі бөлігі өзгермейді де (бөлшектелініп қолданылмайды), жалпылама мағынасын түсіндіруге болады.

Түбірдің көрсетілген бөлігінің өзгермейтіндігіне байланысты идеофоннан кейінгі заттану жұрнағы мен етістік жұрнағы тұрақты форманттар болып саналады.

Сонымен, *еліктеуіш, елестеуіш және бейнелеуіш* түбірлері тұлға жағынан біркелкі түбірлер, сондықтан оларға берілетін жалғаулар да бір-біріне ұқсас. Олардың жалпы саны 4-5 мыңға жетеді. Қазақтың дыбыстық тілі (бұл –ым-ишара тілінен кейін пайда болған тіл) о баста осы үш құбылысты – *жарық-сәуле (жалт-жұлт, жарқ-жұрқ* т.б.), *қимыл-әрекетті (арбаң-құрбаң, далбаң-далбаң, тыртың-тыртың* т.б.), *бейнелік құбылысты (ербең-ербең, қалт-құлт* т.б.) білдіретін түбірлерді құраған. Сондықтан да бұл түбірлер тілдің басқа түбірлерінен өзгеше, әрі өзінің байырғылығымен ерекшеленеді, мағынасы жалпылама түрде. Этимология жағынан бұл түбірлер басқа түбірлерден өзгешелігімен сипатталады. Бұл түбірлердің тілдік болмысы мен ғылыми-талдамалық дәйегі Ә.Қайдардың және К.Ш.Хұсайынның еңбегінде берілген (Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алматы-Ата, 1986; Хусаинов К.Ш. Звукоизобразительность в казахском языке. Алма-Ата, 1988).

4. Дара түбір. Біз *дара түбір* деп бір буынды түбірден тұратын, барша түркі тілдерінде туынды, әрі тіркестердің құрамында қолданылатын

жеке-дара мағынасы бар, не ол мағынасы ұмыт болған мыңдаған сөздерді атадық (А.Т.Қайдар. Структура односложных корней основ в казахском языке С.187-312). Этимологияның негізгі мақсаты – осы типтегі түбірлердің өзін, мағынасын, қолданыс ерекшеліктерін, түбірлік функциясын анықтау.

Дара түбірлерге тілімізде жеке-дара мағына беретін, не белгілі бір тіркестермен ғана, не күрделі сөз құрамында ғана қолданылатын (біз олардың тізімін мысалдармен береміз) түбірлер жатады.

Барлық саны – 2712. Оның 508-і – ілкі еліктеуіш түбірлер.

Дара түбірлердің бірінші түрі:

- **Көн* > *көңші* – изготвитель простого сорта кожи;
- **Көң* > *көңіл* – сердце, желание, охота;
- **Көп* > *көпей* – самый младший из детей;
- **Көр* > *көрбай-жербай* – всякая всячина;
- **Көс* > *көсти* – вытянуться перед, торчать;
- **Күз* > осень;
- **Күл* > *күлте* – пучок, пучкообразный;
- **Күң* > *күңшіл* – завистливый;
- **Кілт* > *кілттеу* – закрыть на замок
- **Қай* > *қайна*; *қайық* бурлить, скипеть; лодка;
- **Тал* > *тал түсте* – ровно в полдень;
- **Тым* > *тым-тырыс*- кругом тишина;
- **Қақ* > *қақ бастан*- ровно по лысой голове;
- **Тыр* > *тырдай жалаңаш*- совершенно голый;
- **Тым* > *тым жақын* – совсем близко;
- **Тақ* > *тақ сол жерде* – ровно в том месте;
- **Күң* > рабыня;
- **Күр* > *күрең* – темно-рыж;
- **Кілт* > ключ, отмычка т.б.
- **Қай* > *қайна* – бурлить, скипеть;
- **Қақ* > *қақпа* – ворота; **қап* > *қапка* – ворота; (метатеза құбылысы)
- **Қай* > *қайық* – лодка т.б.

Этимологиялық сөздік түзудегі негізгі қиыншылық осы типтегі байырғы түбір мен туынды түбірді айыруға байланысты. Өйткені туынды сөздердің құрамындағы байырғы, бір буынды түбірлердің мағынасының айқындарымен қатар көпшілігі мүлдем, не жартылай ұмыт болғандар. Мысалы, *қай* түбірі – ұмыт болған түбір, бірақ салыстыру

арқылы (салыст. *қаймақ, қайран* т.б.) оның түркі тілдерінде о баста “сұйықтық бетінде қалқу” деген жалпылама мағынаны білдіруіне байланысты **қайық** сөзінің жасалғанын анықтауға болады.

Мұндай түбірлер тек зерттелуші тілдің өзінде ғана емес, туыстас түркі тілдерінің бірі болмаса бірінде кездесіп қалуы мүмкін. Этимологиялық ізденіс барысында оны пайдалануға болады.

Дара түбірлердің **екінші түрі** кейбір тұрақты сөз тіркестердің құрамында негізгі компонент ретінде қолданылуы мүмкін. Олардың көпшілігінің мағыналары күңгірттеніп, кейбіреулерінікі ғана айқын болуы ықтимал. Олар этимологиялық жағынан ізденісті, басқа ұқсас элементтермен салыстыруды талап етеді. Өйткені олар осы тұрғанында жеке-дара тұрса да, даралығы шартты түрде. Олар дара түбірлердің екінші түріне жатады:

- ***Тоқ** >тоқ етері
- ***Қақ** >қақ ортасы
- ***Шырқ** >шырқ айналу
- ***Тым** >тым-тырыс
- ***Тап** >тап болу
- ***Тал** >тал бойы
- ***Хан** >хан талас
- ***Шыр** >шыр бітпеген
- ***Ор** >ор қоян

Бұл тәрізді дара түбірлер тілімізде мыңдап саналады және олардың сол қалпындағы мағынасын ашу қиындыққа соғады. Олардың да біразын өз тілімізден тапсақ, біразын көрші туыс тілдерден табамыз.

Дара түбірлердің **үшінші бір тобын** құрайтын түбірлердің архетиптік мазмұнында мифтік этномәнерлік мағыналар сақталған.

Мысалы, **АЛАМАН** – мағынасы кең, әрі теріс әлеуметтік түсінікті білдіретін сөз. “Ала” сөзінің қазақ т.б. түркі-моңғол тілдерінде “ала” сөзімен бірге қолданылатын культтық, мифологиялық теріс мағынаны – “ала жіп”, “алаш”, “алатопалаң”, “алақоржын”, “аламан”, “аласапыран”, “аластау”, “алауыз”, “алашапқын”, “аласұру” т.б. мағыналарын білдіретіндігіне байланысты *аламан* сөзінің этимологиясын да ашу қиындай түседі[7,].

Дегенмен, *аламан* сөзіне жасалған кейбір этимологиялық талдауларға шолу жасап көрелік. Зерттеушілердің кейбіреулерінің бұл атаудың “ала” “пестрый” мағынасынан туындаған деген пікірді қолдағаны,

ал қазақ совет энциклопедиясында (I-т.) моңғол тілімен байланыстырылып, *арыстан, бұлан, құлан, жылан* т.б. сөздерінің моделінде жасалған және «олардың тышқанның, дәнге тоймайтын қомағай жәндіктің інге ұқсайтын ұртына теңеуден туған» деген жорамалына көңіл толмайды. Автор өзінің бұл пікірін: “Біздің болжауымызша “аламан” атауы “ін” мағынасын беретін “алаш” сөзімен байланысты болса керек. Әрине, бұл жерде біз “аламан” атын оның (*аламан тышқанның* – А.Ә.) інде тұруымен ұштастыруынан аулақпыз. Сөз болып отырған тышқанға тән, соған ғана меншікті бір қасиет бар. Ол қасиет – аламанның ұртының көлемі жағынан аумақтылығы, ол сол арқылы ол дәнді молырақ қамтып, інді лезде толтырып алуында. Оның дәнге толтырып алған екі ұртының алған өзінде-ақ кішігірім ін толып қалады екен. Осы қасиетін аламан тышқанның еске алғандықтан болар, оны кей жерлерде халық “алақоржын” деп те атайды» деп түсіндіреді [ҚСЭ, I].

Көріп отырғанымыздай, бұл жерде “аламан” атауының адамдар тобы туралы емес, егіске үлкен зиян келтіретін ашқарақ та, озбыр тышқанға қатысты сөз болып отыр [ҚТТС I; ҚТДС I]. Бір томдық «Қазақ тілінің сөздігінде» *аламан* атауының омонимдік жігі айқын көрсетіліп, “тышқанға” қатысты мағынасы алдымен көрсетіліп, адамға қатысты мағынасы омоним ретінде екінші қатарда былайша беріледі:

Аламан I *Атжалман, алақоржын* – тышқан тұқымдасына жататын кеміргіш жануар.

Аламан II 1. біреуді шабуға, олжалауға сайланған қарулы топ; 2. қарқынды, қаһарлы (жігітке қатысты);

Аламан бәйге – аты, құнаны, тайы аралас жаппай жарыс [ҚТС, 31 б.].

Алайда, қазақ тіліндегі “аламанның” бұл екі мағынасы екі басқа атау ретінде, екі басқа тақырып аясына (“адам” мен “тышқан”) көрсетілгенімен, формальды логикаға жүгінсек, олардың екеуіне де ортақ дәнекер болып келген мағына бір-ақ мағына екендігі айдан анық, бір уәж екендігі даусыз.

Бұл арада Р.Ғ.Сыздықова мен Ә.Нұрмағамбетовтер *аламан* атауын біреуінің адамға, екіншісінің *тышқанға* теңегенін атай отырып, екі жағдайда да бұл сөздің моңғол тілдерінен енген, не түркі-моңғол тілдеріне ортақ түбірден (*ала, алах, алам*) тарағанын мойындауы назар аударады.

Аламан атауының түп-төркіні туралы үзілді-кесілді пікір айтуды біз өзімізге мақсат етіп қойғанымыз жоқ. Ол және оңай да мәселе

емес. Алайда, зерттеу мақсатына қажетті мәселені – *адам мен тышқан* факторлары арасындағы ұқсас мағынаның қалыптасуын айқындауда осы деректің өзі де жеткілікті сияқты. Және бұл құбылыстың бір тілдің екі түрлі (әдеби және диалектілік) деңгейінде қалыптасып, қолданыс табуы да назар аударарлық құбылыс.

Аламан туралы басқа зерттеушілер де (Омарбеков С., Махмұтов А., т.б.) осы сөздің бойына тән жоғарыдағы мағыналарын көне ұғым ретінде де, диалектілік ерекшелік ретінде де сақталғанын дәлелдей түседі. Мәселен, С.Омарбеков өзінің зерттеулерінде:

“*Аламан* – “сарбаз, шапқыншы қол” екенін көрсетіп, “шақырып ұран шаппаса, *Аламан* шулап артынан ...” (Ақтан ақын); “*Аламанға* жол бердік, Аса жұртты меңгердік ...” (Махамбет ақын); “Қарам әмбет залымның *Аламан* көп еді ...” (Н.Байғанин) сияқты мысалдармен оның жергілікті ақын-жырау тілінде сақталғанын көрсетсе [10, 99 б.], зерттеуші А.Махмұтов көптеген авторлардың пікірін келтіре отырып, “*аламанның*” о баста *ал* – етістік түбіріне парсының “адам” мағынасын білдіретін *ман* (<*манд*) жұрнағын жалғау арқылы жасалғанын көрсетеді [11, 28-29].

Алайда, *аламан* атауының әлеуметтік, этнолингвистикалық, тілдік (әсіресе, семасиологиялық) табиғатын жан-жақты ашып, оның шығу төркінін, тұлғалық құрамын (**ал*, **ала*, **алам*, **алақ*, *алақшы*, *аламан*, *аламаншы* т.б.), мағынасын толық анықтау үшін бір тілдің деректері мен бірер ғалымның мағлұматы, жобасы жеткіліксіз сияқты. Өйткені *аламанның* таралу шегі мен қолданыс аясы өте кең.

Сондықтан да, оның шегін анықтау үшін түркі және басқа көршілес тілдердің де фактілерін шолып шығу, оны санамалап шығу қажет. Гомогенді (туыс, тектес) омонимдерді айқындаудың бір тәсілі – сөздердің негізгі және арқау болып саналатын мағыналары қолданысының шет-пұшпағында (перифериясында) кездесіп қалатын ауыс-түйіс, окказионалды, коннотаттық, көне де байырғы, не мүлдем ұмыт болған, не күңгірттеніп, қолданыста сиректей бастаған мағыналарды анықтау.

Осы мақсатқа байланысты біз төменде *аламан* атауына қатысты біраз түркі, моңғол және көрші тілдердің (орыс тілі де оған кіреді) лексикалық қолданыстарын санамалап өтуді жөн көрдік. Олар мыналар:

1. *Қазақ тілінің* өзінде қолданылатын атаудың мағыналары: а) “Әскери қарулы топ”; ә) “көпшілік бұқара тобыр”, б) “сарбаз”; в) “біреуді шабуға, олжалауға сайланған шапқыншы топ”; г) “атжалман”,

“алақоржын тышқан”; Ғ) бүркіт тұқымдасының ақиығы, алғыр да қырантұқымы; *аламан-тасыр*, *аламан бәйге*, *аламан шу* т.б. тұрақты тіркестер т.б.

2. *Башқұрт тілінде*: *алама* – 1) алохой – «дурной», «дрянной», *разг.*; 2) “плачевный”; *аламалық* - 1) некрасивый поступок; 2) пакость, подлость [БашРС, 33 б.];

3. *Түркі-татар наречиялерінде*: *алак* – “грабеж”, “расхищение”, “растроиство”; *алақтақ* “б. расхищение”, “разграбление” [Л.В.Будагов. Сравнительный... 79 б.];

4. *Қырғыз тілінде*: *Аламан* – 1. беспорядочный набег; 2. (точнее: баш аламан) “беспорядок”, 3. “толпа, масса народ”; 4. фольк. “военная добыча, трофей”; *аламан бәйге* “Скачки, в которых участвуют лошади любых возрастов” [Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь, 45б.];

5. *Түрікмен тілінде*: *аламан* – уст. “набег, налет”; *аламанчы* – уст. “участник набега, налета, налетчик, грабитель” [ТуркмРС, 39 б.].

6. *Ұйғыр тілінде*: *Аламан* – «хваткий», *алман бүркіт*, «хваткий беркут» [УйгРС, 16 б.];

Татар тілінде *Алиман* – а) “толпа”; ә) “разбой”, “грабеж”; *алиман-бәйгә* - бега с участием большого числа наездников [Тат.Р.сл., 51];

Түркі тілдерінде бұдан басқа да *аламан* атауының оныменен түбірлес, мағыналас сөздері кездеседі.

7. *Қалмақ тілінде*: *Алх* – 1) “убивать”; 2) *перен.* “уничтожить”; 3) *перен.* “глубоко огорчить” [РусКалмС];

8. *Моңғол тілінде*: *Алах* – 1) “убивать, умерщвлять”; «колоть», «резать», «забивать» (скот); *аланхядага* – “террорист” [МонгРС, 28 б.];

9. «*Мұқаддимат ал-адаб*» сөздігінен: *Алакчы* (*алақсі*): *алакчы* моғой – “смертельная змея”, *алақсан* (*алақсан*) – “убивший, умерший” [Поппе Н.Н., 97 б.];

10. *Орыс тілінде*: *Аламан* сөзі орыс тіліне түркі тілдерінен ерте-ректе ауысуы мүмкін, *аламанский*, *ламанский* – атқыштардың тілінде – 1) “толпа народа”, 2) “шайка всадников, разбойников”; 3) “разбойник, *аламан-алахан* (шағатайша) – “грабитель”, “бродяга” мағынасында қолданылған көне сөз [Словарь тюркизов в русском языке. С.28].

Бұл деректерге назар аударатын себептердің бірі - *аламан* сөзінің *алай*, *алақман*, *алахан* тұлғаларында “қарақшы”, “адам тонаушы”, “қаңғыбас” мағынасында қолдануында.

Енді көптеген түркі тілдері мен олардың жазба ескерткіштерінде кездесетін осы *аламан* атауының шығу мәні мен түп-төркіні туралы

Э.В.Сервортянның «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде» берілген мағлұматтарға назар аударайық.

Негізінен, *аламан* түрінде кездесетін бұл атаулардың аталмыш сөздікте жеті түрлі мағынасы берілген. Атап айтқанда: 1) “Разбойничий набег”; 2) “Шайка всадников, грабитель, бандит”; 3) “войско, конница, воинское соединение”; 4) “название хищной птицы”; 5) “народ”, “толпа”; 6) “ненасытный, алчный”; 7) “ни кола, ни дрова” [12, 134].

Бұл сөздікте: 1) *аламан* сөзінің түркі ескерткіштерінде көп кездеспейтін түрі, жаңа түркі тілдерінің бәрінде бірдей жоқ екендігі; 2) іс-әрекеттің атауы және соны орындаушы субъект екендігі; 3) “совершать, разбойничать набег”, “грабить” мағынасындағы *ал* “брат” ілкі түбірінен туындаған *ала* – етістігіне адам (субъект) мағынасындағы *ман* жұрнағының жалғануы арқылы жасалғаны; 4) *аламанның* көп мағыналылығы т.б. сөз болады.

Ал түбірі – «ақ-қара» түр-түсі. Туынды түбірлері: *алай, алақиан, алахан, алақчы, алақсан*. Сөздің *ала* аталатын тікелей байланысы үзіліп, ауыс мағыналарындағы сөздерден туындаған – этимологияның бір сыры. *Аламан* сөзінің әр тұлғадан тараған нұсқалары сол тұлғаның мағынасына жақын екінші бір мағынада дамуы мүмкін.

Көбеде (гөбеде) и *алаң-елеңде//елең-алаңда* «в предрассветную пору», *алағаншық боран* «снежный буран, затмевающий видимость», *ала жаулы бұлт* «облако неравномерно покрывающий с проталинами», *ала сапыран* «погрязщая земля»; *ала қанат//алашабыр жер; алашабыр шақ* «ранняя весна», *ала құйын* «ураган, поднимающий пыль (следовательно создающую плохую видимость), *аласапақ кез* «презвечерняя пора», қырғыз тілінде: *ала шабыраң//ала шалбырт* «ранняя весна»; *алағаншық чыбырзақ* «мелкий дождь, переходящий в снег с порывами ветра (создающий мглу, неясность света)»; *алабарман* (о человеке) «безалаберный, неровный, скрывающийся»; *аладун* «недозревший»; татаршада: *ала қар* «проталина»; ұйғыршада: *ала-тайин* «сомнительно, неопределенно» т.б. Осы топтағы сөздердің баршасы бір түбірге сабақталып, басқа мағыналарынан (ауыс мағыналарынан) олардың жанама мағыналары өрбіп дамыған. Сонда бір *аламан* сөзінің бүкіл түркі тілінде қанша болғаны. Егер оның негізгі мағыналары ұмыт болса, оның жанама, ауыс мағыналарын тудырған мағыналары бір тіл болмаса, екінші тілде сақталуы мүмкін.

Қысқасы, сөздің өз басы жоғалып кеткен болса да, оның ауыс мағыналары тілдердің бірінде сақталуы мүмкін. Ал осынша көп мағы-

наға ие болған сөзді түркі, не басқа тілдерден мүлдем жоғалып кетті деп тұжыру қате. Сондықтан этимологиялық ізденістің ең алғашқы міндеті – дыбыстық жағынан ұқсап, не сәл-пәл өзгеріп қолданылып келген ұқсас сөздердің біреуін, не екеуін іздеп табуға болады. Ол сөздің не түбірі, не жалғау-жұрнағы ұқсас болуы мүмкін.

Жоғарыда келтірілген *аламан* сөзінің ең бірінші ұқсастығы - оның адамға тән екендігі. Ол ә дегенде «атарман, шабарман» деген сөздермен ұқсас екендігі айқындалады. Біз жоғарыда келтіргеніміздей, бұл сөздің түбірі – *ала* - «ала» деген түр-түсті ғана (мыс., *ала жіп, ала арқан, ала жібін аттамау* «біреуге қиянат қылмау» т.б.) емес, сонымен қатар: «апыр-топыр болу», «бейберекет жағдайға ұшырау» деген мағынаны да аңғартады. Оларды біз қалмақ тіліндегі *аламан* сөзінің *-алх* 1) «убивать, умершвить», *перен.* «уничтожить», «глубоко огорчить» (Русско-калмыцкий словарь, М., 1964, 722 с.) және моңғол тілінің *алах*- 1) «убивать, умершвлять, колоть, резать, забивать (скот), *алан хядага* – террорист (Монгольско-русский словарь. М., 1957, 28 с.) нұсқаларынан айқын көреміз.

Бұл тілдердің бәрінде де *аламан* және оның нұсқалары *-алх, алан, алах, аладун* т.б. «зорлық жасау, топырлап бас салу» деген мағынаны білдіреді.

Француз жазушысы Флобердің: «бір сөздің тарихына арнап, бір кітап жазуға болады» дегені бар екен. Сол сияқты, бір елдің мінез-құлқын сипаттап біраз ұзақ әңгіме етуіне болатын *аламан* сөзінің қазаққа қатысты бір сөзбен айтып болмайтынын, проф. Халел Досмұхамедұлының «Аламан» деген кітабынан келтіруді жөн көрдік. Онда қазақтың аламандық қасиеті сонда толық ашылады, *аламанға* берілген сөздіктердегі жырымдалған аудармаларын бұл сипаттама түгел қамтитын сияқты. Біз соны түгелдей көшіріп беруді мақұл көрдік [13, Х.Досмұхамедұлы. Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991 ж, 147 б.].

«Халықтың құлқы, мінезі, ойы заманындағы әдебиетінен білінеді. Әдебиет – халықтың түрлі қимылдарының айналасы. Жиырмасыншы ғасырға дейін қазаққа жазба әдебиет жарытып болмады. Бірақ халық арасындағы ауыз әдебиет қазаққа бай болды. Ауыз әдебиетінің көбі – он тоғызыншы ғасырдың мирасы. Арғы әдебиеттен қалған жұрнақ аз. Біздің қолымызда кіші жүз қазақтарының (Орал, Бөкей, Маңғыстау) арасынан жиналған он тоғызыншы ғасырдың ел әдебиетінің бір бөлігі ғана.

Осы әдебиетті тексеріп отырсақ, қазақтың өткендегі құлқы, мінезі, заманындағы күйініші, сүйініші, арасында болған түрлі әлеумет қимылдары анық сезіледі. Заманымыздағы барлық қимылдардың, жаман-жақсысы, мінездердің құр өз-өзінен пайда болмай, өткен заманмен тамырласып жатқаны байқалады.

Бұрынғы әдебиетпен танысқанда қазақтың бойына біткен мінездің бірнеше түрі орасан адырайып тұр. Ел әдебиетімен танысқанда осындай бадырайтып көрінгеннің бәрі – *аламандық*.

Көптің пайдасын ойлай тұрса да, бүтін жұрттың қамын жей тұрса да, өзінің мен-мендігін, көп күшін құрбан қыла алмайтын, өз дегенін күшпен орындайтын, өз басын артыққа санап, сөзін сөйлеп, соңына ермегендерді, қарсы тұрғандарды түсінбегендігінен, ақылсыздығынан қылды деп білетін, көңліне жақпаса да өзі қойған бастығының бұйрығына, өзі қалаған тәртіптің жолына бас ұрмайтын; Отан сезімі, мемлекет сезімі кем, мен-мендік сезімі өте күшті құлықты *аламандық* дейміз.

Аламан деп, тәртіпке, жолға, низамға көнбейтін, өз дегені болмаса басқаны елемейтін топты айтады.

Бастықтан лұқсатсыз біреуді шабуға, олжалауға аттанған тәртіпсіз топты да *аламан* дейді. Аламандықтан өзімшілдік, бәсекелік туады. Аламандық бүтін қазақта болған, әрбір руда болған, әрбір адамда болған.

Өткен ғасырдағы қазақтың әлеумет қимылдарының көбінде-ақ аламандық бар. Шетелмен жауласса да, ру ара таласса да, хандарына, билеріне көнбесе де қазақтың ісінің көбінен-ақ аламандық исі шығып тұр.

Сонымен, *аламан* туралы сан алуан деректер мен пікірлерді шолып, жинақтай келгенде, зерттеу нысанымызға өз тарапымыздан беретін түсініктемеміз мынадай:

1) *Аламан* атауының түбір тұлғасы мен оның о бастағы мағынасына, қолданыс аясы мен таралу шегіне қарағанда, оны түркі-моңғол тілдеріне ортақ атау деп жобалауға болады;

2) “*Аламан*” атауы көптеген аймақтарда, әр түрлі қоғамдық ортада қолданылған, о баста адам факторына, яғни басшы, бастаушысы бар белгілі бір топтың, қолдың күш арқылы өз билігін жүргізген, айтқанын істетіп, берсе қолынан, бермесе жолынан әрекеттеніп, тартып алып, олжалауды, тонауды, өлтіруді қолдайтын, қастандық жасауды, агрессивті іс-әрекетіне, жауыздық, қатыгездік мінез-құлқына байланысты қалыптасқан ұғым-түсініктің әр түрлі этностық ортада, географиялық

аймақта, әр түрлі сипат, әлеуметтік мәртебе алып, әрі өзара жақын мағыналарға ие болған;

3) Соның нәтижесінде түркі тілдерінде алдымен бір мағынадан өрбіген көп мағыналық жүйе қалыптасқан деп білеміз. Сол көп мағына негізінде кейбір түркі тілдер де, кейде бір тілдің өзінде – әдеби тіл мен диалектінде екі не одан да көп гомогенді (тектес) қатарлар қалыптасқан. Жоғарыда келтірілген деректер, міне, осы бір объективті сөз мағынасын білдіретін үдерістің айқын айғағы;

4) Осылайша пайда болған гомогенді, омонимдік нұсқалардың, олардың даму өрісі мен қолданыс аясы бұл межемен ғана шектелмейтінін біз *аламан* атауынан да көре аламыз. Мағыналық дамудың жоғарыда көрсетілген 7 мағынасынан тысқары келесі бір логикалық деңгейге көтерілуіне себепкер болған. Оны біз *аламанның* қазақ тілінде және т.б. тілдерде көрсетілген аса зиянды, егінге тигізер зардабы мол *атжалман, алақоржын* сияқты дала тышқаны мен аңына (қасқыр, түлкі, қарсақ, аю т.б.) және малға қырғындай шабатын дала жыртқышы мағынасында қолданылуынан және қыран бүркітке балануынан байқаймыз. Аламанның «алдыңғы топ» мағынасы мен *аламан тышқан, ақиық, аламан бүркітке* қатысты мағыналар арасында логикалық байланыс пен ауыс мағынаның туындауына қажетті уәждің барлығына сенуге болады.

Жекелеген сөздердің пұғамтық мақала үлгілері

АДАЛБАҚАН – ертедегі киім ілетін көп ашалы ағаш. *Адалбақан* атауы екі элементтен тұратын, біріншісі *адал* – **ад** тұлғасынан тұратын «айыр», «ажыраңқы», «бөлшектенген» деген мағына беретін түбірден және еліктеуіш **ал** жалғауынан, сондай-ақ, екіншісі, «айыр, аша» мағынасындағы «*бақан*» сөзінен бірігіп қалыптасқан күрделі сөз. *Бақан* сөзі жоғарыдағы мағынада *Бақанас* (қар.) деп аталатын өзенге құйылар тарам-тарам болып ажырап жатқан өзеннің арналарын білдіретін сөзден тұрады. *Бақан алтыбақан* (қар.) сөзіндегі үш бақанды түйістіріп байланатын ұшын және «өзен» деген мағынаны білдіретін *бақаннан* кейінгі **-ас** сөзін жалғау арқылы жасалып тұр (қар.).

Қазақ тіліндегі: *адырна, адарғы, Атырау*, ұйғыр тіліндегі *ача, ачал, ачмақ, ачилаш* т.б. сөздердің құрамындағы **-ад//ам, ач** параллель түбірлер. Қазақ тіліндегі *ач//ад//ам//ау//аж* түбірлерінің прототипі.

АДЫРНА ≈ адырна қайыс тарих. Садақтың кірісі; уықтың ұшындағы кереге бекітетін бауы [14, 353 б.]. **Адырна** ≈ **кіріс**. *Адырнасын ала өгіздей мәңіреткен* (Махамбет).

Адырна – «айырушы, ажыратушы» мағынасында қолданушы туынды түбір. Ол **-ад**, **-ат** түбірінің (*айыр*, *ажыра*, *атыл* туынды түбірлеріне негіз болған) ілкі етістік түбірінен туындаған: *адырғы*, *адырна*, *адалбақан*, *атырау*, *жол айрығы* т.т. сөздердің шығуына негіз болған сөз. Ол жіптің, қамыстың керіп тартқандағы серпілісі арқылы, не қолмен керу арқылы не ажырап, екі аша болып біткен затты (бақан) білдіру үшін қолданылады. Бұл тұжырым көптеген зерттеулерде айтылады [ҚТҚЭС, 21 б.].

АЯҢ: өсек-аяң – елдің артынан айтатын әртүрлі қаңқу-саң, өтірік әңгіме, таратылған жалған сөз.

Этимологиясы күңгірттенген қос сөздің екінші компоненті қалыптасқан заңдылық бойынша бірінші компонентінің (өсек) синонимі – «өсек сөзі», «өсек сөзінің айтылуы», кейбір түркі тілдерінде жекедара қолданына береді. Мысалы, **қырғ.** тілінде **айың//аяң** ‘слуши, разговоры’, ‘пересуды», ‘хула», ‘сплетня»; **айыңда-** ‘хулить, поносить’, ‘порочить, сплетничать’ [КиргРС, 36 б.]. Демек, **аяң** – жалпы түркі тілдерінің **ая** мен аффикс **-ң** суффикісінен тұратын туынды түбір десек, мағынасы ‘говорить’, ‘сказать’, ‘призводить речь’. Ол мынадай туынды тұлғаларға түбірлес болады: **айтыс** (>*ай+тыс*), **айқай** (>*ай-қай*), **айтты** (>*ай+ттыр*). Этимологиясы күңгірттенген сөздің көбінесе мағынасын жоғалтуы қатар тұрған екі сөздің ұқсас мағынасының бірінші компонентке біртіндеп ауысуы.

ӘБДӘСТЕ – көне қолжуғыш, мойны жіңішке, тұмсығы имек құман.

Иран тілдерінен қазақ тіліне парсы, не тәжік тілдері арқылы ауысқан сөз. *Әбдәсте-* [ab-dasman] ‘маленький кувшин’ [ПерРС, 12 б.] тұлғасындағы сөз. Ол о баста діндар адамдардың дәрет алуы пайдаланылған. Парсы тілінде – *абдаста* үш элементтен: біріншісі – **аб-** ‘су, сұйықтық’, екіншісі – *даст* – «рука» және үшіншісі – сөзжасам аффиксі – **ан-**нан тұрады. Бұл сөз парсы тілінде намаз оқу алдында дәрет алу әдетін атқару үшін қолданылатын ыдыстың атауы саналады.

Түркі тілдеріне қабылданып, қалыптастырылған бұл сөздің варианты тәжік тілінде айтылуына (*obdasma*). В.В.Радловтың [РадСл, 73 б.], М.Рясяненнің [2, 2-3 б.] және А.Махмұтовтың [ҚТҚЭС, 16 б.] жобалауы бойынша – тәжік тілі әсер еткен. Г.Жаркешованың, А.Махмұтовтың

топшылауы бойынша – **әбдәсте** – ‘қол сүртетін орамал’ мағынасында қабылданған деген жорамалдармен таласуға болады.

БАҚАНАС – Іле өзенінен бөлініп, тарам-тарам болып Балқаш көліне құйып жатқан өзендердің бірі. **Бақанас** – екі атаудың қосылуынан қалыптасқан күрделі гидроним. Оның бірінші компоненті – ұшы аша, айыр таяқшаны білдіретін заттың (бақанның) атауы ретінде, өзеннің тарамданып, арна-арнаға бөлініп жатқанына байланысты ұғымды білдірсе, *-ас* – көне түркі тілінде «өзен, су» деген мағынаны білдіреді (ср. *Талас* < *Тал+ас*, *Келес* < *Кел+ес*, *Арыс* < *Ар+ыс*, *Күнес* < *Күн+ес* т.т.). Сонда бұл атаулар сияқты түбір мағынасына өзен атауларын білдіретін **ас** аффиксоиды жалғанып тұр. **Бақанастың** – бірінші этимоны тарам-тарамданып көлге құятын *өзен* де, екіншісі – *көл*. Сонда бұл атау о баста тарамданған арналарын қазір де сақтауы мүмкін.

КӨЛІК – арбаға, шанаға жегілетін, мінілетін үй малдары (ат, жылқы, түйе, сиыр т.б.).

Көлік – түркі тілдерінің көбінде кездесетін көне түркі тілдерінен келе жатқан **көл-** ‘запрягать’, түбіріне есім тудырушы **-к//ік** жұрнағын жалғау арқылы жасалған сөзден (**көл-ік**) қалыптасқан сөз. **Көл** түбірі *көлік* туынды түбір түрінде бүгінгі түркі тілінде жеке-дара кездеспейді. Біздің байқауымыз бойынша, **к?л** түбірі «атты жегу», «жегілген ат» мағынасында тек хакас тілінде ғана (**к?лік**) «тяговое животное» кездеседі. Бұл сөздің «үй малы» мағынасына ауысуы функционалды семантикаға байланысты.

ТЕҢГЕ – Қазақ республикасының мемлекеттік валютасы, ақшасы, 100, 200, 500, 1000, 5000, 10000 теңгелік купюрасы, қағаз ақшасы.

Теңге – көп вариантты, бір буынды түркі моңғол тілдеріндегі дөңгелекті, шеңберді, жер бетінен дөңкііп шығып тұратын биіктікті, «дөң, төбе, жота» формасы «дөңгелек, шеңбер, доғалақ» заттарды білдіретін түбірге әр түрлі жалғау жалғанып жасалған туынды атау: қаз. *döŋ* (<*döŋgelek*), *doŋ* (<*doŋgalaq*) ‘колесо’, *teg* (*tegermes*) қар. ‘тоңгелек’, ‘арбаның, машинаның дөңгелегі’, *dij* (<*d?irmen*) ‘мельница’, *teg* (<*teges*) - ‘беті жайпақ үлкен табақ, kersen’; *teg* (<*tegeris*) - ‘киіз үйдің сыртқы кенересіне дөңгелек етіп жапсырылатын өрнек’ *teŋ* (<*teŋge*) ‘купюр ақша’; уйғ. *d?g* (<*d?glek*) ‘круглый’ *t?g* (*t?gmän*) ‘мельница, мукомолня’, *d?ŋ* (<*d?ŋg?*) үст. ‘деньги’; *dug* < *dugræg* ~ ‘круг, что-либо круглое’; *t?g* (<*t?gr?g*) тугрик (денежная единица МНР); круг, кружочек [МонгРС, 415 б.] т.т.

ТҮЛКІ – ит, қасқыр тұқымдас, терісі қымбат, сол үшін ауланатын жабайы аң.

Түлкі барлық түркі, моңғол тілдерінде қолданылатын, В.Бангтың пікірі бойынша, XI ғасырда МҚ сөздігінің тілінде қатталған *t?kli* сөзінің жаппай метатезаға ұшырасуынан, *t?lki* болып өзгеріп айтылуынан пайда болған түркі сөзі. *Түкті* түркі тілдерінде «жүнді», «қылшықты» мағынасында қалыптасқан етістік ретінде қолданылған сөз» [15, 135 б.; 15, 30-31 бб.].

АДА-ЖҰДА< қазіргі тілімізде “біржола, мүлде” мағыналарын беретін бұл қос сөздің сыңары жеке қолданылмайды. Кездесе қалған күнде жергілікті тіл ерекшелігі қалпында ғана көрінеді. Мысалы: “*Езгі тіршіліктің ескі жұртынан ада-жұда қол үзіп, жаңа тұрмысқа біржола қоныс аударып жатқандар да аз емес*” (Ө.Қанахин. Дәмелі). Түркі тілдерінің кейбіреуінде, мәселен, якут тілінде *адъчас* сөзі біздегі “тіпті, мүлде, өте” мағыналарын ұғындырады [ЯкРС, 32 б.]. Қазақ тілінде осы сөз “с” дыбысынан ажырап, қос сөз құрамында ғана сақталған. Қос сөздің келесі сыңары Шымкент, Қызылорда, Алматы, облыстарын мекендеген қазақтар тілінде «жүдә», «жұда», «жүде» түрінде жиі қолданылып, әдеби тілдегі “өте”, “тым”, “тіпті”, “мүлде” мағыналарын түсіндіреді. Бұл өңірдегі тұрғындарға иран тілдерінен енген: парсы тілінде *джода* - “бөлек”, “жеке”, “айырылған”, “оғаштанған”. Осылайша қос сөздің алғашқы сыңары түркі тілдерінің меншігі де, соңғысы иран тілдерінің еншісіне жатады. Бір мағына төңірегіне топтасқан қос сөзді қазіргі ұғымымызға сөйкестіре айтсақ, “өте-мөте”, “тіпті”, “мүлде-мүлде” сияқты бір сөздің қайталауы пайда болады >

АЗЫҚ-ТҮЛІК< Түсіндірме сөздіктегі бұл қос сөздің мағынасы “әр алуан тамақтық зат”.

Қос сөздің алғашқы сыңары көптеген түркі тілдерінде жөне осындай тұлға, сөйкес мағынада парсы тілінде де кездеседі. *Газа* немесе *гэза*, ал көпше түрі – *аззийе* – “тамақ”, “тағам”, “ас” [ПерРС]. Белгілі түрколог ғалым, түркі тілдерінің көптомдық этимологиялық сөздігін түзуші Э.В.Севортян Г.Дерфердің дерегіне сүйене отырып, бұл сөз парсыларға түркі тілдерінен ауысқандығын айтады. Расында да, бұл - шындықтан алшақ кетпейтін пікір. Тіліміздегі *азық* тұлғасын “астық” сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі деп қарауымызға әбден болады. Якут тілінде *астық*– “жұғымды”, “тоқ” [ЯкРС]. Адамға тамақ, нәр боларлық заттардың осы басты қасиеті атау болып ауысуы әбден ықтимал.

Дыбыстық өзгеріске түскенде де түркі тілдеріндегі заңдылықтан тыс кетпейді: *астық, тык-аз* (т), *ык-азық-азық*.

В.Радлов сөздігіне сүйенсек, қос сөздің екінші сыңары *төлүк* (шағатай тілінде) – “тамақ”, “ас”, ал сағай, қырғыз тілдерінде *түлүк* – “ішіп-жем заттар”, “солардың қоры” [РадСл. III, 2, 1262, 1570 бб.]. Бұл дерек қос сөздің екінші сыңары да (түлік) “азықтың” түркі тілдеріндегі синонимі екендігін анықтайды. Мұнда да мағына жағынан қайталау байқалады. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің бірінде *азық* сөзін “ауызбен” байланыстырып, соның ауыспалы мағынасы деп ескертеді [ДТС, 21 б.]. Бұл да сенбестік дерек емес [20, 6 б.]. >

Көнекөз сөздер - архаизмдер

АҚ ТӨС (төз) Шөже жырлаған «Қозы Көрпеш-Баян Сұлуда»:

Ақ төзін әулиенің кені айтады,

Ақылы жоқ жас бала нені айтады? –

деген жолдар бар. Енисей бойындағы Минуса ойпатын мекендеген түркі тектес качин, сағай, белгір, қоби, (қобый, қызай қазіргі шор халықтарының сүйектері, қызай руы, сары ұйғырларда да, қазақтар да бар) ұлыстардың тілінде *ақ төс* «жылқы түлігінің желеп-жебеушісі», «пірі» дегенді білдіреді екен. Дөңгелек тұяқтыларды көлденең кесел, дүлей апаттан сақтаушы *ақ төс әулиеге* ақбозат шалатын ырым да болған. А.В.Андрианов *ақ төс* туралы “Айран в жизни минусинского инородца” (1909 жыл) деген еңбегінде: «қоянның бас жақ терісін аша ағашқа қыстырып, оның сыртын қайынның қабығымен қаптап, үйден аулақ жердегі бұтаның басына іліп қоятынын» жазған. Жылына екі мәрте, көктемде және күзде, ақ төсті үйге алып келіп, оның құрметіне ақсарбас шалатын болған. Қойдың оң жақ сүбе, оң жақ бүйрек, оң жақ құйрық майын қоян терісіне, яғни ақ төске жағатын болған».

Сондай-ақ жыр жолдарындағы *кен* деген атаудың мағынасы қазірден басқаша мәнде қолданылған. *Кен* деген атау қазіргі тілімізде “қазба байлық” деген ұғымды білдірсе, бұл сөз ертеректе, “тұзды жерлер” (көлдер), тұз шығатын орындарды ертедегі ата-бабаларымыз аруақ қонған немесе “әулие-әнбиелердің назары түскен киелі жер деп білген [16, 209 б.]. “Кенді төкпе, елді сөкпе” деген нақыл бір кездегі осындай наным-сенімге орай айтылса керек.

ШЕГІР БАЯН Қанаттылардың қорғаушы пірі халық тілінде *Шегір Баян* деп аталған. Оны Ұлбике (XIX ғ. бас кезі) мен Серәлі ақынның айтысынан кездестіреміз:

Кемақыл сен білмесең мен айтайын

Құс атасы болады Шегір Баян

Сахалар (якуттар) тілінде аңшы (саятшы), балықшылардың желеп-жебеуші пірі *бауанау* немесе *бауйанау* деп аталады [17, 185 б.]. ... Қазақ тіліндегі құс атасы *Баян* мен саха тіліндегі *бауйанау* сөздерінің түп-төркіні бір. Қазақ саятшылары қыран құстың алғаш ілгенін *тырнақалды* десе, оның тұңғыш саятқа шығып, ауыздануын *бауашар* деп атайды. Осындағы *бау* сөзі *баудай түсірді* деген тұрақты сөз орамындағы *баумен* өзара төркіндес.

Әдетте, мифологиялық атаулардың қазақ тілінде көбіне тұрақты эпитеті болады. *Баянның*, тұрақты эпитеті – *шегір*. Құсбегілер қыран құсты көз алмасының түсіне қарай – *ақ шегір*, *сары шегір*, *кер шегір*, сондай-ақ сыртқы түріне байланысты *көк шегір*, *құм шегір*, *ақ шегір* дейді.

ҚИЯЛ Кейде көне сөздерді сыртқы тұлғасы ұқсас омонимдес сөздермен де шатастырып алуымыз ықтимал. “Қозы Көрпеш-Баян Сұлу” жырының В.В.Радлов нұсқасында:

Тілімді алсаң осы жолға барма, балам,

Қарабайдың Қодары қиял, балам, –

деген жолдар бар. Осындағы *қиял* сөзін араб тілінен енген қиял мен (ой-қиял) ұштастыра қарауымыз да мүмкін. Шындығында, жырдағы *қиял* түркі-монғол тілдеріне ортақ сөз. Алтай тілінде *қиялды* “күнәлі”, монғол тілінде *қиял* “нәпсі”, *қиялты* “нәпсіқұмар”, “әйелжанды” деген мағынада қолданылады екен [18, 24 б.]. Міне, мұндай салыстырмалы дерекке қарағанда жырдағы немесе байырғы қазақ тіліндегі *қиял* “нәпсіқұмар”, “әйелжанды”, “қызғаншақ” деген мағынада қолданылған деуге болады.

КІРІШ “Қозы Көрпештегі” мағынасы мүлде түсініксіз сөздердің бірі – *кіріш*. Осы жырда Қозының Баянды іздеп шығатын сәтін баяндайтын мынадай жолдар бар:

–Қайғыменен көкірекке сана салған,

Сұм балам санаменен болған алаң

Ен дария емшек сүтім кіріш тұтар,

Өтерсің онан нағып, жазған балам?

–Шешеке, бір сұмдықты енді біліп,

Жүре алман бұрынғыдай ойнап-күліп.

Ен дария емшек сүтің керіш тұтса,

Өтермін онан дағы кеме мініп.

Жырдың әртүрлі басылымдарында *кіріш* “ақ”, “аппақ” деген мағынадағы сөз деп түсіндіріліп жүр. *Кіріш* сөзіне берілген мұндай түсінік, біздің байқауымызша, дәл емес. *Кіріш* - түркі тілдес халықтардың байырғы сөзі. Қазіргі түрік тілінде *кіріш* “сіңір”, “тарамыс”, “ішек” (музыкалық аспаптың ішегі), “садақтың көрмесі”, “бөрене”, “сырық” тәрізді мағынада қолданылады [ТурРС, 552-б.]. Ертеректе қазақтар садақтың кермесін *кіріс* деп атаған:

Атқаныма шыдамай,

Кірістен етсең саған серт.

(“Ер Қосай”).

Туыстас тілдердің осы дерегін салыстыра отырып, *Ен дария емшек сүтім кіріш тұтар* деген жолдарды қайта оқысақ, «дариядай емшек сүтім садақтың тартылған кермесіндей (*кірісіндей*) кесе-көлденендеп сені жібермейді” деген бейнелі мағынаның бар екенін байқаймыз [19, 7 б.].

АРАПШЫ < Тіліміздегі “азғырушы”, “әзәзіл” мәнінде арапшы сөзі бұрын да, қазір де сирек қолданылатын сөз болғандықтан, түсіндірме, орфографиялық сөздіктерімізге ілінбей, ұмыт қалып жүр. Бұл жайт кезінде 10 томдық “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне” баспасөз бетінде пікір жариялаған белгілі ақынымыз М.Әлімбаевтың да назарын аударған болатын. К.К.Юдахин құрастырған сөздікте дәл біз көрсеткен мағыналарда *арапчы* сөзі қырғыз тілінде де ұшырасатынын көрсете кетуді міндетіміз деп білеміз [КиргРС].

Арапшы сөзінің түп-төркіні түркі тілдері екендігін жөне құрамы жағынан екі түбір, бір қосымшадан тұратындығын мынандай тілдік деректермен дәлелдеуге болады. Ежелгі түркі жазба ескерткіштерінің бірінде *ар* - “алдау”, “азғыру”, “өтірік айту” мағынасын нұсқайды [ДТС]. Екінші түбір сөз де бергісі түркі-монғол, арғысы тұңғыс-маньчжур тобындағы тілдерден табылады. Бурят тілінде *аб* (кейде *аба*) - “арбау”, “сиқырлы күш” мағынасын меңзесе, тұңғыс-маньчжур тобындағы тілдердің бірінде *апта* - “сиқырлау”, “дуалау”, ертедегі монғолдардың жазба тілінде *аб* - “сиқырлық”, “көз бояушылық” мағынасын білдірген.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде екеуінің қос сөз қалпында қолданылғанын көруге болады: ар+аб. Сөз соңындағы *-шы* - белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдарды айқындау үшін қосылатын жұрнақ екендігі баршаға аян. Сөйтіп, *арапшы*-мағыналас екі түбірден туындаған, қазақ тіліндегі қазіргі ұғымы - “алдаушы”, “сиқыршы”.

БАЛДЫЗ қазіргі түсінігімізде бұл сөздің мағынасы - “әйелдің жасы кіші туыстары”. Мысалы: *Мырзаханның бұрынғы әйелі өліп, бал-*

дызы *Қайманы алды* (К.Оразалин. Ақ жазық...). Алматы, Жамбыл өңіріндегі қазақтар тілінде *балдыз* сөзі тек қана қыз балаларға қатысты қолданылады. Мұны еске салып отырған себебіміз - сөз төркінін іздестіру барысында осылайша қолданудың қолдау табатын жағдайы бар. Якут тілінде *балдыз* сөзімен тұлғалас *балыс* та кездеседі. Мағынасы – 1. жасы кіші адам; 2. қарындас [ЯкРС]. Мұндағы екінші мағына, сөз жоқ, туынды. Ал монғол тілінде *балчир* – “кішкентай” (адамға қатысты айтылады) және “жас”, “нөжік” [ҚазМС]. Ертедегі түркі-жазба ескерткіштері тілінде әйелдің сіңлілері *балтыр* тұлғасында ұшырасады.

Келтірілген тілдік деректерді саралар болсақ, сөздің ілкі *бал* түбірінің о бастағы “кіші”, “жас” дегенді білдіргенін аңғаруға болады [20].

ШАҚША ... шақша атауы өзі жасалған заттың атынан, яғни мүйізге қатысты пайда болған. Ертеректе қазақтар малдың мүйізін *шақ*, *шах* деп атаса, өзбектер оны *шох* деген. Өзбекстандағы қазақтар тілінде *шақ* - “мүйіз”. Әдеби тіліміздегі “мүйіздің шықты ма?”, “мүйіз шықпас” сөз орамдары мұндағы тұрғындар тілінде “*шақ шықты ма?*” түрінде айтылады [21]. Батыс Қазақстан тұрғындары тіліндегі *шақыл* сөзінің мағынасы – “ай мүйіз” [22] Қарақалпақстанда тұратын бауырларымыз тілінде “*Сиырдың шақына ұрсаң, аңдалы сырқырайды*”, “*Адам - тілінен, мал - шақынан*” секілді мақал-мәтелдер кездеседі [23].

Сонымен, *шақша* сөзінің шығу тарихы мүйізге және бір кезде тілімізде мүйіздің синонимі ретінде қолданылған *шақ* сөзіне байланысты екен. Кішірейту мағынасын беретін *-ша* жұрнағы жалғанып, о баста қолға ұстауға ыңғайлы, “кішкене мүйіз” деген мағынаны білдірген демекпіз.

Ал сөз төркініне үңіліп, тіл тарихына тереңдеп барсақ, *шақ* сөзі өзбек, тәжік тілдері арқылы ауысқан парсы сөзі екенін байқаймыз.

КӨК ИНЕ *Көк* сөзі қолөнер бұйымдарына қатысты жұмсалғанда заттың түр-түсі мағынасынан кеңірек, кейде өзгеше мағынаны аңғартады. Мәселен, халық тілінде көк бояуға бояп, жылтыратқан өте сапалы былғары *көксауыр* делінеді. Осындай былғарыдан тігілген етікті түсіне қарай *көк етік*, *көксауыр етік* деп айту қалыптасқан. Әйтсе, де көк сөзі үнемі түр-түсті білдіре бермейді. Мысалы, кереге көктейтін қайыс таспаны *көк десек*, бұл “көктеу”, “көктеп тігу” ұғымымен байланысты.

Тілімізде “*Көк темір көре өлтірмес*”, “*Көк кірсін, қызыл шықсын*” деген көне мақал мен ант, қарғыс мағынасындағы сөз тіркесі сақталған. Алғашқы мақал “қаруың болса, көре - тұра өлмесің” дегенді, кейінгі сөз орамы “сөзің өтірік болса, денеңе найза қадалып, қаның судай ақсын”

деген қарғысты, болмаса “қару тиіп мерт болғанша, жанымды аямаймын” деген сертті білдіреді. *Көк* сөзі өсіресе қару-жараққа байланысты “темір”, “болат”, “металл” мағынасында халық ауыз әдебиеті үлгілерінде жиі кездеседі. *Көк сүңгі*—«жебесі болаттан соғылған сүңгі», *көк семсер* – «әбден суарылған темір семсер». Қырғыз тілінде де темірді, болатты *көк темір* деп атаған [КиргРС].

Батырлар жырынан *ақ балдақ, көк балдақ* деген атауларды жиі кездестіруге болады. (*Сандықта бар көк балдақ, Темір мен тасқа қарымас*). Мұндағы темір мен тасқа майырылмайтын *көк балдақ* - көк түсті қылыш емес, болат қылыш. Сондықтан да *көк ине* дегендегі *көк* те түр-түске емес, ол жасалған берік металға байланысты қолданылған сөз болып шығады.

Қорыта айтқанда, *көк ине* атауы бұрын темірден, болаттын жасалған инені ағаш, сүйек инеден аыратып көрсету үшін қолданылған да, кейінгі замандарда иненің жаппай металдан жасалуына байланысты о бастағы мағынасы күңгірттенген “көмескі” сөзге айналған [24].

ЖҮЗ А.Габэннің неміс тілінде жазылған “Алттүркише граматик” (көне түрік грамматикасы) дейтін еңбегінде “иүз” сөзі немісше “Глиед” деп түсіндірілген. *Глиед* – неміс тілінде «звено» (цепи), «сустав», «поколение» дегенді білдіреді.

Көнетүркілік осы “иүз” лексемасы түркі тілінде ғана емес, тіпті финно-угор тілдерінен де кездеседі. Мысалы: тува, хакас, урянхай және сойот тілдеріндегі *чүс, йүс* пен фин, эстон тілдеріндегі *йесе, йесен, «буын»* (“сустав”) мығынасында қолданылады. Ал удмурдтардың *йоз*, комилердің *йөзви* зат есімдері «буын» (“сустав”) мәнін ғана емес, “клено”, “звено” ұғымын да білдіреді.

Осы келтірілген деректер қазақ тілінде *Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз* тіркестеріндегі *жүз* зат есімінің «сустав», «колено», «звено» (цепи)” мағынасындағы көне түрік сөзі екеніне толық дәлел бола алады. Қолға салатын және *жүзік* атауы да сол “буын” мағынасын білдіретін көне түріктің “иүз” –«жүз» түбірінен жасалған. Демек *Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз* дегендердегі *жүз* бен *жүзік* туынды зат есіміндегі *жүз* түбірі – екеуі бір тектес, ұялас сөздер [25].

ҚОЛАҢСА түсіндірме сөздікте “қолтықтан терлегенде шығатын жағымсыз сасық иіс” деп анықтама берілген [ҚТТС I, 293б.]. Ал, “Батырлар жыры” (1990, 5-кітап) жинағында *қолаңса* сөзін “қуыс таға” деп түсіндірген. Осы кітаптың 198-бетінде *қолаңса*—«жылқы-

ның жіліншігіндегі кішкене жұқа тұяқ» деп түсіндіріледі. Л.Будаговтың аталған сөздігінде *қолаңса* сөзіне “аттың алдыңғы аяқтарының ішкі жақ жіліншегінде болатын сүйел төрізді дөңгелектеу келген қатты без” деп түсіндірме берілген. Бұл бездің (мүйізгектің) жануарлардың зат алмасу, тер шығару төрізді физиологиялық күйіне өсер ететін қызметі болуға тиіс. Ал түсіндірме сөздікте қолаңсаға “жағымсыз иіс” деп берілген анықтама бұл сөздің ауыспалы мағынасын білдіреді.

ҚҰН // ҚҰНЫҚ “Дәніккеннен құныққан жаман” дегендегі “құн–тонау, ұрлау; құнық– тонаушы” [ДТС, 446 б.].

ШЕШЕК парсы тілінен ауысқан “гүлдің” актив қолданысқа түскеннен кейін мағынасы беймәлім сөзге айнала бастады. *Шешек* сөзінің төркінін іздестіре қалсақ, оны да монғол тілінен (оларда – цэцэг) ауысқан деуіміз ықтимал.

ТЕБЕН монғол тілінде *тойв*, буряттарда *тойбо*– біздегі “үлкен” сөзімен мағыналас. Ішкі фонетикалық заңдылықтарға сай ықшамдалып, осы түбірмен *ине* сөзі тіркеске түсіп, *тебен* тұлғасы пайда болған. Б.И.Вербицкийдің алтай-алада сөздігінде *Тебинге*– “үлкен ине” деп түсіндірілген.

БҮЛДІРГЕ Қазақ тілінің “Түсіндірме сөздігінде” “*бүлінген елден бүлдірге алма*” мақалы келтіріліп, бірінші сөзге – «бұзылу», «құлау», «қирау», ал екіншісіне (бүлдірге) “қамшы, сойыл, шоқпарға тағылатын қайыс белбеу” деген анықтама берілген.

Қазіргі тілімізде мұның мағынасы “сөздікте” берілген түсініктей екені даусыз. Бірақ тұңғыс-манчжур тілдерінде *булөөн* сөзінің “жау”, “жауласу”, “соғыс”, “соғысу” сияқты да мағыналары бар екенін көреміз[ССТМЯ, 109-110 б.].

Туба-кижилер тілінде *бүлдүргі* сөзі қазіргі біздің түсінігіміздегі “әшекей” дегенге ұқсайды. Осы деректерге сүйене келіп, “*бүлінген елден бүлдірге алма*” тіркесінің тұңғыш мағынасы – “Жеңілген жау елінен әшекейлі зат алма” болса керек деп ойлаймыз.

КҮШІК КҮЙЕУ//КҮШ КҮЙЕУ дұрысы осы соңғысы, *күш күйеу* болуы керек. Ал *күшік күйеу*әзіл-ажуа, қалжың ретінде кейінірек қалыптасқанға ұқсайды. Мысалы, қырғыз, ноғай, өзбек тілдерінде осы *күш күйеу* варианты айтылады. Қырғызша - *күч күйөө*, өзбекша - *ич күөв*, ноғайша - *үй күйеу* дейді. Бәрі де қалың малдың жоқтығынан әйелінің үйінде жұмыс істеп, қалыңдығын алған, кейін ата-енесінің үйінде қалып қалған «күйеу жігіт» деген мағына береді. Монғол тілінде *хуч* тү-

рінде қолданылады. *Хучний хургэн* «устаревший, зять, живущий в доме тестя и тещи, и работающий на них» [МонгРС, 58 б.].

ҚҰРЫЛТАЙ моңғол және түрік халықтарына тән атау. Ол қазіргі қазақ тілінде “ұлы жиын” (съезд) деген мәнде қолданылады. Моңғол тіліндегі *хуралдаан* сөзі де “құрылтай” мағынасын береді [МонгКТ, 629 б.]. “Құру”, “құрау” тұйық етістіктерінің түбірі де - “құр”. “Мәжіліс құру”, “дүние құрау” т.б. тіркестердегі “құру”, “құрау” етістіктері әлденені жиюды, жинауды, топтандыруды білдіреді. Моңғол тіліндегі *хураак* етістігінің мәні де осыдан алшақ емес. Қазақ тіліндегі *құрыл* мен моңғол тіліндегі *хуралдың* мағыналарында өзгешелік бар; бірі - етістік, бірі - зат есім. *Хурал* сөзіне *-даан* қосымшасы жалғану арқылы моңғол тіліне “құрылтай”, “мәжіліс”, “кеңес” деген мағына беретін *хурадаан* сөзі жасалған. Демек, моңғол тіліндегі *хуралдаан* сөзі тілімізге азғантай өзгеріспен *құрылтай* болып енген.

АБЫСЫН В.В.Радлов сөздігінде: *абы* қойбол тілінде *әйел* сөзінің орнына қолданылады [РадСл., 626 б.]. Ал Л.З.Будагов сөздігінде *абысы* тұлғасына жақын *епчи* сөзі де *әйел* мағынасын береді. Түркі тілдеріндегі *епчис* сөзі қазақ тіліне *абсы*, *абысын* тұлғасына ауысқан. Түрк тілдерінде *әйел* мағынасын беретін *абы* не *епчи* сөзінен *абысын* шыққан >

САЛБУРЫН этн. «Қыс мауысымында аңшы, саятшылардың топталып, бірнеше күнге аң аулауға шығу салты» [Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 12-том, 589]. Осы мағынада қырғыз тілінде де кездеседі. К.Юдахин осы сөзге “ұжымдасып, алысқа аңға шығу” деп анықтама береді. Сөз төркінін ашуға моңғол тілінде толық мағынасы бар *золбирах* - “кезбелікке салыну, қаңғыру, үй-күйсіздікке ұшарау, жақын адамдарынан оқшаулану”, *салбар*, *салбарлах* - “бөліну, бөлектену, топтану” секілді тұлғалар септігін тигізеді [26, 8 б.].

БАСТАҢҒЫ *бастаңғы* сөзінің түркі төркіні түрік тілдерінде *паиштанчы*, ал мағынасы “аспаз” екені көрсетілген. Тува тілі лексикасында *паиштанчы* сөзі біздегі “аспаз” немесе “асшы” мағынасын ұғындырады. Мұндағы алғашқы сыңар *паш* сөзінің қазақ тіліндегі мағынасы - “қазан”. Енді біріккен бұл сөздің екінші сыңары - *таң*-ның түбірін моңғол тіліндегі *чанах* тұлғасымен байланыстырсақ, оның мағынасы біздің тіліміздегі “пісіру” етістігімен сәйкес. Осылайша моңғолдың *чанах* тұлғасы *танах*-қа өзгеріп, одан әрі *-ах* жұрнағынан арылған соң, *тан* түріне дейін қысқарған деп жорамал жасауға болады. Осыдан кейін біздегі *қазан* мағынасын беретін тува тіліндегі *паш* сөзіне “пісіру” не “асу” (моң-

ғол тілінде “ет, қазан асу” деген тіркестегі “асу” да *чанах* сөзімен беріледі) мағынасындағы *тан* сөзін қоссақ, *паиштан* тұлғасы пайда болатыны көрініп тұр. Бұл сөзге тува тілінің *-чы* жұрнағы (біздегі *-шы* жұрнағы) жалғанып, *паиштанчы* туынды сөзі дүниеге келген деп есептейміз.

Алғаш ортақ қолданыста болған *паиштаншы* тұлғалы сөзі кейін қазақ тілінде өзгере келіп, бүгінгі *бастаңғы* қалпына дейін жеткендігі аңғарылды [27, 8 б.].

КҮДЕР//КҮДЕР ҮЗУ фольклорлық шығармалардағы ақындар туындыларындағы *күдер* сөзінің мағынасы - “төзімді, мықты, берік”, “өбден иі қонып жұмсарған тері”. Ал Н.И.Ильминский сөзіндегі *күдері* – “иленген түйе терісінен жасалған портупея”, К.К.Юдахин сөздігінде *күдеру* – “замша, кожа очень мягкой выделки” деп көрсетілген. Тіліміздегі *күдері бау*, *күдері қайыс*, *күдері жылқы* т.б. тіркестерде осы мағыналардың “жаңғырығы” бар. Осы сөздің бейнелі, теңеу мәнде жиі жұмсалуды бірте-бірте “үміт үзу”, “түңілу” деген ауыспалы ұғымды білдіретін *күдер* үз тіркесін туғызған >

ӨРЕСІ БИІК *Өре* сөзінің мағынасы - “құрт, ірімшік кептіру үшін ағаштан жасалған биік сөре”, оның түбірі - *өр* сөзі. *Өр* сөзінің: 1) “биік”, “көтеріңкі жер” және 2) “көтерілу”, “тарау”, “көріну” мағыналары бар. *Өр* сөзі көне түркі жазба ескерткіштерінде ұшырасады. *Бұлт өріп, көк өртүлдү* - “Бұлт жайылып, аспанды торлап алды” [МК I, 139 б.]. Осы мағына бұл тіркесті (*өресі биік*) *өркенің өссін* оралымымен жақындастырады. Тіліміздегі “өсімдік сабағындағы бүршіктер түбесінен пайда болған желі” деген мәндегі *өркен* сөзі өзге де көптеген түркі тілдерінде ұшырасады. Мысалы, осы тұлғалы сөз бірде “киіз үйдің негізгі, ағашы қойылатын биік жер” [РадСл. I, 28 б.], бірде “тақ” [ДТС, 388 б.], ал енді бірде “сәулетті сарай, билеушінің ордасы” мәнінде жұмсалатынын көреміз. Сонымен сөз түбіріне үңілу *өр*, *өрбі*, *өре*, *өрле*, *өрмеле*, *өркен*, *өркеш*, *өрелі*, *өрен*, *өріс* т.б. сөздерге негіз болған ортақ мағына “жоғары”, “биік”, “кең”, “көтерілу”, “таралу” т.с.с. екенін, одан мағынасы кеңіген, метафоралық мәні қоюланған *өркенің өссін*, *өресі жету*, *өрелі сөз*, *өркен жаю*, *жас өрен*, т.б. тіркестердің туындағанын көрсетеді

ӨРІМДЕЙ ЖАС < моңғол тілінде *урум* - “ұрық”, “тұқым”, “нәресте” мәніндегі сөз. (Тіліміздегі *үрім-бұтақ* қос сөзінің алдыңғы сыңарын осы сөзбен салыстыруға болады). Әрине, *өрім* сөзінің моңғол тіліндегі қолданысына қарап, оны моңғолдық деп айтуымызға негіз жоқ. Өйткені,

тіліміздегі *ұрнақ*, *ұрық*, *үрім* (*үрім-бұтақ*), *өрен*, *өркен*, *өрші*, *өрбі* т.б. сөздерді төркіндес, түбірлес десек, ортақ түбірі *өр* екенін көреміз. Ал бұл сөздің түбір күйіндегі жеке қолданысын Л.Будагов сөздігінен табамыз: *өр* (түрік тілі диалектісінде) - “көбею”, “бала туу”. *Өрімдей жасқа* тікелей қатысты бұл *өр* түбірі *өресі биік* тіркесіне де негіз болып тұр. Өйткені одан (*өр* түбірінен) туындаған сөздердің бірі жоғарыға қарай (вертикаль бағытта) «биіктеу» (*өр*, *өрле*, *өркеш* т.б.), ал екіншісі көлбеу бағытта (горизонталь) «таралу», «жайылу», «көбею» (*өркен*, *өріс*, т.б.) мағынасын беріп тұр >

АРЫСТАЙ АЗАМАТ< арыс сөзінің көне әрі алғашқы мағынасының бірі – “арба-шананың көлік жегетін қос жетегі, тертесі”. Мысалы:

Доңғалақ арба жүре алмас,

Қос арысы сынған соң (“Ш ғасыр жырлайды”)

Осыдан келіп, *арысқа түсті* деген тіркестің “екі ел арасындағы дау-шарға араласты”, “айтысты”, “жарысқа түсті”, “бөсекелесті” секілді ауыспа мағыналары туындаған. Сол сияқты “ерлі-зайыпты”, “жұбай” мәнін білдіретін екі арыс тіркесін де осы тұрғыдан түсіндіруге болады.

Сол секілді *арыс* сөзінің “үйдің төбесін жапқан өрімдерді көтеріп тұрған көлденең ағаш, бел ағаш” мағынасы да бірнеше ауыспалы мәндер туғызған. Соның бірі — “білікті”, “қадірмені”, “абзал” деген мағынасы. Мысалы: “ – Арысым-ай, арыстаным, бауырым-ай, - десіп күңіренеді” (М.Әуезов, Абай жолы) >

ШҮЙГІН< майдың, шырынның, нәрдің бір жерге жиналуын, жиылуын білдіреді. Осы мағына оны *шүйде* (түйенің майы жиылған жері), *шүйке* (шашы жиналған жері), *шүйіл* (бір нәрсеге қарай құлдырау, бағыт алу) сөздерімен жалғастырады. Қырғыз тілінде *чуйлу* - “ястреб”, “тетерявтник”, т.б. Ал бұларға ортақ түбр - *шүй* етістігін іздестірсек, эпостардан, жыраулар шығармаларынан табамыз. М.: *Айдын шүйсең, тарлан шүй* (Шалкиіз). >

БӨГЕУІЛ//БАҚАУЫЛ 1899 жылы Орынборда басылып шыққан “Қазақтың мақалдар жинағы” атты кітапшаға “*Аз асқа жасауыл болма, көп асқа бөгеуіл болма*” деген мақал енгізіліп, “Не берись караулить малое, а над большим не скупись” деп аударылған. Бұл жерде мақалды айтып беруші де, оны жазушы да *бөгеуіл* сөзін “сараң” мағынасында түсінген. Түркі ескерткіштерінде *букаул* - “тамақты ханға бермес бұрын оның дәмін татып көретін аспазшы” [28, 262 б.]. Ал “Рүстем дастан” жырында *бекауыл* - “той табақшысы” (Рүстем дастан)

Ш.Уәлиханов профессор И.Н.Березинге жазған хатында “Букаул қырда қазір де қолданылады. Қазақтарда “*Аз асқа букаул болма, аз гана елге бек болма*” деген мақал бар. Бұл жерде *букаул* - “табақ таратушы” мағынасында» деп жазады. Ал қазақ және өзбек фольклорында “*Бөрі бақауыл екен, түлкі жасауыл екен*” деген мақал ұшырасады. Аталған мысалдардың қай-қайсысынан да *бөгеуіл* сөзінің (*бақауыл, бекауыл* т.б.) хан сарайындағы арнайы шені, қызмет орны екенін көреміз. *Бақауыл* нұсқасы осы атаудың түбірін жолықтыратын «қарау», «көру», «бақылау мағынасындағы *бақ-* етістігімен ұштастыруға негіз береді. Салыст: *бақ~бақырай~бақай~бағжи~бақыла*.

КЕЛЕ *Түйе қотыр болса, ботасын былғайды, ботасы келесін былғайды*. “Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі” бұл сөзді “жылқы үйірі секілді түйе үйірі” деп түсіндіреді [ҚТДС, 151 б.]. Ал бұл сөз В.Радлов сөздігінде – “табун”, “дойная коро́ва”, қырғыз тілінде – “рогатый скот”, “дойная коро́ва” [РадСл. II, 1112 б.]. Бұл сөздің тілімізде бірінші мағынадан алыс емес “орта, топ” мағынасы бар: “*Қолдан келсе, бұл жолы Құнанбайды келеге салып әшкерелеп, көп алдында тентек қып алмақ*”. (М.Әуезов, Абай жолы). Ал бұл сөздің түп-төркініне үңілер болсақ, парсы тіліндегі *галле* (“стадо” мағынасында) сөзі екенін көреміз.

ҚАРМА *Балықшының үйіне барсаң - қарма жерсің, егіншінің үйіне барсаң - жарма жерсің*. Бұл жердегі *қарма* сөзі - балықтан істелген тағамның бір түрі. Тілші ғалым Қ.Айтазиннің мақаласында *қарма* даярлаудың екі түрлі жолы көрсетілген: 1) балықтың ішіндегісіне алып тастап, сыртын қырып тазалайды да, оған май қосып, қарып пісіреді; 2) балықтың қабыршағын қырып, тазартып, ішіндегі торсылдақ, ішек-қарын, уылдырығын алып тастап, қазанға қуырып, келіге түйіп жасайды. Бұл сөздің түбірі - *қару* етістігі, *ма-* етістіктен есім тудыратын жұрнақ (салыстырыңыз: *жар-ма, сүз-бе, кес-пе* т.б.).

МАШАЙЫҚ «Бәледен машайық қашыпты». Бұл сөйлемдегі *машайық* сөзі араб тіліндегі *шейх*-тің көпше түрі. Ал *машайық* - “қарт”, “қария” [АрРС, 533 б.]. Өзбек тілінде *машайық* “дін қызметкері”, қырғызша *машайық* “тақуа, дін тәрбиесін ұстаушы”. Қазақ тіліндегі *машайық* сөзінің мағынасы жөнінде Ш.Уәлиханов былай деп жазады: “В киргизской (қазақ - Ә.Қ.) степи много гробниц, каменных мечетей, называемых *стан* или *там*, которые носят названия по именам своих основателей и над чьим телом поставлены эти памятники. Такие места называются *аулие* - *святой* и *машаих*. Эти тамы служат местом для

религиозного зиярета, и они обращаются к этим аулие и машаихам как к патронам своего народа ...”. Диалектолог ғалым Ж.Болатов Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында *шайқы* - “қожанасыр кісі”, “алаңғасар”, *шайқы мінез* тіркесі - “мінезі шәлкес, қияңқы” дегенді білдіреді деп көрсетеді. Ал Қазақстанның оңтүстік облыстарында күлдіргі, әзіл-сықаққа жүйрік адамды *шайқымазақ* дейді.

НИЯЗЫ *Қар жауды деп қуанба - артында аязы бар, қожса келді деп қуанба – артында ниязы бар.* Таулы Алтай автономиясы облысының Қосағаш ауданында тұратын қазақтардың тілінде *ниязы*– “сұрап келіп, қолқалап алатын қосымша нәрсе” [ҚТДС, 257 б.].

Әзірбайжан тілінде *нияз* - “мольба, молитва”, ал қарақалпақша - “милостыня, подарок” мағынасында. Бұл тілдерге *нияз* сөзі парсы тілінен ауысқанға ұқсайды. Ал оның (*нияз* сөзінен) парсы тіліндегі мағыналары: 1) «потребность», «нужда»; 2) «просьба», «мольба»; 3) «подарок», «дар». Діни салт бойынша ұйғырлар ұлы мәртебелі адамдарға қыздарын да *нияз* қылып берген.

ШЕР *Өзіңді ер білсең, өзгені шер біл.* Парсы тілінде *шир* сөзінің екі мағынасы бар: бірі - “арыстан”, екіншісі - “күшті”. Дәл осындай мағынада *шер*, *шир* сөздері тәжік, өзбек, қарақалпақ, қырғыз тілдерінде ұшырасады. С.Аманжолов Маңғыстау өңірінің қазақтарының тілінде *шер* сөзі “ер, ержүрек, қайратты” мағынасында қолданылатынын жазады [14, 418 б.] >

ОРАЗЫ, ШЕРАЗЫ *Оразының баласы он бесінде баспын дейді; Шеразының баласы жиырма бесінде жаспын дейді.* Академик В.В. Радловтың көп томдық сөздігінде (II-том, 1655-б.) қазан татарларының тілінде *ураз* - “бақыт” деп көрсетіледі. Маңғыстау говорында да *оразы* – “бақытты адам” [10, 106 б.] Бұл сөз арқылы *оразы*, *оразды* түрінде **Ораздының он тамыры бір келеді, Қараша үйде сұңқар бар, ораздыға кездесер** секілді мақалдар құрамында да ұшырасады. Парсы тілінде *ораз* – “бақыт”.

Ал *шеразы* сөзіне келсек, тілімізде оның *шиырлы*, *жиырлы* секілді фонетикалық варианттары бар: “**Оразының баласы он бесінде бас болады; Шиырлының баласы жиырма бесінде жас болады; Ораздының ұлы өсер; Жиырлының қызы өсер**” (Шалғиіз). “**Ораздының он ұлы; Жиырлының жалғыз**” (Шалғиіз), т.б.

Акад. Р.Сыздықова былай деп жазады: “*Жиырлы* деген сөз ешбір түркі тілінде жоқ. Тегі, контекске қарағанда, бұл сөз *жиырлы* емес, *черлі*

болуы керек. Араб жазуындағы бір таңба әрі *ж*, әрі *ч* дыбысын білдірген. Арабша жазылған нұсқа қазіргі алфавитке көшіргенде қате оқылып, қате жазылған болуы керек. Сонда: “бақыттының он ұлы, шерлі адамның (бақытсыздың) жалғызы” деген қарама-қарсы образды білдіретін сөздер болып шығады” [29, 98 б.].

ҰША Біреудің төсін жесең, өзіңнің ұшаңды сайла. Көне түркілердің салты бойынша ұша тек қадірлі қонақтарға (ханға, ақсүйектерге) тартылатын сыйлы тағам болған. Сібірдегі түркілердің молаларынан археологтардың үнемі малдың жамбас сүйегін тауып отыруы оның қасиетті саналғанын айқындайды. М.Қашқари сөздігінде, *уча* - “малдың бөксесі, арқа” [МК I, 144 б]. Алтайлықтар құдаларына қойдың қуырылған құйрығын салтанатпен тартады да, бұл дәстүрді өздері *уча* деп атайды [РадСл. I, 1722 б.]. Маңғыстау қазақтарының тілінде *ұша* - қойдың сүбемен, құйрықпен тұтас алынған бел омыртқасы [30, 70 б.] >

ШОҚ БЕРУ *Шоқ* - *чог* - *чуг* сөздері, әдетте түркі тілдерінде “көп, мол” ұғымын білдіреді. Қырғыз тілінде “баршасы” (чогуу), шор тілінде “заттарды бір жерге үю” (шоқ), алтай тілінде “жинау, қалау” (чок) мағыналары болса, ал М.Қашғари сөздігінде *чогы* - “бір қаладан екінші қалаға сатуға апаратын тауар зат”, *чуғ* - “түйін”.

М.Әуезов *шоқ* сөзін осы соңғы “тұтастай, баршасын беру” ұғымымен байланысты қолданатынын көреміз: *Балқыбек сиязына шоғылып кеп бас қосқан екі дуан болыстарын қонаққа шақыртып отыр екен*. Бұл сөзді диалектолог ғалымдар ғана *шоғылу* түрінде сөздікке енгізген. “*Чоғылту* - жию. Бәрін *шоғылтып* бір жерге үйеміз [ҚТДС, 369 б.].

Бұл қолданыстағы *шоқ-шоғ-чук-чуг* біздіңше, тіліміздегі *шой желке*, *шүйгін*, *шүйке есу* дегендегі *шой*, *шүй* түбірлерімен төркіндес. Әсіресе, *шүйке есуде* “көп, бір жерге жинақталу” мағынасы айқын байқалады. Сірә, *шүйлігу*, *шүйлеу* сөздері де осы түбірмен тамырлас сөздер болуы керек. Сонымен, тіліміздегі *шоқ* (*шоқ беру*, *шоқ терең*, *шоқ белбеу*, *шоқпар*), *шоқтық* (*шоқтығы биік*), *шоқша* (*шоқша сақал*), *шоқат*, *шоғыр*, *шүйке*, *шүйгін*, *шой* (*шой желке*), *шүйлеу*, *шүйлігу*, *шүйілу* сөздері өзара түбірлес, төркіндес болып келеді.

ЯССАУИ Қожа Ахметтің есіміне Яссауи сөзінің қосылып айтылуы - оның 63 жасында тірідей жер астына түсуімен байланысты. Ол пайғамбар жасына толысымен, бұ дүниені тәрк етіп, жертөле мешіт (яғни қылу) қаздырып, соған кіріп жатады. Адамның тақуалықпен тіршіліктің қызығынан бас тартуын араб тілінде *йә’сә* (йаса) дейді, йәсә

сөзі - “күдер үзу”, “дүниені тәрк ету” дегенді білдіреді. Көпшілік *иаса* деп әуелі қылуғатты, кейінірек шаһарды түгелдей атаса керек.

Зерттеуші А.Ибатов: «*йасауи*» сөзінің соңындағы *иФараби, Хорезми* сияқты есімдердегі парсылық изафет емес. Бұл атау *йаса* сөзімен түркінің еуи (үйі) сөздерінің бірігуі арқылы қалыптасқан» [31, 8] деп санайды.

АРШЫН “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде”, *аршын* сөзіне “метрге тең өлшем”, “кез” деген түсінік берілген [ҚТТС I, 355]. Шындығында, оның өлшемі метрге жетпейді, небәрі - 0,711 метр немесе 71 см. Бұл сөз орыс тілінде де ұзындық өлшемі ретінде қолданылады. Алайда сөздің түпкі төркіні иран тіліне тіреледі. Оларды “әрші” тұлғасы, “шынтак” деген ұғымды білдірсе [51, 522-523], ал В.Радлов *арш*—«шынтакпен саусақ ұшына дейінгі аралықтың ұзындығы», – дейді [РадСл. I, 331]. Демек, иран тіліндегі “арш” түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне ауысып келгеннен кейін *ын* қосымшасын қабылдап, *аршын* түрінде қалыптасқан; одан әрі түркі тілдерінен орыс тіліне енген. Яки әу баста *аршын* - шынтак пен саусақ ұшына дейінгі ұзындық атауы ретінде жұмсалса, кейін ұзындық өлшемі болған.

ЕЖЕГЕЙ Тамақтың бұл түрінің дәмі қышқылдау болып келетінін еске алсақ, ол өз атауын бойына тән осы қасиетін байланысты алған деуге болады. Сөз түбірі түрк, моңғол тобындағы тілдерге ертеден ортақ болса керек. Тіліміздегі *ащы* сөзі якут тілінде – *аһыы*; туваша – *ажып*; ал моңғолдарда *ашу*, *ашыту* етістіктері мағынасын *эсгэх*, *эсэх* тұлғалары, қалмақ тілінде *исгси* сөзі береді. Осылардың ең алғашқы түбірі бір болғанда, кейін әр тілдің өздеріне тән заңдылықтарына сәйкес дыбыстық өзгеріске түскен. Демек, “а”-ның орнына “э”, “ш, ж, с” дыбыстарының сәйкестігінен бір тілде *ащы* (қазақтарда), *ажыг* (туваларда), үшіншісі *эсех* (моңғолдарда) тұлғаларына дейін өзгерген.

Уақыт өткен сайын мағына ажырату қажеттігінен қазақтарда “ащы” тағам дәмінің бір қасиетіне меншіктеліп, моңғолдардағы бұл мағынаны беретін *эсех* тұлғасы белгілі бір тағамның атауы болып қалыптасқан. Сөйтіп, тіліміздегі *ежегей* сөзінің даму сатысы былай болған: *эсех* - *ежех* - *ежег* - *ей* (жұрнақ) - *ежегей*.

Моңғол тілінде біздегі “ірімшік” мағынасын *ээзгий* тұлғасы береді. “Ежегейдің” алғашқы түбірі, “эсех” екеніне күмән жоқ. Біздегі *ірімшік* пен *ежегей* тағамдарының дәмі де осыны қуаттайды. Ірімшік дәмі тәттілеу де, *ежегей*- қышқылдау. Анығырақ айтсақ, біздегі *ежегей*-ірімшік

пен құрттың аралығындағы тағам. *Ежсегейді* қазақтар моңғолдардан ауысып алған деген пікір айтуға да болады. Бірақ М.Қашғари сөздігінен “қышқыл” төркіні түрк, моңғол тобындағы тілдерге бұл сөзді (түбірді) ортақ деуге қолайлайтын тәрізді.

ӨМІЛДІРІК *Өм* сөзінің алғашқы тұлғасы кейбір түркі тілдерінде кездесетін *өмген*, *омых*, *омыр* сөздерімен тамырлас. Шағатай тілінде: *өмген* «аттың кеудесі»; қазіргі хақас тілінде *омып*, *омых* тұлғалы сөздер де “аттың кеудесі” мағыналарында қолданылады, тіпті моңғол тілінің дерегінде де *омруу* тұлғалы сөз бар.

Шағатай, хақас тілдеріндегі *өмген*, *омых* сөздерінің тек жылқының кеудесімен байланысты қолданылуы қазақ тіліндегі *өмілдірік* сөзіндегі *өм* түбірін солармен байланыстыруымыздың дұрыстығын білдіреді. Қорыта айтсақ, *өмген* не *омых*, *омыр* сөздерінің біріне *ілдірік* тұлғасының қосылуы арқылы (*өмген* - *ілдірік* немесе *омых* - *ілдірік*, (*ом(ых) ілдірік* - *өмілдірік*, *өмілдірік*) “өмілдірік” атауы пайда болған. Мұны ертедегі түрк жазба ескерткіштері де қуаттайды: *өмген* - кеуденің жоғарғы жағы, *ең* - алдыңғы жағы [ДТС, 3-385]. Моңғол тілінің мәліметі де осыны айқындай түседі: *өмне*—«алды, алдыңғы жақ» [ҚазМС, 24]. Тіліміздегі *өңмен* сөзінің де алғашқы мағынасын осы “алды, алдыңғы” сөзімен ұшырастыру дұрыс тәрізді.

ДЕЛБЕ Ерте кезде делбені тек қайыс баудан жасау міндетті емес, оны қыл мен жүнді араластырып ескен, арқаннан да істеуі ықтимал. Бізді бұл ойға жетектеп отырған - сақа тілінің дерегі. Сақа тіліндегі бірде *дэлбэргэ*, кейде *дэлбиргэ* тұлғасында кезігетін Э.Пекарский жасаған сөздікте - жылқының ақ түсті жалынан ескен арқан, ал қазіргі сөздікте —«жылқының ақ түсті қылынан жасалған арқан» мағыналарын береді [48, 188]. Егер *делбе* сөзінің түбірі бір буынды *дел* деп жорамалдасақ, сөз төркініне жол ашылатындығы байқалады. Әсіресе, Э.Пекарский сөздігінде кездесетін, *жал* сөзін нысанаға ала төркіндетсек, онша адаса қоймайтын сияқтымыз. Делбе боларлық бауды қайыстан емес, жылқы жалынан күзеп алған қылдан есіп жасауы да бекер болмас. Ал *жал* сөзі туваша - *чел*; саха тілінде - *сиэл*; моңғолша - *дэл*; қалмақша - *дел*. Моңғол тілінде біздегі *делбе* сөзі *дэлбег* болып келеді [ССТМЯ I, 282].

«Жал» мағынасын беретін *дел* тұлғасы ерте кездерде моңғол, түрк тобындағы тілдерде ортақ болған да, кейін уақыт озған сайын әр тілде дыбастық өзгерістерге душар болу нәтижесінде қазіргі кезде қазақша - *жал*, туваша - *чел*, саха тілінде - *сиэл*, қалмақша - *дел*, моңғолша - *дэл* тұлғаларына дейін жеткен.

Осылайша алғаш жалдан жасалған әбзел өз атауын соны дайындаған заттан ауысып алған. Оны *делбе* не *делбег* тұлғасына дейін қалыптастырған - *бе*, *бэг* жұрнағы.

ЖАБЫ Түсіндірме сөздіктегі анықтамасы бойынша, бұл сөз “қазақы жылқының байырғы қара байыр тұқымы” деген мағынаға ие. Сөздіктегі мысал: “*Жалы бар деп жабыдан айғыр салма*” (мақал). Мақалдағы алтай, төлеуіт тілдерінде *йабы*—«жүдеген», «арықтаған», «жарамсыз», ал қазан татарлары, қырғыз және бараба татарларында *йабык*—«арықтау», «жүдеу», «әлсіздену» деген мағыналарды береді. *Йабы* және *йабык* сөздері *жабы* тұлғасына жақын келетіні даусыз. Жылқының бұл түрі онша реңді бола бермейтінін ескерсек, “жарамсыз” сияқты мағыналардан да алшақ кетпейді. Ендеше *жабы*-ны *йабы* сөзінің дыбыстық түрі деп қарап, оның төркіні түрк тілдері деу орынды.

Алайда жүйесі басқа тілдің елеңдетер дерегіне тап боламыз. Парсы тілінде бұл сөз үнемі *жылқы* сөзімен тіркесте көрінеді: *иабу*- 1. «жүк артатын, жүк таситын жылқы»; 2. «тұқымы нашар, көтерем ат» [ПерРС II, 738]. Қазақ тілінде де *жабы* көбіне-көп жылқымен байланысты қолданылады. Бірақ сөз төркінін парсы тіліне апарып тіреуге күмән тудыратын тағы бір себеп бар сияқты. Ол - парсы тіліндегі *йабу*-дың екінші мағынасында кездесетін “көтерем”, “арық” мағыналары. Осы мәліметтерді салыстырсақ, *жабы* сөзінің алғашқы төркіні түрк тілдері болған және ол ертеде тек *жылқы*, *ат* сөздерімен тіркесіп қана қоймай, басқа да атаулармен жанаса алған.

Бұдан шығатын қорытынды - түрік тілдері меншігіндегі *жабы* сөзі парсыларға ауысып, онда тек *жылқы* сөзімен тіркескен де, қазақ тіліне кері оралған.

АЗАТ *Азат* сөзінің қазақтың төл сөзі еместігін байқаймыз. Парсыларда *азад* дыбыстық қалыпта айтылып - “еркін”, “ерікті”, “бостандықтағы” мағынасын береді. Оларда “Азад” сияқты адам есімін де кездестіреміз. Ахмед Игунекидің “Ақиқат тартуы” атты нақыл поэмасында *азатсөзі* келтірілген.

Азат сөзінің қазақтың төл сөзі қалпына жеткендігі сондай, оған тілімізде жұрнақ жалғануын туындаған онға жуық сөз қолданылады.

БОДАН//БОДАМ *бодан* сөзін ертедегі “халық, ел, жұрт” ұғымын беретін *будун* сөзімен байланыстырудың қисыны жоқ. Оны орыстың *подданный* сөзімен тектес қарауға да болар. Дегенмен “Ежелгі түрк сөздігінде” мынадай деректер бар: *боду*—«бекіту», «тіркеу», «қыстыру»; *бодул*—«бекітілу», «байлану», «шырмалу»; *бодумалық*—«байланып калу-

шылық», «қосылған» [ДТС, 108]. Осы мағына негізінде «бодандық», «бодан болу» тіркестерінің де төркінін түсіндіруге болатын сияқты.

КӘРЗЕҢКЕ Орыс тіліндегі *корзина* сөзі өткен жүзжылдықта бүгінгі “себет” мағынасында қолданылмаған тәрізді. Бұған А.С.Пушкиннің “Сығандар” (Цыганы) дастанынан мысал келтірейік:

“Ослы в перекидных **корзинах**
Детей играющих несут” (А.С.Пушкин)

Жырдағы есекке теңдеп алған *корзин*-нің кәдімгі *қоржын* екенін көреміз. Демек, *кәрзеңке* - *корзинка* (корзин-ка - корзинка) сөзінің өзі түрк тілдерінен бастау алады екен.

Л.Рүстемов бұл сөздің төркіні араб тілі екенін көрсеткен: ар. *хордж-ун*: «вещевой мешок»: (п. хурджин) —«двойная сумка для багажа, перекидываемая через спину вьючного животного, переметная сумка», - деп жазады [53, 166]. Яғни, арабтың *хурджун* сөзі тілімізге парсы тілі (“хурджин”) арқылы *қоржын* тұлғасында еніп, ол орыс тілінің “өңдеуінен” өткен соң екінші мүліктің атауы ретінде “кәрзеңке” болып қайта оралған. Мұндай мысалдарды “тостаған - стакан - ыстақан”, “тауар - товар - тауар” т.с.с. сөздердің тарихынан көруге болады.

ҚҰМЫРА Л.З.Рүстемов бұл сөздің түп-төркіні араб тілінің еншісінде жатқанын көрсетеді. “ар *хумрө*: «большой глиняный сосуд». Бірақ түркілер ортағасырларда араб үстемдігіне мойынсұнбай тұрып-ақ, қолданбалы өнер бұйымдары мен ыдыс-аяқтың алуан түрін дүниеге әкелгені мәлім. Соның бірі - *құмыра*. Бұл ыдысқа олар (әдетте, түрк түбір сөздері бір буынды болып келеді) өздерінше *куб* деп ат қойған екен [54, 158]. Бабалардың ұшқыр қиялынан туған бұл сөз қазір басқа бір ыдыс атауына “айналған” сияқты. Бұл түбірді біз *күбі* (май айыратын ыдыс) сөзінен көріп отырмыз. *-ше, -шек, -шін* сияқты кішірейткіш жұрнақтары арқылы *күб(і)ше, күб(і)шек, күб(і)шін* аталған. Мұндай тұлғалар орыс тілінен табылады. Мысалы, орыс тілінде *құмыра* атауын *кувшин* сөзі ұғындырады.

СҮЙЕК // САЙ-СҮЙЕК, СҮЙЕК-САЯҚ *сай, саяқ* сөздері *сой* түбірінен туындаған болар деп ойлаймыз. Өйткені бұл сөздер бұрыннан қолданылған. Қалнияз ақын:

“Бұралып өсер бой қайда,
Бұрынғыдай **сой** қайда? ...” – десе, Бала Ораз:
“... Падшаның **сойындай**,
Қашаннан болат сүйегің”, дейді.

Ендеше, *сай-сүйегім* деген тіркестің алғашқы тұлғасын *сой-сүйегім* болуы керек. Сонда *сай, сой* дегеніміз «сүйек» деген ұғым береді, *сай-сүйегім* деген қос сөздің мағынасы “сүйек-сүйегім” болып шығады. Тіліміздегі “мал сой” деген тіркес те “малдың мүшелерін жіліктеу», яғни «сүйекте» деген ұғым білдіреді. *Сой* түбір сөзінің қазақ тіліндегі жергілікті қолданысы мен жыраулар тіліндегі архетиптік мағынасы да «Арғы заты, тегі, сүйегі» деген мағынаны білдіреді: *Бір тәңірден болмаса, кер келмес деп жүр едім, Нағашым жүйрік сен едің, сойыңа тартқан мен едім* (Ақберен); *Мен кескекті ердің сойылын, Кескілеспей бір басылман* (Махамбет) [Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 13-том, 236; (Қараңыз: Р.Сыздықова «Сөздер сөйлейді»)].

ӘЙЕЛ К.К.Юдахин құрастырған “Қырғызша-орысша сөздікте” (1965 ж.) *аял* сөзіне “женщина” деген түсінік беріліп, араб тілінен екендігіне белгі соғылған. Өзбекше бұл сөз - *ая*, түркіменше - *аял*. 1970 жылы проф. Х.Х.Баранов жасаған “Арабша-орысша сөздіктің” 677-бетінде *зақайл* тұлғалы сөздің екі түрлі мағынасы бар - 1) жұбай, әйел; 2) ерге тиген әйел (дама), ханым (госпожа). *Ғақайл* сөзі түрк тілдеріне ауысқанда “ғ” дыбысы түсіп қалып, *ақайл* шығады. Түрк тілдерінде сөз ортасында дыбыс түсіп қалатынын ескерсек, *ақайл*-дың *айл* болып айтылып, одан әрі қазақ тілінде “әйел” түріне жеткен.

ҚАТЫН Эвенкілерде *катун* – «үй иесі әйел», «батырдың, басшының әйелдері», эвендерде: *хотун* – «үй иесі әйел»; неждальдарда *катон* – «ауыл ағасының әйелі».

Түркі тілдеріне жақын моңғол тілінде 1) *хатуын* – «ақсүйек әйел», буряттарда *хатан* – «ақсүйек әйел», «патша әйелі»; қазіргі моғолдарда *хатан* бурят тіліндегі мағынада қолданылады; қалмақша *хаты* – «ақсүйек әйел» [ССТМЯ I, 3-385].

Саха тілінде: *хотун* – «ақсүйек әйел» [48, 116] мағынасында. Өзбек тілінде: *хотин* - әйел [УзбРС, 150]. Ежелгі түркі жазба ескерткіштерінде *катун* - “ақсүйек әйел, текті тұқымнан шыққан әйел, билеушінің, атақты адам әйелі” делініп мысал келтіріледі: “Ұмай сияқты менің анам - *катун*, соның ұлылығының арқасында менің інім Күлтегін деген батырлық атақ алды” [ДТС, 436]. Қазақтан басқа түркі тілдерінің көбінде бұл сөз бастапқы текті мағынасында - *қатын* түрінде қолданылады.

Тұңғыс-мәнжур тілдерінің кейбіреуінде осы тұлғалас *қатлиқ* немесе *қатлин* сөздері “дос, өмір серігі” дегенді түсіндіреді [ССТМЯ I, 3]. Сөйтіп, сөздің алғашқы түбірі - *қат* болар да, тұңғыс мағынасы - “дос, өмір серігі” болса керек.

ЖОСЫҚ «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» бойынша бұл сөздің мағынасы – «ырым», «салт», «жөн», «ыңғай», «заң», «ереже», «қылық», «мінез». “Сатым бетіне қараса, жөн жоқ, жосық жоқ ... ыржияды” (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Кейде “жөн” сөзімен тіркесе қолданылып, “жөн-жосық” қос сөзінің құрамында да кездеседі.

Қырғыз тілінде: *жосун* - “тәртіп”, “ереже” [КиргРС, 263], тува тілінде: *езу* – «дәстүр» [РусТС, 327], башқұртша: *йосок* - “тәртіп” [БашРС, 227].

Демек, сөз төркінін моңғол тілінен деп қарауға болатын сияқты. Моңғол тілінде: *ес* - (*йос*) – «әдет», «салт», «дәстүр» [МоңғҚС, 87]. Бурят тілінің кейбір говорларында: *йосо* - “дәстүр”. Моңғол тіліндегі осы сөздің басқа: “тәртіпсіз” сияқты мағынасы қазақ тілінен сол қалпында орын алғандығын *жосықсыз* сөзінен де аңғару қиын емес. “Тәртіпсіз” мағынасының орнына кейде “жосықсыз” сөзі қолданылып, тиісті мағына иеленеді.

Сонымен, моңғолдың *ес* сөзі, түрк тілдерінде “дәстүр” мағынасын меншіктеген.

ҚОБЫЗ Ертедегі түрк жазба ескерткіштерінде *қобы* кейде *қовы* тұлғалы сөздер қазіргі тіліміздегі “қуыс”, “бос” мығыналарын берген. [ДТС, 451, 461]. Сол кездің өзінде іші қуыс ыдыстарға *қова* (“шелек”, “күбі”) сияқты атаулар берілген. Қазіргі әңгіме болып отырған *қобыздың* өзі М.Қашқари заманында да *қобуз* дыбыстық құрамында қолданылған [ДТС, 451].

СУЫҚ ХАБАР Сөздің түп-төркіні - парсы тілі. Парсыларда *суғ* тұлғалы сөздің тура мағынасы – «қайғы», «мұң», «қаралы». Демек, *суық хабар* тіркесіндегі сөздің бірі - парсы, екіншісі - араб тілінен (хабар) ауысқан. Екі сөздің “қосындысы” - *суық хабар* тіркесі қазақша айтсақ, “қайғылы мәлімет” деген мағына береді.

ТЫМАУ *Тымау* - дерттің аты. Қазақта *Қысың тұман болсын, ауруың тұмау болсын* деген мәтел бар. Тұман да ауа райының күрт суытқан шағында түседі. Яғни, бұл екі сөздің (*тымау, тұман*) әу бастағы түбірі - *тым, тұм, тум* - ортақ деуге болады.

Көне түрк тілінде *тум* сөзі “суық” деген мағына берген. М.Қашқари сөздігінде көне түрк тіліндегі “ағ” (а:ғ) сөзінің “өңі өзгеру”, “бозару”, ал “іг” сөзінің “кесел”, “сырқат” дейтін мағыналары көрсетілген [54, 171].

Тоңған кісінің немесе суықтан дертке шалдығып, ауырған адамның өңі бозарып жүретіні белгі. Демек, “тымау” сөзі көне түрк тіліндегі “тум”

және “ағ” сөздерінің бірігуі (*тум-ағ*), яки *тум* және *іг* сөздерінің бірігуі (*тум-іг*) арқылы дүниеге келіп, бұл тұлғадағы сөздер (*тумағ* немесе *түміг*) суықтан пайда болған дерттің атауына айналған. Сөз соңындағы *ғ*, *г* дауыссыз дыбыстарының - “у-ға”-ға айналуы заңды құбылыс.

САУЫСҚАН Қашқари сөздігінде: “Қуш йаувзы *сағызған ...*”, – деген мәтел келтірген [33, 52]. Құс атауы оның сақтығына байланысты берілген. “Сауысқан” - біріккен сөз. Алғашқы бөлігі көне түркілі *сағ* тұлғасы болса, келесі бөлігі *қузғун* екені аңғарылады. М.Қашқари сөздігінде *сағ* сөзінің “тапқырлық”, “сезімталдық” секілді ұғымдарды білдіретіні де көрсетілген. *Қузғун* сөзі көне түрк тілінде “құс” деген жалпылама мағынада қолданылған тәрізді: “*Бәрініг ортақ, қузғунның йығач башында*” (жоғарыда аталған еңбектің 53, 166- беттерін қараңыз). Сондай-ақ *құзғын* сөзінің түбірінде де *құс* (куш) нұсқасы жатқаны байқалады. Бұл атаудағы *ғын* (ғун) көне түрк тіліндегі *хун* болуы да ықтимал. М.Қашқари сөздігінде *хун* сөзі “ұнамсыз”, “жағымсыз” деген мағынада айтылады [33, 174].

Көне түрк тілінде *у//ғ*, *у//ы//а* дыбыстарының сөйкестігі болатындығы белгілі. Сол сияқты “х” дыбысының “ғ”-ға айналуы да күмән тудырмайды. Демек, *сақ+қузғун* (*қуш+хун=қузғун=құзғын*) сөзінің “сауысқан” тұлғасына дейін өзгеруі осы заңдылықтардан сыртқары емес.

ЕНШІ Хакастарда *инчі*, ал туваша - *өнчу* дыбыстық құрамда айтылып, “ұзатылған қызға берілетін мүлік” ұғымын береді. Бұл XII-XIII ғасырдағы жазба ескерткіштердің бірінде - *енч* қалпында айтылған сөз - тек “игілік, мүлік, меншік” іспеттес үш мағынаны иеленген. Басқа бір жазба ескерткіштің дерегі бойынша *инчу* сөзінің мағынасы “мұрагерлік” дегенге ұқсайды. Түбір құрылымын анықтау *енші* сөзін *ен*, *ен салу* тіркестерімен морфосемантикалық сабақтастықта қарауға негіз береді. Қараңыз: Қазақ тіліндегі *енші* (этнографизм), *енші* («бір нәрседен үлес», «бөлшек» ия «сыбаға»), *ен*: *ен салу* (*ен* – «меншікті, иелікті ия белгілі бр үлесті таңбалау»).

СҮБЕ БИ “Сүбе би” деген төбе би төңірегіндегі “кеңесші би” болмақ. Демек, монғол, якут тілдерінде осы күні де жеке қолданылатын «үлкен» мағыналы “тойв”, “сүбе” сөздері бір кездерде қазақ тілінде белсене жұмсалып, (қараңыз: *сүбе қабырға*, *сүбелі* т.б.) соңғы дәуір де өз мағынасынан айрылып, жеке айтылудан қалып, ұмытылған.

БЕТІНІҢ СУЫН БЕС ТӨГІШ *су* сөзі - көне тұлға. Ескі түкі тілдері мен қазіргі түркі тілдерінде *суг*, *сув*, *суб*, *су*, *сұу* түрінде

қолданылады да әрі түрлі ұғым береді. Мысалы: *су* – «ылғал» (ылғал), «дымқыл», «өзен», «көл», «теңіз», «мұхит», «ішетін нәрсе» (сұйық зат). Бұл тіркестегі *су* сөзі ауыспалы мағына беру үшін жұмсалған. Көне түркі тілдерінде ол басқа сөздермен тіркесіп *ар*, *атақ*, *абырой*, *бедел*, *даңқ*, *ырыс*, *құт*, *бақыт*, *байлық* сияқты ұғымдарды білдірген. Ю.Баласағұнидің “Құт өкелетін білім” деген кітабында: *оларда бірiсi тiлер йүз сувы* (яғни: олардың біреуі даңқ тілейді). Мұндағы *беттің суы* (*йүз сувы* - жүз суы, демек беттің суы) деген тіркес *абырой* – «даңқ» деген мағынада жұмсалып тұр.

Беттің суы деген тіркес парсы тілінен енген *абырой* деген сөздің жасалу ретімен қалыптасқан. Онда *аб-су*, *руй* (бізше *рой*) – «бет» деген сөз: *абыроймен беттің суы* - өзара калыса (мағыналық жағынан теңбе-тең етіп жаңа сөз тудыру) жолымен жасалған тіркестер, бірақ олардың о баста қай тілде жасалғаны белгісіз. Мағыналық (семантикалық) жағынан да бұл екі тіркес өзара синоним: *беттің суы* деген сөздің беретін мәні *абырой* деген сөздің мағынасымен бара-бар.

Осы айтылып отырған *су* (беттің суы) сөзінің басқа тіркестердегі *су* сөзімен мағыналық та, тұлғалық та байланысы жоқ. Мысалы, *су жаңа* (судай жаңа) т.б.

БЕТИНЕН ОТЫ ШЫҚТЫ Осындағы *от* сөзі ошақта жағылатын отқа байланысты емес, ескі қыпшақ ескерткіштерінде (XI-XVIII ғғ.) қолданылған *от*, *ут* яғни *ұят* деген сөзбен тамырлас. Сондықтан оны *ұяты бетіне шықты* деген тіркеспен сластырамыз. *Бетінен оты шықты* деген тіркес «адамның беті қызарды», «қатты ұялды» (*қатты қысылды*) деген ұғымда жұмсалады. Ұят пен от сөздерінің бір түбірден тарауы да мүмкін. Ескі түркі тілдерінде бұл сөз *овут* болып айтылады. Ол тілдерде *ов*, *ув*, (*ув*, *өв*) тіркестері қазіргі қазақ тілінде *ой*, *уй* (*ой*, *үй*) түрінде келетінін еске алсақ, ежелгі *овут* сөзінің кейде *ұят* (ұят), кейде *от* болып өзгеруі - белгілі фонетикалық заңдылыққа байланысты құбылыс.

ҚАМШЫ орта ғасыр түркі тілдерінде, сондай-ақ туыстас тілдерде (тува, тофалар, алтай, сары ұйғыр, хакас т.б.) *қам* “бақсы” дегенді білдіреді. Мысалы, қарайым тілінде *қамшы* сөзі “шаман” мағынасында жұмсалады. Осылайша екі түрлі тұлғада жарыса қолданылатын сөздер тіл-тілде аз кездеспейді: *диқан* - *диқаншы*, *мерген* - *мергенші*. *Қамшы* сөзі қазақтарда да “бақсы, шаман” мағынасында жұмсала келіп, екінші зат атауына көшкен. Оған себеп байырғы кезде *қамдар* немесе *камшылар* (бақсылар) көбіне шыбыртқы алып ойнайтын болған. Оны

қамның немесе қамшының шыбыртқысы деп атаған. (Ш.Уәлихановтың айтуынша, бағаналы Қойлыбай бақсы өзі бара алмаған жерге қамшысын беріп жібереді екен). Бірте-бірте *қамшы* сөзі әрі “бақсы” әрі “шыбыртқы” мағынасында қолданыла бастаған. Уақыт оза қамшының бастапқы (бақсы) мағынасының ұмыт бола бастауын парсы тілінен енген *бақсы* сөзі жеделдете түскен. Бұл туралы толығырақ Н.Уәлиевтің «Қамшы» сөзі қайдан шыққан? (этнолингвистикалық етюд // Қазақстан әйелдері. 1985, №7) мақаласынан қараңыз.

ҚҰЙ ~ *төбеңнен құй қазды ма?* Мұндағы *құй* сөзінің мағынасы - “құдық”. Бұл сөз қазіргі татар тілінде сол күйінде сақталып қалған: *көе суы* (құдық суы), *энелән көе қазу* (инемен құдық қазу). Осы *құй* сөзі тарихи тұрғыдан алғанда, қазіргі қазақ тіліндегі құдық сөзінің түпкі түбірі құд нұсқасы тұлғамен тектес. Осы құд бір заманда жоғардыа айтылған құй сөзі сияқты жеке қолданылып, “құдық” мағынасында айтылған. Мысалы, орхон-енисей және Қараханид ескерткіштерінде бұл *құд* және *құй* сөздері “құдық” деген мағынада қатар қолданылған. Осы түбірлерден жасалған қазіргі *құдық* сөзі XIV ғ. жазылған “Хұсырау уа Шірін” мен “Нахдж ал-Фарадис” ескерткіштерінде *құйық* (құйүк) формасында, “Мухаббат-Наме” ескерткішінде *құдық* (құдук) түрінде қолданылған. Бұлардың бірінің түбірі - *қуй* (қуй-ук), екіншісінің түбірі - *құд* (құд-ук дегендегі).

Мағыналық ұштастығына, мағыналық іліктестігіне қарай осы қос мағыналы *құй* сөзін *құз* сөзімен де тектес деп айтуға болады. *Құз* сөзі - “терең, тұңғиық шыңырау” деген мағынаны білдіретін тіктік мәні бар сөз. Жалпы алғанда, *құй* мен *құз* сөздеріне ортақ тірек мағына - “қимылдың төмен қарай тік бағытталуы”.

Бір сөздің көне ескерткіштер тілінде осылайша түрлі дыбыстық тұлғада айтылуы (*құй~құз~құд*) й (*й~з~д*) заңдылығынан тікелей сабақтасып жатады.

Мұндағы бір айырмашылық: қой сөзінің *қой*, *қоз*, *қод* болып айтылуындағы – *й*, *з*, *д* дыбыстары ескерткіштер тіліндегі диалектілік ерекшеліктердің көрінісі болса, қазақ тіліндегі *қой*, *құз*, *құд* (құдық) құрамындағы *й ~ з ~ д* дыбыстары сөз тудырушы аффикстер дәрежесінде қызмет етеді. Бұлардың бәріне ортақ түпкі (этимологиялық) түбір - *қо* (құ).

БОРСЫҚ сусар тұқымда аң. Түркі тілдеріне ортақ атау. Бұл атаудың этимологиясы жайында үш түрлі пікір бар: 1) Бірінші вариант:

борсық атауы бұл аңға жүнінің түсіне сай берілген (лингвист-ғалымдар И.М.Шаинский, М.Фасмер). Тува тілінде - *бора*, хакас тілінде - *пора* (сұр); көне түркі тілдерінде; азербайжан, түрік, ұйғыр - *боз*; өзбек - *буз*; алтай - *нос* деп атайды. Мұның бәрі «сұр», «боз» дегенді білдіреді; 2) Екінші вариант: түрколог ғалымдар А.М.Щербак, Г.Рамстедт *бор* – «семіз», «жуан» сөзінен шыққан дейді. Қырғыз тілінде - *борсоггой* – «домалақ», «жуан»; қарақалпақ тілінде - *порсық* – «кішкентай», «жуан»; ноғай тілінде *борсук* – «жайбасар», «семіз» деген мағынаны білдіреді. Бұл қатарға қазақ тіліндегі *бордақылау* етістігі мен *борсиган* еліктеуіш сөзін де қосуға болатын сияқты. 3) зерттеуші С.С.Цельникер *борсық* атаулы *бор*, *борсы* – «сасу», «иістену» етістігінен пайда болған дегенді айтады. Бұл шындыққа онша жанаспайтын сияқты. Біздіңше, белгілі түрколог-ғалымдар А.М.Щербак пен Г.Рамстедтің пікірі ғылыми негізделген, ақылға қонымды пікір.

АЯКӨЗ *Аякөз* атауы екі сөздің бірігуінен пайда болған. Олар *ая* әлде “ай” және “оқуз”. *Ая* - *София гибадатханасы* – «сұлу София» (әлде әулие София). Ал “оқуз” сөзі «өзен», «су» мағынасындағы өте көнеден келе жатқан су аты. Мәселен, Амударияның ертедегі аты - *Окс* (*оқуз*, *өкіз*) , оның: үлкен бір саласының аты *Вахш* - *окс*, *өкіз*, *оқуз*. Қола дәуірінде өмір сүрген алакөл мәдениетіне жататын адамдар *Аякөзді* осылайша *Аяоқуз* (*сұлу өзен*) деп атаған.

Құрамында -дай, -дей жұрнағы бар атаулардың этимологиясы

Тілдегі сөз байлығының белгілі бір деңгейде тұруына, сөйтіп, оның қоғамдағы коммуникативтік қызмет атқару міндетін ақтауына екі түрлі себеп болады: бір жағынан ол жаңа пайда болған, сырттан енген ауыс-түйіс сөздер арқылы байып, толығып жатса, екінші жағынан қажетті өтеп барып, көнерген, ескірген сөздердің есебінен азайып отырады. Тілдің табиғатына тән осы бір толассыз қимыл-қозғалысты, өзгерісті мүжілуді ағза клеткаларындағы болып тұратын «өлу-тірілу», «жаңалану» процесімен салыстыруға болатын тәрізді.

Көнерген, ескірген сөздердің бәрі бірдей біржола қолданыстан шығып қалмайды: олар бейне бір тіл тұлғасындағы ескінің елесі, көненің көзі іспетті өз нақыш-сәнімен, өз жарасымдылығымен көпке дейін сақталып қала береді. Бүгінгі буындардың біле бермейтін ана тіліміздің сыр-жұмбағы дегенде, біз оқырмандарды тілдік қордың осы жақтарына мегзейміз, оның осындай ерекшеліктеріне назар аударамыз.

Демек, тілдің сөздік құрамы үнемі өзгеріп отырады. Тілде бір қыдыру сөздер ескіріп, қолданыстан шығып жатса, кейбір сөздер тілге еніп оны толықтырады. Біздің күнделікті тілдік қорымызда өткен өмірді бейнелейтін сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездесетіні белгілі. Бірақ та олардың біразы күнделікті қарым-қатынаста айтылса да, бәрі бірдей бүгінгі ұрпаққа айқын бола да бермеуі мүмкін. Олардың арасында қолданыс аясы тарылып, о бастағы мағынасының күңгірттеніп, не мүлдем ұмыт болғандары да аз емес. Бұлардың этнографиялық мазмұнын, дәстүрлік қолданысын зерттеу этнолингвистиканың үлесіне тисе, тілдік табиғаты мен даму заңдылықтарын этнолингвистика деректеріне сүйене отырып тарихи лексикология анықтайды.

Ұлттық болмыстың нышанын танытатын тіл деректерінің ана тілі төріндегі құндылығын тілші-ғалым Р.Сыздық өз еңбектерінде жан-жақты талдап көрсеткен. Автор: «Көнеден келе жатқан образдарды пайдалануға, ескі тұрмыс-салтқа байланысты бұл күнде ұмыт бола бастаған немесе мүлде ұмытылған я болмаса мағынасы өзгерген сөздер мен сөз тіркестерінің кездесуі табиғи да заңды. Сондай сөздердің сырын біліп, қолданылған жеріндегі мағынасын түсіну, олардың түп-төркінін танып отыру өте қажет деп білеміз» [29, 5] – дейді.

Кейбір сөздердің тілдегі қолданыс белсенділігі, заманға сай өзектілігін жоғалтып жатады, тіпті қолданыстан шығып қалып жатады. Уақыт талабына, заман ағымына байланысты кейбір сөздерді өте жиі естіп жатамыз.

Қазіргі тіліміздің нормасы тұрғысынан қарағанда мұндай сөздердің құрамында бірқыдыру лексикализацияланған элементтер кездеседі. Лексикализация процесінде дербестігінен айрылған сөздер қазіргі уақытта өзінің заттық мағынасынан мүлдем қол үзіп, алшақтап кеткендігі байқалады.

Бірақ соған қарамастан, олардың тіліміздегі белгілі бір құрылымы арқылы ғана сақталып қалатынын, мысалы, -дай//-дей, тай-//тей жұрнағы арқылы жасалған теңеулік сипаттағы атаулардан көреміз. Бұл туралы «Структура односложных корней и основ в казахском языке» деген еңбегімізде былай деп көрсеткенбіз: «Каждый тюркский язык может оказаться как в роли хранителя архаичного мертвого элемента, так и хранителя этих же элементов, но уже функционирующих вполне самостоятельно в виде односложной корневой морфемы. Консервация и этимологическое затемнение корневого элемента в структуре двух сложных производных основ имен происходят не только в синтетических, но

и в аналитических моделях словообразования, где вторыми компонентами выступают превратившиеся в силу своей регулярности не только в так называемые суффиксоиды, но и в самостоятельные лексические единицы. √-тай/-тей/-дай/-дей в казахском языке, так же как и другие, подвергает консервации односложные корневые морфемы: *түй>түйдей (жасты) 'одногодки, ровня'; *дың>дыңдай (сау) 'здоровенький, целехонький'; *дар>дардай (жігіт) 'верзила, великовозрастное дитя'; нарт>нарттай (қызыл) 'красный как рак' и др. Основанием для отнесения этих разрядов сравнительной конструкции к аналитической модели словообразования служит превращение самостоятельной лексической единицы (как и хана, паз//ваз, нама, ман//мен, стан и др.) в словообразовательные суффиксоиды. Как бы то ни было, этот суффиксоид в казахском языке, замыкая собою предшествующий корень, превращает его иногда в мертвый элемент, вычленение которого происходит значительно легче, чем в других моделях» [34, 123-124].

Қалиев Ғ. пен Ә.Болғанбаевтың «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» еңбегінде де көнерген сөздердің көнеру дәрежесінің үш түрлі болатынын атап көрсетеді:

1. Әбден ұмтылып, қолданыстан біржола шыққан көнерген сөздер: *Керекейді атпа, қонжығы жетім қалады* (мақал); *Асабасы жоқ – асқа жарымас* (мақал).

2. Түбір қалпында жеке айтылмайтын, бірақ белгілі бір туынды сөздердің түбірінде сақталған көнерген сөздер: *баданадай* (бадана), *сүйріктей* (сүйрік), *дардай* (дар), *абажатай* (абажата) т.б.

3. Жеке сөздер ретінде қолданыстан шығып қалғанымен, мақал-мәтел мен фразеологиялық тіркестердің құрамында әлі де қолданыла беретін көнерген сөздер: *торқа* – жібек, *жарақ* – қару, *азар* – өкпе т.б. [35, 173]

Ғалымдардың көрсеткен 2-түрін басшылыққа алып, тілімізде мағынасы ұмыт болған немесе күңгірттенген сөздер мен сөз тіркестерінің сырын ашуда теңеудің маңызы зор атқаратынын байқауға болады. Мысалы, қазіргі уақытта *жұнттай* сөзі тіліміздегі -дай//дей, -тай//тей жұрнағы арқылы жасалып, лексикализацияланған кейбір сөздер тәрізді (*жұрдай, бүлдіршіндей, көсіктей, білеудей, тап-тұйнақтай*) осы -дай жұрнағымен қалыптасқан күйінде қолданылып кеткен.

Ғалым Ғ.Ғ.Мұсабаев -дай қосымшасы қосылып жасалған кейбір өлі түбірлер ретінде *самаладай, енгезердей, қолақпандай, алпамсадай,*

сомадай, абажадай, баданадай, шиеттей т.б. сөздерді жатқызады. Бұлардағы **-дай** нағыз жұрнақ және осы сөздердің мағынасы осы жұрнақпен тығыз байланысты. Егер **-дай** жұрнағын алып тастасаң, түбір сөздің мағынасы қалмайды. Оның себебі, осы сөздердің түбір мағынасы сақталмай, біздің тілімізде ұмыт болып тек қана туынды мағынасы сақталған айтады [36, 50].

Ы.Маманов ...*құрттай, түймедей, дардай сөздерін–дай/дей* қосымшасының сөз тудырушылық қызметінен пайда болмағандығын айтады. Олар осы қосымша арқылы жасалған грамматикалық формалардан семантикалық тәсілмен біртіндеп лексикалық бүтін болып қалыптасқандығын атап көрсеткен [37, 33]. Ә.Нұрмағамбетовтың «Бес жүз бес сөз» еңбегінде **-дай, -дей** арқылы жасалған *бұлаудай, дардай, дәсердей, дөңбектей, жегідей жеу, жіптіктей, зілдей, қаршадай, қылдырықтай, мауыздай, мірдің оғындай, нарттай, сайдауыттай, салмауырдай, сомадай, сүліктей, сыптай, түйдей, түйдей құрдас, шайдай* сияқты сөздердің этимологиясы ашылған. Тарихы мен төркіні баяндалатын әрбір сөздің қазіргі тіліміздегі мағынасы сол сөздер қатысқан сөйлемдер арқылы ашылған [38].

Теңеулер болмысын арнайы зерттеген ғалым Т.Қоңыров өз сөзінде мағыналары көмескіленген заттар мен құбылыстар деп аталатын 142-і сөзді көрсеткен. «...*Бүлдіршін мен мұнтаздың, тап-тұйнақ пен қылдырықтың, соқтан мен самаланың, қолақпан мен зіңгіттің* т.с.с. – не зат, не аң, не құс, не өсімдік не басқа бір нәрсе екенін білмейміз. Бұлардың (бүлдіршін, мұнтаз, қолақпан, зіңгіт, самала) бұдан жүздеген жылдар бұрын қазақ өмірінде мейлінше кең қолданылғандығы сонша: олар халықтың тілдік санасында теңеу образдары ретінде күні бүгінге дейін сақталып келе жатыр» [39, 210-211] дейді.

Бұндай сөздердің бірсыпырасы жалғанған сөзімен жымдасып кеткен, бөліп қолдануға келмейді. Осындай түбір мағынасын жоғалтқан, мағына жағынан күңгірттенген, дербестігін жоғалтқан және тек қана белгілі аффикстер (**-дай, -дей, -тай, -тей**) арқылы ғана қолданылатын сын есімдер бар. Олардың қатарына *дағарадай* (үлкен), *дардай* (үлкен), *дәсердей* (қуану, шаттану), *дүрдей//дардай* (айбарлы), *дыңдай* (сапсау, аман-есен, зақымданбаған), *дыраудай* (үлкен), *дырдай* (үлкен, ірі, мықты, ересек), *зәрдей* (суық, ащы), *жардай* (семіз, үлкен), *жұрдай* («жоқ» мағынасын білдіреді, барлығынан айырылған), *жұнттай* (семіз), *зәредей* (кішкентай, азғантай), *зілдей* (ауыр), *зіңгіттей* (үлкен,

дәу, ересек), *күждей* (желкесі), *күптей* (ісік), *құйттай* // *құйтақандай* // *ұйтымдай* (кішкентай), *қаршадай* (жас, кішкентай), *құрдай* [жорғалау] (жылдам), *мауыздай* (үлкен, дәу), *мұнтаздай* (жаңа, таза), *мірдей* немесе *мірдің оғындай*, *нарттай* (қызыл), *нілдей* (көз алдында өзгеру, бұзылу), *бырдай* (шашылу), *сақадай*, *сайдауыттай*, *сомадай*, *сояудай*, *сыптай* (түзу), *соқталдай* (үлкен), *титтей* (азғантай, кішкентай), *түйдейжасты* (құрбы, құрдас) *тұттай* (жалаңаш), *тырдай* (жалаңаш), *шайдай* (ашық), *шөкімдей* т.б. сөздерді жүздеп келтіруге болады. Бұл сөздер түбір күйінде жеке-дара қолданылмайтын сөздер.

Бір қызығы осы сөздердің барлығы да адамның қимылына, жүріс-тұрысына, салмағына, лауазымына, көңіл-күйіне, жас ерекшелігіне т.б. байланысты айтылады. Дегенмен, бұл сөздердің мағынасы түрлі себептермен күңгірттелінген, сөздің өзі сақталса да, халықтың есінде, жадында оның бір замандағы айқын-анық лексикалық мағынасы ұмыт болған. Қазақ көркем әдебиетінде бұлардың қолданылу әрісі кең, олардың атқаратын қызметі де сан салалы. Қолданылу әрісі мен атқаратын қызметі қандай кең болса, олардың құрылымы мен мағыналары, түрлері мен сырлары да әр алуан. Бұлардың табиғатын біршама толық түсіну үшін мағынасы көнерген кейбір сөздерді көрсетейік;

АЙПАРАДАЙ. *Іздеп келдік, қайынаға-ау, сіз келесіз, Айпарадай ақ жүзім сіз көресіз* (Батырлар жыры). Ғалым Р.Сыздық «Сөздер сөйлейді» еңбегінде *айпара* сөзін «қазақ тілінің өте ертеде өзінде болған, немесе өзге түркі тілдерінің поэтикалық дәстүрінен енген «айдай, айдай аппақ, ақ жүзді» деген мағынадағы *айбар* сөзі болғанға ұқсайды, кейін келе бұл сөздің орнына *айдай*, *ай жүзді* сөздері басып, *айбар* сөзі сирек қолданылатын, бейтаныс тұлғаға ауысып кеткен секілді. Соның нәтижесінде тіпті тұлғасы да *айбара* – *айпара* болып өзгертіліп айтылатыны байқалады. Бұл сөз *айға барабар* (парапар) тіркесінен ықшамдалып жасалуы мүмкін деп топшылауға болады. *Барабар* сөзі түркі тілдеріне парсы тілінен енген, мағынасы «тең, бірдей», сонда бұл – *айға барабар* > *ай барабар* > *айбар* болып әбден кірігіп біріккен сөздердің қатарына жататын тұлғалардың бірі. Түсініксіздеу тұлғаға –*дай* жұрнағы жалғанған сөздер қазақ тілінде молынан кездесетін құбылыс, осының нәтижесінде *айбарадай* – *айпарадай* сөзі пайда болған тәрізді, бұның қайткенде де мағынасы ашық: «ай сияқты жүз, айға тең ақ жүз, айға парапар ақ жүз» деген жорамал айтады [29, 21].

ДАРДАЙ. Қодардың өзі *дардай*, сөзі *дардай*, Жүреді жанның бәрін көңіліне алмай (Батырлар жыры). (Дап-дардай, еңгезердей, сомадай, соқтандай, сойдауыттай) Үп-үлкен бола тұрып, дәу, дөкей бола тұрып деген мағынада қолданылады. «Еңсесі биік үлкен» дегенді қырғызша – «Дардайған чоң үй» дейді [ҚТФС, 142]. Түрікменстан, Ташкент тұрғындары *дар* деп үйдің төбесіне көлденең салынатын, негізгі ауыртпалықты көтеріп тұратын бөренені атайды, ал Өзбекстан, Ташкент тұрғындары есік алдына кір жаю үшін керілген жіп не көлденең тасталған ағашты атайды [ҚТАС, 183]. Біздің түсінігімізше, бұл сөз биіктікті білдіреді. Ал адамға қатысты айтылғанда оның дене бітімінің үлкендігі емес, оның атақ-дәрежесі, лауазымы жоғары деген мағынада жұмсалады.

Ал Ә.Нұрмағамбетовтің зерттеуінде *дардай* сөзіне мынадай анықтама берілген: «Сөз төркіні боларлық тұлғаны түркі тілдері ішінен туваларда ғана кездестіреміз: *дарға* – бастық (лауазым) [РусТС, 2]. Басқа түркі тілдерінен бұл іспеттес сөз кездеспеуіне қарағанда, туваларға монғол тілінен ауысқандығы байқалады. Монғолдарда да «бастық» мағынасын «*дарға*» тұлғасы бере алады [МонғҚС, 75 б.; ҚазМС, 56]. Осы тұлға қазақ тіліне ауысқанда монғолдарға тән *-га* жұрнағы түсіріліп, оның орнына тілімізде ұқсату, сол іспеттес деген мағынаға мезгейтін *-дай* қосымшасы жалғанып «*дардай*» тұлғасына дейін жеткен деуге болады. Әрі ой елегінен өткізсек те, өзін зор тұту, қоқилану сияқты мінез көрсету, лауазым жағынан алғанда, бастықтарға тән қасиет екені белгілі. Сонда, «*дардай*» сөзіміз түсініктірек айтқанда, «бастықтай» деген болып шығады» [38, 67-68].

ДОБАЛДАЙ. *Талдырмаш денесінің бір жерін ауыртып алармын деп қорықпай, добалдай қолдарымен жас тоқалының үзіліп кетуге таяу тұрған аш белінен айқара құшақтап, бауырына алып қысып, сәл уақыт үнсіз тына қалды* (І.Есенберлин, Көшпенділер). Башқұрт тілінде *тубал* – шыбықтан тоқылған корзина, бұл сөз татар тілінде де осы мағынада қолданылады. Бұл сөз қазақ әдеби тілінде тек *добалдай* (мұнда т/д, у/о дыбыстары өзара ауысқан да *-дай* жұрнағы қосылған) тұлғасында қолданылады, беретін мағынасы – «үлкен, көлемді, қомақты» [ҚТҚЭС, 68].

ДҮРДЕЙ (айбарлы). *Мырзабай сырты дүрдей боп өзінше тырсыып, далиып жатқан «хан сарайында» аз-кем ерсілі-қарсылы адымдап жүріп, көз қиығын қосағына салып қойды* (Ә.Ақпанбет, Қатын қашқан). *Шора Шерімбетович оны дүрдей бір мекемеге бастық етеді*

(Т.Әлімқұлов, Кертолғау). «О баста бұл сөз зат есім болғанға ұқсайды. Мағынасы – «зор, нәрсе, үлкен зат >асыл адам» дегенге келеді. Кейін келе заттық мағынасы күңгірттеніп, «үлкен, зор», одан кейінгі «әйгілі, атақты» деген атрибуттық мәнге ие болып, сын есім қызметінде жұмсалып кеткені байқалады», – дейді Р.Сыздық [40, 138].

Маңғыстау аймақтарында *дүр* сөзі «ғұлама, дін оқуын меңгерген адам», Шымкент, Түркістан қазақтарында «үлкен, зор, мықты» мағыналарында қолданылатын болса, Жамбыл, Семей аймақтарында «шебер, маман», Өзбекстан, Ташкент аймақтарында «сері, паң» мағынасында жұмсалады. Бұл сөз адамға байласты ғана айтылады. Бұлардың барлығында да бұл сөздің о бастағы «үлкен, зор, әйгілі, атақты» деген ұғымдары бар екенін көрсетеді. Абай бұл сөзді түбір күйінде емес, туынды тұлғада қолданған. *Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей* дегендегі *дүр* сөзінің зат есімдік мәнінен сын есім жасап, мағынасы «зор нәрседей (адамдай)», «мықты адамдай» дегенді білдіреді. Бұл сөз әсіресе ақындарға байланысты айтылады.

ЕНГЕЗЕРДЕЙ. *Обалы не, ертіп әкелген жас полиция қызметкері мұның көзінше жаңағы еңгезердей қазанбас жігітті тергеуге алды (Егемен Қазақстан). Анамай дейтін жігіт бар еді! Алқы-салқы боп жүретін. Екі иығына екі кісі мінгендей, еңгезердей жігіт еді (Б.Майлин).*

«Үлкен, екі иығына екі адам мінгендей» деген мағынада келеді. *Еңгезердей* сөзі тіліміздегі *алпамсадай, дырдай, нарттай, мұнтаздай, жіптіктей* сөздері тәрізді лексикализацияланған элементтердің бірі. Мұндағы *-дей* – салыстыру жұрнағы. Біздің ойымызша, түбірі – *енгезер* және бұл сөздің үш элементтен тұратынын *ені+кез+ер* айтады. Бұл іс-петті сөздердің бәрі де метафора – салыстыру жолымен жасалатындықтан, жауырыны қақпақтай, кеуделі, дене тұлғасы зор, яғни жауырынының жалпақтығы (ені, көлденеңі) бір кез (үлкен) адамдарды *ені кез ер* деп айтуы ықтимал. Өйткені, бұл сияқты салыстыру формалары қазақ тілінде тек бір сөзден ғана емес, кейде екі, үш, тіпті одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы жасалуы мүмкін. Мысалы: *құлаққа ұрған танадай, мүйізі қарағайда, үріп ауызға салғандай, екі иығына екі кісі мінгендей* т.б. Дәл осы сияқты, бір замандарда сөз тіркесі түрінде айтылған *ені кез-дей//ені (көлденеңі) кез ердей* сөздері бара-бара өзара жымдасып, қосылып бір сөз тұлғасына (*еңгезер+дей*) айналған болуы мүмкін. Изафеттік формада байланысып тұрған *ені, кез* сөздерінің *енгез* түріне ауысуы заңды нәрсе: *н* дыбысының *к, г, з* дыбыстарымен қатар келген-

де *ң*-ға ауысуы мәлім, ал *ң*-ның әуенімен қатаң *к* (*кез*-дегі) дыбысының ұяңданып *г*-ге айналуы да орынды. Ал бұлардың өзара жымдасып, бір-біріне ыңғайласуына қысаң *і* дыбысының ешбір әсері болмаса керек [ҚТҚЭС, 72-73].

ТҮТТАЙ (жалаңаш). *Үй-іші тұттай жалаңаш* (Б.Майлин). *Тұт* өсімдігі – жапырақтарымен жібек құртын асырайтын ағаш және оның жемісі. Бұл ағаштың жемісі піскенен кейін жан-жаққа шашылып, ағаштың кейпі жалаңаштанған кезін айтуы да мүмкін. Екінші бір жорамал, жібек құрты түк қоймай жапырағын жеп қойғанан кейінгі ағаштың кейпі *тырдай* жалаңаштанған сәті болуы да мүмкін.

ЗӘРЕДЕЙ // ЗӘРРЕДЕЙ (кішкентай, азғантай). *Адам болған соң артына тым болмағанда зәредей игілікті іс қалдырмау қандай аянышты өлім еді* (О.Бөкей). *Егер сен зәредей сүйе білсең, өз үйіңде, өз жеріңде, өз еліңде, тұтқынға түс* (Н.Хикмет). ҚТФС-де *зәре* – “үрей”, “рух” мағынасында қолданылған. Ауыс. “аз”, “құрттай”, “титтей”, “кішкентай”. Арабша-қазақаша сөздікте *Зәрре* сөзінің 1) тозаң, ұнтақ; 2) атом (заттың өте ұсақ бөлшегі); 3) құмырсқа [69, 183] мағынасы берілген. Синонимдері – *құрттай, титтей, кішкентай*. Тілімізде *зәре//зәрре* жалпы жеке-дара тұрып сирек қолданылады. Парсы тілінде *зәрре* – “атом”, “молекула”, “бөлшек”; тәжікше *зарра* – “ұсақ бөлшек”; “атом”, “қиқым”. *Зәре* сөзі кейбір тілдерде «кішкентай бөлшек», «атом» мағынасында қолданылады.

ҚАНШЫРДАЙ ҚАТУ. *Қаншыр* сөзіне “Қазақ тілінің сөздігінде” мынадай анықтама берілген: 1. *қаншыр* – арыстанның ұрғашысы; 2. *қаншыр* – далалы жерде тіршілік ететін, кішірек келген жіп-жіңішке сұр түсті құс. *Қаншырдай* – қаншыр сияқты жіп-жіңішке, сыптай [ҚТС, 373]. Үйден *қаншырдай* қара сұр әйел шықты (Бақбергенов). *Қаншырдай* қатып қалыпты ғой жылқылар (Ғ.Мүсірепов). Бұл сөз түсінікті болмағандықтан, *қаншыр* сөзін қазіргі кезде кез келген адам пайдалана бермейтіні мәлім. Р.Сыздық бұл сөздің өзі аса түсінікті болмағандықтан, ол бірде қашырдай, бірде *қанжардай* болып жазылып жүргенін айтады [41, 171.]. Қазақ тілінде бұл атау *қаншырдай қату* деген образды фразада сақталған. Белгілі этнограф Ж.Бабалықұлы бұл фраза жөнінде былай дейді: «*Қаншырдай қатқан қыз, қаншырдай қатқан қатын* деген сөз тіркестері бар. Бұл теңеуді көп ретте әйел затына айтады. Кейде қазақ бәйге аттарды жаратқан кезде терін алып, іш майын тарттырып, қоңын төмендетіп, бәйгеге қосқан. Бабына әбден келген ат жарап,

жіптіктей болады. Аттың осындай сәттеріне көзі түскен бапкерлер: «Пай, пай, мынау қаншырдай қатқан екен!» – дейді. Сонда атқа теңеу болған **қаншыр** сөзі нені білдіреді? Ұзын аяқты, денесі жіп-жіңішке, тұрқы шағын, сидам қаққан қазықтай тік тұратын құсты **қаншыр** дейді. Құсқа *қаншыр* деп ат қойған қазақтың сөзіне қарағанда, менің болжауымша, *қан* – адам, *шыр* – сөл, ет пен майды білдіреді. Мал мен адам арық болса, семірмесе, әлгі ұғымды білдірген. *Шыр* – семіздік, еттілік, күйлілікті білдіреді. *Қан* мен *шырды* бірге қосып, *қаншыр* деп жазғанда ұғым өзгеріп, “арық жүдеу”, “қан-сөлсіз”, “тыртыған”, “қатып”, “семіп қалған” деген ұғымды білдіретін болған» [42, 32].

ҚАРШАДАЙ (жас, кішкентай). *Тосын жағдайда бұлайша өз бойын жиып алып, өзгеге көмектесу кез келген адамның қолынан келмейтін ерлік десек, қаршадай қыздың мінез-құлқының, ерік-жігерінің сол кезден-ақ қалыптаса бастағаны анық* (Егемен Қазақстан). Халық арасына жайылған қазіргі түсінік бойынша – «тұлғасы кіші», «көзге қораш», «кіпкішкентай» деген мағынаны иеленіп, *қаршадай бала, қаршадайынан* сияқты сөз тіркесі мен жеке сөз қалпында жиі қолданылады. Сөз төркінін іздестіруде мынадай дерекке кездесеміз.

Л.З.Будаговтың сөздігіндегі Вамберидің мәліметіне сүйене отырып, *карчэ* деген тұлғаға «сұңқардың кішірек қара түсті тұқымы» деген түсінік аламыз [28, 9]. Мұның өзі біздің шамалауымызша, қазіргі қазақ тіліндегі *қаршыға* тұлғасының ертедегі қалпы болса керек. *Қаршыға* сұңқар тектес құсқа жатады. Дегенмен ойымыздың дұрыстығын басқа бір түркі тілі дерегімен дәлелдей кеткен орынды дейді Ә.Нұрмағамбетов. Тува тілінде қазақ тіліндегі *сұңқар* (сокол) атауындағы құсты «хартыға» деп те атайды [РусТС, 550]. Бұл оның сұңқармен тектестігінің айғағы. Қазіргі «қаршыға» ертедегі түркі тайпаларында «карчэ» тұлғасында айтылуы ғажап емес. Өзінің тұрқы сұңқарға қарағанда кіші болса, атауы *карчэ* делінсе, осы тұлғаға ұқсату нәтижесінде – да қосымшасының көмегімен *карчэ-дей*, одан әрі біздің тіліміздегі «қаршадай» теңеуі туған деп топшылайды [26, 168].

МҰРТТАЙ. *Мұрттай* сөзіндегі **-тай** бөлігінің салыстыру мағынасындағы жұрнақ екенін айыру қиын емес. Тілімізде осы **-тай, -дай** қосымшасы жалғанып барып жасалған әуелгі мағынасы күңгірт сөздер көптеп кездеседі: *алтамсадай, баданадай, мұнтаздай* т.б. Бірақ аталмыш сөздің түбірі ерінге шығатын мұрт (усы) деп ойлауға ешбір қисын

келмейді. Бұл екі сөздің сырттай ғана ұқсастығы болмаса, мағынасы бір-бірінен сонша алшақ жатыр. Болмаса *мұрт* пен *ұшудың* арасында қандай байланыс бар? *Мұрттай ұшып* дегеннің мағынасы «жалп етіп, қалпақтай түсті», «ұшып түсті» болса, еріндегі мұрт қырғанда олай түспесе керек. Бұл сөздің түп-төркініне үңіле қарасақ, оның басқа мұрт екенін көреміз, ол *алмұрт* (груша) мағынасындағы парсы тілінің *моруд* сөзінен жасалған тәрізді. Түрік тіліне енгенде бұл сөз кейбір дыбыстық өзгерістерге ұшыраған: *о* дыбысы *ұ*-ға, *д* дыбысы *т*-ға айналып, екінші буындағы *у* түсіп қалған. Демек, *мұрттай ұшу* алмұрттың сабағынан үзіліп түсуінен шығып, кейін мағыналық өзгерістерге ұшырап, тұрақты тіркеске айналған» [40, 28-29].

НІЛДЕЙ (көз алдында өзгеру, бұзылу). *Өлдім-талдым дейтін себебі, бесінші класқа дейін өзге балалар секілді бірсыдырғы тәп-тәуір оқып келе жатқан да, алтыншыға жете бере аяқ астынан нілдей бұзылған* (Нұрғали Ораз. Қазығұрт оқиғалары). *Талай күннен бері жол бастап, ел аралатқан кетік шал батырдың аулына беттегенде нілдей бұзылды* (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

Нілдей бұзылды. «Аяқ астынан айнып қалды, тез өзгерді, құбылды» [ҚТТС VII, 364]. Қазақ халқында көк, көгілдір түсті *ніл* сөзімен беру де бар. Ежелгі үнді тілінде *nila* – «көк», «қара» деген мағына береді. Қазақ тілінде *ніл* – қара көк, қою көк түсті білдіреді. Мысыр еліндегі таулардың басында неше алуан тастар бар. Бояу шығаратын кварц т.б. Сол таудан аққан судың ағысы неше түрлі түс береді, бірде көк, бірде қара. Ніл өзеніне құятын бұл сулар өзгеріп отырады. Ніл өзенін *Көк өзен* дейтін себебі сондықтан болар.

Зерттеушілердің пікіріне қарағанда *ніл* сөзі – түркі тілдеріне будда дінін уағыздаушы жазба ескерткіштерді көне ұйғыр тіліне аударуға байланысты енген санскрит сөзі. Мысалы: *nilapuspa* < санскр. *nilaru?ur* < санскр. *nilapuspa* – «көк түсті шешек ататын эквалипт ағашы» (Uig. II 25₁₇). Тәжік, өзбек тілдеріндегі *нилифар* (су лилиясы, лотос) сөзі санскрит формасымен байланысты. Сонда *нілдей бұзылу* «көк бояудай бұзылу» деген мағынаны аңғартады және оның Ніл өзенімен тікелей байланысты болмауы тиіс.

ТҮРПІДЕЙ ТИЮ. *Жанашыр мейір жоқ суық жандар келген жерден-ақ, Абай көңіліне түрпідей тиген* (М.Әуезов). *Әке-шешесінің бұл өзара әңгімесі Сарыбаланың жанын түрпідей жеді* (Ғ.Мұстафин). *Ең сүйкімсіз құлаққа түрпідей қадалған қаңғырлық дыбыстай болып*

танылды (Ә.Нұршайықов). *Майлы қол қап-қара күйелі, Түрнідей алақан күйелі* (С.Сейфуллин). *Әсіресе бой жеткен қызы барлап Әжібай десе түрнідей кәріп зарар* (С.Торайғыров). Қазақ әдеби тілінде түрпі сөзі осы мысалдардағы *түрнідей тию, түрнідей жеу, түрнідей қадалу, түрнідей зарар көру* тіркестерінде ғана азын-аулақ кездеседі.

Түрпі сөзі Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарын (Сем., Шұб.; Павл., Горьк.) және туысқан Монғол халық республикасын мекендейтін қазақтар тілінде “ірі, үлкен өткір ағаштың кедір-бұдырын өңдеуге арналған егеу” мағынасында айтылады. Ал республикамыздың қалған өңірлерінде жеке тұрып *түрпі* сөзі қолданыла бермейді. Тек *түрнідей тию, түрнідей көру* сияқты тіркестердің құрамында ғана кездеседі. ҚТЭС-де **түрпі** сөзі кейбір түркі тілдерінде, мысалы, азербайжанша **төрпи** – “егеу” болып қолданылатындығы айтылады.

Қазіргі уақытта мұндай сөздер **-дай, -дей, -тай, -тей** жұрнағы арқылы жасалып, лексикаланған сөздер сияқты осы **-дай** жұрнағымен қалыптасқан күйінде қолданылып кеткен. Лексикалану үдерісінде өз дербестігінен айрылған сөздердің қазіргі уақытта өзінің заттық мағынасынан мүлдем қол үзіп, алшақтап кеткендігі байқалады.

Сонымен қорыта келе, мағынасы көмескіленген сөздер тілімізде көптеп саналады. Бұл сөздердің мағынасы түрлі себептермен күңгірттелінген, тілімізде сөздің өзі сақталса да, халықтың есінде, жадында оның бір замандағы айқын-анық лексикалық мағынасы ұмыт болған. Салыстыруға, теңеуге алынған сөздер көзге кәрініп тұрған бейнелі бір заттармен салыстыру арқылы айтылады. Бұл теңеулердің бейнелері қандай нәрсені сипаттамасын, сол бір ғана қасиетімен кәрінеді. Ол қасиеттер: *дағарадай, дардай, дыраудай, мауыздай, дырдай, зіңгіттей, сомадай, соқталдай, добалдай, қолақпандай, сайдауыттай* – «үлкен», “ірі”, “зор”; Жалпы, үлкен, ірі деген ұғымды білдіретін көптеген сөздер бар тілімізде. Бұлардың мағыналары бір-біріне өте жақын, бірақ солай бола тұра бір-бірінен айырғысыз емес. *Зәредей құйттай //құйтақандай //құйтымдай, қаршадай, титтей//титімдей* – кішкентай, *тұттай, тырдай* – жалаңаш т.б. Бұлар бір контекстің аясында қолданылмағанымен, жалпы теңеулік жүйенің ауқымында өмір сүріп, бір ғана ұғымның синонимдік теңеулері ретінде қолданылады. Бұлардың мағыналары бір-біріне өте жақын болғанымен, стильдік реңктері, эмоциялық бояулары әртүрлі. Сөздің тарихы мен түп төркінін анықтауда сол халықтың өткендегі тұрмыс-салтының, мәдени-рухани өмірінің, өзге ел-жұртпен аралас-

құралас болғандығын көруге болады. Сонымен қатар, бұл сөздердің сөздік қорға қосқан үлесі зор және мұндай сөздер тілімізде ұшан-теңіз.

Мағынасы күңгірттенген жер-су атауларының этимологиясы

АҢҚАТЫ. *Аңқаты* атауын түркі тілдерінде кездесетін мына сияқты сөздермен түбірлес әрі мағыналас деп қараймыз. Қырғыз тілінде – *ақ* – «шұңқыр», «ор»; якут тілінде *аңхай* – «жыра», «жылға», «сай», «ор» т.б. Осы деректерге сүйенсек, якут тілінде сақталған *жыра*, *сай* мағынасындағы *аңхаймен* қазіргі қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркес түрінде сақталған *аңқа – аңқасы кебу* дегенді *аңқа* «аң – «ауыз қуысы», «саңылау», «өңеш», «жұтатын тесік» мағынасындағы түбірден шыққандығын көреміз. Ал *-қа* В.Котвичтің зерттеулерінде «кішірейту», «еркелету» мағынасын беретін *-қан*, *-кен*, *-ған*, *-ген* жұрнақтарымен тығыз байланысты да, *-ты* зат есімнен қатыстық сын есім тудыратын қосымша. Осы тектес архетипті тұлғалы топонимдер қазақ тілінде баршылық: *Аңқаты*, *Бұлдырты*, *Өлеңті*, *Шідерті*, *Мойынты*, *Жымпиты* т.б.

АҢЫРАҚАЙ. Ел ішінде бұған байланысты мынадай аңыз бар: «1723 жылы қалмақтар қазақтарды жеңіп, бұл жыл «ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанғанымен, кейін қазақтар бірігіп, осы жерде қалмақтарды қирата жеңген екен, «аңыратқан» екен, содан *Аңырақай* аталыпты-мыс». *Аңырақай* топонимі түркі-монғол тілдеріне ортақ *аң//оң//онг* «ашылу», «таралу» мағыналы түбіріне *ыр+a* (т.т. ет. жұр.) жұрнақтары мен түркі-монғол тілдеріне ортақ *-қай* (с.е., з.е. жұр.) жұрнағы қосылу арқылы жасалып, «ашық, аңырайған» деген мағынада қолданылған. Демек, қазақ тілінде бұл түбірдің жалаң күйінде кездеспейтінін, тек сөзжасамдық қатардағы ортақ семантикалық арқауын байқап, ортақ *аң түбірін жорамалдай аламыз: *аңғал*, *аңғал-саңғал*, *аңқа*: *аңқасы кебу*, *аңқай*, *аңқы*, *аңырай*, *аңырақай*, «желі көп, құмайт, ашық жер» т.б. [42, 126].

АРҒАНАТЫ. *Арғанаты* атауының бірінші сыңарындағы *арған* (арқан, арға) сөзі «тау қыраттары, сілемі, тізбегі» деген мағыналы сөз болса, ал екінші құрамындағы *-ат* қосымшасы – көне түркі дәуіріне тән көптік жалғау көрсеткіші. Ал атау соңындағы *-ы* кейінгі кездерде қосылған қосымша. Демек, *Арғанаты* – «бір-бірімен жалғасқан тау тізбектері, қырат-жоталар, тау сілемдері» деген мағынаға жуық.

А.Әбдірахманов атауды былай талдайды: “Қазақстандағы Тарбағатай, Ұлытау жүйелеріндегі және Талдықорған облысындағы таулы шоқылардың аты. Атаудың түбірі *арғана* сөзі көне алтай заманындағы «арқар», «тау ешкі» ұғымын білдіріп, кейін монғол тілінде *арғал*, ал түркі тілдеріне *арқар* түріне көшсе керек. Ал -ты жұрнағы осы заттың бар екенін білдіретін туынды сын есім жасайтын жұрнақ». Ал Т.Жанұзақ: «Бұл тым көне атау, оның бірінші сыңары көне орал-алтай, түркі-монғол тілдеріне тән *ар* «өзен» болса, екінші сыңарындағы *ған* да сол көне тіл бірлестігіне тән *хан//кан//кен* «өзен», «су» сөзінің тіліміздегі фонетикалық нұсқасы екені даусыз. Ал ол атаудың үшінші сыңарындағы *ат* сол тілдердің көне көптік жалғау көрсеткіші, ал сөз соңындағы жуан дауысты ы қазақ тіліне тән тәуелдік жалғауының көрсеткіші. Демек, *Арғанаты* «өзен-өзен, көп өзендер, сулар» дегенді білдірсе керек. Соған қарағанда *Арғанаты* тауының сай-салаларында ерте замандарда бірнеше өзен аққаны байқалады» - деген пікір айтады [43].

АСА. Түркі-монғол тілдеріндегі *аша//ача//ақа//аир* немесе *айрық* түрлерінде келетін атау. «Бұрынғы Әулие ата уезінде *Аша болысы* атты әкімшілік бөлім болғаны бар. *Аша* формасы қазақ топонимиясында біріккен тұлғада *Екіаша*, *Үшаша* түрлерінде келсе, монғол топонимиясында *ақа* формасы біріккен тұлғада *Зунақа* (“Шығыс аша”), *Барунақа* (“Батыс аша”) түрлерінде келеді» (Е.Қойшыбаев).

АСЫ. Атау мағынасына зер салсақ, көне түркі тілінде *jazi* – «дала», «жазық», «кең алқап» деген мағына береді. Бұған қарағанда, *Асы* атауы әуел бастағы *jazi* сөзінің замандар бойы тілімізде дыбыстық өзгеріске ұшырап, тұлғалық жағынан түрленген қалпы деп қарауға болады. Осы *Асы* өзені ағып жатқан тау етегінің кең, жазық екені жер-су атының қойылу себебін дәлелдей түскендей.

БАҒАНАШЫЛ. Әуел баста *Бағбаншылар* аталып, айтыла келе өзгеріске ұшырап, әрі қысқарып, *Бағанашыл* тұлғасы қалыптасқан сияқты. Өйткені Алатаудың етегіндегі бұл кең жазықта ертеден-ақ бау, бақша өсірілгені, оны күтуші бағбандар көп болғандығы белгілі. Сол себептен де әуелде *Бағбаншылар* аталып, бара-бара айтылуда өзгеріске түсіп, *Бағанашыл* болып қалыптасса керек.

БАҒЫРЛАЙ. Топоним екі компоненттен тұрады: *бағыр* + *лай*. *Бағыр// бауыр* сөзі туралы сөздіктерде [4; 34]: 1) заттың алдыңғы бөлігі; 2) қырғыз, ноғай, өзбек тілдерінде – «тау бөктері»; 3) қазақ тілінде – «тау етегі»; 4) парсы тілінде *бағыр* – «жаны» - деп берілсе, Мурзаев Э.

екінші компоненттегі *лай* сөзі туралы: «қорыс», «батпақ», «саз балшық», «балдыр» (түркімен, тәжік); «лай», «саз», «лайлы су» (қазақ); «ылай – лай», «саз» (қырғыз), - деп жазды.

БАДАМ. Жеміс өсімдігінің түрі бойынша қойылған атау. Бұл сөз көршілес иран тілдерінен енген. Тәжік тілінде: *Бодом* – «миндаль», «жаңғақ». Жергілікті жерде бұл жеміс *бадам* немесе *түкті өрік* деп аталады. Тәжік тіліндегі *бодом* сөзі қазақша *бадам* болып аталуы заңды, өйткені ондағы *о* дыбысы – қазақ тіліндегі *о* және *а* дыбыстарының ортасындағы тіл арты дыбыс.

БАЙҚОҢЫР. *Бай* және *қоңыр* сөздерінің бірігуінен жасалған. *Бай*: “1. Ауқатты, әлді, мол, көп, көл-көсір, 2. Шексіз көп, ұлан-асыр, 3. Ауыспалы мағынада «Ұшы-қиыры жоқ, шексіз»; *қоңыр*: «1. қоңырқай, сұрғылт (түс), 2. ауыспалы (дауыс туралы) «қоңыр үн», «жұмсақ», «майда дауыс», 3. ауыспалы (мінез жайлы) «тыныш», «біртоға», «жайлы», 4. ауыспалы (ауа райы туралы) «салқын», «қарасуық қоңыр күз» т.б. *Қоңыр* сөзі арқылы жасалған топонимдердің де мағыналарының әртүрлі екені сөзсіз.” Ол сөздің моңғол тілінде де бірнеше мағынада қолданылатынын көреміз. Мәселен, *Хонхорхой* – “шұңқыр, ойпат, төмен жер, тау үстіндегі қазан тәрізді үлкен шұңқыр, үңгір, сай, жыра” [МоңғҚС, 262]. Осы тілдегі *Хонгур* “сарғыш, қоңырқай” мәніндегі сөзден басқа *хоңор* – 1) төбе, төбешік, қырат; 2) күштіліктің теңеуін мезгейтін сөз. Олай болса, «шексіз», «ұшы-қиыры жоқ, жайлы ойпат» деп түсінуге болады.

БАҚАНАС. Атаудың бірінші сыңарындағы *бақан* сөзі – түркі, моңғол тілдеріне ортақ көне тұлға. Топонимдер құрамындағы ертедегі *бақ*, *бақа*, *бақан* сөздерінің түп мағынасы «кішкене, қысқа, шолақ» дегенге саятындай. Демек, атау мағынасы «кішкене, қысқа, келте, шолақ өзен» дегенді береді (Ә.Әбдірахманов, т.б.).

БЕТПАҚДАЛА. *Бетпақ* (зат есім) + *дала* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Проф. Қ.Жұбанов: “*Бетпақ* жалқы есім емес, сын есім тұлғалы жалпы есім мағынасы: “Бақытсыз” (иранның *бад*+*бах* сөздері)” десе (Жұбанов, 1966), А.Әбдірахманов: иран тілдеріндегі *бадбахт* сөзінің екі мағынасының бірі – “бақытсыз”. *Бетпақдала* атауын жасаған да, екіншісі – “оңбаған, бетсіз, арсыз” деген мағынада және ұрысу ретінде *бетпақ* түрінде әдеби тілге енген. Сонымен сөздің этимологиясы мынадай: *бад бахт* (иранша – “бақытсыз”) + *дала* (түрікше “жазық жер”). Атаудың мағынасы: “аса ыстық, жаман шөл дала, жапан дүз”.

БОРАЛДАЙ. Қалмақ тілінде *боралда* «сусыз, қуаң боз жота, сусыз боз қырқа» екендігі рас, ал сөз соңында *й* дыбысы қазақ тіліндегі айтылу ыңғайына қарай қосылған қосымша. Демек, *Боролдай* атауының топонимдік мағынасы: «сусыз қуаң боз жота, көлбей созыла жатқан боз иенді қырқалар». Бұны жер бедері де растағандай.

Боралдай – кішігірім тау белесінің аты (Тянь-Шань сілемі), сонымен байланысты елді мекен және өзен аттары да кездеседі. *Борал* немесе *бурұл* формалары қазіргі қазақ тілі нормасында «бұрыс», «бұрма» немесе «теріс» ұғымын береді, таудың бітіміне қарай. Өзбек тіліндегі *борма тоғлар* тіркесі сол ұғыммен ұштасады. Боралдайдың өзге дублеттері *Боралдайтау*, *Бурылтай*, *Бұрыл төбе* формаларында келеді [44].

БҰЛДЫРТЫ – зерттеуші Ұ.Ержанова Ақжайық өңірінің топоним жүйесіндегі *Аңқаты*, *Жымпиты* тектес архетиптік құрылымын сақтаған атаулар қатарында *Бұлдырты* атауын талдау бырысында Б.Базылханның сөздігіндегі *бұлдруу* – «бұдыр жер», «қатпарлы», «бұжырлы жер» деп берген пікіріне қосылып, мұны да түркі-монғол туыстығының бір көрінісі деп қарайды. Демек, *бұлдыр // бұлдруу // бұдыр // бұжыр* т.б. сөздерді гомогенді түбірлер деп қарастыруға болады [44].

ЕСІК. Есік көлі суының тұнық қара көк, қыста қатты қатпайтынын, тағы да басқа жайларын ескеріп, халық оны «қасиетті, киелі» санаған. Бұған қарағанда *Есік* атауы көне түркі тілінде «ыстық», «ыссы» сөзінің бізге дыбыстық тұлғадан өзгеріп жеткен нұсқасы деуге болады. Демек, *Есік* көлінің мағынасы: «қасиетті, киелі көл» дегенге толық сай келеді.

ЕСІЛ. А.Әбдірахмановтың этимологиясы: түркі диалектілерінде *йашыл // йасыл-иешіл // есіл // жасыл // жашыл* болып айтылып жүрген осы көк түсті білдіретін сөзден Есіл гидронимі жасалған сияқты, яғни «жасыл өзен» деген мағынаны беретін көне түркі сөзі [45].

ЖАЙЫҚ. Өзен аты II ғасырда жазылған грек ғалымы Птолемейдің еңбегінде *Даукс* түрінде кездеседі. Бұл сөздің түбірі - *жай*. *Жаю*, *жайылу* етістігінің де түп төркіні осы сөзден шығады. Осыған *-ық* жұрнағы қосылып, *Жайық* гидронимі жасалған. Оның алғашқы сындық мағынасын бір түбірден тарайтын «жайылған», «жайылыңқы» сөздері арқылы көрсетуге болады.

ЖАЛАҒАШ. Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының еңбегіндегі «Жалағаш мойнағында, Орта Меркідегі екі-үш рет шайқас болды»

деген сөйлемнен Жер атауы *Жалаңаш* емес, *Жалағаш* екенін байқауға болады. Яғни *жал* және *ағаш* деген сөздерден құралған. Ауыл орналасқан жер қу тақыр далаға емес, кәрікті ағаштар көмкерген тау бөктері екені мұны дәлелдей түседі.

ЖАРМА. *Жар* түбірі көптеген түркі тілдерінде кездеседі. Түркі тілдеріндегі негізгі мағыналары “жарқабак”, “тік жаға”, “жыра”, “жартас” екендігін ескерсек, қарастырып отырған Жарма топонимінің түбірі *жар* элементінің негізінен “тік жаға, жар” және “жару, жыру” мағыналарындағы етістік-есім (синкретикалық) түбір сөз екендігі айқындалады. Топоним етістік *жар* тұлғасынан туындап, “жырылған, жарылған; жыра, жыралы жер” мағынасын білдіреді.

Жар түбір сөзі арқылы жасалған бұл атау Қазақстанның көптеген жерлерінде де кездеседі. Мұның себебі – жер рельефінің селмен, қарғын сулармен жарылған, жырылған, шайылған тұстардың көптігінде [42].

ЖАРЫҚ. Е.Қойшыбаев *жарық* тұлғасы этникалық топ атын білдіреді дейді де, тува, хакас тілдеріндегі *чарық//чарых* тұлғаларымен салыстырады [43]. Э.М.Мурзаевтың пікірі бойынша, «*Жарық* сөзі түркі тілдерінің көпшілігінде: әзірбайжан тілінде *йараг*, түркімен тілінде *ярыг*, өзбек тілінде *ерик*, ноғай, татар тілдерінде *ярык*, тува *чарык* тұлғаларында кездеседі де, “жер бетіндегі сызат, жарықшақ, жарық; шатқал; ағын сулармен қатты шайылып, тілімденген жыралар, сай” мағыналарын береді. Яғни *Жарық* топонимі белгіленіп отырған объектілеріне қатысты “ақпа сулармен тілімденген, жыралы, жарықшақты ойпаң жер (өзен)” мағыналарында қолданылады» деп санайды [47].

ЗЕРЕНДІ. Осы атаудың этимологиясына қатысты Ә.А.Әбдірахманов мынадай деректерге сүйенеді: Жергілікті тұрғындар *зерен* – «бояу жасалатын шөп» деп түсіндіреді. М.Қашқари еңбегінде *зерензе* сөзіне «мақсары ұрығы да *зерензеұрығы* делінеді» деп түсіндірілген, яғни *зерен* – (шөп аты) + ді (сын есім тудыратын жұрнақ) [46].

ҚАЗАЛЫ. Кейбір деректер бойынша елді мекен аты “қаза” деп аталатын балық аулау жабдығы атынан шыққан болса, басқа деректер бойынша, мұнда әділ қазылығымен халыққа жаққан бір адамға байланысты “Қазы елі” атанып, кейін “Қазалы” болып өзгерген дейді. Ал енді бір аңызда, ертеде осы өлкеде шалқыған көп көл болған. Көл беті жүзген аққу мен қаздан кәрінбейді екен. Осыған байланысты “Қаз елі” атанған дейді.

ҚАЗЫҒҰРТ. Аңызда “Нұхтың тауы” аталады. Қазғұрт – көне түркілердің тайпа аттарымен байланысты *Қаз* және *құрт* этнонимдері-

нің қос этнонимнен құралған атау. *Қаз* және *құрт* түркілері б.з. VII – VIII ғасырларда өмір сүрген тайпалар (Е.Қойшыбаев); Бұл атау IX ғ. Араб географтарының еңбегінде *Гаркурд* деп кездеседі. Мұнда екі компоненттен тұрады десек, біріншісі – *кар*, екіншісі – *құрт*. *Кер*, *кар* – көне түркі тілінде «керемет», «қорқынышты», «зор жылан», «екі басты айдаһар» дегенді білдірсе, ал *құрт* – «бас қасқыр», яғни «негізгі тайпа» мағынасын береді. Жергілікті халықта сақталған «*Қазықұрт* тауының астында сақталған айдаһар бар, оны дуалап, арбап байлап қойған. Ол босанып кетсе, қиямет-қайым болады-мыс» деген аңыз да бар [47].

ҚАПШАҒАЙ. Бұл атау түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздерден жасалған. Қалмақ тіліндегі *Ханчыга* деген атау Қытайдың Іле қазақ облысындағы Текес ауданында. Текес өзені күншығысқа қарай ағып барып, биік екі таудың ортасын кесіп, терең шатқал арқылы Күнес жазығына шыққанға дейін оншақты шақырымдай таудың терең қыспақ шатқалынан өтеді. Сол жерді қалмақтар *Ханчыга* атайды. Бұл атаудың Алматы облысында және Іле қазақ облысында кездесетінін, тұлғасы мен мағынасы жағынан ұқсас екендігін байқаймыз. Бұл сөз арқылы жасалған өзен аттары Орта Азия, Шығыс Сібір, Монғолияда кеңінен тараған. Сонымен *Қапшағай* топонимінің мағынасы: “екі жағы биік жартастың ортасынан өзеннің ағып өтетін **тар, қыспақ тұсы**” десек, оның тарихи құрылымындағы а~ысәйкестігін ескеріп, мағыналық тұрғыдан *қыпша* (қыпша~қыспа~метатеза) сөздерімен түбірлес, ал өзінің түбірі – *қыс* деп болжауға болады.

ҚАРАҚАСТЕК. Бұның көне атау екендігі туралы Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы былай дейді: “*Қарақыстақ* салынғанына мың екі жүз жыл болған көне қыстақ еді. Керуен жолының үстіндегі бұл қала ол кезде *Бекті* атанған. Кейін жұрттың шамадан тыс, мың түтінге жеткендігінен оны *Қарақыстақ*, яғни “атам заманғы қыстақ” атаған” (Қазыбек бек, 221). Біздің ойымызша, бұл арада «қара» компонентінің мағынасы «атам заманғы» дегеннен гөрі, «үлкен», «тұрғыны көп» деген ұғымды білдіретін. (салыстырыңыз: *Қара шаңырақ*, *Қарасу*, *Қаратау* т.б.) болу керек. Күні бүгін де жергілікті тұрғындар оны *Қарақыстақ* деп те атайды.

ҚАРАТҰРЫҚ. Зерттеушілердің пікірінше: *қара* сөзі “қалың, ығы-жығы” мағынасын береді, *тұрық* немесе түркінің *тұрұқ* сөзі – “үй-жай, қора-қопсы” мағынасын берген тұлғалар. Түркі, монғол тілдерінде *тұрық* сөзі ерте заманнан түрлі дыбыстық тұлғада “қоныс”, “тұрақ”, “үй”

мәнінде қолданылған. *Қара* сөзінің “үлкен”, “басты”, “негізгі” мәнінде қолданылып тұрғанын ескерсек, *Қаратұрық* атауы “үлкен тұрақ, қорған” деген мәнге ие болады.

ҚАРҚАРА. *Қарқара* атауының шығуы жөніндегі халық аңызының бірінде: “Жер және өзен аты. Сол жерде *қарқара* деген құс болған, сонымен байланысты қойылған”, - дейді. Академик В.В.Радлов: “*Қарқара* сөзінің қазақ, қырғыз тілдерінде құс атауы ретінде кездесетінін, оның орыс тіліндегі атауы *цапля* екенін айта келіп, осы құстың қауырсынын қадаған қыздардың бас киімі *қарқара* аталады, осы атау кейіннен тау атауына негіз болған” деп жазады [РадСл, 190]. *Қарқара* атауы тек Жетісу өлкесінде ғана емес, Қарағанды облысында, Қырғызстан Республикасында, Монғолияда тау аты ретінде кездеседі. Атау “үлкен, биік”, “асқақ”, “заңғар”, “алып тау” деген мағынаға ие екені оның жағырапиялық сипатына толық сай келеді.

ҚАСТЕК. Т.Жанұзақ: “Кавказдағы *Казбек* тауы атындағы *Каз*, *Кастий* қаласы атындағы *Қаз* сөздері бір түбірден өрбігендей. Бұл сөздер жай сөз емес, ерте кездерде тайпа, ел аттары болса керек. Соған қарағанда, *Казбек* - «Каз биігі», *Кастий* – “Кас теңізі”, *Қастек* – “қас биігі”. Бұл соңғы атаудағы *тек* сөзі түркі тілдерінде ерте заманнан “биік” мәнінде қолданылған. Оған тіліміздегі тау текшесі тіркесіндегі текше сөзі де толық дәлел” дегенді айтады.

ҚОРДАЙ. Е.Қойшыбаев пен Ә.Абрахмановтың пікірлерін саралай келіп,: “тау” мағынасындағы *дай* (дей, дой, тау, тей, тау, тоу, ту, т.б.) формасы мен қар//қор//хөр (түркі-монғол сөзі (снег)) тұтасуынан *Қордай* атауы қалыптасқан. Көне мағынасы: «*қарлытау*» (асу).

ЛЕП. Бұл атауға негіз болған *леп* сөзін А.Әбдірахманов *Ленсі* өзенінің атына қатысты талдай келе, осы екі атаудағы *леп* сөздерінің түбірі *лап* екендігін дәлелдеуге тырысады: «Өткен ғасырдың аяқ кезінде *лап су* аталғаны жайлы В.А.Аристов еңбегінде мағлұмат бар дей келіп, атаудың бірінші сыңарының түбірі *леп* емес, сол нұсқада айтылғандай *лап*, одан *Лансу*>*Ленсу*> *Ленсі* түрлерінде өзгеріске түскен» деген болатын. *Лап*, *лапа*, *лаба* сөздерінің иран және түркі тілдерінде қолданылады.

ОЙЫЛ. Е.Қойшыбаевтың пікірінше, атау түркі тілдеріндегі *ой* сөзіне -ыл жұрнағын қосу арқылы жасалған. Бірақ *ой* сөзі етістік тұлғасында емес, зат есімдік тұлға, атап айтқанда, шор тіліндегі *ойғаш* “котловина”, кач, қойбол, сағай тілдеріндегі *оймақ* “низменность”, ұйғыр тіліндегі *ойман* “углубление”, шор тіліндегі *ойыс* “низменность”,

башқұрт тіліндегі *уйыл* “долина” тұлғалары пара-пар; және *ойыл* атауындағы -ыл жұрнағы, профессор А.Ысқақов келтіргендей, қазақ тілінде есімдер мен етістік тудыратын омонимдес жұрнақтардың бірі. Мәселен, “... тіліміздегі *қаңқыл, жарқыл, жалтыл, батыл* тұлғалары белгілі бір сөз тобына ғана емес, бірнеше грамматикалық категорияға ортақ, нағыз омоним форма екендігі айқын кәрінеді.”

ТАЛАС. А.Әбдірахманов: «атау этимологиясының кескіні мынадай: *талай//далай* (түркі-монғол тілдеріне ортақ «су», «өзен» деген сөз) + с (түркі-монғол тілдеріндегі көптік мағынаны білдіретін көне жұрнақ) – деген пікірді айтады.

ТЕКЕС. Шоқан Уәлиханов “Қашқарға сапар” атты еңбегінде осы өзеннен өткен кезде “Теріс аққан” өзені деп атаған. Т.Жанұзақтың пікірінше, атаудың бірінші сыңарындағы *тек* сөзі *Қастек, Дегерес* атауларындағы *тег, дег* “тау” сөзінің ертеде айтылған жіңішке тұлғасымен тектес. Ал атаудың екінші сыңарындағы - *ес* тұлғасы орал-алтай тілдерінде – “су”, “өзен” мәніндегі сөз. Демек, *Текес* – “тау суы, тау өзені” мағынасында қойылған атау деп қарауға болады.

ТОЛАҒАЙ. *Толағай* сөзі монғол-түркі тілдерінде кеңінен қолданылатын географиялық термин. Қазақстан, Монғолия және басқа түркі-монғол тілдер территорияларында көптеген топонимдер құрамында жиі ұшырайды: Шығыс Қазақстанда *Толағай, Ақтолағай, Көнектолағай, Жетімтолағай*, Монғол Халық республикасында *Баян – толгой* т.б. атаулар бар. Монғол-бурят тілінде *толағай* сөзімен түбірлес мәндес *толгой* сөзінің тікелей мағынасы - “бас”. Ал топонимикада “төбе, шың” дегенді аңғартады (Мурзаев, 19). Ғ.Қоңқашбаев (1959) *Толағай* топонимін монғол тілінен енгендігін растап, “шоқы, жекетұрған биік тау” десе, ал Әбдірахманов (1975) қазақ тіліндегі жер аттарында *толағай* сөзінің монғол тіліндегі “шоқы, биік, төбе, тау деген екінші мағынасын сақтаған” дейді. Е.Қойшыбаев (1985) “толағай сөзінің туынды сын есім тұлғасын қалыптасқан түркі тілдеріндегі толу, қаз. арх. *толы-гай* – прогрессивті ассимиляция түріндегі сөз екені анықталады”, - деп жазды. Жоғарыдағы пікірлерді қорыта келе Т.Жанұзақ: “*Толағай* топонимінің шығу төркінін жоғарыдағы авторлар айтқандай монғол-бурят тілдеріндегі *толгой* сөзімен мағыналас, бірақ фонетикалық өзгеріске ұшырап, қазақ тіліне бейімделген. Топонимикалық мағынасы: “төбе, шоқы, биік, тау”.

ШАМАЛҒАН. Әрбір топоним жер бедері мен табиғат құбылысына, жағырапиялық ортаға сай қойылу жайын ескерер болсақ, онда

Шамалған атауының пайда болу, жасалу жолы да осы жағдаяттармен тікелей байланысты екені байқалады. Тілдік негіздерге қарағанда, атау *шам + ыл + ган* деген үш құрамды тұлғадан бірігіп барып жасалған. Оның бірінші сыңарындағы *шам* сөзі біраз түркі тілдерінде *қарағай* сөзімен мағыналас. Екінші құрамындағы *-ыл* (л) көптік жалғауының көне көрсеткіші. Ал үшінші сыңарындағы *-ган* – сөзі түркі тілдерінде *ган~ген, кан~кен, хем* тұлғаларында айтылады да, “өзен, су” деген мағынаны білдіреді. Демек, шамалған атауының түп-төркінін түркі-қазақ тілінен жасалған “қарағайы қалың сайдағы өзен, су” деген мағынадағы атау болар деп жобалайды Т.Жанұзақ. Әуел бастағы *Шамылған* атауының *Шамалған* боп өзгеріп аталуы, сөз арасындағы *-ыл* қосымшасының бара-бара, айтыла келе ал тұлғасына ауысуы (*а~ы*) кейін пайда болған құбылыс.

ШЕЛЕК. Т.Жанұзақтың пікірі бойынша, бұл атау *шел* және *ек* деген екі морфемадан құралған. *Шел* сөзі көне түркі тіліндегі *йул* – “бастау, қайнар, су” мәнін береді. Демек, *Шелек* – “бастау, қайнарлардан басталатын өзен” деген мәнге ие. Ғасырлар бойы ағып жатқан өзеннің, заңғар-заңғар, қатпар-қатпар тау басында мәңгі мұз, бастау бұлақтардан басталуы бұл атаудың мән-мағынасын айқындап, дәлелдей түскендей.

ІЛЕ. Бұл көне атаудың шығу төркіні мен мағынасы жайлы әрқилы пікірлер болғаны мәлім. Ғ.Қоңқашбаев бұл қалмақтың *иле* – “жарқыраған”, “жалтыраған” деген сөзінен десе, Е.Қойшыбаев “Іле атауын көне түркілердің *йел* немесе *иіл* түбірімен байланысты деуімізге болады, семантикалық жағынан *желек//есне* сөздерінің ауқымына келеді” (43, 25-45) деп түйеді. Т.Жанұзақтың ойынша, *Іле* атауының түбірі *іл//ыл* сөздері болса керек, өйткені М.Қашқари сөздігінде ол *ыла* тұлғасында берілген. Бұл тұлғалы *іл, ыл* сөздерін республикамыздағы басқа да өзен аттарынан (Елек т.б.) кездестіреміз. Соған қарағанда *іл//ыл* әуел баста жеке мағыналы сөз ретінде “су”, “ылғал” мағынасын білдіріп, кейіннен үлкен өзендер ретінде, “дария” мағынасында айтылса керек. Яғни, *Іле* – “үлкен дария” деген мағынаға бейім келеді.

Жылқы малының жасы мен жынысына қатысты атаулардың этимологиясы

МАЛ. Жалпы *мал* сөзінің мағынасын ҚТТС-нде 1) төрт түлік үй жануарлары; 2) «табыс, кіріс, пайда» деп береді [ҚТТС, 108]. Бұл сөз

түркі тілдерінің көбінде қолданылады. Ертедегі түрік жазба ескерткіштерінде, мәселен XI ғасырдағы Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігінде», Ахмет Йүгнекидің «Шындық сыйында» «мал» мағынасы «мүлік, байлық» деген мағынаны білдіріп, бұл араб сөзі деп түсіндіріледі. Мұнан басқа «мал» сөзінің «мүлік, байлық, бай» мағыналары XIV ғасырдағы Рабгузидің «Пайғамбар тарихы» шығармасында, X ғасырдың соңында шыққан «Тефсирде» (С. 220, 303), «Түрікше-арабша сөздікте» (171), XIY ғасырда шыққан «Ат-тухфадан» (349) т.б. жазбаларда кездеседі, бірақ араб тілінен ауысқандығы көрінбейді. Енді *мал* сөзінің беретін екі мағынасының қайсысы алғашқы және қай тілдерге тән деген мәселеге келер болсақ, түркі тілдеріндегі «үй жануары» мағынасы алғашқыда, ал «байлық, меншік, мүлік» мағынасы ауыс мағынада. Араб тілдеріне осы ауыс мағынасы енген. Ол тілдерде «үй жануары» мағынасын беретін арабша «he-йл - скот», парсыша «меваши - скот» сөздері бар. Демек, күнделікті қолданылып жүрген «төрт түлік мал» тіркесіміздегі «төрт» сан есімінің мағынасы айқын келіп тұрса, «түлік» малымыз «өнім» байлық беретін түлік. Осы мәселені арнайы зерттеп Тоқтағұл Т. бұл тіркесті «өнімді байлық, өнім беретін түлік» деген мағыналарға сәйкес келетіндігін айтады [48].

Тілші-ғалым Р.З.Панзарбекова қазақ тіліндегі жануарлар тілінің атаулар мәселесін зерттеу барысында белгілі лексиколог-ғалым К.Мусаевтың жалпытүркілік мал атауларын корей тілінің дерегімен салыстырған тұжырымына сүйенеді: «По – видимому, древнейшим значением слова **мал** является «лошадь» - ср. корейс. *мал* - «лошадь». Таким образом, можно считать, что мал является общеалтайским словом, которое в современных языках имеет значения «лошадь» > «скот» > «имущество», «товар». Поэтому вполне обосновано сопоставление Е.Д. Поливановым монг. *морин*, корейс. *мал* «лошадь», а также корейс. *муран*, «мерин». По предложению Е.Д.Поливанова *мал* восходит к более древней форме «мөр». Он устанавливает связь монголо-корейского слова с тибетокитайскими и японскими словами, обозначающими «лошадь». Как известно, пустыню Гоби считают в Азии первоначальной родиной лошади, где она впервые была приручена. Е.Д.Поливанов считает, что возможно, китайцы заимствовали лошадь вместе с ее названием у тюрко-монгольских племен», - дейді [49].

Біздің тоқталғалы отырғанымыз жылқы малының жалпы атаулары, яғни **жылқы, ат, жұнт, ала** сөздері.

XI ғасыр жәдігері болып саналатын М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» еңбегінде жылқы малының жалпы атауларына **йылқы, йунд, ат, арқун, қатыр** сөздерін берген.

АТ. *Am* сөзінің ҚТС-нде бірнеше мағынасы берілген. Соның ішінде жылқы малына тиістісі: 1) піштірліген еркек жылқы; 2) мініп, жегіп күшін пайдаланатын көлік [ҚТТС, I]. Кейде піштірілген, піштірілмегені белгісіз (тосыннан кәрінген) жылқы малын *am* деп айта беретініміз бар.

Қытай жылнамаларында кездесетін деректерде Азия ғұндарының қолға үйретілген жануарға берген «ат» атауының мағынасының әрдайым бар күшпен алға ұмтылуды қалайтын жануарлығы негізге алынғандығы, сондықтан аттың динамикалық құрылымы мен түбірден тараған сөздер арасында мағыналық жағынан жалпылама қасиеттің барлығын айтады.

Жылқы сөзіне қарағанда *am* сөзі жиі қолданылады. Төл атаулары, үйірге түсу, ұрпақ өрбітуге байланысты жағдайлардың басқасында *am* сөзі қолданыла береді, яғни *am* бір жануарды, *жылқы* болса ат үйірін білдіреді. Аттың басты міндеті – жұмысқа жегілу, мінілу, бәйге, жарыс, жорық т.б.

М.Қашқаридың сөздігінде бұл сөз де *жылқы* деген жалпы ұғымның бір атауы ретінде көрсетілген. Автордың айқындауынша, сөз басындағы дауысты дыбыс осы мағынаны беру үшін қысқа айтылатын кәрінеді, (*am*) ал егер ол созылыңқы айтылса, (*aam*) ол кісінің атын, есімін білдіретін басқа сөз ретінде қолданылады. М.Қашқари дауысты дыбыстардың түркі тілдерінде екі түрлі айтылатынын айқын аңғарып, дәл таныған.

Am сөзін тарихи-сөзжасамдық қырынан зерттеген А.Салқынбай: «Ат/ад» тұлғасының мағыналық қыры қозғалыспен байланысты, яғни «ат» - күннің бір сипатын танытатын, қасиетін көрсеткен сөз ретінде бағаланады. Аттың киелілік, қасиеттілік сипатының танылуы, жеті қазынаның бірі болып, ер қанаты саналуы – халық танымында, жадында сақталған, көнеден келе жатқан дүниетаным. *Am* – күннің (тәңірдің) жердегі елшісі сипатында танылып, алуан түрлі ұғым қалыптастыруға себеп, негіз болған. Ол сипат, қасиет – күннің шығуы, көтерілуі, жылжуы, батуы тағы басқалар. *Таң атты* деген тіркестегі *am* сөзі арқылы – «шығу» семасы сақталса, «күннің қозғалыста болуы, жылжуы» мағынасы арқылы – тағы сол сияқты номинативтік туынды атаулар жасалған. Ал «ат» сөзінің тек қимылдық емес, жалпы ұғымды белгілеуші тұлға ретіндегі мағыналық жүйесін, даму жолын былайша

көрсетуге болады: 1. қозғалу семасы – *аттау, аттану, адақ (айақ), адасу, адым* т.б.; 2. объектінің шығу семасы – *таң атты, тас атты, атып шығу, атып тұру*; 3. объектінің *бату, біту* семасы – *ат, ад* (тамұқ) ада болу; 4. объектілік сема – *ат*; 5. субъектілік сема – *ата, аталық, адам* т.б. [1]

Сахалар (якут) атамекенінен ғасырлар бұрын кеткендіктері және өздеріне атамекен еткен Сібірде, сол жердің табиғи шарттарына бейімделген жануарларды пайдаланған, бірақ жылқыны ешқашан ұмытпаған. Бұл жерде күнделікті өмірде қолданған, маңызды функциялары болған жануарларды ат сөзімен атаған. Орта Азиядағы жылқының функциясымен саха жұртындағы Сібір киігінің функциясы бірдей. Осыған орай Сібір киігінің аталуы аттаба болған. Өгіздің аталуы *ат өгіз* делінген. Тағы да оқыранған әртүрлі жануар «аттаммут» түрінде аталған.

Қазақ тілінде «атқа мінді» десе де, «жылқыға мінді» демейді. Өйткені бұл жерде «ат» сөзі жылқы малының мінуге жарайтын барлық түріне байланысты айтылып тұр, ал «жылқы» сөзінде ондай ұғым жоқ, оның айтылу аясы мен қолданылу ерекшелігі стильдік бояуы – бедері *ат* сөзінен гәрі басқалау болып келеді. Тірі тілдердің материалдары бойынша мұндай стильдік әрқилы мүмкіншіліктерді зерттеп білуге болар, бірақ өкінішке орай, өлі тілдердің кезінде жазылып қалған азынаулақ мысалдарына орай ондай бақылау жұмыстарын жүргізуге бола қоймайды, өйткені мұндай мысалдар құрамында кездесетін сөздердің саны аз, әрісі тар, өзіндік ерекшеліктері ашыла бермейтін ауқымда ғана көрінеді. Ортағасыр түркілерінің тілінде үйірге түсіп, ұрпақ өрбітуден басқа жағдайдың бәрінде де **ат** сөзі қолданылады.

ЖЫЛҚЫ. *Жылқы* – тақ тұяқты ірі қара, төрт түліктің бірі. Бұл жылқы атауына ҚТС-нде берілген анықтама [ҚТТС]. Жылқы атауының тақ тұяқты ірі қара мағынасын тек тарихи деректерден кездестірмесек, дәл қазіргі күнде тек төрт түліктің бірі ретіндегі мағынасы ғана сақталынған. Мәселен, «Диуани лұғат-ит түркте» малдың жалпы атауы ретінде *йылқы* сөзі берілген.

«Күлтегін» ескерткішінде *йылқы* сөзіне *-сығ* жұрнағы жалғану арқылы *йылқысығ* – «бай, дәулетті» деген ұғым тудыратын жаңа сөз жасалатын көрінеді [ДТС, 267]. Малдың оның ішінде жылқының байлық көзі болып есептелінетінін біз қазақ өмірінен жақсы білеміз. Аталмыш жәдігерлікте осы сөздің *йылсығ* деген түлғасы бар [ДТС, 267], негізгі

түбірі *йыл* болса керек. ДТС-да «скот» деген мағынасы берілген [ДТС, 267].

М.Қашқаридың сөздігінде *жылқы* сөзі үйірде жүрген малдың жалпы атауын білдіреді. *Жылқы* сөзінің мағынасы қазіргі қазақ тілінде де осындай. Зерттеуші А.М.Щербак бұл сөз туралы «оно обозначало первоначально «табун» и в этом значении ассоциировалось с табунными животными, наиболее важное место среди которых занимало лошадь» деп жаза отырып, Г.Вамберидің «*jilki*» сөзі «*jil*» - *жинау, біріктіру* етістігінен болуы мүмкін деген пікіріне назар аударуды жөн көреді [15]. Қорыта айтқанда, «жылқы» атауы «йығ» - бір жерге жинау (көне түркі) мағынасын береді. *Айғыр, ат, бие, құлын, тай* атауларының жиынын «үйір» деген ұғымды білдіретін «чылғы» сөзі бар екендігін ескерсек, «жылқының» алғашқы мағынасы осы «үйір», «табын», «мал тобы» дегенге келеді.

Ат деген сөзбен салыстырғанда *жылқы* деген атау жыныстық ерекшелікті білдірмейді.

АЛА. *Ала* (алаша) – түркі тілдерінде жылқы мағынасын білдіретін атаулардың бірі. Қазақ тілінде, түркі тілдерінің сөздіктерінде *ала* сөзінің көбіне сындық мағыналары, жылқының түсін білдіретіндігі сөз болады да, ал *ат* мағынасы көп айтыла бермейді. Тек 10 томдық түсіндірме сөздікте *ала* сөзінің 2 мағынасы: 1) ақ және басқа түстердің араласып келген түрі; 2) ауыс мағынасы көне жылқы ішіндегі көрнекті, жүйрік ат.

Расында қазақтың эпостық жырлары мен ақын-жыраулар мұрасында *ала* сөзі «ат», «азбан» ұғымында жиі кездеседі. Мысалы:

Ерлер мінген алаға

Көңілім толды санаға... (Алпамыс батыр жыры).

Мінген атым ала еді

Қылышқ жүнді қара еді (Қобыланды батыр жыры).

Бұл мысалдардан *ала* сөзі жалпы ат, көрнекті жүйрік дегеннен гөрі «азбан» дегенді білдіреді.

Қазақ тілінде «алаша» варианты да кездеседі. Мысалы:

Алаша аттың басы деп,

Қалмақты ердің қасы деп (Ер Тарғын).

«Алаша» варианты Түркіменстан қазақтары тілдерінде де сақталған. Бірақ беретін мағынасы – «түйенің будан тұқымы».

Сірә, «азбан» мағынасындағы *ала* сөзі – халық поэзиясындағы күшті, мықты жылқының символы, *азбан* – үйірге түсіп жүрген, әбден

есейген, күш жиған малдың ақтатылған кездегісі. Батырлар жырында азбанның «ертеңнен салса кешке озған, ылдидан салса төске озған, томаға көзді қасқа азбан» болып суреттелуі де осы мықтылығын көрсетсе керек. Батыр да өзінің күш-қайратын танытқысы келгенде, «жылқы ішінде аламын» дейді. Сондықтан *азбан*, *ала* сөздері синонимдер десек, жылқыға қатысты тұстарда *ала* варианты жиі қолданылады.

ЖҰНТ. *Жұнт* сөзінің ҚТС-нде 2 мағынасы берілген: 1) ұлпасы жып-жылтыр, суда мекендейтін итбалық тәрізді мақұлық; 2) *көне*. Жылқы, ат (жұнт жылы – жылқы жылы). Яғни, бұл сөз де *жылқы* деген мағынаны беретін сөз. М.Қашқари сөздігінде бұл атау *йунд* тұлғасында келіп, «ат, жылқы, оның үйірі» деген ұғымда қолданылады [49]. Түркі халықтарында 12 жылда бір қайырылатын жыл атауларының бірі – жетінші жылдың аты осы сөзбен аталған: *йунд йылы* (жылқы жылы). Ескі қыпшақтар ескерткіштерінің тілінде *йунт* деп табынға бос жіберілген жылқылардың бір үйірін айтатын болған. Онда қыпшақ тобына жататын тілдердің өзіндік ішкі даму заңдылығы бойынша қалыптасқан тұрақты фонетикалық ережеге сай сөз соңындағы ұяң дыбыс (-д) қатаң (-т) болып айтылады: жәдігерліктерде *йунт*, қазақ тілінде *жұнт*. Бұл лексема негізгі сөздік қордан орын алғанмен, ескіріп үлгерген, белгілі бір сөз тіркесінің кірігіп кеткен құрамында ғана кездеседі, онда да ауыс. мағынада жұмсалады: *жұнттай болып семіріп кетті*, *жұнттай семіз* деп айтылады. Сын есімнің салыстырмалы шырай жұрнағынсыз бұл түбір өз алдына жеке тұрып қызмет атқармайды.

А.М.Щербак өз еңбегінде *јонт* сөзі «лошадь» деген мағына беретінін сөз ете келіп, мынадай мысалдар арқылы оның мағынасын анықтай түседі: *т?gl?k кулун ?рк?к јонда* (<јонтда?) *?miг miл?j?р* «страдающий жеребенок обращается за исцелением к жеребцу, где в сочетании *?рк?кјонт* (букв. «самец-лошадь») слова *јонт*, несомненно, имеет видовое значение, ср. также *?рк?к јунад* «лошадь» (Китаб ал-идрак, 245). «Более общим явлением, уже начиная с X, XI вв., стало употребление *јонт* в качестве наименования года в двенадцатилетнем животном цикле».

Бұл сөздің о баста-ақ таралу әрісі шектеулі болған болса керек. Жылқы малынан қол үзбеген жерлерде ғана айтылып, сондықтан да қазақ тілінде сақталған.

«Сөздің негізгі түбірі *йыг* = (жый), оған өздік етістің жалғауы -ун қосылғанда *ғ* дыбысының кейде түсіп қалатын заңдылығы бойынша *йыун* (2 дауысты дыбыс қатар келіп қолданылмайтын болғандықтан) *>йун*

болып қысқарады. Көне түркі тілдеріндегі –т реликтік көптік жалғауы жалғанып (*йунт*), ол түбірмен кірігіп, қалыптасып кеткен [49].

Қазіргі қазақ тіліндегі қолданылуына сай мағынасын жұнттай сөзіне «жылтыр, тақыр, таза, әдемі» *Жұнттай* сөзінің «тығыршықтай семіз», «күйлі-қоңды» малға, көбінесе жылқы малы деп анықтауға болады. Ал семіз малдың жүні әрі тықыр, әрі жылтыр болатыны белгілі нәрсе. Олай болса, *жұнттай* сөзінің төркіні көне түркі тілдерінде ерте замандарда қолданылған *юнт* (*jund*) сөзімен байланысты деуге болады. Сонда тіліміздегі салыстыру моделі бойынша (салыстыр: *сиырдай, шошқадай семіз, еңгезердей, түйедей, алпамсадай үлкен, титтей, құрттай* т. б.), *жұнттай* сөзі о баста «аттай семіз, аттай күйлі, ат мүшелі» деген мағынада тек атқа байланысты айтылса, одан кейін жалпы малға, адамға байланысты да айтыла бастаған болуы керек» [ҚТҚЭС, 94].

ҚҰЛЫН. *Құлын* – жылқының алты айға дейінгі төлі [ҚТТС, 465]. Жаңа туғаннан бастап желіге байланғанға дейінгі кезеңде *құлыншақ* деп атайды (1-1,5 айлық кезең).

Профессор Қ.Жұбанов *құлыншақ* сөзіндегі қосымшаның (-шақ, -шек) *шаға* есім сөзінен шыққандығын сөз етеді. *Шаға* сөзі қазір тілімізде *бала-шаға* сөзінің құрамында ғана сақталған. Ал кей түркі тілдерінде (әзірбайжан, түркімен) бұл сөз бүгінге дейін «сәби» мағынасында қолданылады. Ғалым Қ.Жұбанов қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген *шақ-шек* (құлыншақ), *-шық/-шік* (*төбешік, қаншық*), *-ша/-ше* (*өгізше, тайынша*) және «уақыт» мағынасында қолданылатын «шақ» сөзінің шығу төркіні монғолдың *шаған, егін, тегін* - «бала, сәби, уақыт» мағыналы сөздеріне саятындығын айтады.

Құлын сөзі М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде де кездеседі. Осы еңбектегі төрт түлік мал атауларын зерттеген М.Бейсенова: «Ерін үндестігі қатаң сақталған орта ғасыр түркі тайпаларының тілінде жылқының баласын «қулун» деп атайтынын М.Қашқари өз шығармаларында жазған» [МК I, 383] деп көрсетеді. Қазақ тіліндегі «құлындау» деген етістіктің мағыналарын ол кезде *қулна* деп айтатын болған: *қысрақ қулнады* [*қысырақ құлындады*, III, 91]. Бұл форма түбір сөзге (*қулун*) көне түркі тілдерінен мирас болып келе жатқан *-а// -е* өлі жұрнақ жалғау арқылы (*қулун ->қулна*) жасалған деп топшылауға болады. Бұл әдіс қазіргі қазақ тілінде де бар: *жүт<жұта, ас<аса, тіс<тісе* т.б. Қосымша жалғанған негізгі түбірдің құрамындағы 2 дауысты дыбыстың соңғысы түсіп қалатын заңдылық та біздің тілімізде бүгінге дейін сақталған: *ауыл-аулы, мұрын-мұрны* т.б.

...Ескі қыпшақ ескерткіштерінде, тува, өзбек, тілдерінде – **қулун**, түркіменше – **ғулун**, қазақ пен қарақалпақ тілінде – **құлын**.

Құлын сөзінің тарихи қалыптасуы жайында пікір айтқан ғалымдарымыздың бірі Ғ.Мұсабаев: «Құлынның жас кезіндегі мүше бітімі, жал-құйрығы, сыртқы мүсіні құланға ұқсайды. Олай болса, «құлан» деген сөз айтыла келе «құлын» болып өзгеріп кеткен, ал құлан – «қол» (аңғар, ойпат) және «аң» деген екі сөзден біріккен түбір» деп тұжырымдайды.

Түркі тілдерінде 1 жасқа дейінгі жылқы төлі – қыр. *қулун*; әзірб. *ғулун*; гаг., қарақ., құмық, түркім. *көлін*; өзб. *қулун*; башқ. *колон* түрінде келеді де «жаңа туған», «айлық» деп бөлінбейді [48].

«Қазақ тіліндегі жануарлар төлі» атты тақырыпта қорғалған Р.Панзарбекованың ғылыми еңбегінде *gulun* сөзін *gul*, *gol* деген ататілдік тұлғасы монғол, тұңғыс-манжур тілдеріндегі *on/un* тұлғаларымен ортақ бір семантикаға саятындығын айтады. «Түркі тілдеріндегі төрт түлік атауларының этнолингвистикалық сипаты» деген тақырыпта зерттеумен айналысқан Б.Токтағұл бұл пікірге келіспейтіндігін былайша дәлелдейді: «Түркі тілдеріндегі *құлын* сөзінің пайда болуына араб, парсы тілдері былай тұрсын, монғол тобындағы тілдердің де қатысы, әсері жоқ деуге болады. Бұл тілдердегі осы ұғымды білдіретін сөз құрылымы мүлде бөлек. Мәселен, араб тілінде *құлын* атауы *филев*, *мұһер*, парсыларда *коррээсб*. Ал қазіргі түркі тілдерінде: қырғыз тілінде – *қулун*, чуваштарда – *хам*, сахаша – *қулун*, ұйғырларда – *қулун*. Ғалым бұл сөздің төркінін түркі тілдерінен іздестіргенді жөн деп санайды, сөйтіп мынадай мысалдар келтіреді: саха тіліндегі мына бір-екі сөздің мағынасына назар аударсақ: *құлан* тұлғалы сөз – «шапшаң», «жалынды», «ойнақы» мағыналарында айтылады да (ЯРС, 186) *холуон* сөзі дәл осы ұғымда қолданылады. Осы сөз мағыналарына ден қоюға болады. Өйткені жан-жануарлар, әдетте, өз атауын түсіне, іс-әрекет, бітім-болмысына байланысты алады. Мысалы, *аққу* – түсі ақ құс, сол сияқты жылқы төлінің де *құлын* атауының бойындағы шапшаңдық, ойнақылық тәрізді қасиеттеріне байланысты болуы әбден мүмкін.

А.М.Щербак көрсетілген өз мақаласында *құлын* сөзі туралы: «Слова *қулун*, *таі* (и производные от них) наряду со многими другими служат наименованиями разных возрастных групп. И так как в современных тюркских языках намечается тенденция к выделению общего понятия «жеребенок», абстрагированного от возрастных различий, каждое из

упомянутых слов приобретает дополнительно общее значение... Кулун (*кулунак, кулунчак, кулунағаш*). Кулун – жеребенок от рождения до одного года, ср. азерб. *гулун*; алт., к.-калп., тув., узб., якут. *кулун*; башк. *колон*; гаг., *кулі*; ног. *кулін*; хак. *хулун*.

Своеобразие семантики *кулун* (жеребенок в собственном смысле) по сравнению с другими словами, обозначающими жеребенка, глубоко выражено в том, что, например, глагольные формы со значением «жеребиться» могут образовываться только от *кулун*, ср. *кулунла-, кулунна-, кулунда-, кулна* – [МК III, 91-92]», - деген пікір айтады [15].

ЖАБАҒЫ. *Жабағы* – алты ай мен бір жас аралығындағы жылқы төлі [ҚТС, 187]. Жас құлынды алты айға толған соң, күзде *жабағы* деп атайды. Мұның бұлай аталуын Ш.Жанәбілов құлын кезіндегі түсінің күзге қарай өсіп, тығызданып, жабысуына (ұйысу) байланыстырады.

А.М.Щербактың ғылыми мақаласында *жабағы* сөзінің түркі тілдеріндегі этимологиясы жайында: «этимология *жабага*, как и многих других слов, обозначающих возрастные группы, неясна. Существует предположение (Ф.Г.Исхаков) о связи наименования жеребенка словом *жабага* с весенней линькой шерсти, см. тат. *жабага* «шерстьлинька (вылезающая у животных весной)». Исходя из этого предположения, легко раскрыть причины многозначности рассматриваемого слова.

Все перечисленные выше формы закономерно восходят к общетюркскому **габаға*, с которым связаны и соответствующие монгольские слова, ср. бур.-монг. *Гаган* «двухлетний жеребенок», *гаху* «шерсть, вылезающая весной», – деген пікір айтады [15].

Қазақ тіліндегі жануарлар төлінің атауларын зерттеген Р.З.Панзарбекова жылқы төлінің жас ерекшелігіне қарай қолданылатын бұл атаудың «бөлшектің бүтінге айналу» заңдылығы бойынша жасалғандығын айтады. Жан-жануарлардың көктемде тастайтын жүні *жабағы жүн* деп аталады. Бұл лексеманың өзара іргелес байланыстағы денотаттардың атауы болып жұмсалуды еш күмән туғызбайды. Монғолша *даага* «тай», *даахь* «жабағы жүн», «ұйысқан, шырмалған жүн», бурят тілінде *даган* «жылқы төлінің екі жастағы», *дах* «жан-жануарлардың көктемде тастайтын жүні».

Жабағы сөзі – қарақалпақша – *жабагі* «бір жастағы жылқы төлін, ноғайша *жапаш* «жаңа туған құлын», татарша *жабага* «бір жастан асқан жылқы төлі», туваша *чаваа* «бір жасқа толған жылқы төлі», түркіменше *жапағы* «жаңа туған құлын» деген мағынада қолданылады.

«Жабағы» сөзіне сәйкес тұлғаны монғол тілінен де кездестіреміз. Онда *даага* сөзі тіліміздегі «тай» ұғымында айтылады, *даахь* – «ұйысқан, шырмалған, жабағы жүн».

Тұлғасы мен мағынасы жағынан бұл атауға жуық сөздер ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде де кездеседі. Бұл тілдік деректерді қарастырар болсақ, *жабағы* сөзінің түпкі төркіні түркі, моңғол тұңғыс тілдеріне ортақ та, бертін келе олардың бірінде жылқы төлінің құлын мен тай аралығындағы жас мөлшерін білдіретін, ал екінші біреуінде «құлын» мағынасын білдіретін өзгеріске түскендігі байқалады. Сөз мағынасының тууына себепші тағы бір жай – *жабағы* сөзінің екінші мағынасы «малдың» көктемдегі ұйысқан жүнімен астас. Ескі жүннің бір түрінің *жабағы* аталуы қырғыз тілінде де бар.

Қорыта айтқанда, *жабағы* сөзінің моңғол, түркі тілдеріне ортақ, алғаш «жүн» мағынасын меншіктеген *даахь* сөзінен өрбіп, қалыптасқан деуімізге болады. Монғол, түркі тілдерінде, олардың ішінде қазақ тілінде *даага* алғаш кездерде біздегі *тай* сөзімен жарыса қолданылған да, бері келе мағынасына қосымша реңк беру нәтижесінде жылқы төлінің 6 айдан бір жасқа дейінгі жас мөлшерін білдіретін атау ретінде қалыптасқан. Ал дыбыстық жағынан *даага*-ның «жабағыға» дейін өзгеруі мына қалыпта көрінеді: *даага* > *жаага* > *жа(б)ага* > *жабага* > *жабағы*.

ТАЙ. *Тай* – бір жастан асқан, екі жасқа әлі толмаған жылқы төлі [ҚТС, 607]; [МК III, 173]. М.Қашқари сөздігінде *тай* сөзінің екінші қосалқы мағынасы «**жас жылқы**» деп көрсетілген [МК, 527].

Қазіргі түркі тілдерінің көбінде жылқының жас төлін осылай (тай) атайды. Түркімен тілінде **тай** сөзі – **гулун (құлын)** сөзінің синонимі, яғни ол «жылқының жас төлі» деген мағынада жалпы атау болып есептеледі [ТүркмДС].

Р.Панзарбекова: Бұл атау кейбір түркі тілдерінде кішірейткіш жұрнақпен айтылып, «жаңа туған» немесе «бір жасқа дейінгі құлын» мағынасында да жұмсалады: әзірб. *daicha*, өзбекше (диал.) *taichik*» [49].

ҚҰНАН. *Құнан* – екі жасқа толып, үшке аяқ басқан еркек жылқы малы [ҚТТС, 477]. Р.Панзарбекова *құнан* сөзі - жылқы төлінің жыныстық жағынан жетіле бастаған кезін әрі жасын білдіретін жалпытүркілік атаулардың бірі деп санайды. Бұл атаудың жалпы түркі тіліне ортақ интеграциялаушы семантикалық элементі «жылқының 2-3 жас аралығындағы төлі». ...Ал қазақ тіліндегі, сондай-ақ, өзге түркі

тілдеріндегі кездесетін *құнан*, *құнажын*, *дөнен*, *дөнежін* сөздерінің **гу-*, **ду-* түп тұлғасы жазба монғол тілінде *gurvan* «үш», *dorben* «төрт» деген сан есіммен гомогендік байланыста екені қазіргі кезде дау туғызбайды» - дейді [48].

А.М.Щербак мақаласында бұл атау *гунан* тұлғасында келтірілген: «Слово *гунан* относится к третьей возрастной группе, в которую входит молодняк лошади в возрасте двух-трех лет. ... *гунан* может выражать в пределах указанной возрастной группы принадлежность к определенному естественному полу, ср. башк. *конан*, казах. *кунан*, ног. *кунан* «жеребец двух-трех лет»; кирг. *кунан*, тув. (*хунан*) ат, турк., уйгур. *гунан*, узб. *гунан* (узб. диал. *гунан*, *хунан*) «лошадь двух-трех лет» деген пікір айтады [15, 71 б.].

Кейбір зерттеушілер «*дөнен*» және «*құнан*» сөздерін монғол тілінен енген деп тұжырым жасайды. Монғол тілінде 4 жасар баланы да осылай атаған [4, 278]. Ғалым А.Бобровников өзінің «Монғол-қалмақ грамматикасы» атты еңбегінде *гунан-гунчин*, *дөнен-дончин* сөздерінің бірінші түбірлері ... (*гурбан* – «үш»); (*дорбэн* – «төрт») сан есімдерін білдіреді деген пікірлер келтіреді.

А.М.Щербактың айтуынша, *гунан* сөзі жылқыдан басқа да мал төлдерін атауда кездеседі. Мысалы, алт. *кунан бозу* «2-3 жасар бұзау»; башк. *конанугэз* «2-3 жасар өгіз»; қазақша *құнан бұзау* «2-3 жас аралығындағы бұзау»; қырғ. *Кунан өгуз* немесе *кунан бука* - «2-3 жас аралығындағы өгіз»; ног. *кунан өгуз* «3 жасар өгіз»; тув. *хунан казира* «қашар».

Құнан сөзіне *-жын* жұрнағы қосылу арқылы жасалған *құнажын* сөзі жылқы малының 3 жастағы ұрғашысын білдіреді.

-жын аффиксі туралы А.М.Щербак: «аффикс **-jін** имеется в монгольском письменном языке (монг. –ж, например гунж, дөнж). То, что в тюркском материале он прослеживается только в словах, заимствованных из монгольского языка, позволяет говорить о его монгольском происхождении. Есть все основания утверждать, что и сам способ морфологического выражения различий пола, хотя бы в пределах рассматриваемой группы слов, нетипичен для тюркских языков. Указанные различия, при отсутствии специальных слов для особи того и другого пола, обычно выражаются описательно, посредством присоединения к названиям животных слов, имеющих значение «самец (производитель)» и «самка». Для возрастных групп лошади такими

словами могут быть **аскир** и **бэ**, **эр** и **кис** в тувинском языке, например: **хунан аскир** «жеребец двух-трех лет», **хунан бэ** «кобылица двух-трех лет», **эр боғба** «годовалый жеребенок-самец», **кис боғба** «годовалый жеребенок-самка» (эр «мужчина», «самец» кис «девочка»); **кала** в диалектах азербайджанского языка, например: **кала даі** «жеребец от двух до трех лет» (**кала** «бык-производитель») и т.д. Этот способ (для лошади) применяется преимущественно в тувинском языке. До заимствования монгольских слов он, по-видимому, применялся и в других тюркских языках, ср. **эркак бозағу** «бычок» деп кеңінен тоқталып өтеді.

ДӨНЕН. *Дөнен* – төрт жасар еркек жылқы [ҚТТС, 165]. Бірақ бұл сөздер кейбір түркі тілдерінде барлық малға әр түрлі тұлғада, мағынада қолданыла береді. А.М.Щербак: «Использование **ғунан** и **дөнөн** в разных тюркских языках в качестве наименований молодняка не только лошади, но и других животных позволяет положительно отнестись к предположению о наличии в составе этих слов (заимствованных из монгольского языка) корней числительных «три» и «четыре», т.е. **ғу** – и **дө**. В связи с чем первоначальные значения указанных слов следовало бы определять так: **ғунан** «трехлетнее (животное)», **дөнөн** «четырёхлетнее (животное)» [15].

АЙҒЫР. *Айғыр* – «үйірге түсетін еркек жылқы» [ҚТТС, 90]. Басқа түркі тілдеріндегі осы сөздің көне варианты – **адғыр** [ДТС, 10]: **ат-адғыр**, (**ат**, яғни піштірілген ат және **айғыр**, (бұл да сонда). М.Қашқари еңбегінде **азғыр** түрі жиі қолданылады.

«**Айғыр** (азғыр) сөзі «Диуанидің» түп нұсқасында [ДТС, 28] қазіргі қазақ тіліндегідей мағынада қолданылады екен: жылқының үйірге түсетін піштірілмеген, тұқымын алу үшін әдейі ұсталатын еркек жынысты түрі. Кейбір көне түркі жәдігерліктерінде **айғыр ат** (қазақша: *айғыр*) деген де сөз тіркесі бар [ДТС, 28].

Түркі тілдерінде ертеден бері қолданылып келе жатқан **азғыр** сөзінің мағынасында айта қаларлықтай ерекшелік жоқ, ол «жылқының үйірге түсетін еркек жынысты түрі» [МК I, 121]; бірлі-жарым өзгешелік оның семантикасына байланысты. Мысалы, түркімен, қарақалпақ тілдерінде осы көрсетілген мағынамен бірге есектің еркегін де *айғыр* дейді, тіпті **айғыр есек** деп те айта береді.

Қазақ тілінде **айғыр** сөзін өсімдік атауларына тіркестіріп қолданылу кездеседі. Мысалы, қазақ тілінде **айғыр жуа** деп жабайы (табиғи) өскен жуаның ішіндегі ең ұзын және өзегі өте жуан түрін айтады (бұл

оңтүстіктегі қазақтар тілінде жұмсалады). Шамасы бұл өсімдіктің пісуіне мезгілі өтіп кеткен сипатына орай айтылған, өсімдіктерге байланысты осы мағынада қолданылатын «еркектеп кеткен» деген тіркеспен синонимдес мағынада қолданылған сөз болса керек.

Әдеби тілімізде **айғыр** сөзінің қолданылу аясы оның семантикалық әрісіне қарай құбылып отыруы мүмкін. Түркі-монғол тілдерінде бұл сөздің лексикалық мағынасы біртектес, бірақ оның грамматикалық құрылысында азды-көпті айырмашылық бар: көне түркі жазба нұсқаларында – **адғыр**, «Тефсирде» жазба нұсқаларында – **азғыр**, қыпшақ тілдерінде – **айғыр**, өзбекше – **айғир**, тува тілдерінде – **асқыр**, монғол тілінде – **азраға**. Мұндағы *з* дыбысын М.Қашқари эмфатикалық дыбысты білдіретін арабтың «заль» таңбасы арқылы береді, әрине, бұл кәдімгі *д* (даль) әрпі емес – Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі **адғыр** осы әріппен беріледі.

Әдетте *з* дыбысы түркі тілдерінде арабтың «зейн» таңбасы арқылы белгіленуге тиіс. Түркі тілдері араб тілінің өзіндік ерекшеліктерін еркін меңгерген М.Қашқари «даль» // «зейн» дыбыстарының табиғатын жіті аңғарып, бұл жерде «зальды» әдейі қолданып отырған болу керек, өйткені «заль» айтылу техникасы жағынан «зейннен» гәрі «дальге» жақын. Фонетикалық құрылымы жағынан алып қарағанда, түркі тілдерінің әртүрлі классификациялық жүйелерде жиі айтыла беретін *д//а//й/ адак//азак//айак*) заңдылығы бойынша **азғыр** сөзі ескі түркі тілдеріне тән ерекшеліктерге байланысты жасалынған: **адғыр** (көне түркі тілдерінде) **азғыр** (ескі түркі тілдерінде), **айғыр** (жаңа т.т.).

Қ.Жұбановтың зерттеулері бойынша, **айғыр** сөзі **ай** (**ат**) деген негізгі түбірге «**еркек**» деген мағына беретін көне түркі жұрнағын (**-қыр**) жалғау арқылы жасалынған: *ай+қыр – айғыр* [салыстырыңыз: **қои** (**қой**) – **қош+ақан**, **қош+қар** т.т., [1, 68]].

Айғыр сөзінің **ай** – деген етістік түбірінен жасалған болу керек деген Е.И.Убрятованың пікірін А.М.Щербак та қолдайды. Негізгі түбір **ай** – етістігі ертеден бері қолданылып, «айт», «сөйле», «де» деген мағына береді.

Айғыр өз үйірін әдетте азынап кісінеу арқылы ықтырып, оқырына жүріп басқарады. Осындай дыбыс шығаратын *ат* (жылқы) деген мағынада **ай** сөзінен **айғыр** тұлғасының жасалуы да мүмкін.

А.М.Щербак өз мақаласында **айғыр** сөзін: «*Aigir* «жеребец», ср. монг. **азраға** (монгол. письм. **ajirya**); маньч. **ачжирган**; тунг. **хусэ мо-**

рин, адирга, мурон корбэн. Азерб., алт., башк., казах., кирг., к.-карак., кумык., ног., тат., турк., узб., уйг. **аігір**; балк. азір; гаг. хаігір; тув. **аскір**; хак. **асхір (ахсір)**; чув. **ајар**; якут. **амір**.

«Түркілердің бұл саладағы жетістігі басқа ұлттар тарапынан да қолдау көрген, жылқыға байланысты терминдер деректер басқа ұлттардың тіліне ауысқан. Түрікше *айғыр* термині, монғол тіліне *ажирга*, Батыс Сібірде өмір сүретін ханти мен мансилерге *айгар*, кет пен ариндерге *аскир* түрінде өткен [51, 24].

БАЙТАЛ. *Байтал* – екі мен төрт жас аралығындағы құлындамаған ұрғашы жылқы [ҚТТС I, 42]. Р.Г.Ахметьянов бұл сөзге былай талдау жасайды: «...*bajtal* «еще не жеребившаяся или переставшая приносить потомство кобыла» (от тюркско-монгольского *baju-*, *bajta* – «остановиться, перестать, успокоиться»)» [ҚТТС I, 69]. Ал А.М.Щербак *байтал* сөзінің этимологиясы жайында: «Этимология **байтал** не ясна (< бай-та-л? где **бай** – именная основа, **-та** – глаголообразующий аффикс, **-л** – именной аффикс). Мы можем, тем не менее, указать на существование в якутском языке большого количество слов, имеющих общую основу **бай-та(л)**, но передающих разные значения, например: **байтаһін**, «прогулявшая лето корова или кобыла», «не рожавшая еще женщина или самка животного», «яловая»; **байтаһір-**, **байтаһіј** «объяловеть»; **байталін** – «раздобреть», «потолстеть» [339-340], ср. монг. байтсан «яловая корова, кобылица», бур.-монг. **байтаһа(н)** «яловая в течение нескольких лет корова, кобыла» -деген ой айтады.

Ш.Жанәбіловтің еңбегінде «буаз құнажын байтал» деп айғырдан бір жасында шығып, екі жасында құлындайтыны, «құнажын байтал» деп екі жастан асқаны, «дөнежін байтал» деп үш жастан асқаны айтылатыны берілген [51, 17].

ҚЫСЫРАҚ. *Қысырақ* деп, үйірге қосылмағандықтан қысыр қалып құлындамаған [ҚТС, 441], ал енді үйірге түскеннің күннің өзінде де қашпай қалған жас байтал не биені айтамыз. М.Қашқаридың сөздігіндегі бұл сөздің лексикалық мағынасы осыған келеді [МК I, 439]. *Қысыр* деп те айта береді. Бірақ бұл сөз тек жылқы малына ғана емес төрт түліктің барлығына қолданыла беретін атау. Ертеректе жазылған ескерткіштер тілінде (Орхон-Енисей, Тефсир т.б.) және мал шаруашылығы онша дамымаған елдердің тілінде бұл сөз кедеспейтін сияқты. Ескі қыпшақ тілінің жазба мұраларында қысырақ «бие»мағынасында қолданылады. Тува тілінде 2-3 жастағы биені *кизирак* дейді екен. Негізінде 2-3 жастағы

мұндай биені қазақ тілінде *қысырақ* емес, *қысыр бие* дейді. Ал егер жас байтал не бие (байталдан биеге өтетін не өткен малды) болса, оны *қысырақ* деп атайды.

Әзірб. тілінің диалектілерінде *гісрағ*, түрік, гагауыз тілінде *кісрак*, «Сираж алкулуб» (XVI ғ.) ескерткіші тілінде *қысырақ* жалпы бие; түркімен тілінде *кісрак* бір жастағы бие; хакасша *хізірах* «екі жастағы бие» дегенді білдіреді [49].

Жалпы түркілік *қысырақ* сөзінің мағынасы қазақ тілімен сәйкес. Оны бұл атаудың құрылымдық ерекшелігінен байқауға болады. А.М.Щербак **кісір** және **–ақ** деген екі морфемадан тұрғандығын айтады. Мұндағы *қысыр* сөзі «буаз емес», «төлсіз қалған», кейбір байырғы ескерткіштердің тілінде *қысыр* сөзі «бала тумаған әйел» (М.Қашқари) дегенді білдіреді. Зерттеуші *кісір* сөзін монғол жазба тілдеріндегі *kewzer* (бесплодная), *kewi(n)*, *kewken* (дитя) сөздерімен салыстырады, ал *–ser* монғол тілдерінде жоқтықты білдіретін аффикс.

Қарақалп., қырғ. – *қысырақ*, саха – *кызырак*, түріктерде – *кысрак*, әзірб. тілінің диалектісінде – *гісірағ*, гагауыздарда – *кысырак*, хакас – *хырырах*, түркім. – *кісрак*.

БИЕ. *Бие* – жылқы малының құлындайтын аналығы [ҚТТС I, 304].

Бұл атау М.Қашқаридің сөздігінде **би** тұлғасында кездеседі. «Орхон-Енисей жазба нұсқаларында – **би**, «Тефсирде» - **би**, ескі қыпшақ ескерткіштерінде – **бе**, тува тілінде – **бе**, қазақ тілінде – **бие** (**бие**), қарақалпақша – **бийе**, өзбекше – **бия**. ... Түбір сөздің түрленіп келуі (**би**, **бе**) түркі тілдеріндегі орнықты (тұрақты) қолданылатын **и** мен **е** дыбыстарының өзара алмасып келе беретін ішкі фонетикалық заңдылықтарына байланысты: **ил//ел**, **кил//кел** (**кел**) т.т.

Жоғарыда көрсетілген 3 тілде (қазақ, қарақалпақ, өзбек) бұл түбірді туынды түбір деп тануға тура келеді: **би-е**, **би-йе** және **би-йа**. Шынына келгенде: **бий**, **а**, **е** көне жұрнақ арқылы жаңа сөздің жасалуы қазақ тілінде де бар: **тіз-тізе**, **көз-көзе**, **жаз-жаза**, т.б. [ДТС, 650].

Би сөзінің о бастағы айшықты мағынасы «ұрғашы» деген ұғымды берсе керек, өйткені ол әйел жынысының өкілдерін білдіретін бірнеше сөздердің жасалуына негіз болып қызмет атқарады. Мысалы: біздің тілімізде еркелету мен кішірейту, сыйлау мен құрметтеу ұғымын білдіретін көне (өлі) жұрнақтар жалғану арқылы мынадай жаңа сөздер мен жаңа тұлғалар пайда болған: **би-ке**, **би-кеш** / **-ке+ш**: құранды көне

жұрнақ), **би-ше: бәйбіше – бай-біше, Би-кен** (кісі аты). Бұл жерде ескертетін нәрсе: қазақ тіліндегі би (әкім, бай, мырза т.б.) сөзі көбінде ер кісілерге байланысты айтылады.

А.М.Щербактың ойынша, адамзат тарихының әлдебір ескі кездерде әртүрлі жан-жануарларды киелі санап, соларға табыну әдеті болған. Түркі халықтары кейбір үй хайуандарының (мысалы, **би «бие»**) атын пір тұтып, тотем етіп, фетиш сияқтандырып, бүркеншік ат етіп алатын болғанға ұқсайды. Осыдан барып, мысалға, **бике** (госпожа) деген жеке сөз жасалса керек. Саха тілінде *биһьээ* дыбыстық құрамында келген сөз «көбею», «ұрықтану» мағынасын береді. Тұлғасы, мағынасы жағынан қазақ тіліндегі бие сөзіне жақын. Қазақ тілінің заңдылығына сәйкес *биһьээ* түлғасындағы **h** дауыссызы түсіріліп, созылыңқы дауыстылардың қысқаруынан *биэ, бие* түлғасында қалыптасқан. Яғни, «ұрық, тұқым беріп көбейетін ұрғашы мал».

АРҒЫМАҚ. *Арғымақ* атауы М.Қашқари сөздігінде **аркун** деп берілген. «Диуанда»: **Чары алып, аркун мүнүп, арқар йетер** «шәулі алып, арғымақ мініп, кісі арқарға қуып жетер» [ДТС, 136]. Сөз түбірін А.М.Щербак **арқ** – (біріктіру, қосу, шату, шатыстыру) түбір егістігімен байланысты болу керек деп шешеді. «Диуани» тілінде **арқ** деген сөз «**жақ**» (**висок**) және жүгеннің екі жақтау қайысы» деген ұғым береді [ДТС, 53]. Әдетте, бұл бәйге, шабыс аты, өте жүйрік жануар болып келеді. Біздің ойымызша, осы семантикалық мазмұн *арғымақ* сөзінің тегін *арда: арда емді, арда өсті; ардагер, ардақ, арут.б.* сөздерімен түбірлес ұяда қарап, ортақ түбірі *ар* «таза», «еркін» т.б. деп топшылауға негіз болады.

ПЫРАҚ. *Пырақ* қазақ тілінде тұлпар аттарға қатысты қолданылатын *пырақ, дүлдүл* сөздері жиі айтылады. Бұл сөздердің де мағынасы қазіргі кезде көпшілікке түсініксіздеу. Сондықтан олардың түп мағынасына да қысқаша тоқтала кеткен жөн ғой деп ойлаймыз.

Бұл сөздер қазақ тіліне ислам дінімен енген. *Пырақ* (арабша ол – **Бурақ** немесе **Бурани**) – Мұхаммед пайғамбар ғ.с. «мирадж» түні жеті қат көкке көтеріліп, Алланың тағының алдына барған және қасиетті Иерусалим қаласына сапар шеккенде мінген қасиетті қанатты жануары. Діни ілім бойынша бұл қасиетті жануар басқа пайғамбарларға да қызмет еткен. Оны Алла тағала пайғамбарларға әдейілеп аспаннан түсіріп отырады. Алғашқы мұсылман дәстүрінде **Бурақ** ақ түсті, ұзын

денелі, құлағы ұзын, алдыңғы аяғында ақ қанаттары бар жануар ретінде сипатталатын. Кейін адам басты, қолтығында қанаттары бар, аша тұяқты, атқа ұқсас жануар түрінде суреттеле бастады. Мұсылмандық дәстүрдегі шығыс миниатюраларында «мирадж» түнін бейнелейтін суреттерде Мұхаммед пайғамбар аспанда бұлт арасында, періштелер қоршауында осы Бурақтың үстінде бейнеленді. Ислам дінін қабылдағаннан кейін қазақтар өздерінің қанатты тұлпарларын осы қасиетті жануарларға теңеп атай бастаған. Бүгінде *Бурақ* сөзі өзгеріске түсіп, *пырақ* болып кеткен.

ДҮЛДҮЛ. «Дүлдүл» - (арабша – «Дул-Дул») – Хазірет Әлінің талай шайқасқа мінген атының есімі. Дүл-дүл шындығында, жылқы мен есектің буданы **қашыр** болатын. Мұсылман бейнелеу өнерінде Хазірет Әлінің мінген Дүл-дүлі қашырға тән ерекшеліктерімен (ұзын құлағы, үлкен басы) бейнеленеді. Ерлігімен аты шығып, аңызға айналған, мұсылмандар арасында әулие саналатын Хазірет Әлінің аты да қасиетті сипатқа ие болып, жүйріктің символына айналды. Мұсылмандыққа еніп, Хазірет Әліні пір тұтқан казак батырлары өз тұлпарларын да «дүлдүлге» теңейтін. Сөйтіп *пырақ*, *дүлдүл* сөздері жүйріктіктің символы, жүйрік аттардың эпитеттері, теңеулері болып қалыптасты.

Антропoeзектік бағымтың тіп~цлт, тіп~мәдениет сабақтасмығына негізделген қазуқасы: Қазақ тілі этимологиясынан этюотер

Бүгінгі таңда еркін дамып, толығы да, мольға түскен қазақ тілінің сөз байлығын, оның сан алуан сыры мен сипатын жан-жақты зерттеу, табиғатына үңіле, өзіндік ерекшелігін анықтай беру – сол тілдің қадір-құрметін біле-білген жанкүйер қауымның зерделі де, зейінді сөз зергерлерінің, әсіресе, тамырын тап басып, табиғатын танитын тіл мамандарының алдында тұрған жауапты да ардақты міндеттердің бірі. Оның үстіне, халқымыздың баяғы заманнан бері көне тарихын арқалап, оның барша рухани-мәдени өмірінен сыр шертіп, ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға ауысып келе жатқан асыл мұра –ана тіліміздің тұла бойында әлі де талай сыр жатыр, біз үшін беймәлім жұмбақтар аз емес.

Ана тіліміздің сол тілде сөйлеуші қауымға, тіпті, оны жіті білетін ділмар-шешендерге де, сөз өнерін машық еткен зергерлерге де белгісіз жақтары аз емес. Жеке сөздің немесе сөз тіркесінің, мақал-мәтелдердің

тіл қауымындағы қолданылатын, беретін лексикалық мағынасы, жалпы мазмұны жұрттың бәріне таныс болуы мүмкін. Бірақ осы ыңғайда қолданылған кейбір сөздерді жеке-дара алып қарайтын болсақ, олардың лексикалық, грамматикалық және басқа сөздерге қатыстық мағынасын ажырату, тұлғалық жағынан түстеп тану, шығу төркінін анықтау, тілдік табиғатын ашып беру – кез келген адамның қолынан келе бермейтін дүние. Сөзіміздің дәлелді болуы үшін мысал келтірейік. Мәселен, қазіргі қазақ тілінде күнделікті қолданылып жүрген мына тәрізді тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерді алайық: *жұрдай болу, түйдей жасты, міз бақпау, мысы құру, сағы сыну, ту сырт, қоқан-лоқы, оқасы жоқ, қан базар, зығырданы қайнау, құрақ ұшу, азабойы қаза болу, сөзге қонақ бермеу, ұл болмасаң, бұл бол; басы бапандай, аяғы сапандай//басы – бапан, аяғы – сапан; бармасаң бадал, қара жерге қадал; жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты; құмырсқаның да сауыры бар; оралыңның барында ойна да күл; байтал түгіл, бас қайғы; қонақ кәде; арыстанның аузында, түрікпеннің түбінде, сауран айналып келу; бәледен машайық қашыпты, т.б.* Дәл осы тәрізді фактілерді жүздеп келтіруге болады.

Бұл сөздердің мағынасы әр түрлі себептермен күңгірттелінген, сөздің өзі сақталса да, халықтың есінде, жадында оның бір замандағы айқын-анық лексикалық мағынасы ұмыт болған.

Осы тәрізді сөздерді мұндай «жағдайға» келтірген объективтік себептердің бірі – тұрақты тіркес шеңберімен шектелуіне байланысты, олардың тілдегі қолданылу жиілігінің азаюы. Сирек қолданылуының салдарынан бұл тәрізді сөздердің лексикалық мағыналары күңгірттенеді, бара-бара архаизм категориясына ауысып, этимологиялық объектіге айналады. Жеке лексикалық элементтердің кейінгі буындар үшін ұмыт бола бастауына екінші бір себеп – олардың тұлғалық, дыбыстық өзгерістерге душар болуы. Бұл жағдай көбінесе шеттен кірген кірме сөздерде байқалады. Тұлғалық, дыбыстық өзгерістер де мағыналық өзгерістер тәрізді, белгілі морфологиялық және фонетикалық заңдылықтар негізінде пайда болып отырады.

Бірақ тілдің лексикалық құрамындағы өзгерістердің өзіндік бір ерекшеліктері де жоқ емес. Көнерген, ескірген сөздердің бәрі бірдей біржола қолданыстан шығып қалмайды: олар бейне бір тіл тұлғасындағы ескінің елесі, көненің көзі іспетті өз нақыш-сәнімен, өз жарасымдылығымен көпке дейін сақталып қала береді. Бүгінгі

буындардың біле бермейтін ана тіліміздің сыр-жұмбағы дегенде, біз оқырмандарды тілдік қордың осы жақтарына мегзейміз, оның осындай ерекшеліктеріне назар аударамыз.

Бұл тәрізді сөздердің төркіні мен сырын ашу үшін жобалап айтып, тұспалдап соғудан да, байыпты түрде жүргізілген ғылыми зерттеулердің, тарихи-салыстырма әдістің ең тиімді, нақтылы жақтарын пайдалана отырып жасалған этимологиялық талдаулардың маңызы зор деп білеміз. Айта кететін бір жағдай, аталмыш әдісті қолдану дегенді біз тек құр фактіге сүйену ғана деп білмейміз. Бұл жерде ең абзалы – әрбір тілдік фактінің астында жатқан семантикалық, фонетикалық, морфологиялық, стильдік, тарихи-этнографиялық, т.б. социолингвистикалық заңдылықтарға сүйену.

Осы тұрғыдан қарастыра келіп, біз оқырмандар назарына қазақ тілі этимологиясынан бірнеше этюдтер ұсынбақшымыз. Олар, негізінен, фразеологизмдер құрамында кездесетін –дай/-дей формалас сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерде ұшырайтын мағына жағынан күңгірттенген, дербестігін жоғалтқан кейбір сөздер негізінде жасалмақшы.

Фразеологизмдер құрамындағы мағынасы күңгірттенген сөздерден этимологиялық этюдтер. Мысалы: *Мысы құру* фразеологизмінің жалпы мағынасы елдің бәріне де түсінікті. Сонда *мысы* дегеніміз не? Бұл сөз осы тұрғанында тәуелдік форма түрінде келгендіктен, оның негізгі түбір тұлғасы *мыс* болмақшы. Бірақ бұл *мыстың «медь»* мағынасындағы *«мыспен»* еш қатысы жоқ. Қазақ тілінде *мыс* тек осы фраза құрамында ғана сақталып қалған да, оның бұрынғы лексикалық мағынасы ұмыт болған. Алайда бұл сөздің көне түркі, бірқатар қазіргі түркі тілдерінде де әр түрлі фонетикалық тұлғада (*біс ~ быс ~ ныс ~ мыс ~ міс*, т. Б.) сақталып, о баста да, қазір де пышақ, қылыш, селебе тәрізді кесетін аспаптардың *өткір жүзін* білдіретіндігін тарихи-салыстырма әдіспен толық дәлелдеуге болады. Сонда тіліміздегі *мысы құру*// *мысы қайту* фразалары басқаша айтқанда, *«жүзі қайту, жүзі қайырылу, мұқалу»* деген нақтылы мағынаның негізінде жасалып, идиоматикаға айналған. Ол *«амалы таусылу»*, *«беті қайту»*, *«айла-шарғысы жетпеу»*, *«амалсыздану»* тәрізді мағыналарда қолданылғандықтан, о бастағы *«жүз»* мағынасынан мүлдем алыстап кеткен және ұмыт болған.

Біз сөз етіп отырған *мыс* сөзі, сонымен, түркі тілдерінің өзіне ғана тән төл түбірі. Оның арғы төркініне барсақ, тілімізде күнделікті қолданылып жүрген *пышақ, пішу, пішен* тәрізді сөздердің өздерімен

тарихи түбірлес екенін көреміз. Басқаша айтқанда, *мыс* та, *ниште* бір түбірден өрбіген сан алуан этимологиялық варианттардың бір көріністері ғана. Дәл осы сөз, мысалы, қазіргі ұйғыр, тува, т. б. тілдерде *бис* түрінде жеке-дара қолданылып жүр. Бұл түбір сөз түркі тілдерінде етіс және етістік мағынасында қатар айтыла беретін көне синкретикалық түбірлер қатарына жататыны өзінен-өзі көрініп тұр: *ниш* бірде пышақтың жүзі, кесетін жағы да, бірде кесу, пішу қимылының өзін білдіріп тұр.

Ал этимологиялық талдауды ары қарата тереңдете түссек *ниш/біс* түбірлерінің өзі Махмұт Қашғари заманында туынды түбір болып есептелген; көне ұйғыр жазу ескерткіштер тілінде *бі* [bi] «пышақтың жүзі, пышақ сияқты аспап» мағынасында қолданылған. Мәселен, *bi-biçri* деген қос сөз «қол қаруы» (холодное оружие) деген мағынада жиі кездесетіндігі ғалымдарға мәлім (Uig. II 59₄). Егер бес ғасыр бұрын *бі* деген сөз пышақтың кесетін жүзін, пышақ тәрізді қаруды білдірсе, кейінгі дәуірлердегі *ныш* ~ *ніс* ~ *быс* ~ *біс* ~ *мыс* ~ *міс* тәрізді тұлғалар – *с//и* форманты арқылы жасалған туынды түбір. Дәл осы дәуірде олар қимылды да, затты да білдіретін синкретикалық қасиетке ие болған. *Мыс* түбірінің тарихы, міне, осы.

Оқасы жоқ немесе Еш оқасы жоқ. Бұл фразеологизмнің жалпы мағынасы бәрімізге де түсінікті. Бірақ осындағы оқасы деген қандай сөз, қандай сөздермен қатысты? Ол жағы біздерге беймәлім. Оны тек туыстас тілдердің дәл осы тәрізді фразеологизмімен салыстыру арқылы ғана анықтауға болатын сияқты. Мысалы, қазіргі ұйғыр тілінде *һеч вәқәси йоқ* тіркесі бар. Ол да «абыржуға, алаң болуға тұрарлық уақиға болған жоқ» деген мағынада қолданылады. Сонда бұл фразеологизмдер құрамындағы *оқа* > *оқа* + *сы* (қаз.) мен *вәқә* > *вәқә* + *си* (ұйғ.) екеуі бір сөз және ол, пайымдап қарасақ, араб тілінен ауысқан *v?q'i?* сөзінің қазақ және ұйғыр тілдерінің фонетикалық жүйесіне сай өзгеріске душар болған екі түрлі варианты болып саналады. Басқаша айтқанда, бұл сөздің екінші буынындағы [айн] – жоғарыдағы тілдерде бірде [Ғ] дыбысы түрінде қалыптасса, бірде мүлдем айтылмай, түсіп қалуына байланысты екі түрде қалыптасқанын көреміз: қазақ тілінде – *оқиға* және *оқа*, ұйғыр тілінде – *вәқиә* және *вәқә*. Бұлардың екінші варианты ауысып, тіл дәстүріне байланысты жоғарыдағы фразеологизмдер құрамында ғана сақталғанын көреміз.

Ишай деснеу немесе *ишәй десіп көрмеу*. Бұл фразеологизм құрамындағы *ишай* // *ишәй* сөзі жеке-дара қолданылмайтын тәрізді. Бұл

сөзді біз екі морфеманың, яғни парсы тілінен енген *неч* және *ай/ей* одағайының жымдаса бірігуінен пайда болған біріккен сөз деп білеміз. Сонда бұл фраза о баста: «*бір-біріне еш «ай» («айқайласу», «дауыс көтеру»*мағынасындағы *анайы естілетін одағай*) десіп көрмеген түрінде айтылған да, кейін сөйлеу тілінің ыңғайына байланысты құрамындағы *еш + ай* қысаңишай/ишәй вариантына ауысқан.

Шық бермес Шығайбай. Тұрақты тіркеске айналған бұл күрделі (анықтауышты) жалқы есімнің құрамындағы *шықпен шығай* сөздерінің мағынасы біз үшін күңгірт, беймәлім тәрізді. Алдымен *шық*сөзін қарастырып көрейік. Бұл сөздің табиғаты өте қызық. Біздің байқауымызша, бұл түбір сөздің түркі-монғол тілдерінде жиырмадан астам варианты бар да, олардың бәрі «сырость/сырой», «влага/влажный», «мокрота/мокрый», «неспелый», «зеленый» мағынасында қолданылады екен. Олар мыналар: *шық ~ шік ~ чық ~ чік ~ чіг ~ шый ~ шій ~ чый ~ чій ~ зық ~ зік ~ зых ~ зақ ~ зәқ ~ зах~ зай ~ зәй ~ сыз ~ сіз ~ саз ~ сөз~ сұй ~ сүй ~ жый ~ жій ~ жу ~ жү ~ жып ~ жіп*, т. Б. Бұл қатардағы түбірлердің бәрі де белгілі бір фонетикалық заңдылықтар, яғни [ш ~ ч ~ з ~ с ~ ж], сондай-ақ [й~к~қ~г~х~з~у~б~п] дыбыстарының өзара алмасуы негізінде пайда болып, түркі тілдерінің көпшілігінде не жеке, не туынды сөз құрамында сақталғандығын көреміз. Тек қазақ тілінің өзінде ғана сақталған *шық*—«салқын түнде шөп басына тұрып, қалатын дымқыл, су тамшысы»; *сыз*—«ылғал, ызғар, дымқылды жер»; говорлардағы: *зай/зәй/зәк*— «дым, дымқыл, дымқылдық, сыз»; *ши*>*шикі*—«*ніспеген, дымқыл, суы бар*» (өсімдік, нан, ет, т. Б.); *жіб* >*жібіту*; *жіпсіп терлеу* (мұнда да беттің, дененің дымқылдануы); *сұй* >*сұйық* тәрізді сөздердің төркіндес екеніне этимологиялық тұрғыдан күмән тудырмау керек.

Сонда *шық бермес* тіркесі о бастағы«*дым берместің*» синонимі. Ал енді *шығай* сөзіне келсек, ол ерте замандарда қазіргі *кедей, кембағал* сөздерінің орнына қолданылған түркі тілдеріне ортақ дербес сөз. Мысалы, «Күлтегін» ескерткішінде «кедей халықты бай қылдым» дегенді *с'Срај будунуј бай қил'ім*[КТ₂₉]деп берген. Сол замандағы *шығай ~ чығай* сөзі, біздің пайымдауымызша, қазақ тілінде екі түрлі формада сақталған: біреуі —жалқы есім құрамындағы *шығай*>*Шығайбай* (дәл аударсақ, *Кедейбай.Шық бермес Шығайбай*— «дым татырмайтын кедей, жұтаған бай») болады да, екіншісі —*шыған*; ол қазақ тіліндегі *шығаннан шыққан кедей* деген фразеологизм құрамында ғана кездеседі.

Сонда ол –«кедейден шыққан кедей», немесе «кедейдің кедейі» деген мағынаны білдіреді деген сөз. Ал *шығай* мен *шыған* төркіндес, бір сөздің екі түрлі этимологиялық варианты екенін «Көне түркі сөздігінен» (148-б.) анық көруге болады. Мұндағы айырмашылық –көне түркі тілдеріне тән сөз аяғындағы [й ~ н] дыбыстарының фонетикалық сәйкестігіне байланысты (мысалы: *қой* – *хон* варианттарын салыстыруға болады).

Зығырданы қайнау. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бұл фразеологизмді «ыза кернеу, ашулану» деп түсіндіреді және оның «зығыры қайнау» түрінде айтылатынын ескертеді. Біздің ойымызша, кейінгі вариант алдыңғы варианттың қысқарған түрі тәрізді. Өйткені бұл тұрақты сөз тіркесінің этимологиясы тек *зығырдан* сөзіне ғана байланысты анықталатынын көреміз. Бұл жердегі *зығырдан* парсы тілінен енген *з?һ?рдан* >*з?һ?р* + *дан*, яғни «зәһәр, у құйған ыдыс», ауыспа мағынада «өт жолы» («желчный пузырь»). *З?һ?рданның зығырданға* айналуы – қазақ тілі дыбыс жүйесі тұрғысынан дәлелдеуге болатын құбылыс: *зәһәр* сөзі [һ] дыбысының ерекшелігіне байланысты бірде *зәр* (*зәр қышады*), бірде *зығыр* (һ ~ ғ, ә ~ ы) түріне ауыса береді. Сонда *зығырданның қайнауы*, яғни у салған ыдыстың қайнауы мен қатты ашуланудың, бойды ыза кернеудің арасында логикалықта, образдылықта байланыс, ұқсастық бар. Бұл процестің биологиялық тұрғыдан да дәлелді екені сөзсіз.

Оралыңның барында ойна да күл. Бұл фразеологизмдегі *орал* сөзі не? Біздің пікірімізше, ол *оралым келмеді* дегендегі *орал* сөзімен төркіндес. Ал, ол өз ретінде қазақ тілінде жеке-дара айтыла беретін *орай* сөзімен түбірлес. Қазіргі қырғыз тілінде *орал*–«удобный момент»; «подходящее обстоятельство» (Юдахин, 579). Басқаша айтқанда, [й~н] дыбыс алмасуы негізінде пайда болған бір сөздің бұлар екі варианты. *Орай* қазақ тілінде, *орол* қырғыз тілінде жеке сақталған. Ал *орал* вариантының қазақ тіліндегі белгілі бір фразеологизмдер құрамында ғана сақталып қалуы заңды нәрсе. Сонда: *Оралыңның барында ойна да күл* тіркесіндегі *орал* сөзі *ораймен* төркіндес.

Үл болмасаң, бұл бол. Осындағы *үл* де, *бүлде* бүгінгі таңда беймәлім сөздер және олар тек осы фразеологизм құрамында ғана айтылады. Бір замандағы бұл фразеологизмнің мағынасы – «бөлінбек түгіл, бүлін». *Үл* түбірі о баста «бүтіннің бөлшегі», «бөлік», «тиісті үлес» мағынасында кең түрде қолданылған. Түркі тілдерінің біразында бұ түбірден *үле-* / *үлі-* / *үлү* түрінде («раздавать, распределять»; «разделить на части» мағынасында) етістік формасы жасалады. Бұл қазақ тілі говорларынан да

кездеседі. Сол сияқты *бұл* сөзі де кейбір түркі тілдерінде осы күнге дейін жеке-дара айтыла береді. Ол бірде есімдік, бірде етістік мағынасында айтыла беретін синкретикалық түбір. Мысалы: қазақ тіліндегі *бүлік*, *бүлдір*, *бүліну*, қырғыз тіліндегі *бұл*- «раздирать, разбивать, рвать, вырывать», ұйғыр тіліндегі *була*-«отнимать, отбирать, насильно вырвать; ограбить» сөздерінің түбірлес екеніне таласуға болмайды.

Нілдей бұзылу. Осындағы –дай/дей формалы лексикалық единицаның түбірі *ніл* «көк», «көгілдір» (индиго), «көк бояу» (синька) мағынасында Орта Азия халықтары тілінде жиі кездеседі. Мыс., өзбек тілінде: *бу сенга буёқчининг нилими?* (бұл саған бояушының бояуы ма?), түрікмен тілінде: *нили азан* (жалған жолға түсу, азу), т. Б. Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, *ніл* сөзі –түркі тілдеріне будда дінін уағыздаушы жазба ескерткіштерді көне ұйғыр тіліне аударуға байланысты енген санскрит сөзі. Мысалы: *nilutpal* <санскр. *Nilopaia*– «көкшіл түсті су лилиясы» (Rach III З₁₁₀); *nilapusup* <санскр. *Nilapuspa* - «көк түсті шешек ата-тын эвкалипт ағашы» (Uig. II 25₁₇). Тәжік, өзбек тілдеріндегі *нилифар* (су лилиясы, лотос) сөзі жоғарыдағы санскр. формасымен байланысты. Сонда *нілдей бұзылу* «көк бояудай бұзылу» деген мағынаны аңғартады және оның *Ніл* өзенімен тікелей байланысы болмауы тиіс.

Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты. Осы фразеологизм құрамында тұрып мағынасы күнгірттенген *жік* сөзінің тіліміздегі: *жігі ашылу*, *жік болу*, *жігін білдірмеу* тәрізді тіркестерде кездесетін «аралық», «жапсар», «шекара» мағынасындағы *жік* сөзімен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Бұл қазақ, тағы басқа түркі тілдерінде қазірде ұмыт болған, тек кейбір фразеологизм, туынды түбір құрамында ғана кездесетін (мысалы: *жек көру*, *жексұрын*), көне түркі тілінде өте жиі қолданылған «жын», «шайтан» мағынасындағы *йек* [jek]//*джек* [зек] // *йік* [jik]//*джік* [зік] сөзі. Мысалы, көне түркі ескерткіштері тілінде: *jekk? tarin-timiz*–«поклонились демонам» (Chuast Л₆₄); қос сөз: *jek onz?m*– «жын-шайтандар» (ТТ III₉₁ >«Көне түркі сөздігінде» бұл сөздің түркі тілдеріне ескі парсы тілінен ауысқандығы көрсетіледі (253-б.).

Сөйтіп, жоғарыдағы *жек//жік* сөздері о баста «жын-шайтан» мағынасын білдірсе, біздің сөз етіп отырған «*жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты*» фразеологизміміз «жер астынан жын-шайтан шықты, шыққанда да екі құлағы тікірейе шықты» деген ұғымды білдіреді. Дәл осы сияқты: *жек көру*– «біреуді жын бейнесінде, жынындай көру»; *жексұрын*– «түрі жын-шайтан сияқты қорқынышты» мағынаны аңғартады.

Қорыта келгенде, бүгінгі таңда бізге беймәлім, мағынасы күңгірттенген, қолданылуы шектелген сөздердің бірқатарын ғасырлар бойы қалыптасып, тұрақтанып, біртұтас болып құрылған фразеологизмдер құрамынан іздегеніміз абзал. Біле-білсек, бұл тәрізді сөздердің мағынасының күңгірттенуіне де және сол сөздердің құпия-сырын ашып беруге де себепші болатын фразеологизмдердің өздері болмақшы. Ол үшін тұспал, жолбар емес, пайымды да, жүйелі зерттеулер қажет.

Қазақ тіліндегі байырғы сөздердің контекстегі мағынасы жайлы.

Б е р е н – қазіргі тілде сиректеу қолданылатын, ал эпикалық шығармалар тілінде жиі кездесетін байырғы сөздердің бірі. Белгілі бір контекстегі мағынасына мән берсек, онда бұл сөздің өзара байланысты екі түрлі лексикалық элементтен тұратындығын байқаймыз. Бірақ бұл байланыс өте көмескі, оны бірден түсіндіре қою мүмкін емес. Өйткені бұл сөз түркі тілдерінің төл тумасы емес, сондықтан да бұл сөздің контекстік қолданыстарындағы мағыналық ауытқуларын (ауыспалы мағыналарын) айқындауға септігін тигізетіндей тұрақты (тірек) семантикасы түркі тілдерінде кездеспейді.

Туыстас тілдер дерегін салыстырудан *берен* сөзінің (фонетикалық варианттары бараң, пәрең, фаранг т. б.) салғырт лексикалық элемент ретінде жұмсалатындығын, тіпті түркі тілдерінің көпшілігінде кездеспейтіндігін байқаймыз. Бұл – оның даусыз өзге тілдік элемент екендігін көрсетеді. Кейбір түркі тілдері *берен* сөзіне лексикографиялық сипаттама бергенде, әр түрлі белгілермен (мысалы, ұйғыр тілі сөздігінде *ир*– «иран», өзбек тілі сөздігінде *п-т-а*– «парсы-тәжік-араб», қазақ тілі сөздігінде *п*– «парсы») оның өзге тілдік сөз екендігін көрсетіп отырады. Ал кейбір түркі тілдерінің сөздігінде, этимологиясы көмескі деп танылғандықтан болу керек, мұндай белгілер көрсетілмеген. Бұл жерде әңгіме *береннің* өзге тілдік түп төркінін, я болмаса түркі тілдеріне қандай жолдармен енгендігін көрсету жөнінде емес (бұл өз алдына арнайы сөз болатын нәрсе), біздің ден қойып отырған мәселеміз – қабыл сөздің қабылдаушы тіл (қазақ тілі) топырағындағы семантикалық дамуының өзіндік эволюциясы; әрине, бұл мәселе өзге түркі тілдерінің деректерін салыстыру арқылы айқындалады.

Қазіргі қазақ тіліндегі *берен* сөзінің, негізінен, семантикалық қызметінің екі аспектісі оны қалайда омоним сөз ретінде қарауға себеп болады.

БЕРЕН I п. 1) болаттың ең сапалы түрі, құрыш, болат мағынасында, одан соң болаттан жасалған батырдың қару-жарағын (сауыт, семсер, қылыш, мылтық т. б.). білдіре келіп, кейіннен сол қару-жарақтың өз атауы ретінде жұмсала бастаған: а) *берен сауыт* (болаттың сапалы түрінен жасалған сауыт); *жеңсіз берен*: жауға кесең берен ки (фольк.); ә) *берен* немесе *берен мылтық* (болаттың ең сапалысынан жасалған мылтықтың байырғы бір түрі); *берен қанжар*: балдағы алтын ақ берен (фольк.); 2) ауыспалы, поэтикалық «ер жүрек, жігіт», «батыр»: Сансызбай аттас жас *перен* (фольк.)

БЕРЕН II п. қымбат мата, барқыттың таңдаулы түрі. Қазақ тіліндегі *берен* сөзінің жалпы сипаты осылайша берілген де, оның басқа мағынасы әзірше тіркеле қоймаған.

Алайда *берен* сөзінің *берен гүл* тіркесіндегі *беренге*, сондай-ақ «Алдыңғы ат *баран* болмай, қылаң болды, жығылмаса Құлагер қайда деймін?» (Ақан сері) дегендегі жылқының «қара қоңыр», «қара кер» түсін білдіретін *баран* сөзіне, немесе «Бұлтсыз аспан күн кеткен соң, тұңғық терең барқытқа айналып *баранданып* барады» (І. Жансүгіров) дегендегі «күреңіту», «қызыл күрең түске ену» дегенді білдіретін *барандану* етістігіне қатысы бар ма, жоқ па деген мәселенің де басы ашылмаған, тіпті оны айқындауға назар да аударыла қойған жоқ деуге болады.

Алайда туыстас тілдер дерегін салғастыра зерттеу өзге тілден енген қабыл сөздердің, әсіресе құрылымдық өзгеріске ұшыраған кезде, қабылдаушы тіл топырағында қаншалықты семантикалық өзгерістерді басынан өткеретіндігін көрсететін қызықты жайтты айқындай түседі.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» мен «Қазақша-орысша сөздікте» (1983) берілген сипаттамаға қарағанда *берен* сөзін өзара белгілі бір семантикалық нәзік байланысы бар омонимдес екі сөз деп тұжырымдауға болады, бірақ бұл байланыс бойынша олардың гомогенділігі қазақ тіліндегі игерілуінен айқындала қоймайды.

Сонымен, *берен* сөзінің құрылымының әрі семантикасының эволюциялық даму іздері былайша бейнеленеді: I. Қазақ эпосында *берен* сөзі 1) «сауыт» (бұл затты білдіретін сауыт деген арнайы сөз болса

да), 2) «қанжар» немесе «семсер» (қанжар, семсер сөздері бола тұра), 3) «мылтық» (мылтық сөзі бола тұра) деген мағыналарда қолданылады. Дегенмен, солай бола тұра, қазақ тілінде сөйлеушілер *берен* сөзін бұл заттардың тікелей атауы екендігінен гөрі ең алдымен сол құрал-қарулар (сауыт, семсер, қанжар, мылтық) әзірленетін заттардың атауын білдіретінін айқын түйсінеді. Олай болмаған жағдайда, бір сөздің осыншама әрқилы заттар мен ұғымдарды білдіруі мүмкін болмас та еді. Бұл жерде *берен* сөзінің қандай қасиеті жоғарыда аталған «ер қаруы – бес қарудың» бәріне ортақ болып тұр?

Берен сөзінің мылтық, сауыт тәрізді атаулардың анықтаушы ретінде қолданылу фактісіне қарағанда, шындығында, ол бастапқыда «бес қарудың» бәріне бірдей қатысты ортақ нәрсені білдіргенге ұқсайды.

Қазақ лексикографтары *берен* сөзінің мағынасына тән бұл ортақ белгіні үзілді-кесілді болмаса да, «Жоғары сапалы болат, болаттың ең жақсы түрі» деген мағынада деп көрсетеді. Сонымен, жоғарыда байқағанымыздай, «сауыт» мағынасындағы *берен* сөзіне «ең жоғары сапалы болаттан жасалған» деген түсінік ілесе жүреді, «байырғы мылтықтың түрі» деген мағынаны білдіретін *берен* (ең жоғары сапалы болаттан жасалған) сөзі де осы тәрізді.

Бұл түсініктердің бәрі де қазақ тіліндегі *берен* сөзінің номинативті мағынасының дұрыс берілмеуіне өзінше түсінік болады. Демек, қазақ тіліндегі *берен* сөзінің сол кезеңдегі қолданылуынан «сапалы болат» (болаттың бұл түрінен ертеректе жауынгердің ең таңдаулы жау жарақтары жасалатын болған) немесе соған ұқсастау бір номанациялық мағынаны бөліп көрсетуге болады. Осындай негізде *берен* сөзінің «ер жүрек жауынгер», «шыныққан», «төзімді» (жауынгер туралы) деген ауыспалы мағынасының өріс алуы әбден-ақ мүмкін.

2. Ендігі сөз *берен* II жөнінде. Жұмсалу ортасы мен қолданылу ерекшелігіне қарағанда, *берен* II сөзі «қымбат мата», «барқыттың таңдаулы түрі» дегенге меңзейді: мысалы, *берен* бешпет тіркесі «барқыттың ең жақсы түрінен тігілген бешпет» дегенді білдіреді. Н. И. Ильминскийдің көрсетуінше *берен* – «барқыттың ең таңдаулы түрі».

3. Ал енді басқа да түркі тілдерінің дерегіне назар аударсақ, *берен* сөзінің әр түрлі тұлғада, әр қилы мағынада кездесетінін байқаймыз. Мысалы, туыстығы жағынан қазақ тіліне жақын тілдердің бірі қырғыз тіліндегі *бараң* сөзіне лексикографиялық еңбектердің бірінде (К. К.

Юдахин. Қырғызша-орысша сөздік. М., 1975) омоним сөз ретінде сипаттама берілген:

БАРАҢІ ир. (*эпос тілінде*) пистонды мылтық (шақпақпен от алатын пілтелі мылтықтан басқа) әр түрлі тұрақты анықтауыштармен қолданылады: *ақ бараң, көк бараң, қара бараң, сыр бараң* –мұндай тұрақты анықтауыштар мылтықтың сырт тұрпатына байланысты аталуы ықтимал; *бараң эмес, милтелүч қара мылтық* –пистонды емес, пілтелі жай мылтық; *Алмамбеттин сыр бараңайдалыға илди эми* (ф о л ь к). Алмамбеттің мылтығын, иығына асады.

БАРАҢ ІІ ир. көне матаның жұқа түрі; *бараңдан қылған көк чепкен* (ф о л ь к) бараннан жасалған көк шекпен; *кашгардың бараң чепкени* тығыз етіп қолдан тоқылған мақта мата (Юд. ІІ Кр. РС 109). Бірінші және екінші жағдайда да «иран тілдерінен енген» және «көне» деген белгімен берілген *баран* сөздерінің екі түрлі омоним ретінде сипатталып тұрғандығы осы мысалдардыңөзінен-ақ байқалып тұр. Бұлардың мағыналарында ортақ бір арнаға саятындай ұқсастық жоқ.

Алайда бірінші және екінші омонимдерде оларды қазақ тіліндегі *беренІ* (мысалы, «мылтық» мағынасы) және *беренІІ* («матаның түрі», «қымбат мата» мағынасы) сөздерімен жақындастыратын және басын біріктіретіндей ортақ мағына сақталған.

Берен-бараң сөзінің семантикалық дамуы мен игерілуінің тағы бір қырын оның өзбек тілінде қолданылуын қарастыру арқылы да айқындауға болады.

ФАРАНГ (*n-m-a*) көне1) Француз; 2) Француздық немесе еуропалық; *фаранг милтик* – ескі білтелі мылтық; *Фаранг румал* –жұқа, жеңіл әрі жылтырағы бар орамал, 3) а у ы с. шебер (аударма –біздікі). Бұл жерде *деберен* сөзіне «көне» деген түсінік беріліп, әуелде арабтардан тәжік-парсы тіліне енген сөз ретінде қарастырылады.

Фаранг «мылтық», әрі «орамал» сөздерінің тұрақты анықтауышы ретінде жұмсала отырып, сонымен бірге сол заттардың шығу тегі, жасалуы «француздық» (европалық) дегенге мегзейді. Сөз болып отырған омонимдер семантикасындағы қайшы құбылысты ұйғыр тілінің фактісі де айқындай түседі. Қазіргі ұйғыр тіліндегі *пәрәң* өзара байланыссыз екі түрлі мағынаны білдіреді: 1) қызыл, ал қызыл, қызғылт: *пәрәң яғлиқ* «қызыл (жібек, үлдір, үлбірек) орамал», *пәрәңдәк қизил* «пәрәңдей қызыл» (плеонастық тіркес) және 2) «француз/француздық» *пәрәң консул* «француз консулы» (Шыңжан ұйғырлары тілінде).

Сонымен, жоғарыда қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр тілдерінен келтірілген мысалдарда *берен (баран), баран(фаранг), пәрәң* сөздері бұл тілдерде өзара байланысы жоқ әр түрлі ұғымды білдіретін тәрізді: 1) Жауынгердің жау жарағы: сауыт, мылтық, семсер, қылыш т. б. жасалатын жоғары сапалы құрыш, болат; 2) матаның таңдаулы түрі, барқыт; 3) пистонды мылтық; 4) француз, француздықнемесе европалық; 5) қызыл, ал қызыл; 6) қара қоңыр, қара кер (жылқы малының түсі).

Шар. Қазіргі қазақ тілінде 20-дан астам *шар* деген сөз кездеседі. Олардың біразы жеке-дара айтылса, көпшілігі белгілі сөз тіркесінде немесе біріккен сөз құрамында қолданылады екен. *Шар* дегенде бірден көз алдымызға домалақ, жұп-жұмыр, дөп-дөңгелек зат, не үрлеген қарын тәрізді резина елестеуі мүмкін. Дәлірек айтсақ, шар революциядан бұрынғы би-болыс сайлауларында дауыс беруде қолданылған ақ, қара түсті домалақ тастар; осыдан келіп *шар* салу, *шар тастау* тіркестері пайда болған; екінші бір *шар* – о баста аспанға көтерілу үшін ішіне газ толтырылған үлкен аэростат, ішіне жел толтырылып, әсемдік үшін жасалған резина *шар* болса, үшіншісі – жұмыр дүниенің атауы – жер шары. Бұл «шарлардың» барлығы қазақ тіліне орыс тілінен енгендігі көпшілікке аян.

Тілімізде *шар* қой, бұқа *шар*, құнаншар, *шар* тарту, *шар* қою, шөп-*шар*, дау-*шар*, *шар* ете қалу (оқыстан ащы дауыс шығару мағынасында) сияқты «шарлар» тағы бар. Көпшіліктің назарын аударып, біздің арнайы тоқтағалы отырған ендігі бір топ «шарлар» (*сәр, шәр, шер, шир* варианттары да бар) мыналар: *шарбақ, шаруа, шарайна, шардақ* (төрт тағанды үйдің шатыры, төбесі), *шартарап* (дүниенің төрт бұрышы), *шарайтоп, шаршау, шарқат* (төрт бұрышты, шаршы орамал, кей жерде – мойын орағыш), *шаршы* (квадрат, тік бұрыш), *шар* болат, *ширек, шерутүлік, шәрияр* (әдетте: төрт шәрияр – пайғамбардың төрт серігі), *шертер* (төрт ішекті музыкалық аспап), *сәрсембі* (күн аты) т. б.

Ең алдымен ескертетініміз: *шар-шәр-шер, сәр-шир* сөздері, түптеп келгенде бір-ақ сөз. Оның төркіні парсы тіліндегі (сондай-ақ тәжік, иран, пушту, т. б. иран туыстас тілдеріндегі) чар-чаһар түрінде айтылып, «төрт» мағынасын білдіретін түбірлес, мағыналас сөздерге барып саяды. *Шар* компонентімен келген бұл сөздер мен сөз тіркестері қазақ тіліне әр дәуірде, әр түрлі жолмен еніп, әбден сіңісіп, төл сөзіміздей болып кеткендіктен, өзінің о бастағы «төрт» деген мағынасын сақтама-

ған. Сондықтан да олардың әрқайсысы бізге әр түрлі сөз болып көрінеді. Дегенмен бұл сөздердің төркінін, құрамын, өзара жақындығын, мән-мағынасын білгеннің кімге болса да артықтығы жоқ. Мәселен: *шарбақ*: *шар*–«төрт» және *бақ*, яғни о баста «төрт жағы бірдей бақ» деген мағынада қолданылса, *шаруа*: *шар*–«төрт» және *уа* болып өзгерген парсының *па-най* «аяқ» деген сөздерінен туып, «төрт» аяқты «мал» дегенді білдіреді. Сол сияқты: *шардақ* парсыша – «төрт тағанды, қырлы күмбез», *шарайна* парсыша – «төрт бұрышты айна», *ширек* парсыша – «төрттің бірі», *шаһар* парсыша – «төрт қабырғалы қала», *шертер* парсыша – «төрт ішекті», *шар тарап* парсыша – «төрт жақ, төрт құбыла», *шеру түлік*– «төрт түлік» (түлігі қазақша), *сәрсембі* о баста парсыша – «төртінші күн». Ал енді *шәрияр* дегенніңөзі парсыша «төрт жар, пайғамбардың төрт қолдаушысы» бола тұра, оған кейде алдынан тағы да «төрт» сөзін қосып айту бар. Төртке төрттің қосылуы, әрине, *шәр* сөзінің мағынасы ұмыт болғандықтан туған плеонастық қайталау.

Қорыта келгенде, тілімізде осы сияқты түбірлес, туыстас сөздер өте көп. Олардың өзара қатыстығын білу – тіл табиғатын тереңірек түсінудің бір шарты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ қауымында этимологиямен қызығушылар көп те, бірақ сонымен нақтылы шұғылданушылар өте аз. Қазақ тілі бойынша бұл мәселенің зерттелуі – ұзақ жылдық сипатқа ие күрделі зерттеу нысаны. Оның үстіне этимологиялық зерттеу кешені тек сөздік жасаумен ғана шектелмейді.

Бүгінгі күні қазақ мақал-мәтелдері мен фразеологизмдер құрамындағы мағынасы күнгірт сөздердің, этномәдени атаулардың, не шет елдерден қабылданған сөздердің этимологиялық сөздіктерін жасау мәселесі күн тәртібіне қойылып, зерттелуде. Себебі ғасырлар бойы халықтың көкірегінде жатталып, жадында сақталған көне тамырлы сөздердің төркініне үңіліп, тілдік тұрғыдан табиғатын барлап, жасалу және сақталу жолдарының тілдік құралдарын анықтау, мағыналық даму заңдылықтарын көрсету мен көнеру (мүжілу) себептерін ашу т.б. мәселелер қазақ тіл білімінде ерекше мәнге ие болып отыр. Нақты айтқанда, қазіргі қазақ қоғамындағы ұлттық рух жаңғырып, салт-дәстүрлер қайта жанданып жатқан кезеңге сай рухани-әлеуметтік құбылысты дұрыс бағалап, бағдарлайтын, негізін түсіндіретін заңдылықтар адамның рухани дүниесімен байланысты екенін қазіргі қазақ тіл білімінің антропоэкетік бағыттағы зерттеулері дәлелеп отыр. Осымен байланысты қазіргі қоғамдағы ұлтты рухтандырып, оның ішкі-сыртқы келбетін өрнектеп көрсететін сипаттардың бірі тіл деп сезіну тіл зерттеу мәселесіне бұрынғыдан басқаша талап қойып отыр.

Сондықтан да қазақ этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері жаңаша айқындалып, этимологиялық сөздік жасаудың ғылыми принциптерінің тұтастық (концептуалдық) кешенді сипаты сараланады. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тілінің этимологиялық сөздігін жасаудың ғылыми-әдіснамалық негізін белгілеуге арналған іргелі зерттеу нәтижелерінің ұсынылуы – қазақ тіл білімі жаңа

деңгейінің көрінісі, болашаққа жалғасатын арналардың басы деп ойлаймыз.

Мұның нақты дәлелі, ғылыми-деректік дәйегі ретіндегі алғышарты – қазақ тіл білімінің соңғы кездегі ғылыми жетістіктері: «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (15 том); «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі»; Ә.Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты қазақ тілінің этнолингвистикалық сөздігі»; Р.Сыздық «Сөздер сөйлейді» т.б.

Сонымен, ұсынылып отырған зерттеуіміз бүгінге дейін басталып, жинақталған мағлұматымыз негізінде, ғылыми-теориялық деңгейі мен практикалық тәжірибеміз нәтижесінде, қоғамдық өмірдің қажеттігін қамтамасыз ететін зерттеу қорытындысы болып саналмақшы.

Тіл білімі жоғары дамыған елдерде тілдің бұл мәдениетімен шұғылдану, этимологиялық талпыныстарды ескеріп, оның ғылыми-теориялық негіздерін айқындап, бұл салаға жол-жорық көрсету, атап айтқанда этимологиялық сөздік жасап отыру ғылыми да практикалық мәні өте зор құбылыс, әрбір өркениетті елдің өсу жолындағы өрелі әрісінің айғағы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1999.
2. Мусаев К. Лексикология тюркских языков. М., 19
3. Вербицкий Б.И. Словарь алтайского и аладакского наречии тюркского языка. Казань, 18.
4. Ескеева М. Тарихи дыбыс өзгерістері. Астана, 2003.
5. Vambery H. Etimologisches W?rterbush der t?rko-tatarischen. Leipzig, 1888; Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков М., 1955; Clauson G. An Etimological Dictionary of Pre-Thirteenth century Turkish. Oxford, 1972; Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974. Т. I (и последующие тома); Золотницкий Н.И. Корневой чувашско-русский словарь, сравненный с языками и наречиями разных народов тюркского, финского и др. племен. Казань, 18; Вербицкий В.М. Словарь алатайского и аладагского наречии тюркского языка. Казань, 18.
6. Хусаинов К.Ш. Звукоизобразительность в казахском языке. Алма-Ата, 1988.
7. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. Алматы, 1980, 1994, 2004.
8. ҚСЭ, I-том.
9. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. Алматы: Рауан, 1994.
10. Омарбеков С., Жүнісов Н. Қазақтың ауызекі сөйлеу тілінің дыбыс жүйесі. Алматы, 1995.
11. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі (ҚТҚЭС). Алматы, 1966.
12. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974.
13. Х. Досмұхамедұлы. Аламан. Алматы, 1986.

14. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А., 1959.
15. Щербак А.М. Названия домашних и диких животных // Историческое развитие лексики тюркских языков. М., 1961; W.Bang. Aus dem Leben der Türkischen Sprachen. Zum Namen des Ruchves festschrift. F.Hirth Berlin, 1920;
16. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-басылым. –Алматы, 1985.
17. Тюркологический сборник. М., 1978.
18. Рассадин В.И. Монголо-бурятские заимствования в сибирских тюркских языках. М., 1980.
19. Уәлиев Н. Көнекөз сөздер // Ана тілі, №5. 1990.
20. Ә.Нұрмағанбетов. Сөз төркіні // Ана тілі, № 3. 1990.
21. Айдаров Т. Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. Алматы, 1996.
22. Нұрмағанбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. Алматы, 1978.
23. Жүнісов Н. Қарақалпақстандағы қазақ тілінің ауыспалы говоры.
24. Шойбеков Р. Сөз төркіні // Ана тілі №8, 1990.
25. Е.Қосбасаров. Салбурын // Ана тілі, № 10. 1992.
26. Ә.Нұрмағамбетұлы. Бастаңғы // Ана тілі, №46. 1992.
27. Л.Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. I II том. Спб., 1869.
28. Қалиев Ф., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. А., 1979.
29. Пекарский Э.К. Словарь якутского языка в III-х томах. М., 1958-59.
30. Ә.Керімов. Сөз төркіні // Ана тілі, № 19. 1991.
31. М.Қашқари. Түбі бір түрк тілі // Алматы, 1993.
32. Қайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алматы, 1986.
33. Қалиев Ф., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы, 2003.
34. Мұсабаев Ф.Ф. Қосымша дай/дей, тай/тей туралы //Известия Академии наук казахской ССР. Серия филологии и искусствоведения. 1955, Вып. 3-4.
35. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1973.
36. Қоңыров Т. Теңеулер табиғаты. –Алматы, 2005.
37. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі (лексикасы мен грамматикасы). –Алматы, 1968.

38. Сыздық Р. Тіл және ұлттық мәдениет (ғылыми мақалалар жинағы) // Хатқа түскен сөз тағдыры. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. –Түркістан, 2005.
39. *Бабалық Ж.* Ешкішек. Қаншыр // Алматы ақшамы. № 29,13 наурыз, 2008 ж.
40. *Исаев С.* Сырлы сөздер// «Білім және еңбек». Алматы, 1967, № 12.
41. *Манкеева Ж.* Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. Алматы, 2010.
42. *Жанұзақ Т.* Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. Алматы, 2005.
43. *Қойшыбаев Е.* Қазақстан жер-су аттарының сөздігі. Алматы, 1985.
44. *Ержанова Ұ.* Ақжайық өңірі топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты. Алматы, 1998.
45. *Әбдірахманов А.* Топонимка және этимология. А., 1975.
46. *Мурзаев Э.М.* Словарь народных географических терминов. М., 19 г.
47. *Тоқтағұл Б.* Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың этнолингвистикасы: Филол.ғыл.канд. дисс. қолжазбасы. Алматы, 2005.
48. *Панзарбекова Р.З.* Қазақ тіліндегі жануарлар төлінің атауы: Филол.ғыл.канд., дисс. қолжазбасы. Алматы, 1998.
49. *Бейсенова М.С.* М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі төрт түлік мал атаулары: Филол.ғыл.канд. дисс. қолжазбасы. Алматы, 1997.
50. *Шынар А.* Қазақтар мен түріктерде жылқы өсіру мәдениеті және оның рөлі (ауд. Кенан Коч). – Шымкент, 2001.
51. *Жанәбілов Ш.* Қазақша мал атаулары. Алматы, 1982.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР

«ҚАЗАҚ ТІЛІ ЭТИМОЛОГИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ» атты тапсырмасы бойынша 2006-2008 жж. орындалған аралық есептер тізімі:

1 «Тәуелсіз Қазақстан жағдайында қазақ тілінің ұлттық және мемлекеттік тіл ретінде негізгі даму үрдістері мен бағыттары» атты іргелі зерттеу бағдарламасының **«ҚАЗАҚ ТІЛІ ЭТИМОЛОГИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»** атты тапсырмасы бойынша (2006 ж.) а р а л ы қ е с е п Мемтіркеу № 0107РК00078

2 «Тәуелсіз Қазақстан жағдайында қазақ тілінің ұлттық және мемлекеттік тіл ретінде негізгі даму үрдістері мен бағыттары» атты іргелі зерттеу бағдарламасының **«ҚАЗАҚ ТІЛІ ЭТИМОЛОГИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»** атты тапсырмасы бойынша (2007 ж.) а р а л ы қ е с е п Мемтіркеу № 0107РК00078

3 Орындаушылар тізімі: Ә.Т.Қайдар, Ж.Манкеева, Ә.Өтебаева

Қосымша
Қазақ тіліндегі сөздердің этимологиясын
анықтаған ғалымдардың

ТІЗІМІ

1.	Ә.Нұрмағамбетұлы	1045 сөз
2.	Р.Ғ.Сыздықова	179 сөз
3.	І.К.Кеңесбаев	71 сөз
4.	Ә.Т.Қайдаров	243 сөз
5.	Е.Жанпейісов	56 сөз
6.	А.Ысқақов	47 сөз
7.	Ш.Сарыбаев	87 сөз
8.	А.Әбдірахманов	252 сөз
9.	Ә.Құрышжанов	27 сөз
10.	Б.Бафин	23 сөз
11.	Б.С.Сүлейменова	67 сөз
12.	Г.Жаркешова	57 сөз
13.	Н.Қарашева	39 сөз
14.	А.Махмутов	27 сөз
15.	С.Аманжолов	—
16.	Т.Қордабаев	—
17.	С.Талжанов	—
18.	Ә.Төлегенов	—
19.	С.Нұрқанов	—
20.	Қ.Жұбанов	—
21.	А.Хасанов	—
22.	Ә.Ибатов	—
23.	Е.Жұбанов	—
24.	А.Жұбанов	—
25.	Н.Сауранбаев	—
26.	Ғ.Мұсабаев	—
27.	С.Қасиманов	—
28.	Т.Байжанов	—
29.	С.Исаев	—
30.	К.Аханов	—
31.	Қ.Өміралиев	—
32.	А.Айғабылов	—
33.	Л.Рүстемов	—
34.	Ж.Болатов	—
35.	Ғ.Қоңыратбаев	—

- | | | |
|-----|---------------|---|
| 36. | М.Ысқақов | — |
| 37. | Ә.Керим | — |
| 38. | Н.Уәли | — |
| 39. | Қ.Әбілқасымов | — |

Ә.Нұрмағамбетов анықтаған сөздер:

а, е, й	Алақшын
Абысын	Алаң
Аврора	Алас-құлас
Ағаттық	Алаша
Ағызбақтай	Әптер-тәптер
Ағыл	Әпті(ңіз)
Ағыл-тегіл	Албасты
Ада-жұда	Алдап-арбау
Адай	Алдап-сулап
Адыра қал	Алдар көсе
Адырай	Алжасу // алжу
Адыраю	Алқынды
Ажа: айдерә	Алла
Ажар	Алма
Ажырық	Алпауыт
Азат	Алтын шаю
Азат кереге	Алшаң басу
Азбилар	Алын
Азу	Анда
Азық-түлік	Аңқаты
Айлас-мұңдас	Аңсар
Аймала	Аңсық
Айра	Аңрақай
Айт-ұйт	Аңысын аңду
Айы	Апта алтынмен
Айып-шам	Аптап
Айыр	Аптығу
Айыру	Апыл-құпыл
Акула	Араны ашылу
Ақа	Арак
Аққу	Арам (шөп)
Ақта	Арамза
Ақтық	Аран
Ақша	Арапшы
Алай	Арасан
Алақан	Арба
Алақтау	Арбаңдау

Арғын	Әйет
Арда	Әйнек
Арқа	Әккі
Арқалан	Әлем
Арпа	Әлем-жәлем
Арсылдау	Әндеме
Аруақ	Әпенді
Аруана	Бұхара
Арулау	Бұл
Арша	Әтішкір
Бәйбіше	Әулие
Безгек	Әумесер
Аршын	Бабалы
Арық-тұрақ	Бағана
Арыстан	Бадал
Асар	Бадалу
Асатаяқ	Бажа
Асқазан	Базына
Аспаз	Байғұс
Аспан	Байтаба
Астақта	Байтақ (ұлан)
Астан	Байұлы
Астаң-кестең	Бақа (құр-)
Асығып-аптығып	Бақанақ
Асығып-үсігу	Бақсы
Атан	Бақса
Атырау	Бақыр
Ауалану	Баламан ер
Ауан	Бала-шаға
Аужал	Бал-бұл
Ауыз	Балғын
Ауық-ауық	Балдыз
Ауыл-аймақ	Балта
Ашқарақ	Балтыр
Ашқыш	Бапан
Ашу	Баран
Ашық	Баранды (үйлі)
Ащы	Барлау
Аю	Бармақ
Аяз	Барымта
Аялы	Бас
Әбес	Бас кесу
Әдебиет	Басқұрт
Әжі	Бастаңғы
Әй-әй	Бастырық (жабу)
Әйдік	Басы (Арық~)

Басылық	Бұлаудай
Бата	Бұлғын
Батпақ	Бура
Баттию	Бұралқы
Баяндама	Бұрқан
Бая-шая	Жайлау
Ділбас	Жайма
Дін: ~і қатты	Бүлдірге
Безеру	Бүлік
Бей	Бүрге
Бейіш	Былқыту
Бекер	Быт-шыт
Бестақа	Білеу
Бесік	Бірен-саран
Бет	Гүйлі (ұшты)
Бетпақ	Даңғаза
Биалай	Даңғыл жол
Бикеш	Даракы
Бодан	Дардай
Бодау (ына)	Дария
Божырау	Дау-шар
Боза	Дәптер
Бозарған	Дәрі-дәрмек
Бойдақ	Дәсердей
Бор	Дедектеу
Боран	Делбе
Борбай	Дел-сал
Бордақылау	Дендер
Бос	Дереу
Босаға	Деріс
Босу	Дес
Ботқа	Диірмен
Бөбек	Доғала
Бөбешік	Домбыра
Бөгде	Доңыз
Бөктеру	Дос
Бөлек-салақ	Дос-жаран
Бөрі	Дөңбектей
Бөтеке	Дөп
Булық	Дуадақ
Бура	Дудар
Буыршын	Дулат
Бұғыла	Дулыға
Бұзық	Дұрыс
Бұйырғын	Дүзтеруши
Бұлан-талан	Дүкірт

Дүрбелең	Майдың тырнағы
Дүрбі	Келе
Дүреу	Келемеж
Дүрсе (қол беру)	Келеп жіп
Жүк	Келкі бір~
Жүктеу	Жайма-шуақ
Ебей	Жайық
Ебелектеу	Жайын
Ебіл-себіл	Жақын-жаран
Ежегей	Жал
Ежелеп оқу	Жалайыр
Езу	Жалаңқия
Елік	Жалқаяқ
Еліктеу	Жалмауыз
Ем-дом	Жаяу-жалпы
Емеуірін	Жаһаннам
Емтихан	Әлем-жәлем
Емін-еркін	Жегідей жеу
Еміс-еміс	Жез
Ен: ~байлық	Жекей
Ентелеу	Жек көру
Енші	Желеу
Еңлік	Желмая
Еңсеру	Жеңге
Ептеп-септеп	Жеңсік
Епіршік	Жеңіл-желпі
Ербендеу	Жерлену
Ер жету	Жер сүдіру
Ерке-шора	Жиен
Ермек	Жожық
Ер-тұрман	Жоқ-жітік
Ертіс	Жолбарыс
Еспе	Жолдас-жора
Есту	Жол-жөнекей
Есінеу	Жолы болу
Етік	Жона
Жабағы	Жорық не:
Жабы	Жөн-жосық
Жаға	Жуас
Жағалбайлы	Жұмақ
Жадау	Жұмыла
Жазатайым	Жұмыртқа
Жазғытұрым	Жүн-жұрқа
Жазу-сызу	Жұры: берсін
Жай	Жүдеп-жадап
Жайдақ шыра	Жүз бермеу

Көстек	Келін
Көтере алу	Кем-кетік
Жүнжу	Кемпірқосақ
Жүн-жұрқа	Кенеп
Жыға	Кеп сөз~
Жыл	Кепелеу
Жылан қарак	Кепеш таз~
Жылап-сықтау	Кептер
Жылқы	Кер жұмыс~
Жылмай ағу	Кереге
Жым-жылас	Керей
Жым-жырт	Керейт
Жымпиты	Кере қап
Жырғалу	Кере қарыс
Жігіт	Керміш
Жік	Ұрыс-керіс
жіпсу	Кесер
Жіптіктей	Кете
Жіті	Кешу
Зақмет ~	Кешіру
Запы ~ болу	Кие
Зауқы болмау	Киім-кешек
Зая кету	киіт~кию
Зәңгі	Көбең~ала
Зорлық-зомбылық	Көбік
Зуылдау (зу ету)	Көгершін
зықы~сы шығу	Көйлек-көншек
Зым-зия	Көк
Зымиян	Көк-керегенің
Зілдей	Көк шираз
Игеру	Көл
Ижан	Көгілдір
Ит	Көл-көсір
Итаршы	Көлік
Иін жіп	Көмпек
Итаршы ~болу	Көпек
Итию	Көпшік
Кәт	Көрпеш
Кебеже	Көрші
Кебіс	Көрші-қолаң
Кедір-бұдыр	Көрік
Кезену	Көсеу
Кейуана	Қатын-қалаш
Қақсал	Қауесет
Қала ~ сын бұзу	Көш
Келте	Күбі

Күде	Қалбағайлы
Күжі	Қалдығайты
Күзе	Қалжыңбас
Күйлі жасау	Қалп
Күкірт	Қалт ет
Күме	Қалтқысыз
Күнелту	Қалы кілем
Күп~ болу	Қамар
Күптеу	Қамшы
Күпі	Қан: Басқан, Сарықан
Күрек	Қанық бояуы~
Күрес апару	Қаңқу
Күрті	Қаңлы
Күртік	Қаңтар
Күшен	Қаңтару
Кілең	Қажағай
Кілт	Қапсыру
Кімісі	Қара басу
Кір-қолаң	Қарак ~ ойнау
Кірпі	Қарақан
Кісен	Қарақты ~ көзі
Кісі	Қараңғы су~
Кітап	Қараспанды ~ жау
Кіші	Қаратұрық
Қаба	Қарғалы
Қабық	Қарғыс
Қабыл қылу	Қарқаралы
Қабыну: сүріну	Қарлығаш
Қағанақ ~ы қарық	Қарману
Қағыс есту	Қарсақ
Қадағалау	Қару-жарак
Қадақ	Қаршадай
Қазақ	Қарым-қатынас
Қазан Ас~	Қарымта қайтару
Қаймана~	Қарын
Қайран	Қасапшы
Қайық	Қаскелең
Қайым өлең	Қасқыр
Қақаған	Қат-қабат
Қақбас	қатын
Қақпан	Маңды
Құлақшын	Маңғаз
Құла тұз	Қаулы
Қалақай	Қашау
Қалам	Қашып-пысу
Қалас ~ ықылас	Қашыр

Қайғылық	Қызғыш
Қит ет	Қыз-қырқын
Қия	Қылау түспеу
Қиян	Қылдырық ~ тай қажу
Қобда	Қымыз
Қобыз	Қымыран
Қодырең	Қыңыр
Қожырау	Қыпшақ
Қоқан лоқы	Қыпылықтау
Қоқтық	Қыран ~ бүркіт
Қоламта	Қырбық
Қолаңса	Қырман
Қолқабыс	Қырт
Қомағай	Қыруар
Қомша жабу	Қыршын
Қонаққа алу	Қырым
Қоныш	Лағу
Қоңқақ	Лім-мим
Қоңыр дауыс	Лек
Қоңырат	Лек-лек
Қораз	Лепмай (керосин)
Қораша	Лепсі
Қорашық	Лике
Қордай	Магазин
Қоржын	Маза
Қор-қор	Мақала
Қортық	Мақтау
Қу ~ дала, бұтақ	Мал
Сүйек, тұмсық	Малдас құру
Қуыршақ	Мамыр
Қуыс	Аламан, Қараман
Құда-андалы	Маңдай
Құдай	Маңқыстау
Құдды	Маңырау
Құз	Мардамсу
Құйын	Мардымды
Құйысқан	Масаты
Құл-құтан	Масқара
Құлқын	Масыл болу
Құнттау	Мауқын басу
Құнығу	Мауыздай
Құсқы: ескі-	Машон күүс
Құтан	Мәдениет
Құты қашу	Мәжуси
Қыбын жабу	Мәзір
-қыз // -кіз	Мәйек

Мәлғұн	өгейсу
Мәлім	өзек
Мәре-сәре	өкпе
Мәри	өксу
Мәстек	өксіту-өмірін
Мәтел болу	өлара
Мәшуа	өлең
Мәшіне қону	өлім-жітім
Мұқит	өмілдірік
Мүдіру	өндірдей
Мүкі-тақы	өңмен
Мүләйімсу	өре түрегелу
Мүлік	өркен
Мүсәпір	өркеш
Мырғайға бату	өрім-өрім
Мыту	өріс
Мінгесу	өсек-аяң
Мінгесіп-ұшқасу	өт сары
Мінеу	-п, -ып, -іп
Мір ~дің оғындай	Паз: ас ~ паз
Назар ~ салмау	Палау
Найзағай	Палас кілем
Найман	Патриот
Тарихнама	Патшайы
Намаз	Паяпыл
Нарттай	Пәлен-пәштуен
Нарын	Пәлен-түген
Нас	Пәлі
Нияз	Пәтік
Нөсер	Пендір
Нұқсан	Перне
Обыр	Пес: ~ ала
Ойқастау	Пешехана
Айыл	Пұшпақ
Октябрь	Пысу
Оқтау	Пыш-пыш
Оқтын-оқтын	Пір
Олжа	Рақат
Олпы-солпы	Рух
Омалу	Саба
Оңышу	Сабақ
Орай	Сабақтау
Орда-шарқы	Сабаты ине
Орган-қол	Сабын
Осып жіберу	Сабыр
Отан	Сағанақ

Сағым	Сергек
Сағыну	Сер етпеу
Сағысыну	Сес (дыбыс)
Сазан	Симие: кимие
Сазару	Сирақ
Сайдауыт	Сиық
Сайма-сай	Сиыр
Сайысу	Сок: өтірікті
Сақал	Соқа
Сақию	Сомадай
Сақпан	Сорғалау
Сақпаншы	Состию
Сақ-сақ	Сою
Сал	Сөк
Сал: ~ көк	Су
Сала: ~ құлаш	Суқан
Салақ: ~ бөлек	Сурет
Салдыр-салақ	Су-суан
Салқын	Сусын
Салмауырдай	Суық хабар
Самай	Суын
Самаладай	Сұқ ~ын қадау
Самғау	Сұнтай
Санат	Сұңғак
Саңқылдау	Сұқ қол
Саңырау	Сұр
Саралжын	Сұрақ // сұрау
Сар ~ желу	Сұры қашу
Сарғаю	Сүбе
Саржа	Сүзек
Сасу	Сүйек-саяқ
Сауқат	Сүйел:
Саумал	Сүйем
Сау-татық	Сүйінші
Сауысқан	Сүлгі
Сауыс-сауыс	Сүліктей
Саяқ	Сүмесін
Сәлем	Сүрініп-қабынып
Сәлем-сауқыт	Сыбай-салтаң
Сәне//сене	Сыбау
Сәуір салу	Сыдырғы: ~ бір
Селебе	Сый-сияпат
Селсоқ	Сықылықтап күлу
Сең	Сынтас
Сеңгір	Сыңар
Сеңсең	Сыттай

Сыпырып-сиыру	Тей-тентек
Сыра	Теңге
Сырт	Тер
Сіле ~сі қатты	Теңіз
Сірқұр	Теріс айдын
Табанды	Тері-терсек
Табын	Тесірею
Таз	Тоғышар
Тазы	Тожарлау
Тайлақ	Тозак
Тайшы	Той
Тақыр	Тоқал
Талай:	Тоқпақ: ~ жілік
Талан тараж	Тоқты-торым
Талөкпе	Томаға ~ тұйық
Там	Тоңқылдақ
Тама	Топан
Там-тұм	Топас
Тамұқ	Топырақ
танау	Торғай
таңқыттау	Торым: тоқты
Таңсыз беру	Тостаған
Таңсық	Төбе би
Тапа: тал	Төбен
Тараз	Төбет
Таралғы	Төлеу
Тарих	Төңкеру
Тары-талқан	Төре-төлеңгіт
Тас	Төсек
Тату: қымыз	Төсек жазу
Татар	Тұздәмек
Тау	Тұйғын
Тауық	Тұмау
Таяу	Тұңғыш
Тәңір	Тұран
Тәр	Тұрман
Тәрбие	Түйдей құрдас
Тәртiп	Түйе
Тәрізді	Түлен: ~ түрту
Тәсілмен шай	Түлкі
Тәуелді	Түлік
Тебен ине	Түндік
Тебірену	Түрк
Түйе-теге	Түркістан
Теке	Түстенелік
Телегей	Түс түйе

Тық-тық	Шақпақ ұру
Тым-тырыс	Шақша
Тыр: жалаңаш	Шалбар
Тышқан	Шалқар
Тізбе	Шалман
Тілге тиек ету	Шамалған
Триек	Шама-шарқы
Тірнектеу	Шаңқобыз
Уақ	Шаңырақ
Уақ-түйек	Шара
Урбак	Шара көру
Ұбап-шұбап	Шарап
Ұғу	Шарт буыну
Ұзын-ырға	Шат-шадыман
Уландырмақ	Шаш: ~ етек
Улану	Шашау
Ұлтан	Шеге
Ұмар-жұмар	Шежіре
Ұмтыл	Шеке
Ұнаш	Шекті
Ұңғыл-шұңғыл	Шекісу
Ұр жаңа	Шеңгел
Ұршық	Шеркес
Ұстара	Шеркеш
Ұтыр	Шетен
Ұшқасу	Шешек
Ұшты-күйді	Шешен
Ұшы-қиыр	Шешен кірпік
Үбірлі-шүбірлі	Шибөрі
Үй	Шикіл
Үйек	Шилі
Үйлі-баранды	Шоқша сақал
Үйсін	Шола: бұлт
Үйт-айт	Шортан
Үкі	Шот салу
Үлек	Шөл қою
Үме	Шөмекей
Үр: ~ жаңа	Шөмеле
Үргін-сүргін	Шөмен
Үржар	Шұқшию
Үрім: ~ бұтақ	Шұлғау
Үсігу	Шұлық
Үтік	Шұрқ-шұрқ
Шағала	Шүйгін
Шағыр	Шы: ~ жұмысшы
Шайдай	Шыбыртқы

Шығай	БІндына: ~ кебу
Шылапшын	БІнтық
Шылбыр	БІңқылап
Шымшу	БІңқыл-сыңқыл
Шымылдық	БІң-шың
Шым // шымырлау ши	БІрғалып-жыр...
Шынашақ	БІрым-жырым
Шың	БІрың-жырың
Шып-шырға	БІшқыну
Шыр ~ біту	Із-түз
Шырай	Ізіне қайту
Шыр: ~ байлау	Ілек
Шыр-пыр	Ілік-шатыс
Шыртылдақ	Імтіл
Шіркет	Інген
-ы // -і	Іңір
БІғай-сығай	Ір...
БІғы-жығы	Іскек
БІдыс	Іске көтеру
БІдыс-аяқ	Ішек-сіле
БІлығу	Ішік
БІмы-жымы	ішінара
БІмтыл	Барлығы: 1045 сөз

Р.Сыздықова анықтаған сөздер:

Аға	Арай
Адырна	Аруана
Азамат	Арулап көму
Айдын	Арулау: ак
Айпарадай	Арылу
Ала	Аса жұрт
Аала: ~ ауыз, берен	Астана жұрт
Алай	Асыра жұрт
Аламан	Атайы
Алапа	Атаулы
Алапат	Ауыр
Ала сапыран	Аяр
Ала топалаң	Байсалды
Ала ту	Байсал табу
Алау	Байтоқ
Алаулау	Барым
Алаш	Барымта
Алдияр	Басқұр
Алқа қотан	Бел ағаш
Алқалау	Берен
Алқалы	Бұлан

Бұршақ	Кемпірқосақ
Бұлу	Кен
Бүлік	Кепеш: ~ таз
Білек	Кептеу
Білекшін	Керен
Білік	Кертартар
Дандайсу	Керік
Даңға шығу	Кетбұғы
Дем беру	Кешесі
Демеді	Көбе
Дем тарту	Көбеген
Дүлей	Көзайым
Ебі ~ бар	Көрпелдес
Емсеу	Көрпеш
Еңіреу	Күңкілдескен
Еп	Кіреуке
Ереуіл	Кірпіш
Жа	Кіріс
Жады	Кіріш
Жай	Кішілік
Жайлату	Қағылу
Жақ	Қазына / казине
Жалаңқат	Қайдақ
Жалпы: ~ жаяу	Қайраған
Жам	Қайрақан
Жамағайын	Қалықпан
Жам әулие	Қандақ
Жаужұмыр	Қара орман
Жауқазын	Қараша (ай)
Жаушы	Қарашы ~ сы
Жәдігөй	Қаруын қайтару
Жәреукелі	Қарымта
Жебе	Қарымты
Жемсеу	Қарындас
Жер болу	Қаттану
Жер қылу	Қора
Жесір	Қорамсақ
Жетім	Құлан
Жиырлы	Құрсану
Жолдас	Қылшан
Жосық: ~ жөн-	Қыналы
Жосын	Қырқарлану
Жылы-жұмсақ	Майдан
Кебенек	Маңғыстау
Кебін	Ойын
Кез	Оразды

Орындық	Сыншы
Саб ~ сөз с.	Тарлан
Сағы	Тарпаң
Сағыну	Тасбақа
Садақ	Тауап қылу
Саз ~ қосу	Тәу ету
Сақетер	Толағай
Сақсыну	Толғамалы
Сақсыр	Толғану
Салар	Толғау
Салмау	Торғауыт
Салу	Тостағандай
Сан	Тостақ
Сана	Түлей
Сарыта	Үдере: көшу
Сауда	Үдери
Сауын	Шар
Сауыт	Шарайна
Сәуегей	Шоры
Сурет	Шөже көз
Сұм	Шығыршықты
Сұмырай	Ышқыр
Сыбай	Барлығы: 179 сөз

I.K.Кеңесбаев анықтаған сөздер:

Алдияр	Жаһан
Ашкөз	Жәутік
Ашқарақ	Жексен
Аяң: өсек-	Жетесі
Әбзел	Жиһан
Әбілһаят	Көбең
Әзіз: жан	Күбір-күл
Әулие	Күлік
Білеу: көзі ~	Күп болу
Бірен-саран	Қайым ~
Газиз	Қалы кілем
Ғайып ерен	Қап
Дәме ~	Перизат
Дәурен ~	Қарашық
Дене	Қатым
Дені: ~ қарны	Қой
Дихан	Қош!
Ерен	Қошақан
Жадит	Қошқар
Жады	Қу ~ дала
Жарамазан	Құп ~ қу
Жасқау- ~ жамап	Сақалы қу+дай

Қураған
 Құрұм
 Қыстау
 Қысым
 Маш ~ ына
 Машық
 Мәміле
 Моһ!
 Нашына ~ кел
 Некен-саяқ
 Өк!
 Өкір!
 Саз ~ қосу
 Саран ~ берж

Сүрен- айқай
 Сықтау-
 Тән
 Тоқы-
 Тоқым
 Ұлыс
 Ұрым
 Шарық-шама
 Шопан ата
 Шөбере
 Шүбірлі-
 Шық ~ бермес
 Шырт ~ ұйқы
Барлығы: 71 сөз

Ә.Қайдар анықтаған сөздер:

Ағыл-тегіл
 Айдын
 Айқара
 Алагеуім
 Алға
 Алдыңғы
 Аулақ ≈
 Аш көз
 Ашқарак
 Әдет-ғұрып
 Әлпет
 Әуре-сәрең
 Баз≈баяғы
 Барақат ≈
 Баранды ≈ үйлі
 Баяғы ≈ бәз
 Боғжама
 Боқша
 Боршалау
 Геуім ≈ ала
 Гірім ~ кіші
 Ғұрып
 Дәшти
 Делебе
 Делікүл
 Дем
 Диуана
 Дос-жар
 Дөң
 Дүрбі
 Дүркін

Елгезек
 Еңгезердей
 Ес ~ көру
 Берен
 Еруліге ≈
 Жай ~
 Жайбарахат
 Жақ
 Жаңбыр
 Дос-жар
 Жасыл
 Жауын
 Жәрдем
 Жора-жолдас
 Жөргек
 Жөргем
 Жөрмеу
 Жұнттай
 Закон
 Заң-закон
 Заузот
 Зымстан
 Кафтан
 Кежеге
 Кезек ~ ел
 Киоск
 Көкмайса
 Көсеге
 Көше
 Кіші-гірім
 Қалаш ≈

Қалп //	Тон
Қан сонар	Тонау
Қарағым	Торығу
Қарақшы	Торым ≈
Қарашық	Төскей
Қарынбай	Тұлға
Қашан	Тұрақ
Қиғаш	Түйгіш
Қисық	Түйнек
Қитар	Түйір
Қиық	Тілазар
Қорам	Ұңғы
Қырағы	Шаға
Қырамық	Қашан
Қыран	Шапшақтай
Қырау	Ыстан
Қырбық	Штан
Қысқа	Жиеншар
Майса	Шашын
Меңдуана	Шыр: айн
Міз ~ бақпау	Жауын-шашын
Ноқай	Шығай
Отау	Шүлен
Өңеш	Шұбар
Сайып ≈ қыр	Шөгел
Самарқау	Шаян
Сап ~ сөз	Шоқ: беру
Сарсаң ~ әуре	Ширек
Саяқ ≈ сүйек	Шетін
Сайгүлік	Шеру
Сәрсен-әуре	Шегірен
Сиыру	Шаршы
Сойдию	Шаршау
Соқыр	Шаршақ
Сонар	Шарқат
Сояудай	Шарай
Сурет	Үзік
Сүймен	Ұрынқай
Сыдыру	Ұрын
Сызу	Ұры
Сықтап жыл	Ұрлық
сыпыру	Ұранқай
Сіле: ~ сі	Ұлыс
Таман	Ұйық ~ жер
Тараж	Уық
Түйе-теге	Тісеу
Телі-тентек	Тын

Түңлік
 Түлен
 Түяк
 Тұсақ
 Шырға
 Шырмалу
 Шырмауық
 Ығырту
 Ығыру
 Ыра-төмен
 Күдері
 Саб...
 Күдіре
 Күдірдей
 Күжірей
 Күзек
 Күзем
 Күзеу
 Күйек
 Күйлеу
 Күлпара
 Күндес
 Күрек ~ аршу
 Күресін
 Кіршіме
 Кіші бесін
 Кішілік
 Қанжыға
 Қарақшы
 Қарулы ~
 Қоралану ≈
 Қорда
 Қордалы
 Қорым
 Тұлан
 Тұл
 Тұғыр
 Туырлық
 Тоқырайған
 Тоқал
 Терек
 Тең ≈ тұс
 Телі
 Тебіз

Таю
 Тарлау
 Талғар
 Тайлығы
 Тайку
 Шың:
 Сібер ~ леу
 Рауал
 Сағақ
 Сай
 Сарыарқа
 Сауын
 Саяқ ≈ ас
 Сәуегей
 Сұғанақ
 Сұқ ≈ ын
 Сұқтану
 Құма
 Құмыр
 Құтпан
 Қыдыра
 Қыркүйек
 Қырқа
 Лашық
 Майыр
 Малқорда
 Маңқыстау
 Мәліш
 Мейман
 Мір ~ сөзі
 Найманкөк
 Нарттай
 Нәркек
 Нор
 Нөпір
 Озан
 Оқап
 Отамалы
 Ошақ
 Пұштай
 Тұштию
 Пұшық
 Қ-пысып
Барлығы: 243 сөз

Е.Жанпейісов анықтаған сөздер:

Азар	Бәйжігіт
Алқау	Бәйкөкше
Арай	Бәйкісі
Арда	Бәйсерке
Ардақ	Бәйшешек
Арқа	Бек
Арқалық	Маң-маң ≈ дау
Арқан	Белде-белде
Арқау-жіп	Бесік
Арсы	Бесін
Ару	Би
Аруақ	Биғаш
Арулап қою	Бикұм
Арыс	Боқырау
Ас ~ беру	Болыс
Атпал	Бөлік ~
Аяш	Бұзар
Байғұз	Білек
Байқұн	Бірдің айы
Байлау	Далбей
Байсын ~ жид.	Делбе
Байтал	Доңайбат
Байұлы	Дәйдір
Барымта	Дүмшебай
Бауырсақ	Дүре
Баю	Дүрк: көшу
Баяғы	Ділмар
Байбөрі	Егер
Бәйбіше	Екінді
Бәйгеқұл	Барлығы: 56 сөз

А.Ысқақов анықтаған сөздер:

Аран	Жекен
Ару	Жұнт ≈ тай
Ая ~ сы	Жұрағат
Әйел	Жұрнақ
Баршын-гүл	Кежеже
Батқы	Көзүлдүрүк
Батрақ	Күлік
Баянауыл	Қабыс ≈ қал
Бұлан ≈	Қараңғы ≈ су
Бұрқан	Қарағым
Дағарадай	Қарашы ~
Дес ≈ бер	Қатын
Енеке	Қыз
Таубүйрек	Қылдырық

Аламан
Нарынқол
Некен-саяқ
Сала
Сес
Сүргін ~
Талай
Тарбағатай
Тау ~ ы
Телегей ~

Торым ~
Тұра ~
Түрген
Ұлыс
Шаға ~
Шидем
Шыр ~ біту
Шырқ ~ ай~
Ығы-жығы-
Барлығы: 47 сөз

А.Махмұдов анықтаған сөздер:

Абыз
Азар
Ақшам
Аламан
Алаш
Алқа
Анда / аңла
Аңқа
Аңсар ~ ы
Арбау
Арғы
Арқа
Арт
Ары

Атарман
Аттау
Ау
Байрақ
Боғажай / боғжама
Жам
Зар
Кент
Парық
Тамыз
Таңба
Шабарман
Шам ~ ақ
Барлығы: 27 сөз

Ш.Сарыбаев анықтаған сөздер:

Адамзат
Айуан // ≈ ат
Аққала
Ал ~ қызыл
Алдау
Алжапқыш
Алмұрт
Алуа
Анда / аңла
Апырай
Арасан
Арулау ≈
Арық
Асылзада
Ашу ≈ жаны
Ая ~ алақанның
Әтегенай
Әттең

Баранды
Бәрекелді
Дән ~ риза
Дом ≈ ем
Еңсе ≈ сі
Етпетінен
Жанбау ≈ жүзі
Жар ~ беру
Жаттау
Жылау
Қалп ~
Қар ≈ бина
Қарақат
Қарандау
Қарт
Қары
Қарым-қатынас
Қас ≈ батыр
Қат ≈ қара

Құдық
 Құй ≈ қаз
 Миық ≈
 Мұнтаздай
 Нарттай
 Орын
 Осынау
 Пұшайман
 Пүшәйім
 Зат ~ адам
 Зәредей
 Калима
 Кәлла
 Кәлем ~ ге
 Кәрі
 Кежеге-сі
 Кішкене
 Кепе
 Кепшік ≈ келін
 Көбеген
 Көмшек ≈
 Қадағаш
 Қазан ~ болу
 Ру

Санда
 Сап ≈
 Сафыбай
 Тәптіштеу
 Телегей
 Төреки
 Тұлабойы
 Тұрық ≈
 Түмен
 Түнеу
 Тым ≈
 Тымық
 Ілік-шаттыс
 Шаштараз
 Шарқайрақ
 Шағын
 Шар:
 Шанда
 Чанда ~
 Хор ~ қыз
 Үрім-б.
 Үр: жаңа
 Ұрпақ
 Ұрық
Барлығы: 87 сөз

А.Әбдірахманов анықтаған сөздер:

Ағын
 Адай
 Адыраспан
 Айдарлы
 Ақтайық
 Ақжар
 Ақтола
 Алмалық
 Алматы
 Алтай
 Алтынемел
 Ангрен
 Аңырай
 Аңырақай
 Арқа
 Арқат
 Артқы
 Атасағұн
 Атышұлы
 Аякөз

Әңгірен
 Бадаларт
 Бадам
 Байрақ
 Байраққұм
 Байынқол
 Бақанас
 Баласағұн
 Балқаш
 Балық: бес
 Барсаған
 Барсыған
 Барыс
 Басұқан
 Бастау
 Бауыздау
 Башқұрт
 Баянауыл
 Баянжүрек
 Бел ~ құм

Белбеу	Иірадыр
Белдесу	Иіркөл
Белдік	Иірқарасу
Бетпақ	Иірсу
Бетпақдала	Иірім
Борбұрғысын	Каспий
Бұлақ	Кеген
Бұқтарма	Келес
Борқат	Келтемашот
Борғұстай	Кент
Гурьев	Кереку
Ғазалкент	Кершілу
Дағанды	Көкбел
Дария	Көкдаба
Дегерес	Көкжар
Дендер	Көмекей
Деңгей	Күнзей
Доланқара	Қағыл
Дон	Қазақ
Дүрбінбұлақ	Қазақстан
Ебейті	Қазалы
Егін	Қазықұрт
Елек	Қайшы
Емшек	Қала
Ерте	Қалба тауы
Ертедегі	Қалғұты
Ертіс	Қандағатай
Естек	Қану
Есіл	Қаңлы
Жазық	Қапал
Жайлау	Қапшағай
Жайпақ	Қар ≈ Жоң-
Жайсаң	Қар ≈ ына
Жайық	Қарагем
Жайылма	Қарағым
Жайылыс	Қараой
Жалғызтөбе	Қаратөбе
Жамбыл	Қарқаралы
Жар ~ қызыл	Қарталы
Жаркент	Қат-қабат
Жаялық	Қатон-қарағай
Желең	Қыйыл
Жүнжүрек	Қобда
Жыра	Қорғалжың
Зайсан	Қорған ≈ Талды
Зеренді	Қордай
Ирек	Қорым ≈ қара

Қубақай	Рабат
Құй ≈ қазу	Сайрам
Құйған	Сайыз
Құмбел	Сақ (халық)
Құрғақ	Самарқанд
Құрдым	Сарқан
Қызылжар	Сарыбел
Қызыларай	Сарыой
Қыпша ≈ бел	Саяз
Қыпшақ	Сейхун
Қыр	Семей //
Қырат	Семіз
Ленгер	Сибирь
Лепсі	Төбе
Мақаншы	Төрт
Маңқыстау	Төпеле
Машат	Ақ төбе
Мұғажар	Тошант
Мұзарт	Торым ≈
Мұзтағ	Тортай
Мұқыл	Топар
Мұқыр	Созақ
Нарын	Солақай
Некен-саяқ	Сөгеті
Ноқайзалың	Суат
Нұра	Сүргүт
Ой	Сусын
Оймақ	Суяб
Оймыш	Сүмбе
Ойпаң	Сығанақ
Ойпат	Сілекей
Ойық	Сілеті
Ойыл	Тай
Ойылу	Талас
Ойыс	Талғар
Омбы	Таң ~ қалу
Оңқай	Таңсық
Ор	Тараз
Орал	Тараты
Оренбург	Тартуқ
Орск	Тарты
Орынбор	Тары
Отар	Тебегей
Отырар	Текес
Өлкөйлек	Теріскей
Өмілдірік	Тобыр
Павлодар	Толағай

Тұлдай ≈
 Тұрар
 Түгіскен
 Түйін
 Түрік
 Тығын
 Ұйғыр
 Ұландырық
 Ұласты
 Ұра
 Үйшік
 Үкек

Ұржар
 Үріл
 Фараб
 Хамұр
 Шабарты
 Шаға
 Шаған
 Шағандаба
 Шайқұрық
 Шалдуар
 Шарбақ
 Шардара
Барлығы: 252 сөз

Ә.Құрышжанов анықтаған сөздер:

Ал қызыл
 Ашу ~ жаны
 Аяң өсек ≈
 Кіші-гірім
 Делебе
 Делікүл
 Дем
 Жар ≈ беру
 Жәрдем
 Көкмайса
 Көншек ≈ көйлек
 Қазан: болу
 Қалп ≈
 Қар ≈ ына

Қашан
 Қисық
 Қиық
 Қысық
 Майса
 Мұнтаздай
 Нарттай
 Сыбай ≈
 Сіле ≈сі
 Телі-тентек
 Тұрық ≈
 Түмен
 Шаштараз
Барлығы: 27 сөз

Б.Бафин анықтаған сөздер:

Жайсаң
 Жамбы
 Жамбыл
 Құн
 Лағыман
 Мама
 Манты
 Сама
 Сәмбе ≈
 Тоң ≈
 Ту (жалау)
 Хан

Чин
 Чиновник
 Шай
 Шама
 Шақылдау
 Шен
 Шүк≈шаң
 Шыны
 Шың≈қағу
 Шыңғыру
 Шіңкілдеу
Барлығы: 23 сөз

Б.Сүлейменова анықтаған сөздер:

басқұр
батырақ
Бәтес
бекет
бодан
жадау
жүйрік
жүлде
кателешке
күндес
күншіл
кірпіш
қайын
қалжа
қанжыға
қатын
қомсыну
құда
құрсану
құрық
құшак
лабақты
лапас
лебіз
Лепес ≈
Лыпа ≈
Монша
Нәркес
немере
нысана
олжа
орда
орын
отыр

пар
пара
пауеске
Пәуеке
порым
Салақ ≈
Сәрі≈таң
Селбеу ≈
сенат
сес≈пей
Сұқ-ын
сүлде≈сі
Сүле ≈
Сүргін≈ет
тебіз
тиын
тиін
товар
торым≈
тілазар
Ұшан-теңіз
шана
шаңғы
шаңғыту
шеміршек
шешен≈кір
шойын
шошала
Шөген
ышқыр
ірткі
іркіп
Іру ≈

Барлығы: 67 сөз**Г.Жәркешева анықтаған сөздер:**

әбдесте
абжылан
абырой
айналайын
алаңғасар
арсалаң
асылзада
бейсембі
былтыр
білезік
ғажайып

Ғасар-алаң
ділгер
Дімкәс
есалаң
жар≈шоң
жексембі
желғабыз
жеңгетай
жұма
зиянкес
кекілдірік

күлік
күндіз
қайны
қам~көңіл
қарақат
қарақұс
қарлығаш
қара~қат
мұрап
Нама ≈
намаздігер
намазшам
өмілдірік
сабаз
сағалдырық
сайгүлік
самұрық
саргідір

сарқарын
Сәресі
Сәрсенбі
сексен
сенбі
тай
таңғажайып
Таңсәрі
тұмылдырық
шайхана
Бала-шаға
шалап
ақшам
шаһар
шаһзада
шонзар
Шоң желке
Барлығы: 57 сөз

Н.Қарашева анықтаған сөздер:

Алба-жұлба
албасты
алтын
артель
ауыл
балқаш
балш
балшық
былш
жақын
жарғақ
жарқанат
жас
Жәрмеңке
жарқанат
қатын
қолаң~шаш
қыз
Ләм
Ләм-мим

мойын
моншақ
нан
ошақ
Сәлем
Төр
Төре
Тұлып ≈
үй
үйрену
үю
чемодан
шағын
шардақ
шатыр
шекер
шұлғану
шұлғау
шұлық
Барлығы: 39 сөз

ҚЫСҚАРТУЛАР

- АрРС** – Арабско–русский словарь /Составил проф. Х.К.Баранов/. – М.: Русский язык, 1977. –943 с
- БашРС** – Башкирско-русский словарь, – М., 1958.
- ДТС** – Древнетюркский словарь. – Л.:Наука, 1969. – 677 с.
- КиргРС** – Киргизско-русский словарь. Около 40 000 слов. /Составил проф. К.К.Юдахин/. –Москва: изд-во “Советская энциклопедия”, 1965. – 976 с.
- КумРС** – Кумыкско-русский словарь. – М., 1969
- ҚазМС** – Қазақ-монғол сөздігі. – Алматы, 1977
- ҚӘТС** – Қазақ әдеби тілінің сөздігі
- ҚСЭ** – Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1970-1982.
- ҚТАС** – Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
- ҚТДС** – Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. – Алматы, 1992.
- ҚТҚЭС** – Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
- ҚТС** – Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.
- ҚТТС** – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: Ғылым, 1974-1986. – Т. I-X.
- ҚТФС** – Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 712 бет.
- МК** – Махмут Кашқари. Диуани луғат ит-турк. Тошкент, 1967.
- МонгКТ** – Монгол-казах толь. – Улан-Батур, 1964
- МонгРС** – Монгольско-русский словарь. – М., 1957.
- МонғҚС** – Монғол-қазақ сөздігі. – Ұлан-Батұр, 1954.
- ОҚС** – Орысша-қазақша сөздік. – Алматы, 1978.
- ПерРС** – Миллер Б.В. Персидско-русский словарь. – Москва: Гос. изд. иностр. и нац. слов., 1989. – 668 с.
- РадСл.** – Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – Спб., 1905.
- РусБМС** – Русско-бурятско-монгольский словарь.– М., 1954
- РусКалМС** – Русско-калмыцкий словарь. – М., 1964.– 722 стр.
- РусТС** – Русско-тувинский словарь. – М., 1980.
- ССТМЯ** – Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков. – М., 1975-77
- ТувРС** – Тувинско-русский словарь. – М., 1978
- ТүркмДС** – Түркмен дилинің сөзлүгү. Ашгабад, 1962.
- ТүркмРС** – Түркменско-русский словарь. – М., 1968
- ТурРС** – Турецко-русский словарь. – М., 1977.
- УзбРС** – узбекско-русский словарь
- УйгРС** – Уйгурско-русский словарь. – Алматы, 1961.
- ХакРС** – Хакаско-русский словарь. – М., 1982
- Х-Ш** – Хусрау-Ширин
- ЯкРС** – Якутско -русский словарь. – М., 1972.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	3
Негізгі бөлім.....	6
1. Түркі этимологиясы: зерттеу нәтижелері мен ғылыми ұстанымдары.....	6
Түркі этимологиясын дамытудың әдістері, критерийлері мен қағидалары.....	13
2. Қазақ этимологиясының ғылыми-тәжірибелік сипаты....	21
Қазақ этимологиясы: зерттелу күйі және болашақ бағыттары...30	30
Қазақ этимологиясының алғашқы ғылыми негіздері.....43	43
Қазақ тіліндегі этимологиялардың түрлері.....46	46
Этимологиялық сөздіктің сөздік құрамын анықтаудың принциптері.....58	58
Қазақ тілі этимологиясының түбіртанумен сабақтастығы – дәйекті қағида.....64	64
3. Түбір сөздердің құрылымындағы байырғы түбірлердің этимологиялық реконструкциясы.....	77
Қазақ тіліндегі екі буынды етістік негіздердің сөзжасамдық модельдері.....97	97
Сөзжасамдық ұядағы түбірдің этимологиялық реконструкциясы.....103	103
Қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеудің принциптеріне сай мақала үлгілері.....113	113
Жекелеген сөздердің лұғаттық мақала үлгілері.....132	132
Құрамында -дай, -дей жұрнағы бар атаулардың этимологиясы.....157	157
Мағынасы күңгірттенген жер-су атауларының этимологиясы.....168	168

Жылқы малының жасы мен жынысына қатысты атаулардың этимологиясы.....	176
4. Антропоөзектік бағыттың тіл~ұлт, тіл~мәдениет сабақ- тастығына негізделген қағидасы: Қазақ тілі этимологиясынан этиюдтер.....	192
Қазақ тіліндегі байырғы сөздердің контекстегі мағынасы жайлы.....	199
Қорытынды.....	205
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	207
Қосымша.....	211
Қысқартулар.....	237

Қайдар Әбдуәли

Ғылымдағы ғұмыр

Редакторы: Т.Данияр

Корректоры: А.Құттығұлқызы

Дизайнері: Р.Арсланов

Беттеуші: Г.Алмасбекова

ISBN 978-601-7174-48-4



“Сардар” баспа үйі
Алматы қаласы,
8 ы/а, 19а үй.
Тел.: 8(727) 249 68 05
e-mail: sardar777@list.ru

Шартты баспа табағы. Пішімі 60x90^{1/16}
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «Таймс» Таралымы 4000 дана